

Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті

ӘОЖ 378:372. 854:004

Қолжазба құқында

БОРАНБАЕВА АКТӨЛКЫН РАИСБЕКОВНА

**Болашақ мұғалімдердің кәсіби өздігінен білім алуға даярлығын
қалыптастыру**

6D010300 - Педагогика және психология мамандығы

Философия докторы (PhD)
дәрежесін алу үшін дайындалған диссертация

Ғылыми кеңесші:
п.ғ.д., профессор Беркімбаев К.М.
п.ғ.д., профессор Арымбаева К.М.
Шетелдік кеңесші:
Доктор, профессор Yücel Gelişli
Гази университеті,
Анкара

Қазақстан Республикасы
Түркістан, 2018

МАЗМҰНЫ

НОРМАТИВТІК СІЛТЕМЕЛЕР	3
БЕЛГІЛЕУЛЕР МЕН ҚЫСҚАРТУЛАР	4
АНЫҚТАМАЛАР	5
КІРІСПЕ	6
I БОЛАШАҚ МҰҒАЛІМДЕРДІҢ КӘСІБИ ӨЗДІГІНЕН БІЛІМ АЛУҒА ДАЯРЛЫҒЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУДЫҢ ТЕОРИЯЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ	14
1.1 «Өздігінен білім алу», «кәсіби өздігінен білім алу» ұғымдарының және болашақ мұғалімдердің кәсіби өздігінен білім алуға даярлығын қалыптастырудың мәні	14
1.2 Болашақ мұғалімдердің кәсіби өздігінен білім алуға даярлығын қалыптастырудың педагогикалық шарттары	34
1.3 Болашақ мұғалімдердің кәсіби өздігінен білім алуға даярлығын қалыптастырудың құрылымдық-мазмұндық моделі	55
II БОЛАШАҚ МҰҒАЛІМДЕРДІҢ КӘСІБИ ӨЗДІГІНЕН БІЛІМ АЛУҒА ДАЯРЛЫҒЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУ ӘДІСТЕМЕСІ	72
2.1 Болашақ мұғалімдердің кәсіби өздігінен білім алуға даярлығын қалыптастырудың қазіргі жағдайы	72
2.2 Болашақ мұғалімдердің кәсіби өздігінен білім алуға даярлығын қалыптастыру әдістемесінің мазмұны	95
2.3 Тәжірибелік-эксперимент жұмысының нәтижелері	114
ҚОРЫТЫНДЫ	137
ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ	140
ҚОСЫМШАЛАР	152

НОРМАТИВТІК СІЛТЕМЕЛЕР

Бұл диссертациялық жұмыста келесі нормативтік құжаттарға сәйкес сілтемелер қолданылған.

Бұл диссертациялық жұмыста келесі нормативтік құжаттарға сілтемелер көрсетілген:

Қазақстан Республикасының «Білім туралы» 2007 жылғы 27 шілдедегі № 319-ІІІ Қазақстан Республикасының Заңы (21.07.2015. берілген өзгерістер мен толықтыруларымен)

Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2016-2019 жылдарына арналған бағдарламасы. 2016 жылғы 1 наурыздағы №205 Жарлығы

ҚР Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарты. ҚРМЖБС 6.08.073-2010. Енгізу мерзімі 09.01.2011.

ҚР Жоғары білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты. Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 23 тамыздағы № 1080 қаулысымен бекітілген

Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаевтың «Қазақстан - 2050» Стратегиясы қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси амалы атты Қазақстан Халқына Жолдауы (желтоқсан, 2012ж).

Қазақстан Республикасының президенті Н.Ә. Назарбаевтың Ұлт жоспары «100 нақты қадам» бағдарламасы (20 мамыр, 2015ж).

Білім беру сапасын қамсыздандыру тәуелсіз Қазақстандық агенттігі (БСҚА). Жоғары білім беру ұйымдарының мамандандырылған (бағдарламалық) аккредиттеу стандарттары. Негізгі ережелер, Астана. 2012. -27 б.

Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты мақаласы. 2017 жыл 12 сәуір.

Қазақстан Республикасының Президенті Н. Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауы. «Төртінші өнеркәсіптік революция жағдайындағы дамудың жаңа мүмкіндіктері» 2018 жылғы 10 қаңтар

5B011700, 6D011700 – Қазақ тілі мен әдебиеті мамандығы бойынша білім беру бағдарламасы. Түркістан 2015ж.

5B011700 – Қазақ тілі мен әдебиеті мамандығы бойынша білім беру бағдарламасының педагогикалық стратегиясы. Түркістан 2014ж.

БЕЛГІЛЕУЛЕР МЕН ҚЫСҚАРТУЛАР

МЖБББС – Мемлекеттік жалпыға бірдей білім беру стандарты.

ЮНЕСКО - United Nations Educational, Scientific and Cultural Organization – UNESCO

ECTS (European Credit Transfer System) – кредиттерді аударудың еуропалық жүйесі

ОӘК - оқу-әдістемелік кешен

МОӘК – мамандықтың оқу-әдістемелік кешені

ПОӘК – пәннің оқу-әдістемелік кешені

ЖОО – жоғарғы оқу орны

ҚР – Қазақстан Республикасы

ХҚТУ – Халықаралық қазақ-түрік университеті

СӨЖ – Студенттердің өзіндік жұмысы

ОБСӨЖ – Оқытушының басқаруымен студенттердің өзіндік жұмысы

БП - Базалық пәндер

ДК - Дербес компьютер

ЖБП - Жалпы білім беру пәндері

КП - Кәсіптендіру пәндері

АТ – ақпараттық технологиялар

АКТ - Ақпараттық- коммуникациялық технологиялар

АБЖ – автоматтандырылған басқару жүйесі

КМЖҚ – Кәсіби маңызды жеке қасиеттер

ОЕСД- жалпыеуропалық қалыптастыру үрдісі шеңберінде «Еуропалық мамандық жүйесінде»

БҰҰС- Біріккен ұлттар ұйымының сенаты

ҚР БҒМ – Қазақстан Республикасы Ғылым және білім министрлігі

АНЫҚТАМАЛАР

Осы диссертацияда келесі терминдер сәйкес анықтамаларымен пайдаланылды:

Жеке тұлға – бұл өзіндік дербес түрлендіргіш әрекетке қабілетті, сана мен сана-сезім иесі болып танылатын дәрежеге жеткен адам.

Белсенділік – жеке тұлғаның мақсаттары мен құндылықтарын, оның тұлғааралық, әлеуметтік-психологиялық кеңістігін құрылымдаудың негізі.

Даму – қозғалыс барысын, біртұтас жүйе өзгерістерін білдіретін философиялық санат. Бұл үрдіске ең жақын сипаттар: жаңа сапалы нысанның (немесе оның жағдайының) пайда болуы, бір бағыттылық, қайтымсыздық, заңдылық, санды және сапалы өзгерістердің бірлігі, өрлеу мен шегінудің байланысы, үлгінің шиыршықтық (кезендік) қарама-қайшылығы, уақыт аралығындағы өрістету.

Оқыту – мұғалімдер мен оқушылардың, ақыл-ой мен таным қабілеттерін дамытуды жүзеге асыруға мүмкіндік беретін, білім, іскерлік және дағды жүйесін саналы және берік меңгеруге бағытталған іс-әрекеттерінің екі-жақты үдерісі.

Қалыптастыру – бұл жеке тұлғаның даму нәтижесі және оның тұрақты қабілеттері мен қасиеттер жиынтығының пайда болуы, қалыптасуы.

Өздігінен білім алу – жеке тұлғаның өзі басқаратын мақсатқа бағытталған танымдық іс-әрекеті, ғылымның, техниканың, мәдениеттің, саяси өмірдің және т.б. қандай да бір саласында жүйелі түрде білімге қол жеткізу болып табылады.

Өзін-өзі ұйымдастыру – жеке тұлғаның өзін-өзі ұйымдастыра білу әрекеті мен қабілеті, тұлғаның мақсаттылығынан, белсенділігінен, мотивтерінен, өз әрекетін жоспарлаудан, өзінің дербес шешімдерінен, жауапкершілігінен, өз әрекет нәтижелерін сыни қараудан көрінеді.

Өзін-өзі дамыту – жеке тұлғаның мақсатты, саналы және өзі бақылайтын жеке тұлғаны анықтау үрдісі.

Өзіндік белсенділік - (лат. actualis – нағыз, шын, болмысын көрсету) - адамның өз жеке мүмкіндіктерін толығымен анықтауға және дамытуға ұмтылысы.

Өзін-өзі жүзеге асыру - өз жеке мүмкіндіктерін сырттай іске асыру.

Бағыттылық – адамның өмір жолының белгілі бір кезеңінің өнімі, нақты айтқанда, жеке тұлғаның барынша дербестенуге ұмтылысымен айқындалатын «даралану сатысы».

Жеке тұлғаның қалыптасуы – жеке маңыздылықтарды иеленудің көп қырлы үрдісі, оның мәнді сипаттамасына мүмкіннің маңыздыға айналуы жатады.

Жеке тұлғалық – психиканың қыры мен қасиеттерінің ерекшеліктері, даму, өзіндік жетілу, өзін-өзі тану тұлғасы ретінде қалыптасуы.

Өзін-өзі реттеу – белгілі бір, қатысты тұрақты деңгейде ішкі тұрақтылықты сақтау жүйесінің қасиеті.

КІРІСПЕ

Зертеудің көкейкестілігі. Қазақстанның рухани жаңғыру аясында білім саласындағы жаһандық бәсекелестікке неғұрлым бейімделген мамандардың кәсіби-шығармашылық деңгейіне, өндіріс пен әлеуметтік саладағы ғылымдардың жетістіктеріне және ақпараттық технологияны енгізу мерзімінің қысқартылуына қойылатын талаптар күшеюде. Бұған, Қазақстан Республикасы Президенті Н.Ә.Назарбаевтың «Төртінші өнеркәсіптік революция жағдайындағы дамудың жаңа мүмкіндіктері» атты Жолдауында «Адами капитал – жаңғыру негізі. Білім берудің жаңа сапасы. Білім беру жүйесінің рөлі өзгеруге тиіс. Біздің міндетіміз – білім беруді экономикалық өсудің жаңа моделінің орталық буынына айналдыру. Жоғары оқу орындарында білім беру бағдарламаларын сыни ойлау қабілетін және өздігінен іздену дағдыларын дамытуға бағыттау қажет» - деген сөзі дәлел болады [1].

Білім алушы тұлғасының жан-жақты даму қажеттілігі Қазақстан Республикасының «Білім туралы» заңындағы Білім беру жүйесінің бірінші міндетінде де «ұлттық және жалпы адамзаттық құндылықтар, ғылым мен практика жетістіктері негізінде жеке адамды қалыптастыруға, дамытуға және кәсіптік шыңдауға бағытталған сапалы білім алу үшін қажетті жағдайлар жасау» - деп атап көрсетілген болатын [2].

Осы төртінші өнеркәсіптік революция дәуіріне, технологиялық, экономикалық және әлеуметтік салалардағы терең және қарқынды кезеңге қадам басып отырған жағдайда бүгінгі білім беру жүйесіне, ұрпақ тәрбиесіне ұлттық дәстүрлерді сақтай отырып, әлемдік озық деңгейлерге жету, бәсекеге қабілеттілікпен танымал болу көзделуде. Бұл тұрғыда 100 нақты қадам – Ұлт жоспары жүзеге асырылуда. Оның 60 қадамы қазірдің өзінде орындалып қойды. Қалғандары, негізінен, ұзақ мерзімге арналған және жоспарлы түрде іске асырылуда. Соның ішінде жоғары оқу орындарының Еуропалық жоғары білім беру аймағына енуі айрықша мәнді шара. Бұл оқиғаны білім беру жүйесінде көрініс алған елеулі тарихи оқиға десе болады.

Бүгінгі таңда Қазақстанның әлемдік академиялық бірлестікке бірігуі және Республиканың жоғарғы оқу орындарында ашық білім кеңістігінің қалыптасуы негізінде маңызды мәселе – жоғары кәсіптік білім берудің заман талаптарына сай сапасын көтеру мәселесі қаралуда. Оның қатарында жоғары оқу орындарында білім беру бағдарламаларын халықаралық білім беру стандарттарына сай қамтамасыздандыруды атап өтуге болады. Оған сәйкес біртұтас педагогикалық үдеріске де өздігінен білім алудың басымдық маңызына көңіл бөліну қажеттілігі талап етіліп отыр.

Жоғары білім беру жүйесі үшін жаңғырту жоспары бүгінде өз қызметінің тиімділігін көтеруге бағытталған және нақты жүзеге асырылатын қадамдардың бірі. Жоғары оқу орындарында заман талаптарына сай болашақ маманның толыққанды білімін қалыптастыруға, өздігінен жұмыс істеуге және білім дағдыларын дамытуға жағдай жасау керектігі күннен күнге артып отыр.

Осыған орай білім беру үдерісін бүгінгі күн талабына сәйкес жаңаша

ұйымдастыру оның теориясын, философиялық, педагогикалық-психологиялық негіздері мен тәжірибесін терең зерттеуді, заманауи білім беру технологиялары мен әдістерін, дүниетанымдық ұстанымдарын қайта қарастыруды, рухани-адамгершілік құндылықтарға бетбұрыс жасауды талап етеді.

Соның бірі, жаңаша білім беру – жаңа білім мен дағдыны меңгерген, шығармашылық қабілеті жоғары, дербес ізденіс нәтижесінде елеулі мәселелердің шешіміне қол жеткізетін, ойлау қабілетімен ерекшеленетін тұлғаны қалыптастыру. Ал бұл болса, мемлекеттің қазіргі даму жағдайында шығармашылық ізденіс пен өздігінен үздіксіз білім алуға бейім тұлғаларға сұраныстың артып отырғандығын көрсетеді.

Заманауи жағдайда шығармашылық ізденіс пен «өмір бойы білім алу» тұжырымы бойынша «барлық уақытта, кез-келген жерде өздігінен білім алуға» қол жеткізу мәселесі, үздіксіз өздігінен білім алуға деген ұмтылыстың, проблеманың пайда болуы, ең алдымен, әлеуметтік-экономикалық факторлардан талап етілетіндігі және бұл проблемаларды заманауи білім алуға қажетті құралдармен де, жеке тұлғаның және бірлескен ұжымның қоршаған ортаға көзқарасын, қатынасын қайта бағдарлау жолымен де жүзеге асыруға болады.

Сол себепті қазіргі жоғары педагогикалық оқу орындарында білімге деген қажеттіліктерін басқаруға қабілетті, оларды үздіксіз байытуға, бүгінгі инновациялық өзерістерге бейім, нақты жеке мақсаттарын қалыптастыра алатын, шығармашылық қабілеттерін өздігінен дамытуға икемді болашақ мамандарды даярлау қажеттілігі артып отыр. Болашақ мұғалімнің өзінің кәсіби дамуы жолын іздестіруге, жетілдіруге бағытталған өздігінен білім алуы оның өзін-өзі дамытуына, өзін-өзі жетілуіне, кәсіби дағдыларының артуы негізінде болашақ кәсіби қызметінде өзін-өзі табыстылықпен растауына, өзін-өзі толыққанды жүзеге асыруына мүмкіндіктер береді. Осыған байланысты, болашақ мұғалімнің кәсіби іс-әрекетінде табысқа жету құралы тұрғысынан өздігінен білім алуға даярлықты қалыптастыру үшін университетте жағдай жасау маңызды. Бүгінгі күні университет студенттерінің өздігінен білім алу іс-шараларын ұйымдастыру мен жүзеге асыруда қиындықтар бар екендігі ақиқат.

Алайда бұл мәселе ғылыми әдебиеттерде зерттеуден тыс қалмаған. Өздігінен білім алу мәселесі А.Я.Айзенберг [3], А.К.Громцева [4], И.Л.Наумченко [5] және басқа ғалымдардың зерттеулерде көрініс тапқан.

Білім алушыларға үздіксіз білім беру аясында өздігінен білім алудың жолдары Б.Ф.Райский [6], Е.П.Белозерцев [7], В.Прокопюк [8] және т.б. ғалымдардың еңбектерінде қарастырылған.

Студенттердің өздігінен білім алуын ұйымдастыру мәселелері Ю.К.Бабанский [9], Б.П.Есипов [10], Ф.В.Письменский [11], С.Ж.Османова [12], және т.б. еңбектерінде негізделген.

Өздігінен білім алуды оқу үдерісінде қолдану мәселесі У.С.Абдукаримова, К.А.Дүйсенбаев [13], Р.М.Микельсон [14], В.Д.Мороз [15], А.В.Бабаян [16], және т.б. ғалымдардың еңбектерінде де зерттеу нысанына алынған.

Өздігінен білім алуды психологиялық тұрғыда С.Л.Рубинштейн [17],

Н.Ф.Талызина [18], А.В.Петровский [19] және т.б. ғалымдар негіздесе, өздігінен білім алу дамыту мәселелері А.Б.Беляев [20], А.Ш.Демеуов [21], және басқада ғалымдардың еңбектерінде қарастырылған.

Білім алушылардың өздігінен білім алуын дамытуда ақпараттық-технологияларды қолдануда бірқатар жетістікке жететіні туралы А.К.Мыңбаева [22], Қ.А.Сарбасова [23], И.В.Роберт [24] және т.б. еңбектерінен айқын көрінеді.

Ал, болашақ мамандарды кәсіби даярлаудың теориясы мен практикасының (В.В.Краевский [25], В.А.Сластенин [26], В.Б.Кузьмина [27], Н.Д.Хмель [28], Ш.Т.Таубаева [29], Б.Ә.Әбдікәрімұлы [30], А.Е.Абылқасымова [31], Г.Ж.Меңлібекова [32], А.К.Мыңбаева [33], Б.А.Жетпісбаева [34], К.М.Беркимбаев [35], Ұ.М.Әбдіғапбарова [38], Р.С.Омарова [37] және т.б.) жан-жақты дамуын өздігінен білім алумен байланыстыра қарастырып отыр.

Соның ішінде біздің еңбегімізге жақын келетін диссертациялық зерттеулерде Н.Б. Жаманқұлова [38] студенттердің өздігінен білім алу білік, дағдыларын қалыптастырудың дидактикалық негіздерін зерделесе, Н.Ю.Кифик [39], Б.З.Андасова [40] кредиттік оқыту жағдайында болашақ мұғалімдердің өздігінен білім алу құзыреттілігін қалыптастыруды қарастырған. К.Б. Сматова [41] жоғары оқу орындарында өзіндік жұмыстар арқылы студенттердің оқу біліктерін қалыптастыруды негіздесе, Н.Уәлиева [42] студенттердің өзіндік жұмысын ұйымдастыру негізінде олардың құзыреттілігін қалыптастыруды зерттеген. Р.Б.Исмайлова [43] өзіндік жұмыс арқылы студенттердің кәсіби бағыттылығын қалыптастыруды теориялық-әдістемелік тұрғыдан негіздеген.

Сонымен жоғарыда көрсетілген әдебиеттерге жасалған талдау мен тәжірибедегі бүгінгі жағдайды зерттеу, осы мәселе төңірегінде *қарама-қайшылықтардың* бар екендігін көрсетті:

- қоғамның кәсіби өздігінен білім алуын жүзеге асыруға қабілетті мұғалімдерге сұранысы мен оның қазіргі педагогикалық жоғары оқу орны оқу-тәрбие үдерісінің өздігінен білім алуға жеткіліксіз бағдарлану тәжірибесі арасында;

- қазіргі педагогикалық жоғары оқу орны оқу-тәрбие үдерісінде болашақ мұғалімдердің кәсіби өздігінен білім алуға даярлығын қалыптастыру қажеттілігі мен оның теориялық-әдістемелік негіздерінің жеткілікті зерттелмеуі арасында.

Осы *қарама-қайшылықтың* шешімін іздестіру бізге зерттеу проблемасын анықтауға және тақырыпты: (*«Болашақ мұғалімдердің кәсіби өздігінен білім алуға даярлығын қалыптастыру»*) деп таңдауымызға себеп болды.

Зерттеу нысаны: жоғары педагогикалық оқу орнының оқыту үдерісі

Зерттеу пәні: болашақ мұғалімдердің кәсіби өздігінен білім алуға даярлығын қалыптастыру.

Зерттеу мақсаты – болашақ мұғалімдердің кәсіби өздігінен білім алуға даярлығын қалыптастыруды теориялық негіздеу, әдістемесін жасау және оның тиімділігін тәжірибелік-экспериментте тексеру.

Зерттеудің ғылыми болжамы: *егер*, «өздігінен білім алу», «кәсіби

өздігінен білім алу» ұғымдары нақтыланып, болашақ мұғалімдердің кәсіби өздігінен білім алуға даярлығын қалыптастырудың мәні анықталса, болашақ мұғалімдердің кәсіби өздігінен білім алуға даярлығын қалыптастырудың педагогикалық шарттары айқындалса, құрылымдық-мазмұндық моделі, әдістемесі жасалса және олар жоғары педагогикалық оқу орындарының оқыту үдерісіне тиімді ендірілсе, онда болашақ мұғалімдердің тұлғалық еркіндік сапалары, мақсатқа бағытталған өзін-өзі ұйымдастыру, өзін-өзі жүзеге асыру білім, біліктері дамып, олардың кәсіби өздігінен білім алуға даярлығы қалыптасады, өйткені олардың кәсіби тұлғалық жетілуіндегі өзіндік танымдық іс-әрекеті тұжырымдамалық, технологиялық, нәтижелік тұрғыдан қамтамасыздандырылады.

Зерттеу міндеттері:

- «өздігінен білім алу», «кәсіби өздігінен білім алу» ұғымдарын нақтылау және болашақ мұғалімдердің кәсіби өздігінен білім алуға даярлығын қалыптастырудың мәнін анықтау;

- болашақ мұғалімдердің кәсіби өздігінен білім алуға даярлығын қалыптастырудың педагогикалық шарттарын айқындау;

- болашақ мұғалімдердің кәсіби өздігінен білім алуға даярлығын қалыптастырудың құрылымдық-мазмұндық моделін жасау;

- болашақ мұғалімдердің кәсіби өздігінен білім алуға даярлығын қалыптастыру әдістемесін жасау және оның тиімділігін тәжірибелік эксперимент жүзінде тексеру.

Зерттеудің жетекші идеясы: жоғары педагогикалық оқу орындарының оқыту үдерісінде студенттердің кәсіби өздігінен білім алуға даярлығының қалыптасуы төртінші өнеркәсіптік революция жағдайындағы дамудың жаңа мүмкіндіктерін жүзеге асыруға икемді, кәсіби тұлғалық өзін-өзі жетілдіру қабілеті дамыған, озық ізденістегі, шығармашыл, бәсекеге қабілетті мамандардың даярлануына септігін тигізеді.

Зерттеудің теориялық және әдіснамалық негіздері: кәсіби тұрғыда өздігінен білім алудың теориясы, жеке тұлға теориялары; кәсіптік еңбек әрекеті туралы философиялық, әлеуметтанушылық, психологиялық тұжырымдар; біртұтас педагогикалық үдеріс теориясы; оқыту үдерісінің әдіснамалық негіздері; қазіргі білім беру проблемалары; кәсіптік білім беру; білім беру мазмұнын дамытуға ықпал ететін педагогикалық-психологиялық және философиялық тұжырымдар мен ұстанымдар.

Зерттеу көздері: зерттеу проблемасы бойынша Қазақстан Республикасы үкіметінің ресми құжаттары, ҚР «Білім туралы» Заңы, «Қазақстан-2050» стратегиясы, Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2016-2019 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы, ҚР Білім және ғылым министрлігінің кәсіби жоғары білім беру бағдарламалары, мемлекеттік стандарттар, оқу жоспарлары мен бағдарламалары, білім беру саласын ақпараттандыру тұжырымдамасы мен бағдарламасы; философия, психология, педагогика, саласындағы ғылыми еңбектер; озық тәжірибелер, сонымен бірге диссертанттың педагогикалық және зерттеушілік іс-тәжірибесі.

Зерттеудің кезеңдері

Бірінші кезең (2015-2016 ж.ж.) тәжірибелік-ізденіс жұмыстары; зерттеліп отырған мәселенің жағдайы зерделенді, қажетті материалдар іріктеліп, жүйеге келтірілді. Зерттеудің бастапқы қағидалары анықталды. Тәжірибелік-эксперимент жұмысының әдістемесі дайындалды, болашақ мұғалімдердің кәсіби өздігінен білім алуға даярлығын қалыптастырудың мәні анықталды. Жинақталған теориялық және дәйекті материалдарға талдау берілді; болашақ мұғалімнің өздігінен білім алуының кәсіби іс-әрекет түрлеріне сәйкес мазмұндық, іс-әрекеттік сипаттары анықталды; анықтау эксперименті жүзеге асырылды; болашақ мұғалімдердің кәсіби өздігінен білім алуға даярлығын қалыптастырудың моделі жасалды, анықтау экспериментінің нәтижелері өңделді.

Екінші кезеңде (2016-2017 ж.ж.) зерттеу проблемасы бойынша теориялық-әдістемелік тұрғыдағы жұмыстар жалғасын тапты; қазақ тілі мен әдебиеті (бакалавр) мамандығы бойынша ҚР Жалпыға міндетті кәсіптік білім беру стандарттары мен білім беру бағдарламаларына талдау жасалды. Оқу-әдістемелік құралдар мен бағдарламалық кешендер жарық көріп, оқу үдерісіне ендірілді, ғылыми мақалалар дайындалып, баспадан шығарылды. Болашақ кәсіби өздігінен білім алуға даярлығын қалыптастырудың оқу-тәрбие үдерісінің құрылымы жетілдіріліп, әдістемелер ұсынылды. Болашақ мұғалімдердің кәсіби өздігінен білім алуға даярлығын қалыптастыруға бағытталған қажетті эксперимент материалдары негізінде қалыптастыру эксперименті жүзеге асырылды.

Үшінші кезеңде (2017-2018 ж.ж.) тәжірибелік-экспериментті қорытындылау жұмыстары; қазақ тілі мен әдебиеті мамандығындағы болашақ мұғалімдерге кәсіптік мемлекеттік міндетті модульдер, ЖОО элективтік модульдер, кәсіби модульдер блогын оқытудың бағдарламасын, әдістемелік қамтамасыздандыруын және педагогикалық технологиясын жетілдіру үстіндегі жұмыстары жалғасты. Осы міндетті модульдер, ЖОО элективтік модульдер, кәсіби модульдер блогынан білім берудің әдістемесін жасау принциптері негізделіп, оқыту үдерісіне ендірілді. Болашақ мұғалімдерді өздігінен білім алуға даярлау әдістемесінің тиімділігі *тәжірибелік-экспериментте тексерілді*. Тәжірибелік эксперимент нәтижелері қорытындыланды, деректер статистикалық өңдеуден өтті. Пайдаланылған әдебиеттер жүйеге келтірілді.

Зерттеу әдістері: философиялық, психологиялық-педагогикалық, оқу-әдістемелік еңбектерге теориялық тұрғыда талдау жасау, жоғары педагогикалық оқу орындарының құжаттарын зерделеу, озық тәжірибелерді зерттеу, оқу үдерісін бақылау, әңгімелесу, тест, сауалнама жүргізу, сараптау, тәжірибелік-эксперимент жұмысының нәтижелерін жүйелеу, статистикалық өңдеу.

Зерттеу базасы: Қ.А.Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті, М.О.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік университеті, Қорқыт Ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университеті.

Ғылыми жаңалығы және теориялық мәнділігі:

- «өздігінен білім алу», «кәсіби өздігінен білім алу» ұғымдары нақтыланды және болашақ мұғалімдердің кәсіби өздігінен білім алуға даярлығын қалыптастырудың мәні анықталды;

- болашақ мұғалімдердің кәсіби өздігінен білім алуға даярлығын қалыптастырудың педагогикалық шарттары айқындалды;

- болашақ мұғалімдердің кәсіби өздігінен білім алуға даярлығын қалыптастырудың құрылымдық-мазмұндық моделі жасалды;

- болашақ мұғалімдердің кәсіби өздігінен білім алуға даярлығын қалыптастыру әдістемесі жасалды және оның тиімділігі тәжірибелік эксперимент жүзінде тексерілді.

Зерттеудің практикалық маңыздылығы:

Болашақ мұғалімдердің кәсіби өздігінен білім алуға даярлығын қалыптастыруға негізделген оқу-әдістемелік кешен даярланып, 5B011700 - «Қазақ тілі мен әдебиеті» мамандығы студенттерін оқыту үдерісіне ендірілді:

1) Элективті курстың бағдарламасы:

«Акмеология: жеке және әлеуметтік жетістіктер негізі»

2) оқу құралдары:

- «Акмеология: жеке және әлеуметтік жетістіктер негізі»

- «Қазақ тілі мен әдебиеті пәнінде педагогикалық зерттеу әдіснамасы мен әдістемесі»

3) электронды оқу құралы:

«Акмеология: жеке және әлеуметтік жетістіктер негізі»

Зерттеу нәтижелерін жоғары педагогикалық оқу орындарының қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімін кәсіби даярлау үдерісінде, мұғалімдердің кәсіби біліктілігін жетілдіру институттарында, педагогикалық колледждерде, жалпы білім беретін орта мектептердің, гимназия, лицейлердің оқу-тәрбие үдерісінде пайдалануға болады.

Қорғауға ұсынылатын қағидалар:

- «Өздігінен білім алу», «кәсіби өздігінен білім алу» ұғымдарының мәнін нақтылау негізі бізге *«болашақ мұғалімінің кәсіби өздігінен білім алуы – оның пәндік, психологиялық-педагогикалық, әдістемелік білімдері мен кәсіби маңызды тұлғалық сапаларын өздігінен жетілдіруде шығармашылықпен өзін-өзі жүзеге асыруын қамтамасыздандыратын мақсатқа бағытталған өзіндік танымдық іс-әрекеті»* деп тұжырымдауымызға мүмкіндік берді.

- *Болашақ мұғалімінің кәсіби өздігінен білім алуға даярлығы – кәсіби жетілуінде мақсатқа бағытталған өзіндік танымдық іс-әрекетін өздігінен ұйымдастырудағы және жүзеге асырудағы біліктері мен тұлғалық сапаларының кіріктірілген сипаттамасы.*

- Зерттеу барысында айқындалған *педагогикалық шарттар*: 1) болашақ мұғалімнің кәсіби өздігінен білім алуға бағыттылығы, 2) кәсіби өздігінен білім алуын ұйымдастыруға жеке бағдарламасының болуы; 3) цифрландыру жағдайында кәсіби өздігінен білім алуын мобильдік оқыту формаларымен жүзеге асыруы, жобалық іс-әрекетте өзіндік жетілдіруі болашақ мұғалімнің

кәсіби өздігінен білім алуына даярлығы қалыптасуының басшылыққа алатын негізгі қағидалары болып табылады.

- Болашақ мұғалімдердің кәсіби өздігінен білім алуға даярлығын қалыптастырудың құрылымдық-мазмұндық моделі *тұжырымдамалық* (мақсаты, әдіснамалық тұғырлары, ұстанымдық қағидалары мен шарттары), *технологиялық* (мазмұны, формалары, құралдары, әдіс-тәсілдері), *бағалаушылық* (компоненттер мен көрсеткіштер, деңгейлер) жиынтығымен анықталады.

- Зерттеу барысында жасалып ұсынылған қалыптастыру әдістемесінің мазмұны болашақ мұғалімдердің кәсіби өздігінен білім алуға даярлығының мотивациялық, ұйымдастырушылық, рефлексиялық құрамын қалыптастыруды тиімді жүзеге асыруды қамтамасыздандырады. Нәтижесінде болашақ мұғалімнің тұлғалық еркіндік негізінде мақсатқа бағытталған танымдық іс-әрекетті өздігінен жүзеге асыруға кәсіби тұлғалық сапалары қалыптасады.

Зерттеуді сынақтан өткізу. Зерттеу жұмысының негізгі тұжырымдары, теориялық және практикалық нәтижелері халықаралық конференцияларда талқыланды:

1. Актуальные научные исследования в современном мире. VIII Международная научно-практическая интернет-конференция. г. Переяслав-хмельницкий (2015).

2. International scientific review. X International Scientific and Practical Conference «International Scientific Review of the Problems and Prospects of Modern Science and Education». Boston. USA (2016).

3. «Бәсекеге қабілетті маманның ұлттық және әлемдік кәсіби келбетін қалыптастыру» атты Халықаралық ғылыми практикалық конференция материалдары. Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ түрік университеті. Түркістан (2016).

4. European research. Innovation in Science, Education and Technology. Москва (2016).

5. «Қазақстан Республикасы мен әлемдік кеңістіктегі білім және ғылымның даму тарихы, заманауи тенденциялары» атты халықаралық ғылыми-практикалық конференция Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық университеті. Алматы (2017).

6. Итоги 2017 года: научные исследования и разработки. Международной научно-практической конференция. Иркутск (2018).

Жарияланымдар. Диссертациялық жұмыстың мазмұны бойынша барлығы 13 еңбек жарық көрді: 4 мақала ҚР БЖҒМ Білім және ғылым саласындағы бақылау комитеті ұсынған ғылыми басылымдарда, 2 - Scopus базасына енген шетелдік журналдарда, 6 - халықаралық ғылыми-практикалық конференциялар жинақтарында, (соның ішінде 4-еуі шетелде өткізілген) жарияланды.

Диссертацияның зерттеу нәтижелерінің сенімділігі, мақұлданыуы, тәжірибеге ендірілуі оның мәселеге, зерттеудің объектісі, пәні, мақсаты мен міндеттеріне сәйкес кешенді әдістерді қолданумен, тандалған әдіснамалық

тұғырды негіздеумен; тәжірибелік-эксперименттік жұмыстардың ұзақтығы сипатын және тәуелсіз зерттеушілер алған нәтижелердің жеткілікті деңгейде байланыстылығымен қамтамасыз етілді.

Диссертация құрылымы кіріспеден, екі бөлімнен, қорытындыдан, қосымшадан, пайдаланылған әдебиеттер тізімі

Кіріспеде зерттеудің көкейкестілігі негізделіп, жұмыстың мақсат, нысаны, пәні анықталады, зерттеу міндеттері мен құрылымы, әдіснамалық негіздері, ғылыми жаңалығы мен практикалық мәнділігі, зерттеу әдістері айқындалады, қорғауға ұсынылатын қағидалар тұжырымдалады, зерттеу нәтижелерінің дәйектілігі баяндалады.

«Болашақ мұғалімдердің кәсіби өздігінен білім алуға даярлығын қалыптастырудың теориялық негіздері» атты бірінші бөлімде зерттеу проблемасы қарастырылған психологиялық-педагогикалық әдебиеттерге талдау жасау негізінде «өздігінен білім алу», «кәсіби өздігінен білім алу» ұғымдарының мәні нақтыланады, болашақ мұғалімдердің кәсіби өздігінен білім алуға даярлығын қалыптастырудың мәні теориялық тұрғыда негізделеді; болашақ мұғалімдердің кәсіби өздігінен білім алуға даярлығын қалыптастырудың педагогикалық шарттары айқындалады; құрылымдық-мазмұндық моделі жасалып, сипатталады.

«Болашақ мұғалімдердің кәсіби өздігінен білім алуға даярлығын қалыптастыру әдістемесі» атты екінші бөлімде кәсіби өздігінен білім алуға болашақ мұғалімдерді даярлығын қалыптастырудағы пәндік оқу бағдарламалары мазмұнының сабақтастығы, болашақ мұғалімдердің кәсіби өздігінен білім алуға даярлығын қалыптастыру әдістемесінің мазмұны мен кезеңдері мазмұнды сипатталады. Болашақ мұғалімдердің кәсіби өздігінен білім алуға даярлығын қалыптастырудың тәжірибелік-эксперимент жұмысының мазмұны мен динамикасы, нәтижелері баяндалады және ұсынылған әдістеменің тиімділігі практикалық тәжірибеде дәлелденеді.

Қорытындыда зерттеу жұмысының нәтижелері, ұсыныстар беріледі, зерттеудің перспективалары белгіленеді.

Қосымшада тәжірибелік-экспериментте пайдаланылған материалдар ұсынылады.

1 БОЛАШАҚ МҰҒАЛІМДЕРДІҢ КӘСІБИ ӨЗДІГІНЕН БІЛІМ АЛУҒА ДАЯРЛЫҒЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУДЫҢ ТЕОРИЯЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ

1.1 «Өздігінен білім алу», «кәсіби өздігінен білім алу» ұғымдары мен болашақ мұғалімдердің кәсіби өздігінен білім алуға даярлығын қалыптастырудың мәні

Қазақстан Республикасының Президенті Н.Назарбаевтың «Төртінші өнеркәсіптік революция жағдайындағы дамудың жаңа мүмкіндіктері» атты Жолдауында «Барлық жастағы азаматтарды қамтитын білім беру ісінде өзіміздің озық жүйемізді құруды жеделдету қажет. Білім беру бағдарламаларының негізгі басымдығы өзгерістерге үнемі бейім болу және жаңа білімді меңгеру қабілетін дамыту болуға тиіс. «Рухани жаңғырудың» мән-маңызы да нақ осында» - деп көрсетілуі бүгінгі болашақ мамандардың өздігінен білім алуын өзектендіреді [1, б. 10].

Сондай-ақ Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2016-2019 жылдарға арналған Мемлекеттік бағдарламасын іске асырудың нәтижесінде «кәсіби міндеттерін дербес әрі шығармашалық тұрғыдан шешуге, кәсіби қызметтің тұлғалық және қоғамдық маңызын түсінуге, оның нәтижелері үшін жауап беруге қабілетті кәсіби құзыретті жеке тұлғаны, бәсекеге қабілетті маманды қалыптастыруды қамтамасыз ететін білім беруді басқарудың тиімді жүйесі құрылатын болады» деген ой-тұжырым да қазіргі болашақ мамандар даярлау жүйесінің кәсіби өздігінен білім алу құрамының басымдығын маңызды етеді [44].

Бұл бағытта жұмыстар жүзеге асырылуда және оны қамтамасыз ету үшін ЖОО білім беру бағдарламалары әзірленуде. Оған сәйкес қазіргі білім беру мен тәрбиелеу үдерісінің өзіндік сипаттары болып болашақ мұғалім мен оқытушының өзара іс-әрекеті; оқу-тәрбие үдерісінің жеке тұлғаның жан-жақты және үйлесімді дамуына бағытталуы; мазмұн мен үдерістік жақтарының бірлігі; білімнің барлық құрылымдық элементтерін, мақсатын, мазмұнын, міндеттерін орындау, яғни білім беру нәтижесінің өзара байланыстылығы; міндеттерді жүзеге асыру: білім беру, өздігінен білім алу, өзін-өзі тәрбиелеу және дамыту табылады.

Білімді түрлі тәсілмен алуға болады. Бүгінгі күні біліктілікті жоғарылатудың орасан жолдары ұсынылады. Бірақ, шеберлікті арттырудың неғұрлым тиімді тәсілі - бұл өздігінен білім алу.

Өздігінен білім алу жеке тұлғаның өзін-өзі басқару мақсатына бағытталған танымдық іс-әрекеті; ғылымның, техниканың, мәдениеттің, саяси өмірдің және т.б. қандай да бір саласында жүйелі түрде білімге қол жеткізудің өзі. Өздігінен білім алудың негізінде материалды өздігінен оқып-үйренумен үйлесімді байланыстағы қызығушылық жатыр [45].

Диссертациялық зерттеуімізде *өздігінен білім алу* ұғымының мәнін ашуды жөн санадық.

Өздігінен білім алу - педагогика теориясы мен практикасында өзекті маңызы бар проблемалардың бірі. Жалпы ұғымдарда өздігінен білім алу – өмір бойы білім алу деп қарастырылады.

Зерттеу барысында «өздігінен білім алу» ұғымына *сөздіктерде, ғалымдардың еңбектерінде* берілген анықтамаларға талдау жасалды.

С.И.Ожегов сөздігінде «өздігінен білім алу - оқытушының көмегінсіз, өз бетінше дайындалудың барысында білім алу» деп анықталса, түсіндірме сөздікте «өздігінен білім алу - мұғалімнің көмегінсіз өз бетінше оқудың көмегімен алынған білім» ретінде қарастырылған [46; 47].

Алдымен өздігінен білім алудың *онтологиясына* мән берсек Е.А.Шуклинаның көзқарасы бойынша, өздігінен білім алу - өзіндік даму арқылы қалыптасқан біртұтас жүйе деп ұсынады. Ол феномендегі («Өзі») ұғымының табиғи мәні оның өзіндік, өз болмысының заттық тұрғыда ашылуынан көрінеді. «Өзі» - «өздігінен пайда болушы» тұлғаның ішкі шамасының, мәндік күштерінің жүзеге асуы. Өздігінен білім алу нәтижесі – жаңа жүйелік сапаның «бейнесі мен болмысы бойынша» пайда болуы. «Өзі» өздігінен білім алудың белсенді танымдық және әрекеттік-ұйымдастырушылық тарапын болжамдайды, оған мақсатты тұжырымдау, ішкі жоспарлардың жүзеге асыру және сыртқы әсерлерге қарсы тұру сияқты күштер тән. Өздігінен білім алу тұлға ретінде өзіндік рефлексияны, өзіндік танымды, яғни оның өзін-өзі табудың танымдық (гносеологиялық) қырын топтап көрсетеді.

Өздігінен білім алу түсінігінің ұғымы тек болмыстық (онтологиялық) және гносеологиялық қана емес, сондай-ақ нысандық және тұлғалық, саналы және санасыз, қажеттілік пен еркіндік, өзін-өзі табу мен өзінен бас тарту, жекешелену мен қатысуынан көрініс табады. «Өзі» субъектілігі қайсыбір «білім беруде» объектіге айналуға қарсы тұрады. Бұл қайшылық үлгісі шығармашылық тәжірибелік әрекет арқылы, сана сияқты тұрмыс үлгісінің дамуымен жүзеге асады. Өздігінен білім алуда саналылық жеке еркін түрде өзін-өзі таңдауды жүзеге асыру үдерісі болып табылады. Бұл құбылыстың табиғи, жылдам дамуын баса көрсетіп, анықтаудың басқа – сыртқы түрін айқындайды. «Өздігінен білім алу» ұғымы еркіндік пен қажеттілік өзара байланысқан, ал жеке тұлғасын танытудың әлеуметтік мәнмәтінмен айқындалады. «Өзі» өзін басқарады, сонымен бірге, өзін жетілдіреді, өздігінен білім алудың мәнін ашуға тырысады, тіпті «өзі» өзін-өзі жеңуден де көрінеді деп тұжырымдаған [48].

Өздігінен білім алу мәселесіне *классик педагогтар* да ерекше мән берген.

К.Д.Ушинскийдің пікірінше, білім алудағы өзіндік әрекет - жеке тұлғаның дамуының басты мотивациясы. «Білім алушыға тек білім беріп қана қоймай, оның өз еркімен, мұғалімнің көмегінсіз, жаңа білім алуға құштарлығы мен қабілетін ояту қажет. Кез-келген білім алудың басты мақсаты – жан-жақтан өзіне пайдалы ілімді ала білетін, ойлау күші бар тұлғаның өмір бойы білім алуы болып табылады» [49, б. 3].

В.А.Сухомлинский «білімге құштар және өз бетінше ізденуге икемі бар мұғалім мектептің мақтанышы бола алады» деп тұжырымдаған [50, б. 25].

XX ғасырдың 60-70 жылдары өздігінен білім алу мәселелерімен бірқатар ғалымдар: А.Я.Айзенберг, А.К.Громцева, М.Г.Кузьмина, М.Н.Скаткин, Б.Ф.Райский және т.б. айналыса бастады.

Өздігінен білім алу қажеттілігін қалыптастыру [51], білім алушылардың өздігінен білім алу қажеттіліктерін қалыптастыру мақсатындағы оқыту үдерісін белсендіру [52], өздігінен білім алуға міндетті түрде қосылуға тиіс өздігінен жұмыс істей алу білігін қалыптастыру [53] мәселелеріне арналған жұмыстар пайда болды.

Болашақ мұғалімдердің өздігінен білім алуын ұйымдастыру үшін, басты іс-әрекет – білім алу болуы қажет, осы әрекет көп жағдайда оның мазмұнын айқындайды.

Білім алушылардың өздігінен білім алуының алдына қоятын мақсаттары бойынша А.К.Громцева, П.И.Пидкасистый келесілерді бөліп көрсетеді: пәндердің жекелеген циклдерін терең оқып-үйренумен байланысты жаппай өздігінен білім алу, кәсіби әрекеттің барынша терең оқып-үйренуге, екінші және үшінші мамандық алуға негізделген арнайы (кәсіби) өздігінен білім алу; әлемдегі және еліміздегі заманауи мәселелер мен оқиғаларға барынша назар аударуға негізделген саяси өздігінен білім алу; қабілеттерді (эстетикалық, дене) дамытумен байланысты, әуесқой білімдерге (техника, үй жануарларын күту және т.б.) негізделген өздігінен білім алу; өзін-өзі тәрбиелеумен, адамгершілік мәселесіне қызығушылықпен, мінез-құлықты қалыптастырумен байланысты өздігінен білім алу [4; с. 25; 54].

Бұл қажеттіліктердің құраушылары, жеке адамның өздігінен білім алуына себеп болатын түрткілер: ақпаратпен күнделікті жұмыс істеу; креативтілік; заманауи ғылымның, әсіресе, психология мен педагогиканың қарқынды дамуы; қоғам өмірінде орын алған өзгерістер; бәсекелестік; қоғамдық пікір; материалдық ынталандыру; қызығушылық.

Жеке адамның өздігінен білім алуы - кәсіби іс-әрекеттің қажетті шарты, бұл жеке тұлғаның өзін-өзі басқару мақсатындағы танымдық іс-әрекеті; ғылымның, техниканың, мәдениеттің, саяси өмірдің қандай да бір саласындағы жүйелі білімге өздігінен қол жеткізуі [55].

Б.Ф.Райский өздігінен білім алуды жеке тұлғаның мүддесіне қатысты білімді меңгеріп, таным көлемін, ұзақтығы мен өту уақыттарын өз еркімен белгілеп, білім алуы деп түсіндіреді. Өздігінен білім алу келесі белгілерге ие: негізгі білімге қосымша танымдық іс-әрекет ретінде білім алу; өз бастамасымен білім алу; жеке даралық білім алудағы шешуші орындағы өздік танымдық іс-әрекетпен сипаттау деп тұжырымдайды [6, б. 18].

Ғалым А.Я.Айзенберг өздігінен білім алудан «адамның рухани дамуындағы кемшіліктерінің жаңартылғанын және кеңейтілгенін, білімін толықтырғандығын, сол себепті жалпы және кәсіптік білім беру үздіксіз жалғасын табатындығын» көрсетеді [3, б. 45].

Зертеуші Г.С.Сухобскаяның пікірінше, өздігінен білім алу үздіксіз білім беру жүйесінің бір бөлігі, білім беру үдерісін тұтас және жетілдіру сипаты, сонымен бірге оқуды ұйымдастырушы, байланыстырушы сатылардың рөлін

атқарады деген түсінік береді [56].

Өздігінен білім алуды шығармашылықпен байланыстыратын педагог ғалым И.Л.Наумченко да мұғалімдердің өздігінен білім алу ерекшеліктерінің келесі белгілерін ұсынады: дербес, аяқталған, педагогикалық ұйымдастыруға қажеттілік мұғалімдердің танымдық-тәжірибелік іс-әрекетінің ерекше саласы; білім алушылардың ішкі қажеттілігі; өздігінен оқу мақсаттарына жетуге (білім жүйесін алуға, білігі мен дағдыларын жетілдіруге, осындай жұмыстың техникасы мен әдістемесін игеруге) және өзін-өзі тәрбиелеуді жүзеге асыруға (сезімдерді дамытуға, нанымдарын қалыптастыруға, ой сынына және т.б.) септігін тигізетін болашақ мұғалімдердің шығармашылық әрекетінің үлгісі екендігін көрсетеді [5, б. 10].

А.К.Громцеваның анықтамасында өздігінен білім алуды ұйымдастыру және өздігінен білім алу аспектілеріне мән беріледі: «білім алушының өздігінен білім алуы – оның білімін жетілдіруге қажетті, мақсатты-бағытталған, жүйелі және білім алушының өзімен басқарылатын танымдық әрекеті; сонымен бірге, ол өзі (немесе оқытушының көмегімен) білім алу мақсатын, танымдық іс-әрекетін анықтайды» [4, б. 13].

Л.С.Колесник өздігінен білім алу деп: «тұлғаның өздігінен білім алу барысында білімі мен біліктерін өз бетінше толықтырып, жетілдіру нәтижесінде жеке тұлғалық сапасының дамуына алып келетін мақсатты бағытталған, жүйелі әрекетін» айтады [57].

Зерттеушілер өздігінен білім алудағы ерекшеліктер, білім алу жолдары, тиімділігі, білім алушы дамуында тәрбиенің, ортасының маңызы туралы зерделей келе, өз тұжырымдарын береді.

Г.П.Орлов өз еңбектерінде өздігінен білім алудағы өзіндік іс-әрекет деңгейлері бойынша екі түрін бөліп (сәйкесінше - өздігінен білім алудың екі деңгейі) қарастырған: 1) Ілеспелі өздігінен білім алу – оқу орнымен (мектеп, ЖОО, курстар және т.б.) берілген тапсырманы орындау, оқу материалын кеңейту, толықтыру, тереңдету мақсатында жүзеге асады және бағдарланады; 2) Автономиялы өздігінен білім алу – тұлғаның өз ішкі қажеттіліктері мен қызығушылықтарын қозғайды, білім алушының өзінің жеке іс-әрекеті арқылы бағытталады және бақыланады, жеке тұлғаның шығармашылық мүмкіндіктерін жүзеге асыру тұрғысынан ең жоғарғы деңгейі және құндысы болып саналады [58].

В.Н.Козиев өздігінен білім алуға түсініктеме бере отырып, оның екі басты сипаттамасына назар аударады: *біріншіден*, өздігінен білім алу үдерісінің мазмұнын, құрылымын жеке тұлға деңгейінде қарастыру болса; *екіншіден*, жеке тұлғаның өздігінен білім алу маңыздылығын түсінген жағдайы оның мақсаттылығы мен жүйелілігі деп тұжырымдаған [59].

С.М.Ковалевтың ғылыми тұжырымы бойынша: «Өздігінен білім алу – бұл жас буын кезінде мектептерден, оқу орындарынан алған білімдеріне қосымша білім қосуы, бұл - тұлғалардың жан-жақты шексіз даму құралдарының бірі». Ғалымның тұжырымы бойынша, өздігінен білім алу барысы «жалпы білім алуда жүзеге асады, кейін дербес мәнге ие болады да, тұлғаның бүкіл өмірі

бойында жалғасын табады» [60, б. 4].

Г.К.Черняевская бұл ұғымды: «Өздігінен білім алу - адамның жалпы және кәсіби білім алу үрдісі» деп түсіндіреді [61, б. 80-81].

А.Г.Ковалев «өздігінен білім алу - жеке тұлғаның өзін-өзі тәрбиелеу түрі» деген тұжырым жасаған [62].

В.Б.Бондаревский білім алушылардың өздігінен білім алуға қажеттілігі, білімі, қызығушылығының психологиялық-педагогикалық негізін бөліп көрсеткен: шығармашы қажеттілік (танымдық құлшыныш) туылғаннан тұлғада пайда болатын қажеттілік; тұлғаның ақыл-ой жұмысының жаңа стилін қалыптастыру және дамыту үшін білімге деген терең бағыттылығы мен шығармашылық ойлау қабілетін оятатын тұрақты мотивінің болуы; білім алушылардың білім алуда туындаған қажеттілігі, оқытушыдан күнделікті шығармашылық қажеттіліктерді объективті түрде талап етуі, мотивтері мен қажеттіліктері [63, б. 7-8].

Ғылыми-әдістемелік еңбектерді зерделей келе, білім алушылардың өздігінен білім алуы тұлғаның мотиві мен құштарлықтары, өзін-өзі белсендіру әлеуеті, қоршаған ортадағы өзіндік іс-әрекетіне байланысты қалыптасып дамитындығы анықталды.

Өздігінен білім алу ұғымы, *біріншіден*, әлеуметтік-философиялық деңгейде ауқымы кең ерекшеліктің шектерін белгілеуге мүмкіндік береді; *екіншіден*, өздігінен білім алудың жалпы ғылыми және ғылыми-теориялық зерттеу ерекшеліктерін талдау арқылы әлеуметтік-философиялық тұрғыда айқындалады; *үшіншіден*, білім беру, тәрбиелеу, адамның жеке тұлғалық дамуын зерттейтін нақты ғылымдар аясындағы өздігінен білім алуды зерттеу қарқынымен есептеледі.

Қазақстандық педагог-психолог ғалымдар да «өздігінен білім алу» ұғымын зерттеу тұрғысында қызығушылық танытты, олар көбінесе оны өзін дамыту, өзін жетілдіру, өзін ұйымдастыру факторларымен байланысты деңгейде қарастырады.

Мәселен, психолог ғалым Б.А.Оспанова өзін-өзі жүзеге асыру - тұлғаға өзінің шығармашылық әлеуетін барынша іске асыруға мүмкіндік беретін, тұлғаның-маңызды мәселелерді шешуде айқындалған мақсаттарға жетуге арналған, шығармашылық түпкі ойды жүзеге асыру үдерісі деп анықтаған. Б.А.Оспанованың берген анықтамалары бар. Өздігінен білім алу - адамның өзін қызықтыратын саласындағы білімді іздеумен және меңгерумен байланысты, белсенді, бағытталған, танымдық іс-әрекеті.

Өзін-өзі бағалау - адамның өзіндік сапаларын, жетістіктерін және кемшіліктерін, басқа адамдардың арасындағы орнын бағалауы [64].

М.А.Құдайқұлов пен Н.Б.Жаманқұлованың өз талдауында, «өзбетінше жұмыс істеу» және «өзбетінше білім алу» үдерісіне педагог тікелей араласпайтындықтан және басшылық етпейтіндіктен, бұл ұғымды «өзінің оқуы мен білім алуы» деп, ал оқытушының тікелей басшылығымен, тапсырмалар, нұсқаулар беруімен және уақытылы тексеріп қадағалауымен білім алу үдерісін «өздігінен білім алу» деп атаған [38, б.122].

Б.Абдікерімұлы және Б.З.Андасованың пікірі бойынша, «тұлғаның дамуына бағытталған білім берудің негізі болып тұлғаның өздігінен білім алу, өзін-өзі тәрбиелеу, өзін жетілдіру үдерісі жатады» деп қарастырады [40, б. 15].

Қ.А.Аймағамбетова мен Р.Б.Исмаилованың пікірі бойынша, өздігінен білім алу өз бетінше іс-әрекет арқылы жүзеге асады. Өздігінен білім алу – бұл дидактикалық ұғым, ғылыми практикалық міндеттерді өздігінен қою, оның шешімін табудың өзіндік тәсілдерін болжау және анықтау, жеке тұлғаның өзін-өзі бақылауы, өзін-өзі бағдарлауы негізінде педагогикалық үдеріске қатысушылардың өзара іс-әрекетінде қалыптасқан жеке тұлғаның кіріктірілген білімі [43, б. 22].

Т.И.Смагли мен Б.Ш.Баймухамбетова өз зерттеулерінде, өздігінен білім алудың басты сипаттамасы, зерттеушілер проблеманы еркін түрде таңдау ортасын өзі белгілеуі, ақпарат көздерін өзінше пайдалану, бір орында тұрмайтын білім, қандай да бір пәнге деген қызығушылықта шек болмау. Өздігінен білім алу өз алдына дербес болғанымен етпілік басым, алайда оған стихиялы үдеріс ретінде қарауға болмайды. Әрбір тұлға өз алдына жеке дайындалады, алдына нақты мақсат қоя біледі, арнайы бір жоспарға бағынады, қиындықтарға төзе біледі, жаңа білімдерді игере алуымен байланысты болып келеді [65, б. 211-216].

А.Н.Тесленко өзінің ғылыми еңбегінде, «Уақытты жоғалтпау» қажеттілігі өзін-өзі жетілдірумен тығыз байланысты, тұлға алға ұмтылуда өзін таба білу керек. Бұл қажеттілікті қанағаттандырудың бір ғана жолы ол үздіксіз өздігінен білім алу» деп қарастырған [66, б. 196].

Әлемдік жаһандану жағдайында «өздігінен білім алу» дегеніміз өнімді шығармашылық әрекеттің бір түрі. Өздігінен білім алу - білім алушының жаңа психологиялық-педагогикалық және әдістемелік білімдерге қол жеткізу жолында тұлға бойында бар білімдерін жетілдіру, әрі осы білімдердің орындалу сипатына сәйкес мақсатты дербес әрекеті.

А.Қ.Құсайыновтың көзқарасы бойынша өздігінен білім алу – өзін-өзі тәрбиелеу құралының бірі. Өздігінен білім алудың негізгі нысандары сан алуан. Адамның өздігінен білім алуының мақсаты – біліктілігін (мамандығын) немесе білім деңгейін көтеру. Өздігінен білім алу дағдыларын қалыптастыруда білім беру мекемелері маңызды рөл атқарады. Білім алушылардың өздігінен білім алу дағдыларын қалыптастыруға сыныптан тыс және әртүрлі үйірмелердегі, клубтардағы, дәрісханалардағы сабақтар, тәжірибелік жұмыстар және т.б. себепші болады. Жалпы білім беретін мектептерде үйретілген өздігінен білім алу дағдылары жоғары оқу орындарының оқу үдерістерінде тереңдетіліп, жетілдіріледі. ЖОО-да оқу-тәрбие үдерісіндегі, семинарларға, ғылыми үйірмелерге, шеберлік сыныптарға, қоғамдық ортадағы ғылыми зерттеу жұмыстарға, экспедицияларға болашақ мұғалімдердің қатысуының және т.б. маңызы зор [67].

Демек, өздігінен білім алу - бұл әлеуметтендіруге, өзін-өзі іске асыруға, мәдени-білім алуға, ғылыми, кәсіби деңгейін арттыруға қажеттіліктерін қанағаттандыруға бағытталған тұлғаның өздігінен білім алу ұйымдастыру іс-

әрекеті; субъектінің когнитивтік іс-әрекеті (үдеріс) және жеке тұлғаның ерекше, интегративтік қасиеттері (нәтиже) болып табылады; өздігінен білім алу әлеуметтік функциясы болып табылатын білімнің маңызды элементі және білім алу іс-әрекеті мен білім беру үдерісі болып табылады [68, б. 90-94].

Өздігінен білім алу мәселесін зерделеу көптеген ғалымдардың зерттеулерінде негіз болғандығын кесте 1-ден көре аласыздар (кесте 1).

Кесте 1 - Өздігінен білім алу бойынша ғалымдардың берген анықтамалары

Ғалымдар	Анықтамалары
1	2
В.П.Беспалько	Өздігінен орындайтын жұмыс - тұлғаның белгілі бір жұмысты өзбетімен, ешкімнің көмегінсіз орындауы [69].
А.Г.Мороз	«Өздігінен білім алу» тапсырманы оқушы мұғалімнің көмегінсіз, бірақ оның қадағалануымен орындайтын іс-әрекеті [70].
Н.Д.Хмель	Өздігінен білім алу – білім алушылардың өзіндік жұмысы арқылы жүзеге асады [28].
Г.Спенсер	Тәрбиелеу ісінде өзін жетілдіру үдерісіне ең үлкен орын берілуге тиіс. Адамзат тек өздігінен білім алу арқылы жете дамыған [71].
Ю.Н.Клюткин, Г.С.Сухобская	Өздігінен білім алу - танымдық өзін-өзі басқара алатын әрекет ретінде, өзіндік іс-әрекет және өзіндік реттелетін деңгейде жүзеге асырылады [72].
Т.А.Ильина	Өздігінен оқу және белсенділігін дамыту үшін жалпы алғанда оқуға деген саналы көзқарас болмайынша, соншалық үлкен маңызы бар – өзін-өзі бақылау мүмкін емес [73].
М.Ә.Құдайқұлов	Әр адам кітаппен өздігінен білім алу икемділіктерін меңгеруі тиіс. Адам жан-жақты біліп алып, оны өзіндік іс-әрекетінде шығармашылықпен қолдану үшін, жалпы ебдейліктерді қалыптастыру қажет [74].
М.С.Ковалев	Өздігінен білім алу - бұл жас буынның мектептерде, білім беру мекемелерінде алатын білімдеріне қосымша білім алу, бұл адамдардың шексіз жан-жақты даму құралы [74].
В.Н.Козиев	Өздігінен білім алу - негізінен рефлексік үрдістер жатқан әрекет [59].
В.П.Пименов, Е.С.Саблин	Өздігінен еңбектену және білім алу - ішкі түрткілермен іске асырылатын танымдық әрекет, яғни, іштей мотивтелген іс-әрекет [75].
С.Л.Рубинштейн	«Өздігінен» ұғымы әрекеттердің саналы түрткісі мен өзектілігін болжайды, «өзіндік танымдылық» - ақыл-ой әрекетінің сапасы ретінде өздігінен білім алу мен дамуы [17].

1-кестеннің жалғасы

1	2
К.А.Абульханова-Славская	Өздігінен білім алу - бұл шығармашылық әрекет түрі, оның барысында адам өзін жетілдіре және өзгерте отырып, тұлғалық маңызы бар тек рухани ғана емес, материалдық құндылықтарды да жасайды [76].
Ю.А.Салмина	Өздігінен білім алу - бұл жеке тұлғаның әрекетінің үйлесімді дамуы мен кәсіби қызметінің тиімділігін үздіксіз жоғарылату мақсатындағы саналы түрдегі жоспарлы әрекеті [77].
И.С.Якиманская	Өздігінен білім алу - тұлғаның рефлексстік әрекеті негізіндегі жеке тұлға мәртебесінің белсенді, бірізді, жалпы алғанда, қайтымсыз сапалы өзгерісі [78].
В.Я.Нечаев	Шамасы, өздігінен білім алу, әрқашан тұрақты оқуға қосымша, жеке тұлғаның жеке мәдени дамуын қамтамасыз ететін, білім беру жүйесінің өз алдына дербес бөлігі болып қала береді [79].
Г.П.Семенов	Өзіндік орындалатын жұмыс оқытуды ұйымдастыру формасы да, әдіс-тәсілі де емес, ол - адамның алдын-ала берілген бағдарлама немесе нұсқау арқылы мұғалімнің қатысуымен орындалатын танымдық әрекет [80].
М.С.Ахметова	Педагогиканың ең негізгі саласының бірі – өздігінен білім алуға баулу және онсыз жақсы оқыту мүкін емес [81].
Ж.Е.Сарсекеева	Өздігінен білім алуды ұйымдастыру оқып-үйренушілердің дайын білімді игеруі ғана емес, оны өз күшімен, өз бетінше ала білуі [82].
Н.Б.Крылова	Өздігінен білім алу - жалпы қоғам мәдениетімен және өз өмірлік тәжірибесін кеңейту мәселелерімен тығыз байланысты жеке тұлғаның өзін білім алуға ұйымдастыру, өзін білімді жасау үдерісі [83].

Ғылыми педагогикалық және психологиялық еңбектерді талдау нәтижесінде өздігінен білім алудың бірнеше бағыттары анықталды. Олар: үздіксіз білім беру теориясы аясында, тұлғаның өмір бойына үздіксіз жалғасуын қамтамасыз ететін, білім берудің құрамдық байланыстырушы бөлігі ретінде; маманның кәсіби деңгейін көтеретін ең қарқынды үлгілерінің бірі, маман дайындау және біліктілігін арттырудың педагогикалық негіздері ретінде; жеке тұлғаның бос уақытының жанама құрылымының элементі әлеуметтік зерттеулер категориясы ретінде; педагогикалық, психологиялық ғылыми әдебиеттер мәнмәтінінде (XX ғ. екінші жартысы – XXI ғ. басы) қарастырылып, өздігінен білім алудың мәндік сипаттамаларын қозғайтын ұстанымдардың алуан түрлілігі анықталды.

Н.А.Рубакин – өздігінен білім алу теориясы мен тәжірибесіне үлкен үлес қосқан ғалым, библиограф, ірі қоғам қайраткер. «Өздігінен білім алудың оқырмандарына арналған хаттар», «Өздігінен білім алу тәжірибесі», «Кітаптар арасында» оқулықтары XX ғасырдың басында кеңінен таралды. Ол өздігінен білім алудың астарында өзіндік әрекет жолымен алынған білімді таниды және

оны білім берудің ең жоғарғы үлгісі деп есептеді. Өздігінен білім алудың бірқатар ұстанымдарын (дараландыру, оқумен байланыс, өмірмен байланыс т.с.с.), сондай-ақ өздігінен білім алу жүйесін жасады [84].

Зертеуші ғалымдар өздігінен білім алу – бұл өзін-өзі дамытуға, өзін-өзі ұйымдастыруға, өзін-өзі жетілдіруге тұлғада тұрақты түрде орныққан, оның дербестігі мен танымдық белсенділігі шартталған, мақсатқа бағытталған өзін-өзі бақылау үдерісі деп тұжырым жасайды.

А.Я.Айзенберг [3], А.К.Громцева [4], И.Л.Наумченко [5], Б.Ф.Райский [6], В.Прокопюк [8], Ю.К.Бабанский [9], Ф.В.Письменский [11], В.Д.Мороз [15], және т.б. көптеген ғалымдар өздігінен білім алу мәселесіне байланысты ұғымдарға талдаулар жасаған, алайда ол бүгінгі заман талабын толықтай қанағаттандыра алмайды. Сондықтан да біз өздігінен білім алу ұғымын жүйелеу барысында, өзіміздің ғылыми зертеу жұмысымызға негіз болып отырған болашақ мұғалімдердің өздігінен білім алу үдерісі оқытушының тікелей басшылығы арқылы және олардың жанама түрде қатысуы арқылы орындалатынын назарда ұстай отырып, зерттеу жұмысымыздағы өздігінен білім алу ұғымының мәні тұрғысынан сипаттайтын еңбектерді талдау арқылы тұлғалық қасиеттерді нақтылаймыз.

Өздігінен білім алу ұғымына жасаған талдауларда өздігінен білім алуды сипаттайтын анықтамалар бүгінгі таңда сан алуан екендігін, өздігінен білім алу ұғымының мәнін ашатын түсініктерді жинақтау жұмыстары күрделі проблемалардың қатарынан табылып, ғылыми еңбектерде берілген анықтамалардың бәріне бірдей ортақ көзқарас қалыптаспағандығын байқадық.


Ғалым педагогтардың ғылыми зерттеу жұмыстарын талдау және зерделеу негізінде, *өздігінен білім алу* – жеке бастың қасиеті саналы іс-әрекеттің кіріктірілген дидактикалық категориясы деп қорытынды жасауымызға болады.

Кез келген білім алушы өзін-өзі рухани тұрғыда жетілдіріп, өзін-өзі тәрбиелеуге, өзін-өзі бағалауға, өзін-өзі бақылауға, өзін-өзі басқаруға, өздігінен білім алуға, өзін-өзі дамытуға, ортада өзін ұстай білуге, дұрыс қарым-қатынас жасауға талпынуы шартты құбылыс. ...

Жоғарыда берілген ғалымдардың анықтамаларын талдау бізге өздігінен білім алу тетігін (механизмін) анықтауға мүмкіндік берді (сурет 1). Өздігінен білім алу тұлғаның *өзіндік рефлексиясы, өзін-өзі тануы, өзін-өзі жүзеге асыруы, өзін-өзі жетілдіруі* негізінде жүзеге асады.

Осы механизмге сәйкес өздігінен білім алуда субъектінің бойында *қажеттілік, қызығушылық, өзіндік-сана-сезім, өзін-өзі реттеу, өзін-өзі ұйымдастыру, өзін-өзі бақылау, өзін-өзі басқару, өзін-өзі бағалау, өзіндік белсенділік, өзін-өзі дамыту сияқты психикалық үдерістерін, тұлғалық сапаларының* болуы тиістігін анықтаймыз.

Ғылыми зерттеу жұмыстарын талдай келе «өздігінен білім алу – білім беру іс-әрекетінің күрделі де еркін формасы және өзін-өзі тану, өзін-өзі дамыту, өзін-өзі бағалау, өзін-өзі жетілдіру дағдысы мен біліктерін қалыптастырудағы маңызды өзіндік іс-әрекет» деген анықтама береміз.



Сурет 1 – Өздігінен білім алу тетігі

«Өздігінен білім алу» ұғымының қолданылу бағытына қарай бірқатар мағыналар мен түрлерді қамтиды. Мәселен, әдебиеттерде жеке тұлғаның өзі басқаратын мақсатқа бағытталған танымдық іс-әрекеті, ғылымның, техниканың, мәдениеттің, саяси өмірдің және т.б. қандай да бір саласында жүйелі түрде білімге қол жеткізуі тұрғысынан да қарастырылған.

Өздігінен білім алуды зерттеуде білім беру үдерісінің жеке факторын бөлу аса маңызды, себебі оның негізі жеке тұлға болып табылады.

Өздігінен білім алуды жүзеге асыра білу - *кез-келген кәсіпқой маманның маңызды сапасы*, әсіресе бұл ақпараттың өзі оның үнемі жаңарып отыруын болжайтын, ал тұлғаларды өзінің кәсіби әрекетінде осы ақпаратты түсінуден қалып кетпеуге мәжбүрлейтін ақпараттық қоғамның қалыптасу кезеңінде өмірдің барлық саласына жаппай еніп жатқан жаңа технологиялар мен компьютерлік техниканың қарқынды дамуы алып отырған кезінде ерекше маңызды. Өздігінен білім алу тұлғаның жаңа білім мен дағыны өз бетінше меңгере білу білігін талап етеді. Өздігінен білім ала білу адамға табысты кәсіби іс-әрекетке ену және осы білікті меңгеру үшін қажет [85].

Өздігінен білім алуға тән «басымдық түрлерінің» қатары да аз емес: 1) өздігінен білім алу тек ішкі терең мотивтер негізінде ғана орын ала алады; негізгі танымдық әрекет – оқыту үдерісінде қосымша білім алу; тұлғаның қандай да бір мотивацияның әсерінен өзін қызықтыратын сұрақтарға жауап іздеуін өздігінен білім алуға жатқызуға болмайды; 2) өздігінен білім алу жеке тұлғаның жеке ерекшеліктеріне сай өзіндік әрекет етуі негізінде жүргізіледі, оның мақсаты - бір немесе бірнеше білім саласында зердесін кеңейту және өзін-өзі бақылауға негізделген жеке өзін жетілдіру, өз бастамасымен білім игеру; 3) өздігінен білім алу басқа тараптың басқаруынсыз жүзеге асады және жеке өзіндік әрекет - танымдық білім алу әрекеті.

Сонымен бірге, таным үдерісін біріктіретін, әлемдік білім алу үдерісін құрылымдайтын, өздігінен білім алушы тұлғасының рөлі мен орнын

анықтайтын мәндік болмыс болып табылады.

Психологиялық-педагогикалық әдебиеттерде өздігінен білім алу бұл: 1) жеке тұлғаның әлеуметтенуі, өзін-өзі жүзеге асыруы, мәдени-білімдік, ғылыми, кәсіби деңгейін көтеру қажеттіліктерін қанағаттандыру бағытындағы өзіндік басқарылатын білім алу әрекеті; 2) өздігінен оқу, өзін-өзі тәрбиелеу, өзін-өзі дамыту үдерістерінің біртұтастығы мен бірегейлігін білдіретін, тұлғаның қажеттіліктерін басқару, жаңа үлгілерді игеру, өз мүмкіндіктерін байыту және оларды іс-әрекетте көрсету дайындықтарын қалыптастыруға кіретін білім алу үдерісі деп аталады.

Сонымен жоғарыда әдебиеттердегі өздігінен білім алу ұғымының мәні мен басымдық түрлерін талдау бізге өздігінен білім алудың ғылыми әдебиеттерде қалыптасқан *екі үлкен бағытының* бар екендігін көрсетті: 1) адамның жан-жақты өсіп жетілуінде өзін қызықтыратын қоғамдық, ғылыми, мәдени және с.с. салалардан үздіксіз өмір бойы өздігінен білімін кеңейтуі; 2) кәсіби-тұлғалық жетілуінде мамандық бойынша білім, білік, дағдылары мен адами сапаларын өзіндік танымдық іс-әрекетте жетілдіруі.

Біз өз зерттеуімізде өздігінен білім алудың екінші бағытын *кәсіби өздігінен білім алуды* зерттеу пәнімізге алып отырмыз.

«Кәсіби өздігінен білім алу іс-әрекеті» ұғымының мазмұнын ғалымдар түрлі көзқараста қарастырады. Мұнда өздігінен білім алу, тану және іс-әрекеті педагог үшін маңыздылығы мен проблемасының түрлі жағдайдағы деңгейін көрсетеді.

Ашық диалог құру, жоғары білікті мұғалім мамандармен қарым-қатынас және оларға қызығушылық таныту кәсіби өздігінен білім алуда бірден бір қадам болып табылады [86]

И.И. Казимирская «өзін-өзі бағалауға, үздіксіз білім алуға және өзін-өзі тәрбиелеуге итермелейтін педагогикалық ұстаным - бұл адамның өз қабілетіне, мүмкіндіктеріне, жеке даралығына деген қарым-қатынасының тұрақты жүйесі» деп тұжырым жасаған [87].

Педагог ғалымдар (А.С.Роботова және т.б.) мұғалімнің кәсіби өздігінен білім алуы деп мұғалімнің білім беру, пәндік, психологиялық-педагогикалық және әдістемелік өздігінен білім алуды қамтитын жеке және кәсіби маңызы бар өзіндік танымдық іс-әрекетін түсінеді [88].

Г.М.Кождаспирова кәсіби өздігінен білім алу деп көп компонентті және мұғалімнің кәсіби маңызды өзіндік танымдық іс-әрекетін, жалпы білімдік, пәндік, психологиялық-педагогикалық әдістемелік өздігінен білім алу деп анықтаған. Автор аталған іс-әрекеттің келесі функцияларын: кәсіби іс-әрекеттің жеке стилін қалыптастыруға ықпал етеді; педагогикалық тәжірибе мен өзіндік іс-әрекетті ұғынуға көмектеседі; өзін-өзі тану және өзін-өзі жетілдіру құралы болып табылады. Демек, өз білімін анықтауда оның тұлғалық сапасын көрсетеді [89].

Өздігінен білім алу болашақ мұғалімдердің іс-әрекетін, сондай-ақ озық педагогикалық тәжірибені түсіне білуімен сипатталады. Маңызды кәсіби

касиеттерді дамытуға бағытталған мұғалімнің өздігінен білім алу әрекеттері оның өзіндік дербес кемелденуі және кәсіби шыңдалуын көрсетеді [90].

Болашақ мұғалімдердің кәсіби тұрғыда өздігінен білім алуы үдерісі кәсіби іс-әрекеттің құрылымы мен ерекшелігін зерделеумен, оның мақсаттары мен міндеттерімен, мазмұны мен шарттарына ауысу әрекетінен көрініс табады.

Сондықтан заманауи жағдайларда кәсіби өздігінен білім алу кәсіби білік пен ұтқырлықты қалыптастыруға және кәсіби еңбектің өзгермелі жағдайлары мен мазмұнына бейімделуге мүмкіндік беретін кәсіби өздігінен білім беру деңгейін қалыптастыруға, сондай-ақ тұлғаның табысты өзін-өзі жүзеге асыруы үшін жағдай жасауға, тұлғааралық қақтығыстар мен кәсіби іс-әрекеттердің алдын алуға бағдарлануы тиіс.


Ю.И.Кулюткин мен Г.С.Сухобская «Мұғалімнің ойлауы: жеке тетіктер мен түсіну құралдары» монографиясында мұғалімнің кәсіби өздігінен білім алу – жалпы функционалдық жүйеден кәсіби педагогикалық іс-әрекетін арнайы зерттеген, мұғалім өзінің кәсіби іс-әрекетін, шығармашылық педагогикалық іс-әрекетін, педагогикалық мәселелердің шешімін таба білуі деген тұжырым жасаған [72, б. 25].

Өзіндік сипаты бойынша бұл міндеттер зерттеушілік болып табылады, олардың негізі оқу-тәрбие үдерісінде, шығармашылық қайта құру және білім алушы тұлғасын дамыту бойынша педагогикалық проблемаларда жатыр. Бұл жалпы міндеттерді мұғалім оқу-тәрбие жұмысының нақты жағдайына байланысты туындайтын күнделікті, жеке кәсіби-педагогикалық міндеттер жүйесі арқылы шешімін табады.

Болашақ мұғалімдердің кәсіби іс-әрекеті үшін бүгінгі күні білім беру ұйымдарында жұмыс жасау, сонымен қатар, өз пәнін білу жеткіліксіз. Қоғам талаптары деңгейінде педагогикалық іс-әрекет үшін өзінің кәсіби әлеуетін үнемі жаңарту және байыту қажет. Біліктілікті арттыру - әлемдік өмір сүрудің шарты. Қазіргі уақытта өз білімі мен білігін іске асыру үшін бір ғана мамандықпен шектелу мүмкін емес. Әлем бір орында тұрмайды. Ол барлық уақытта өзеріс, даму, жылжу үстінде. Кәсіби маман болу үшін үздіксіз өздігінен білім алу үдерісі қажет. Егер адам өзгертін әлемге сай әрекет ете алса, ол әрқашан өз қалағанына қол жеткізеді.

Кәсіби өзін-өзі жетілдіру мен өзін-өзі тәрбиелеудің жетекші компоненті мұғалімнің кәсіби өздігінен білім алуы болып табылады. Сол арқылы біз педагогикалық үдерісті жетілдіру үшін қажетті жалпыадамзаттық тәжірибені, әдіснамалық және арнайы білімді, кәсіби білік пен дағдыларды игеру бойынша мұғалімнің танымдық іс-әрекеті, мақсатқа бағыттылығы деп түсінеміз.

Сонымен біз психологиялық-педагогикалық әдебиеттерде берілген ғалымдардың кәсіби өздігінен білім алу ұғымдарына берген анықтамаларын таладау нәтижесінде кәсіби өздігінен білім алудың мәндік сипаттамасын жасадық (сурет 2). Мұнда кәсіби өздігінен білім алудың құрылымын *мақсатын, сипатын, мазмұнын, іс-әрекетін, жүзеге асуын* қамтитын құрылымдық-мазмұнымен сипатталады.



Сурет 2 – Кәсіби өздігінен білім алудың мәндік сипаттамасы

Сондай-ақ біз жасаған кәсіби өздігінен білім алудың мәндік сипаттамасына сүйене отырып, және аталған ұғымды талдау негізінде «*болашақ мұғалімнің кәсіби өздігінен білім алу*» ұғымына – «оның пәндік, психологиялық-педагогикалық, әдістемелік білімдері мен кәсіби маңызды тұлғалық сапаларын өздігінен жетілдіруде шығармашылықпен өзін-өзі жүзеге асыруын қамтамасыздандыратын мақсатқа бағытталған өзіндік іс-әрекеті» деп, анықтама бере отырып, мәнін нақтылаймыз.

Кәсіби өздігінен білім алуында таным – адамның жаратылыс сырын, өмірдің мәнін, ақиқат әлемді, объективті шындықты білу қабілеті. Таным адамның креативтік ізденісімен тығыз байланыста дамиды және оның білімі, адамгершілік мақсаттары қалыптасып, қоғамдық-тарихи үдерістегі өз орнын

анықтап белгілеуге ықпал етеді.

Сонымен қатар, кәсіби өздігінен білім алуға даярлығын қалыптастырудың жалпы педагогикалық және ерекше принциптерін бөліп көрсетуге болады. Жалпы педагогикалық *принциптеріне* жататындар: теориялық және практикалық сипаттағы зерттеу жұмысын дербес жүзеге асыру дайындығын қалыптастырудан, теориялық және практикалық жұмысты біріктіру қабілетінен көрініс табатын теория мен практиканың бірлігі принципі; түрлі сипаттағы теориялық және практикалық мәселелерді шешу негізінде құрылуы тиіс дәріс және семинар сабақтарын ерекше ұйымдастыруды болжайтын мәселелік принципі; жеке тұлғаның қызығушылықтары мен қажеттіліктерінің басымдылығын, оның өзгешелігі мен мүмкіндіктерін есепке алатын тұлғаға бағдарланған бағыттылық принципі; жеке жұмыс кестесі мен жоспарларын пайдалануға, іс-әрекетті жүзеге асырудың мазмұнын, әдістерін, құралдарын жеке таңдауға бағдарланатын оқыту үдерісін дербестендіру және дифференциялық (әртүрлі үдерістердің жиынтығы) тәсіл принципі; оқыту үдерісінде болашақ мұғалімнің ұстанымының өзгеруін болжайтын саналылық пен белсенділік принципі; кәсіби өздігінен білім алуға дайындық үрдісінде тұлғалық, когнитивтілік және технологиялықтың бірлігі принципі, ол болашақ мұғалімдерге зертеу жұмысын жүргізу үшін қажетті білімді хабарлауды, оны жүзеге асырудың технологиясын теориялық және практикалық зерттеу үшін қажетті жағдайлар құруды, болашақ мұғалімдердің ғылыми қызығушылықтарын есепке ала отырып зерттеушілік практиканы ұйымдастыруды түсіндіреді; кәсіби іс-әрекетті сипаттайтын міндеттерді шешу қабілетінің дамуынан көрініс алатын кәсіби іс-әрекетке бағдарлану принципі; зерттелетін нысандарды жан-жақты қарастыруға қажеттілікті және әлемді жан-жақты көру қабілетін қалыптастыру үшін пәнаралық байланыстарды қолдану принципі; кәсіби өздігінен білім алу барысында жеке жұмысты ұжымдық жұмыспен үйлестіру принципі; жұмысты жоспарлау және жүзеге асыру барысында болашақ мұғалімдердің дербестігін болжайтын өзін-өзі басқару принципі; педагогикалық үрдісін демократияландыру принципі; болашақ мұғалімдер мен оқытушылардың өзара қарым-қатынасын ізгілендіру принципі; кәсіби өздігінен білім алу дағдыларын қалыптастырудың жүйелігі мен бірізділігі принципі; шығармашылық іс-әрекеттің басымдылығы жағдайында репродуктивтілік пен шығармашылық іс-әрекеттің сәйкестену принципі; өзін-өзі басқарудың жетекші рөлі жағдайында кәсіби өздігінен білім алуға дайындық барысында оқытушы мен болашақ мұғалімнің әрекеттерін үйлестіру принципі; өздігінен білім алу жұмысын жүзеге асыру барысында болашақ мұғалімдердің тәжірибесін тірек ету принципі; өздігінен білім алу әрекетін қалыптастыру үрдісінде оқытушының қызметін жүзеге асыру принципі.

Кәсіби өздігінен білім алуға даярлауға тән принциптеріне келесілер: болашақ мұғалімдерде іс-әрекеттің нормативті - өздігінен білім алу және жеке - өздігінен білім алу құраушыларын қалыптастыру барысындағы күшті біріктіру және кіріктіру принципі; нормативті - өздігінен білім алу және жеке - өздігінен білім алу құраушыларын дамыту үрдісіндегі өзара келісу және

ынтымақтастық принципі жатады [55, б. 45-54].

Кәсіби өздігінен білім алудың бағыттары: кәсіби (оқыту пәні); психологиялық-педагогикалық (білім алушылар мен ата-аналарға бағдарланған); психологиялық (имидж, қарым-қатынас, ықпал ету өнері, көшбасшылық сапалар және т.б.); әдістемелік (оқытудың педагогикалық технологиялары, формалары, әдістері мен тәсілдері); құқықтық, эстетикалық (гуманитарлық); тарихи; шет тілдері, саяси; ақпараттық-компьютерлік технологиялар; денсаулықты сақтау; қызығушылықтар және хобби; т.б.

Кәсіби өздігінен білім алудың көздері: теледидар; газеттер, журналдар; әдебиет (әдістемелік, ғылыми-көпшілік, публицистикалық, көркем және т.б.); интернет; түрлі тасымалдаушылардағы видео, аудио ақпараттар; ақылы курстар; семинарлар мен конференциялар, шеберлік-сыныптары; тәжірибе алмасу бойынша іс-шаралар; саяхаттар, театрлар, көрмелер, мұражайлар, концерттер; біліктілікті жоғарылату курстары.

Кәсіби өздігінен білім алудың нәтижелері: орындалатын жұмыстың сапасын жоғарылату, дайындалған немесе жарық көрген әдістемелік құралдары, мақалалар, оқулықтар, бағдарламалар, сценарийлер, зерттеулер, жаңа идеялар дайындау; жаңа ақпараттық технологияларды пайдалану бойынша әдістемелік ұсыныстар жасау [88].

Кәсіби өздігінен білім алудың мәні жайлы бұл қорытындылар болашақ мұғалімдердің кәсіби тұрғыда өздігінен білім алуының үлгісін жасауға және педагогикалық ЖОО-нда оны ұйымдастыру-әдістемелік қамтуды жүзеге асыруға мүмкіндік береді.

Заманауи ғылымда тұлғалық траекториясын өмірлік құру стратегиясын анықтайтын іс-әрекет түрі ретіндегі кәсіби өздігінен білім алу әрекеті жайлы ереже жасалған. Өздігінен білім алу жұмысының ұйымдастырушылық қырларын Н.В.Кузьмина [27], И.Я.Лернер [91], М.Н.Скаткин [52], И.Ф.Харламов [92] зерттеді. Өздігінен білім алу әрекетінің ішкі механизмін түсінуге Д.Б.Богоявленская [93], В.П.Зинченко [94], А.М.Матюшкин [95], Я.А.Пономаревтардың [96] зерттеулері мүмкіндік береді.

Ғылыми еңбектерді зерделеу кәсіби өздігінен білім алу жұмысын тұжырымдаудың біркелкі еместігін көрсетеді.

Зерттеуші ғалымдар көбінесе кәсіби өздігінен білім алуды «іс-әрекет» ұғымы арқылы, нақты айтқанда: білім алушылардың өздері басқаратын мақсатталған жүйелі танымдық іс-әрекеті ретінде; ішкі себептерге және міндеттілік болмауына сәйкес жүзеге асырылатын танымдық іс-әрекет ретінде; білім алудың алдыңғы қалпын негізге алатын, олардың салдары және диалектикалық жалғасы табылатын танымдық іс-әрекет ретінде; ішкі мотивтелген іс-әрекет ретінде; жеке тұлғаның өзінің бастамасы бойынша жүзеге асырылатын іс-әрекет; білімді ерікті, жүйелі игеріп отыратын іс-әрекет ретінде анықтайды [4, б. 56].

Кәсіби өздігінен білім алу әрекетіне анағұрлым толық сипаттаманы Е.А.Щукина береді. Кәсіби өздігінен білім алуды әлеуметтанушы ғалымдар «жеке тұлғаның еркін таңдауымен сипатталатын және әлеуметтенуге, өзін-өзі

жүзеге асыруға, мәдени, білім, кәсіби және ғылыми деңгейін жоғарылатуға, қанағаттандыруға бағытталған еркін іс-әрекетінің түрі» ретінде қарастырады. Кәсіби өздігінен білім алу - бұл шын мәнінде де еркін және сонымен бірге күрделі білім беру әрекеті, өйткені ол өзін-өзі бағалау, өзін-өзі теңестіру іс-әрекетімен және маңызды білімдерді өздігінен алу және оларды практикалық іс-әрекетте пайдалану біліктері мен дағдыларын қалыптастырумен байланысты [48, б.15].

Кәсіби өздігінен білім алу білімдерді, амалдарды және тәсілдерді, соның ішінде өздігінен білім алу әрекеттерінің жалпылама тәсілдерін меңгеру болып табылады.

Кәсіби өздігінен білім алудың мазмұнын талдау өздігінен білім алу және білім алу үдерісінің едәуір ықпалымен жүзеге асады.

Өздігінен білім алу және білім алу үдерісіне қатыса отырып, болашақ мұғалімдер өздерінің оған ықпалын көрсетеді. Өздігінен білім алудың қандай да бір мазмұнын игере отырып, олар осы білімді кәсіби өздігінен білім алуға деген қажеттіліктерімен салыстырады.

Нәтижесінде кәсіби өздігінен білім алудың рөлі мен алатын орны, оның мазмұны жайлы нақты пікір пайда болады. Осының негізінде білім алушылардың не нәрсеге қосымша зейін қоюы, өз күшін не нәрсеге шоғырландыруы керек екендігі жайлы нақты түсініктері қалыптасады. Оқытушылар арқылы біліктілікті жоғарылату жүйесінің тыңдаушылары қосымша ақпарат көздері жайлы мәлімет ала алады, ал бұл ақпаратты меңгеру олардың өздігінен білім алу жайлы білімдерін тереңдетулеріне немесе нақты біліктер мен дағдыларға қол жеткізу тәсілдері жайлы ұсыныстарын жасауларына мүмкіндік береді.

Кәсіби өздігінен білім алу әрекетінің өзіне тән белгісі оның оқу және оқыту әрекетінен салыстырмалы тәуелсіздігі болып табылады, өйткені, бұл әрекеттердің заңдылықтары бір-біріне ұқсамайды. Сонымен бірге, зерттеушілер өзара себептерді де атап көрсетеді: білім алу әрекеті оқыту әрекетіне бағынатыны сияқты, кәсіби өздігінен білім алу әрекеті де оқытушының оқыту әрекетіне де, субъектінің өзінің білім алу әрекетіне де тәуелді. Осылайша, өздігінен білім алу әрекеті кәсіби өздігінен білім алу әрекетінің дүниеге келуінің кеңістігі болып табылады. Онда өзін-өзі бағалауға да, өзін-өзі теңестіруге де, өз білімдеріне өз бетінше қол жеткізу және «өз білімдерін құрастыру, оларды практикалық әрекетте пайдалану» біліктерін қалыптастыруы да бар.

Кәсіби өздігінен білім алу әрекетінің құралын төмендегіше анықтаймыз:

1) зияткерлік әрекет (ақыл-ой әрекетінің негізінде жатқан талдау, синтез, қорыту, жіктеу және басқалар);

2) таңбалық, тілдік және вербальдық құралдар; олардың формаларында білімдер игеріледі, рефлексияланады және жеке тәжірибе жаңғыртылады;

3) жаңа білімдерді қосу арқылы жеке тұлғаның дербес тәжірибесі құрылатын білімдер [97].

Сонымен, кәсіби өздігінен білім алу – бұл болашақ мұғалімнің тұлғалық және кәсіби даму үдерісі мен нәтижесі, яғни педагогикалық қызметте қолданылатын жаңа білім, білік және дағдыларды меңгеруі; педагогикалық тәжірибені алдыңғы мазмұннан ерекшеленетін жаңа мазмұнмен толықтыру үдерісі; болашақ мұғалімнің жеке біліктілігін көтеру үдерісі.

Кәсіби өздігінен білім алудың ЖОО-ндағы оқу үрдісіндегі маңызы мен алатын орнын қарастыра отырып, осы іс-әрекетті ұйымдастыруға тиімді жағдай құру қажет, олар: қажеттілік-мотивациялық саланы құру, ақпаратпен жұмыс істеу құралдарын меңгеру, ұйымдастырушылық біліктерді игеру.

Демек, кәсіби өздігінен білім алу – бұл болашақ мұғалімнің өзіндік іс-әрекеті, оны төмендегіше көрсетуге болады:

- кәсіби өзін-өзі тану негізінде шығармашылық тұрғыда өзін-өзі жетілдіру;
- кәсіби әлеуметтендіру;
- кәсіби іс-әрекет ұстанымы;
- өздігінен ұйымдастырылған жеке және кәсіби даму.
- білімді тұлға ретінде қалыптасу;
- замануи талаптарға сай болу;
- қоршаған ортаны түсіне білу;
- өзінің жеке көзқарасы болуы және басқаның көзқарасын бағалау;
- жеке рухани үйлесімді әлемді құру;
- оқу-тәрбие жұмысының сапасын көтеру;
- үздіксіз білім алуды жетілдіруді қамтамасыз ету;
- кәсіби тұйықталудан арылу;
- шығармашыл болу,
- өз қызығушылығын қанағаттандыру;
- бәсекелестікке қабілетті болу

Жоғарыда келтірілген талдаулар болашақ мұғалімдердің кәсіби өздігінен білім алуға даярлығын қалыптастыру мәселесінің жаңа қырларын көруге мүмкіндік береді.

Сонымен, өзіндік іс-әрекет үдерісін зерделеу өздігінен білім алу және кәсіби өздігінен білім алу мәселелерін зерттеу негізінде жүргізілген болашақ мұғалім тұлғасын кәсіби даярлаудың маңызды компоненттері болашақ мұғалімдердің кәсіби өздігінен білім алуға даярлығын қалыптастырудың психологиялық-педагогикалық негіздерін анықтап берді. Өзіндік іс-әрекет, өздігінен білім алу үдерісі және тәрбие беру ұғымдары бір-бірімен тығыз байланысты, бір-бірінен ажырамас құбылыс.

Болашақ мұғалімнің кәсіби өздігінен білім алуы – білім алушының жаңа психологиялық-педагогикалық және әдістемелік білімдерге қол жеткізу және қолда бар білімдерді жетілдіру, әрі осы білімдерді орындалатын жұмыс сипатына сәйкес шығармашылықпен пайдалану бойынша мақсатты дербес әрекеті [98]. Яғни, «өзіндік іс-әрекет» үдеріс ретінде кәсіби өздігінен білім алу, өзін-өзі тәрбиелеу, өздігінен оқу, өзін-өзі дамыту үрдістерінің бірлігі мен біртұтастығын білдіреді және тұлғаның өз қажеттіліктерін басқаруды, өзін-өзі бақылау, өз қабілеттерін байытуды, өзін-өзі жетілдіруді және оларды кәсіби іс-

әрекетте көрсетуге дайындықтарын қамтиды.

Жеке тұлғаның өзіндік іс-әрекеті, өзін-өзі дамытуы, үздіксіз білім алудың маңызды бөлшегі, «кез-келген уақытта, кез-келген жерде білім алуға» қол жеткізу мүмкіндігін пайдаланып, «Өмір бойы білім алу» тұжырымы аясындағы өздігінен білім алу үдерісі болып табылады.

Қорыта айтқанда, көптеген ғалымдардың еңбектеріне жасаған талдау және өзіміздің тәжірибеміз бен бақылауымыз келесідей ой тұжырым жасауға мүмкіндік берді. Қазақстанның рухани жаңғыру контексінде кәсіби білім беру саласындағы жаһандық бәсекеге неғұрлым бейімделген мамандарды даярлауға жаңаша түсінікпен қарайтын болсақ, оны дамытудың басты стратегиялық бағдары – өмірге жауапкершілікпен қарайтын, өмірдің мәнін түсінетін, өзіндік ұстанымы бар, өзін-өзі басқара алатын, рухани дамыған; өзіндік іс-әрекет үдерісінде өздігінен білім ала алатын, өзін-өзі тәрбиелейтін, өзін-өзі жетілдіретін жеке қасиеттері мен дүниетанымдық мәдениеті жетілген, креативті ойлауға дағдыланған, өзіндік іс-әрекеті қалыптасқан, заманауи біліммен қаруланған, кәсіби білікті мамандардың жаңа буынын қалыптастыру болып табылады.

Ал, кәсіпке бейімделу кезінде кәсіпті таңдау мәселесі үлкен орын алады. Болашақ мұғалім - мұғалімдік кәсіпті таңдағанда, оқыту үдерісінде таңдаған мамандығы бойынша кәсіби даярлауды қажет етеді. Болашақ маман субъектісіне сай негізгі ұғымдар: «мамандық», «кәсіп», «кәсіби даярлық».

«Мамандық» энциклопедиялық сөздікте - білімі туралы құжаттармен расталатын, белгілі бір қызмет үшін қажетті, мақсатты даярлықпен және жұмысын практикалық жолмен алынатын білім, білік, іскерлік және дағды кешені», «кәсіп - тұлғаның еңбек іс-әрекетіндегі білімі туралы тиісті құжаттармен расталатын негізгі іс-әрекет түрі», ал «кәсіптік даярлық - жеке тұлғада кәсіби бағытталған, білімді, дағдыны, іскерлік пен кәсіби даярлықтың қалыптастыруын қамтамасыз ететін ұйымдастырушылық және педагогикалық іс-шаралар жүйесі» - деген көзқарас білдірген [99, б. 177]

Біздің зерттеуіміз үшін маңызды ұғымдардың бірі даярлық болып табылады. «Даярлық» ұғымына келер болсақ, *біріншіден*, белгілі бір мақсатқа бағытталған қажетті білім, білік, дағдыны қалыптастыру бағытындағы оқыту; *екіншіден*, жинақталған білім, білік, дағды қорымен сипатталатын нәтижеге бағдарлану. Сондықтан, дайындық оқу-тәрбие үдерісі және оның нәтижесі болып шығады. *Бірінші мақсатқа* жету нақтылы білім жүйесі және тұлғалық сипаттың қалыптасуымен көрінеді. *Екінші мақсат* нақтылы кәсіби іс-әрекетті жүзеге асыру үшін қажетті білім, біліктілік, іскерлік пен дағдының қалыптасуы арқылы іске асады.

Даярлық барысында болашақ мұғалімдер стандарт талаптарына сәйкес білуге тиіс білім, білік, іскерлік және дағды нәтиже беруі үшін, біртұтас педагогикалық үдерістегі білім беру міндеттері анықталады. Зерттеуші ғалымдар дайындық іс-әрекетін білім алудың табысты және тиімді шарты ретінде қарастырады. Даярлық білім алу мен өздігінен білім алудың, тәрбиелеу мен өзін-өзі тәрбиелеудің, өзін-өзі дамытудың нәтижесі болып табылады.

В.А. Сластенин мұғалімнің педагогикалық іс-әрекетке кәсіби даярлығын бірнеше қасиеттермен және сипаттамалармен анықтаған. Бұлар: мектептегі жұмысқа алдына мақсат қою арқылы педагогикалық іс-әрекеттің түрлі деңгеймен қалыптасқан бағыттылық - *психологиялық даярлық*; педагогикалық іс-әрекет қажет ететін кең көлемдегі қоғамдық-саяси, психологиялық-педагогикалық және арнайы білімдер - *ғылыми-педагогикалық даярлық*; кәсіби-педагогикалық іскерліктер мен дағдылары талапқа сай болуы - *практикалық даярлық*; қалыптасқан кәсіби құнды жеке тұлғалық сапасының болуы - *психофизиологиялық даярлық*; денсаулық жағдайы педагогикалық іс-әрекет талабына сай дене бітімінің дамуы және кәсіби тұрғыда жұмыс жасау қабілеттілігі - *дене бітімі даярлығы* [26, б. 63].

Бүгінде психологиялық-педагогикалық әдебиеттерде «даярлық» ұғымының белгілі бір психологиялық жағдайы (В.И. Селиванов, Б.Ф. Райский және т.б.), жеке тұлғаның тұрақты сипаты (М.И. Дьяченко, Л.А. Кандыбович және т.б.), жеке тұлғаның күрделі құрылымдық білімі (К.М. Дурай-Новакова, А.Ф.Линенко және т.б.), мотивациялық және күрделі процессуалдық компоненттердің ажырамас бірлігі (В.С. Ильин, Н.Г. Ковалевская), педагогикалық кәсіби мәнді қасиетті жалпы және арнайы білім, іскерлік, дағдылар жиынтығы мен педагогикалық іс-әрекетте іске асыруға талаптарды біріктіретін білімі (Л.К. Веретенников) ретінде қарастырылады. Болашақ мұғалімдерді кәсіби даярлау мәселесін шешуге О.А. Абдуллина, Ю.П. Азаров, Ф.Н. Гоноболин, Н.В. Кузьмина, М.А. Құдайқұлов, В.А. Сластенин, Л.Ф.Спирина, А.И. Щербакова, Н.Д. Хмель және т.б. ғалымдар өз еңбектерін арнаған. Жоғары оқу орындарында білім берудің мазмұны мен әдістерін жетілдіру мәселесі В.И. Андреев, С.И. Архангельский, А.А. Вербицкий, К.Ә.Дүйсенбаев, М.Е. Дуранов, А.У. Усова, Қ.Е. Ералин, С.А. Жолдасбекова, М.Ж. Қозыбақов, Н.И. Малов, Р.А. Низамов, Н.М. Яковлева және т.б. ғалымдардың еңбектерінде қарастырылған.

Мұғалімді кәсіби даярлау оқытудың мақсатын, мазмұнын, оқу үдерісін ұйымдастыру ұстанымдарын, міндеттерін шешуді негіздейді.

Кәсіби даярлық педагогикалық білім берудің шынайы ғылыми теориясын құру жолында маңызды орын алады. Сонымен қатар, болашақ мұғалімнің кәсіби даярлығының құрылымы мен мазмұны, сондай-ақ оны жоғары мектепте қалыптастыру әдістемесі қазіргі уақытқа дейін жүйелі ғылыми тұрғыда қамтамасыздандырылмаған.

Кәсіби іс-әрекет осы кәсіпке байланысты қызметтерді орындау барысында қажетті білім, білік, іскерлік, дағдылар жүйесін меңгеруді талап етеді. Кәсіби іс-әрекеттің алуан түрлері бар. Тұлға іс-әрекеттінің жоғары нәтижелеріне, яғни жоғары кәсіби деңгейге қол жеткізуге қажетті білім мен біліктілікті теориялық-практикалық білім алумен қатар, оны өздігінен кеңейту мен тереңдету арқылы меңгереді.

Болашақ мұғалімдердің кәсіби даярлығының психологиялық нәтижесі еңбекке орналастыру, еңбек тапсырмаларын орындауға тұрақты бағдар беру, жалпы еңбекке дайындық жүйесі болып табылады.

Аталған мәнмәтінде кәсіби даярлық - оқу-жаттығуды кәсіптендіру қызметін, тұлғаның мақсатқа сай іс-әрекетін айтамыз.

Кәсібилік - педагогикалық құзыреттіліктің аса жоғары деңгейі. Бұл кәсіптің мағынасын, кәсіби тұғырлардың, кәсіптік бағыттылығын, еңбектің жоғары үлгілерін, жаңалықты іздеуді меңгеру болып саналады.

Сонымен, «даярлық» ұғымы қандайда бір қызметке *даярлық* деп тұлғаның тұрақты қасиеттерінің жиынтығын, оның сыртқы және ішкі жағдайлардың әсерінен қалыптасатын күрделі кіріктірілген сапасын айтуға.

Соның негізінде біз *«болашақ мұғалімнің кәсіби өздігінен білім алуға даярлығын»* – кәсіби жетілуінде мақсатқа бағытталған өзіндік танымдық іс-әрекетін өздігінен ұйымдастырудағы және жүзеге асырудағы біліктері мен тұлғалық сапаларының кіріктірілген сипаттамасы» деп, тұжырымдаймыз.

Кәсіби даярлық - тек нәтиже ғана емес, кәсіби даярлықтың мақсаты, әрбір тұлғаның мүмкіндіктерін тиімді іске асырудың бастапқы және негізгі шарты. Біз осы даярлықтың диалектикалық сипатын сапасы мен шарты ретінде динамикалық үдерісін көрсету мақсатында студенттердің аталған даярлығын қалыптастыруың қажеттілігі туындайды.

Сол себепті болашақ мұғалімдердің кәсіби өздігінен білім алуға даярлығын қалыптастыруды зерттеуде қалыптастыру ұғымына мән береміз. «Педагогикада «қалыптастыру» ұғымы педагогикалық өзара байланыстағы «оқыту – білім беру – тәрбиелеу – шығармашылық іс-әрекет – даму – қалыптасу» категорияларының негізінде ашып көрсетіледі. «Қалыптасу» – адамды қоршаған экологиялық, әлеуметтік-экономикалық, идеологиялық, психологиялық және т.б. барлық факторлардың түгелдей ықпал-әсер етуімен әлеуметтік тіршілік иесі ретінде өсіп, жетілу үдерісі. Қалыптасу адамның тұлға ретінде кемелденуі, байыпты парасат деңгейіне жетуі болып табылады [100].

«Қалыптастыру» ұғымы сыртқы факторлардың әсерінен ішкі сапалық қасиеттердің көрініс табуымен сипатталады. Ал, «қалыптасу» болса, ішкі факторлар арқылы жүзеге асырылады, іс-әрекет нәтижесі арқылы анықталады. Педагогикалық үдерісте, оның ішінде оқытушы пен білім алушыға қатысты «қалыптастыру» мен «қалыптасу» ұғымдары және соның аумағындағы іс-әрекеттердің өзара байланысы мен әсерінің бар екендігін көруге болады.

ЖОО болашақ мұғалімдердің кәсіби өздігінен білім алу үдерісіндегі білімді меңгеруі мен іскерлігі және жеке тұлғалық сапаларды қалыптастыру үдерісінен тыс жүзеге асырылмайды, өзіндік іс-әрекет барысында орындалады.

Жаһандану жағдайында болашақ мұғалімдердің кәсіби өздігінен білім алуға даярлығын қалыптастыру жүйесінің қажеттігі туындап отыр. Бұл жоғары оқу орындағы болашақ мұғалімдерді даярлауда арнайы ұйымдастырылған үдеріс арқылы жүзеге асырылады. Кәсіби өздігінен білім алуды меңгеру – ғылыми түсініктемелер, дәлелдерді және басқа да мәліметтерді (өздігінен және өзіндік іс-әрекет арқылы) алу, орындау және қолдану үдерісі түсіндіріледі.

Іскерлікті қалыптастыру – болашақ мұғалімнің іс-әрекетті мақсат пен нәтижеге бағыттауы, жүзеге асыруы, білімді игеру жолында түрлі кәсіби дағдыны, біліктілікті және іс-әрекеттерді орындауы, белгілі бір әрекеттер

жиынтығын тез, нақты, сапалы, өздігінен жүзеге асыру үдерісі, өзіндік потенциалының дамуы түсіндіріледі. Бұл іс-әрекеттер жиынтығы білім алушының өзіндік белсенді іс-әрекетінен құралады.

Кәсіби өздігінен білім алу үдерісінде болашақ мұғалімдерді даярлауға қатысты айтылғанда, кез келген білім беру ұйымдары үшін қажетті тұлғалық сапалық қасиеттің болуын қажет етеді. Ал тұлғалық сапалық қасиеттерді тұлға бойына қалыптастыру жалпы білім беретін мектептен бастау алатыны белгілі.

Сондықтан қазіргі педагог-ғалымдардың (Х.Д.Хмель, М.А.Құдайқұлов, Ж.Ы.Намазбаева, Ш.Т.Таубаева, К.М.Беркімбаев, Ұ.М.Әбдіғабарова, С.М.Кеңесбаев, К.М.Арымбаева және т.б.) болашақ мұғалімдердің өздігінен білім алу үдерісін ұйымдастыруда олардың тұлғалық сапасын қалыптастыруға баса назар аударады.

Жоғарыда көрсетілген тұжырымдар негізінде біз *болашақ мұғалімінің кәсіби өздігінен білім алуға даярлығын қалыптастыруды* – оның мақсатқа бағытталған өзіндік танымдық іс-әрекетін өздігінен ұйымдастырудағы және жүзеге асырудағы біліктері мен тұлғалық сапаларының жүйелі *қалыптасуын* жоғары оқу орнының кәсіби даярлығы барысында оқу және оқудан тыс уақыттарда кәсіптік білім мазмұнын, оқытудың формаларын, құралдарын, әдістерін пайдалану арқылы қамтамасыздандыру деген тұжырым жасаймыз.

Осыған байланысты болашақ мұғалімнің өздігінен білім алуға даярлығын қалыптастыруда негізге басшылыққа алатын педагогикалық шарттарды анықтап алған жөн.

1.2 Болашақ мұғалімдерді өздігінен білім алуын ұйымдастыруға даярлығын қалыптастырудың педагогикалық шарттары

Болашақ мұғалімдердің кәсіби өздігінен білім алуға даярлығын қалыптастырудың нәтижесі олардың тұлғалық сапаларының жетілуімен сипатталады. Осыған байланысты біздің зерттеуімізде тұлға факторына, оның дамуына мән береміз.

Зерттеу барысында А.Б.Орловтың шетел психологтарының көзқарастарын, пікірлерін талдау нәтижесінде берген анықтамасын басшылыққа ала отырып, оның «тұлға» - үнемі өзгеріп жатқан қоршаған ортаға бейімделудің нәтижесінде анықталып, ортаның әсер ету жағдайына сай индивидтің мінез-құлығының қалыптасуы» деген көзқарасымен толықтай дерлік келісеміз. Зерттеушінің пікірінше, болашақ мұғалімдердің тұлғалығы – жаратылысынан әлеуметтік субъектінің және объектінің өзара іс-әрекетімен шартталатын, өмір сүру барысында пайда болатын мотивациялық-қажеттіліктер жүйесінен тұратын психологиялық құрылым [58, б. 5] деп қарастырған.

А.Н.Леонтьев тұлға дамуын зерттеп, іс-әрекет түсінігін енгізген, «тұлға» - психикалық үдерістердің емес, іс-әрекеттердің иерархиясының байланысы екендігін нақтылаған [101]. Ғалым тұлғаның алғаш рет тарихқа қадам басқанда ғана, қоғамдық қатынастардың субъектісіне айналғанда ғана «тұлға» ретінде қалыптасатындығын айқындады.

Б.Г.Ананьевтің пікірінше, адамзаттық эволюция – қоғамдағы тұлға өмірі

тарихи шарттарымен айқындалатын оның көптүрлі күйлері, қасиеттерінің біртұтас үдерісі [102].

С.Л.Рубинштейн, А.Г.Ковалев өздігінен білім алу үрдісінде тұлға жеке басының ерекшеліктері байқалатындығын, белсендірілетіндігін және өзара қарым-қатынаста болатындығын дәлелдейді [17, б. 20; 62, б. 10].

Өйткені тұлға – даралықтың бағыттылығы болып саналатындықтан тұлғаның дамуы даралықтың дамуымен қатар жүреді.

Қазіргі отандық еңбектерде, атап айтқанда Т.Тәжібаев [103], С.М.Джакупов [104], Ж.Ы.Намазбаева [105], М.А.Перленбетов [106], А.Р.Ерментаева [107], Х.Т.Шерьязданова [108], Н.С. Ахтаева [109], Қ.Т.Қуанжановалардың [110] ғылыми еңбектерінде тұлғаның дамуы, қалыптасуы мәселесі жан-жақты тереңнен зерттеліп, талданып баяндалған.

Біз ғылыми зерттеу жұмысымызда болашақ мұғалімнің өздігінен білім алу іс-әрекетін белгілі бір жағдайларда өтетін автономды үдеріс ретінде емес, сонымен қатар, оның кәсіби даярлық деңгейін арттырудың маңызды компоненті ретінде қарастырамыз.

Педагогикалық зерттеулерге жасалған талдаулар тұлғаның дамуы мен қалыптасуын түсіндіретін бірнеше шарттардың бар екендігін көрсетті. Мәселен, өздігінен білім алу әлеуметтік-философиялық мәселе ретінде тұлғаның өзекті болмыс моделі, оның өмір сүру әдісі тұрғысынан көрінеді.

Алайда, біз өздігінен білім алу дағдылары мен біліктерінің белгілі бір жиынтығын меңгеру проблемамыздың толық шешімі болып табылмайтындығын түсінеміз, өзін-өзі дамыту, өзін-өзі тану, өзін-өзі басқару үдерістерін белсендіретін психологиялық-педагогикалық шарттар өздігінен білім алуға дайындықты қалыптастыру үдерісін қамтамасыз етуі қажет.

Өздігінен білім алуға дайындықты қалыптастыру белгілі бір психологиялық-педагогикалық шарт жасауда және өздігінен білім алу іс-әрекетін дағды мен біліктілігін қалыптастыру бойынша жүйелі жұмысты ұйымдастыру әдістемесін әзірлеуді талап етеді.

Педагогикалық зерттеулерде шарт және педагогикалық шарттар туралы ой тұжырымдар түрліше берілген. Ғалым В.А.Беликов педагогикалық шарт - педагогикалық тапсырмаларды орындауға бағытталған материалды - кеңістіктік ортаның және объективті мүмкіндіктердің, тәсілдердің тұтастығы деп тұжырымдайды [111].

Көптеген ғалымдардың ғылыми еңбектерінде қажетті және жеткілікті шарттар кешенін анықтау мәселесі қарастырылады. Қажетті шарттарды айқындап белгілеуді зерттеушілер, әртүрлі кезеңдер, түрлі тұғырларға сәйкес мәселені шешудегі сабақтастық ұстанымы бойынша қамтамасыз ету жолдарын көрсетеді. Жеткілікті шарттар – бұл зерттеуші ғалымдардың кешенге енгізген, зерттеу проблемасын шешу, оның мүмкіндіктері мен тиімділігін кеңейтетін шарттар оның жаңашылдығын қамтамасыз етуші болып табылады.

Педагогикалық зерттеулерді мақсатына сәйкес теориялық талдау нәтижесіне жетуге статистикалық тұрғыда жағымды әсер етеді, яғни жеткілікті және қажетті шарттар болып табылатын деп тұжырымдаймыз.

Қазақ тілінің түсіндірмелі сөздігінде «шарт» ұғымына келесідей анықтама берген [67, б. 40]. «Шарт дегеніміз бұл тәуелді болатын жағдай; өмір сүру барысында іс-әрекеттің белгілі бір саласы бойынша қалыптасқан ережелер; бір іс-әрекеттің жүзеге асырылу жағдайы; маңызды мәліметтер мен талаптар», ал, Философиялық сөздікте: «Шарт – бір-бірінен ажырамайтын затардың, қоршаған құбылыстардың қатынасын байланыстырады: «қандай да бір затқа не болмаса басқа бір құбылысқа тәуелді болады (шартталады); объектілер жиынтығының негізгі компоненті (заттар жай-күйінің өзара әрекеттесуі), қажетті құбылыстың маңыздылығы», осы құбылыстың басты шарттарының жиынтығы және пайда болу, даму, өмір сүру ортасын құрайды [112, б. 707].

Шарт ұғымы - психологияда зерттелуіне байланысты әдетте, психикалық даму контексті және тұлғаның психологиялық дамуын нақтылайтын, оны жылдамдатылған немесе тежелген, даму үдерісінің динамикасына, оның соңғы нәтижелер көрінісіне әсер ететін ішкі және сыртқы себептер жиынтығы бойынша анықталады [113, б. 270-271].

Шарттар тұлғаның өзінің ішкі ресурстарын жұмылдыруға, өзіне тиімді тәсілдерді қарастыруға, өмірлік іс-әрекетте тұлғаның сәйкесінше қабылдау себептерінің бірі ретінде қарастырылған. Демек, білім берудің шарттары, білім беру үдерісіне білім алушылардың ішкі ағзалық дамуын, өмірлерін белсендірудің шарты болып табылады.

«Шарт» ұғымын әртүрлі қырларда феномен ретінде негізгі белгілер мен ерекшеліктерін қарастырамыз. «Шарт» анықтамалық әдебиетте: бір құбылысқа тәуелді жағдай; өмірдің, іс-әрекеттің саласында белгіленген ережелер; белгілі бір жүзеге асатын жағдай деп түсіндіріледі [46, б. 588].

Сөздіктердегі «шарт» түсінігін талдай келе, педагогикалық шарттар алға қойылған мақсаттарын шешуге бағытталған, үлгілердің, мазмұндардың, нақты мүмкіндіктердің, әдістердің, психологиялық-педагогикалық жағдаяттардың және оларды қабылдау жиынтығы деп қарастырамыз.

Ал, «педагогикалық шарт» ұғымы туралы ой пікірлер педагогикалық зерттеу жұмыстарда түрліше берілген. Педагогикалық шарттарды тұлғаның білім алу шарты бойынша түсінік берілген және олардың білім алушы тұлғаға тигізер әсерін және ерекшелігін Г.Н.Серигов қарастырған. Ғалымның пікірінше, бірқатар әлеуметтік-педагогикалық шарттарды тиімді құрастыру мүмкіндіктері, білім беру мекемесінде тұлғаның нәтижелі де тиімді білім алуына әсер етеді делінген [114].

В.И.Андреевтің түсіндіруінде педагогикалық шарт дегеніміз дидактикалық мақсаттарға жету мақсатында оқытуды ұйымдастырудың формаларын, мазмұндық элементтерін, әдістерін тиімділігін белгілеу және қолдану нәтижесінің көрінісі [115].

Педагогикалық шарт деп, білім беру үдерісінің негізгі факторларының, құбылыстарының тиімді де сапалы сипаттамасын, объективті мүмкіндіктерін, педагогикалық үдерістің мақсатына бағытталып құрылуы және білім беру үдерісінде жүзеге асатын күйдің жиынтығын, аталған үдерістердің әсерін арттырып, алға қойған педагогикалық міндеттерді шешуді

камтамасыздандыратын іс-шаралар жиынтығын айқындайды [116].

Педагогика ғылымы саласында шарттар объективті және субъективті деп бөліп көрсетілген. Субъективті шарттар бірқатар жағдайларды шешу мәніне ие. Педагогикалық шарттарға мұғалімнің педагогикалық іс-әрекетке қызығушылығы және білім алушыларға деген қарым-қатынасы, кәсібіне сай педагогикалық қабілеттері, мінез қырлары, жігерлік танытуы, психикалық үдеріс ерекшеліктері сияқты кәсіби маңызды қасиеттері де енеді. Олар:

- болашақ мұғалімдердің өздігінен білім алу үдерісін педагогикалық басқару (әрекеттесу) (Л.Н.Баренбаум, Г.Е.Рудзитис, Г.Н.Сериков және т.б.);
- білім алу үдерісін белсендіру (Т.И.Шамова);
- білім алу және өздігінен білім алуға ынталандыру (Ю.К.Бабанский, К.К.Платонов және т.б.);
- танымдық қызығушылықтарын дамыту (Ю.В.Сенько, Г.И.Щукина және т.б.);
- ақпарат көздерімен жұмыс жасау білігін, дағдысын, іскерлігін қалыптастыру (Г.И.Некипелова, Т.М.Николаенко);
- өздігінен білім алу үдерісіне педагогикалық ынталандыру (Л.Ю.Гордин, Г.И.Щукина және басқалар);
- өздігінен білім алу үдерісінде мотивациясы мен ынтасын дамыту (А.И.Гиро, А.К.Громцева және т.б.);
- өзіндік іс-әрекетте білігін, дағдысын, ынтасын, қызығушылығын қалыптастыру (В.И.Осмоловская, Е.С.Тощенко және т.б.);
- өзін-өзі бақылау білігін, қабілетін, дағдысын қалыптастыру (В.А.Худяков, З.Н.Ямалдинова және т.б.).

Сонымен бірге, болашақ мұғалімдердің өздігінен білім алуға даярлығын қалыптастыруда теориялық, практикалық және тәрбиелеу қырларының бар екендігін білеміз.

Бірқатар ғалымдардың ғылыми зерттеулерінде педагогикалық шарттар педагогикалық үдерістің компоненттері мен шарттарының өзара байланысын көрсету мәселесі кездеседі.

Е.Ю.Никитина, О.В.Суслова және т.б. ғалымдар «педагогикалық шарттар» деп, жеке тұлғаның қандай да бір сапасын аса жоғары деңгейде дамыту бойынша, білім алушыларда білім беру үдерісінде жүзеге асырған, мақсатқа жетуде, өзара байланысты іс-шаралардың жиынтығы деп қарстырған [117; 118].

С.А.Мухамедьянов педагогикалық шарттарды - педагог оқу-тәрбие жұмысын жүзеге асыруға тиімді түрде мүмкіндік беретін, психологиялық және педагогикалық факторлар, қатынастар, құралдар және т.б. жиынтығы ретінде берілген, тығыз өзара іс-әрекетте құрылған мақсатқа сай бағытталған жағдай ретінде түсіндіреді [119].

Н.В.Останина «қоғам дамуы кезеңінде әлеуметтік-педагогикалық үдерісте іс-әрекетінің соңғы нәтижесінің жиынтығы» деген анықтама беріп, «шартты» кең мағынасында қарастырады [120].

Л.Д.Васильева, В.А.Андреева «дидактикалық мақсаттарға жету, оқытудың ұйымдастыру формалары мен әдістерін, мазмұны мен элементтерін мақсатқа

бағытталған негізде таңдау және құрастыру» нәтижесі «дидактикалық шартқа» сүйеніп, педагогикалық шарттарды «зерттеу логикасымен құрылған педагогикалық мақсаттар тиімділігіне сәйкес, шарттар» деген тұжырым жасаған [121; 122].

Ғалымдар «педагогикалық шарттарды», «зерттеуде алға қойылған міндеттерді шешуге бағытталған, материалдық орта тәсілдері, формалары, мазмұны мен педагогикалық тәсілдердің объективті мүмкіндіктерінің жиынтығы» тұрғысында қарастырады. Жоғарыда келтірілген анықтамаларды талдай отырып, біз олардың бір-біріне қарама-қайшы келмейтінін, педагогикалық зерттеу мақсаттарының ерекшелігі мен көп түрлілігін анықтап көрсететін, нақты педагогикалық құбылыстарды түсінуге әсер еткендігін көрсетуге болады. Алайда біз білім беру үдерісінде қоғамның ұсынатын талап-ережелерінің өзгеру жағдайымен бірге, олардың да өзгеріске түсетіндігі туралы пікірмен келісеміз.

Бүгінде ғалымдар кәсіби өздігінен білім алудың алуан түрлерін зерттейді, олар: болашақ мұғалімдердің кәсіби өздігінен білім алуға даярлық, болашақ мұғалімдердің кәсіби өздігінен білім алу құзыреттілігі, өздігінен білім алу құралдары арқылы болашақ мұғалімдердің кәсіби өздігінен білім алуға даярлығын қалыптастыру мәселесі және т.б., бірақ олардың арасында педагогикалық шарттар кешенін қарастыру идеясы үлкен қызығушылық тудырады.

А.К.Маркова кәсіби іс-әрекеттегі практиканы қалыптастыру проблемасын зерттей отырып, келесідей педагогикалық шарттарды ұсынды: оқу пәндеріне кәсіби бағыттылығы; оқу материалының мазмұны, білім алушылар үшін қажетті теориялық білімнің болуы, олардың өздігінен жұмыс жасау қабілеттілігі, танымдық іс-әрекетке деген ынта мен қызығушылық, білім алушылардың оқу-танымдық іс-әрекетін біртіндеп күрделендіре түсу, оқу-танымдық іс-әрекетіне үздікіз бақылау жасау, білім алушылардың зияткерлік-шығармашылық іс-әрекетінде қалыптасқан тәжірибесіне деңгейлік баға беру, оқыту барысында өзекті мәселелердің болуы, оны кәсіби іс-әрекеттің шынайы жағдайларына ұқсату, білім алушылардың зияткерлік әлеуетінің іс-әрекеттегі практикасын қалыптастыруға индивидуалды-дифференциалды талдау жасау [123].

Л.Д.Васильеваның «әрбір педагогикалық шарт оқу үдерісіне енетін, бірыңғай мақсатқа бағытталған, ұйымдастырылған жүйеде тиімді, өздігінен білім алу, ол параллельді іс-әрекет ұстанымына бағынады» деген [121, б. 5-10].

Сонымен «педагогикалық шарттар» ұғымын нақтылауға байланысты көптеген зерттеуші ғалымдардың ұстанымдарын талдау келесі құбылыстарды түсінуде маңызды бірқатар ережелерді бөліп көрсетуге мүмкіндік береді:

- педагогикалық шарттар оқу-тәрбие үдерісінің құрамдас бөлігі ретінде әрекет етеді (соның ішінде тұтас педагогикалық үдеріс);

- педагогикалық шарттар білім беру үдерісінің мүмкіндіктерінің жиынтығын көрсетеді (білім беру үдерісінің субъектілеріне ықпал етуі мен өзара іс-әрекетінің мақсатты түрде ұйымдастырылған шаралары: оқу-тәрбиелеу

мазмұны, әдістері, тәсілдері мен нысандары; білім беру үдерісін бағдарламалық-әдістемелік жабдықтауы);

- жұмыс жасауына әсер ететін қолайлы немесе қолайсыз материалдық орта (оқу және техникалық жабдықтар, білім беру мекемесінің өмір сүру ортасы және т. б.);

- педагогикалық шарттардың құрылымдағы ішкі элементтері (жеке сала бойынша білім беру үдерісі субъектілерінің дамуына әсер етуді қамтамасыздандыру), сыртқы элементтері (үдеріс іс-әрекетінің құраушыларын қалыптастыруға әсер ететін) бар;

- таңдап алынған педагогикалық шарттарды жүзеге асыру оқу-тәрбие үдерісінің дамуын және іс-әрекет тиімділігін қамтамасыздандыру.

Сонымен біздің тұжырымдауымызша, *шарт* дегенміз қандай да бір алға қойған мақсатты жүзеге асыруда орындалатын іс-әрекеттер, әдіс-тәсілдер, іс-шаралар жиынтығы. Шарт біздің зерттеу жұмысымызда нәтижеге жетуде қарастырылатын бірліктер көрсеткіші болып табылады.

Біз зерттеу барысында *педагогикалық шарттарды болашақ мұғалімдердің өздігінен білім алуға даярлығын қалыптастыруда ұстанатын негізгі шартталған қағидалары* тұрғысынан анықтаймыз. Өйткені, педагогика ғылымы мен тәжірибесі барысында негізі заңдылықтармен бірге, олардың объективті шындықпен өзара байланысын орнату арқылы, әрбір нақты жағдайда болашақ мұғалімдердің кәсіби өздігінен білім алуға даярлығын қалыптастыру үдерісін тиімді жүзеге асыруға болады. Педагогикалық шарттарды айқындауда, біз келесі ұсыныстарды және факторларды басшылыққа аламыз:

- мақсат мен соңғы нәтижені анықтаудағы нақтылық;

- педагогикалық іс-әрекетті жетілдіру шарт арқылы емес, олардың өзара байланысы арқылы жүзеге асатынын түсіну;

- педагогикалық шарттар белгілі деңгейде, олардың жүзеге асыру үдерісіндегі нәтижесі ретінде бола алады.

Болашақ мұғалімдердің кәсіби өздігінен білім алуға даярлығын қалыптастырудың педагогикалық шарттарын анықтау үшін келесілер нақтыланды:

- әлеуметтік тапсырыс, құзыреттілік, іс-әрекеттік, жүйелілік, технологиялық, тұлғаға бағдарлы тұғырлардағы жетекші идеялар, болашақ мұғалімдердің кәсіби өздігінен білім алу іс-әрекетінің проблемалық сипаты, өзіндік жұмыс, сонымен бірге өздігінен білім алуда цифрлы технологиялармен жұмыс істеу құралдары мен технологиялары;

- қоғам және өздігінен білім алу үдерісінің заманауи қажеттіліктері ретінде келесілер алынды: болашақ мұғалімдердің аталған даярлығының қалыптасуы, ол оқыту үдерісінде кәсіби өздігінен білім алу бойынша білім алатын бағдарламаны жетістікпен меңгеру үшін, кәсіпті жетістікпен меңгеру және игеру, нағыз маман болу үшін алғышарттар болып табылады.

Жоғарыда келтірілген педагогикалық шарттардың анықтамалары мен тұжырымдамаларына сүйене отырып, біз болашақ мұғалімдердің кәсіби

өздігінен білім алуға даярлығын қалыптастырудың педагогикалық шарттарын анықтадық.

Біз диссертациялық жұмыста зерттеу пәніне сәйкес болашақ мұғалімдердің кәсіби өздігінен білім алуға даярлығын қалыптастыруда мынадай педагогикалық шарттарды анықтаймыз:

1-шарт. Болашақ мұғалімнің кәсіби өздігінен білім алуға бағыттылығы.

2-шарт. Болашақ мұғалімнің кәсіби өздігінен білім алуын ұйымдастыруға жеке бағдарламасының болуы.

3-шарт. Цифрландыру жағдайында болашақ мұғалімнің кәсіби өздігінен білім алуының мобильдік технологиялармен жүзеге асуы.

4-шарт. Болашақ мұғалімнің кәсіби өздігінен білім алуының жобалық іс-әрекетте өзіндік жетілдірілуі.

Енді, осы шарттардың мазмұнына тоқталып өтейік.

1-Шарт. Болашақ мұғалімнің кәсіби өздігінен білім алуға бағыттылығы (қажеттілігі, қызығушылығы, сана-сезімі, және т.б.).

Болашақ мұғалімдердің кәсіби өздігінен білім алуға даярлығы, өзіндік іс-әрекетсіз, яғни үдеріссіз жүзеге асуы мүмкін емес, болашақ мұғалімдердің ақпаратты өздігінен меңгеру барысында, толық түрде, өзінің қабілеттерін, қажеттіліктері мен ұмтылыстарын жүзеге асырады, өзіндік дамуы үшін, сонымен бірге қоршаған ортаға бейімделу үшін, өзін субъект ретінде сезініп, ал өздігінен білім алуда меңгерілетін нысандарды, үдерістерді, құбылыстарды өзіндік іс-әрекеттің нысандары ретінде қабылдайды. Сол себепті алдымен олардың *өздігінен білім алуға бағыттылығының қалыптасуы, өздігінен білім алу олардың кәсіби тұлғалық жетілуінде ұстанымдық бағытқа айналуы шарт.*

Болашақ мұғалім кәсіби өздігінен білім алуда ұстануға тиіс бағыттары төменде көрсетілген:

- болашақ мұғалімдер өз алдына мақсат қоя білуі;
- дербес жоспар жасауы;
- теориялық білімінің болуы;
- өздігінен білім алуға дағдысы қалыптасқан;
- цифрлық- технологиялық құралдармен еркін жұмыс жасай алатын;
- уақытын ұтымды пайдалану;
- өздігінен білім алу ортасын құра білуі;
- өздігінен білім алуды өз практикасында қолдана алатын;
- әдістемені жетік меңгерген жағдайда ғана болашақ мұғалім жетістікке жетеді.

Осы аталған талаптарға оның түрткісінің, қажеттілігінің, қызығушылығының, ынтасының болуы, оны өзінің сана-сезімі арқылы сүзгіден өткізіп, санасына құюға, өзіндік белсенділігін арттыруға өзін-өзі бақылауға, өзін-өзі бағалауға, өзін-өзі дамытуға ерік-жігерінің болуы қажет. Осы талаптың барлығы оның кәсіби тұлғалық жетілуі үшін, болашақ кәсіби іс-әрекетіне қажетті білім, білік, дағдыларын дамыту үшін қажеттіліктері аса қажет екендігін саналы түрде, жете түсінуі тиіс.

Бұл пікірімізге ғалымдардың ойы да дәлел бола алады. Мәселен француз

физигі Блез Паскаль «Студент – толтыруға арналған құты емес, тұтатуға болатын от» деп атап көрсетті [124]. Л.Д.Столяренко оқыту қызметінің бірі «Тұлғаларда іс-әрекетке деген қабілеттерін қалыптастыру үшін, белгілі және заттық құралдарға барынша бейімдеу» деген тұжырым жасайды [125]. Біздің тұжырым бойынша, болашақ мұғалімдердің кәсіби өздігінен білім алуға даярлығын қалыптастыруда заманауи технологияларды меңгеруге бағытталған, өзіндік іс-әрекетін белсендіру, тұлғаның оқу жағдайларында және оқу тапсырмаларының сипатындағы айқын көрінісі, алайда іс-әрекетті тиімді ұйымдастырған жағдайда жүзеге асатындығын көрсетті.

Бұл көзқарас И.А.Донцовтың пікіріне сәйкес келеді, оның ойынша, жеке тапсырмалардың ерекшеліктері, өздігінен білім алуға даярлығын қалыптастырудың педагогикалық шарттарының бірі болып табылады, тұлға өз мүмкіндіктерін, зердесін, ерік-жігерін, өзін-өзі реттеуді дамытады деп келтіреді [126], ал В.С.Кукушкин және т.б. оқу тапсырмаларының сипаты мен танымдық іс-әрекеті үдерісінің байланысын атап көрсетеді [127].

Демек біз анықтап отырған бірінші шарттың нәтижелі жүзеге асуында болашақ мұғалімнің орындайтын практикалық тапсырмасының танымдық сипатының маңыздылығы зор.

2-Шарт. Болашақ мұғалімнің кәсіби өздігінен білім алуын ұйымдастыруға жеке бағдарламасының болуы. Зерттеу жұмысымызда жоғары оқу орнында жоғары білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандартында және осы стандартты жүзеге асыратын білім беру бағдарламасының үлгісінде, өзіндік жұмыс (өздігінен білім алу) белгіленген. Бірақ өзіндік жұмыс (өздігінен білім алу) «айқын емес» түрде берілген және қарапайым өзіндік жұмысты ұйымдастыруға бағдарланған. Сондықтан да біздің алдымызда өзіндік жұмысты (өздігінен білім алуды) маңызды ету міндеті тұрды.

Көптеген ғалымдар А.Я. Айзенберг, А.К.Громцева, М.Г.Кузьмина, М.Н.Скаткин, Б.Ф.Райский және т.б. [3, б. 5; 4, б. 8; 27, б. 68; 52, б. 4] кәсіби өздігінен білім алу және өзіндік іс-әрекет саласындағы өздігінен білім алуды, білім алудың әрбір сатысында анықтау мәселесін маңызды етеді, атап айтсақ, «қазіргі кезде кәсіби өздігінен білім алу ұғымдары мазмұнында түйінді өздігінен білім алу өзектілеу, оларға енетін компоненттердің көлемін анықтауда, жеткілікті тұрғыда күрделі және біржақты шешілмейтін міндетке кезікті.

Бұл білім алу нәтижесі ретінде, жүзеге асыру жолдары, өлшемдер мен құралдарды құрастыру мен бағалауды қиындатады» [128]. Осыған байланысты, біз болашақ мұғалімдер үшін *біріншіден*, түйінді өздігінен білім алуды топтаудың негіздемесін; *екіншіден* – өздігінен білім алудың бірқатар жалпы құраушылары; *үшіншіден* – құраушыларға енетін өздігінен білім алу номенклатурасын анықтауға және ғылыми-әдістемелік негіздеуге ұмтылысы жасалды.

Біз болашақ мұғалімдердің өздігінен білім алуға даярлығын қалыптастыру мақсатында өздігінен білім алу үдерістеріндегі өзіндік іс-әрекет барысын басты мәселе етіп қойдық. Оның құрамына жаңа материал жинақтау, интербелсенді

тақтадан көру, есту, жасап көру арқылы түсіндіру, нәтижесін талдау, мазмұнын негіздеу, цифрлы технологияларды, мобильді құралдарды қолдану жатады. Өздігінен білім алу дегеніміз, А.Я.Айзенберг, А.Г.Мороздың көзқарастары мен, ойларымен бөлісе отырып, нақты алға қойған мәреге жету мақсатында, түрлі анықтамалар мен ұғымдарға, теорияларға және т.б. мәліметтерге сүйену, негізге алу өздігінен білім алу даярлығын қалыптастыратын өзіндік іс-әрекеттердің жиынтығы деп түсіндіреміз [3, б. 20; 70, б. 45].

Нормативті құжаттарды теориялық талдау нәтижесінде: білім беруде өздігінен білім алудың әдіс-тәсілдері; Акмеология жеке және әлеуметтік жетістіктер негізі бойынша типтік бағдарламасы; Еуропа кеңесі материалдары және т.б., сонымен бірге – ғалымдардың көзқарастары мен пікірлері: Н.А.Рубакин [84], А.К.Громцева [4], И.Л.Наумченко [5], Ю.К.Бабанский [9], Б.П.Есипов [10], Ф.В.Письменский [11], Г.К.Селевко [129], Р.М.Микельсон [14], В.Д.Мороз [15], А.В.Бабаян [16], С.Л.Рубинштейн [17], Н.Ф.Талызина [18], А.В.Петровский [19], Н.Б.Жаманқұлова [38], К.Б.Сматова [41], және т.б. бізге болашақ мұғалімдердің өздігінен білім алу құрылымы дәстүрлі және цифрлық технологияларды қолдану арқылы, өзіндік іс-әрекеттің маңызды тәсілдерін меңгеру бойынша, болашақ мұғалімдердің жұмыс нәтижесінің ерекше бейнесін көрсетеді. Типтік оқу жоспарында қарастырылмаған, болашақ мұғалімдерге өздігінен білім алуға даярлығының мазмұнын құрастыруда, біз келесі логикалық буындарды орындадық:

- өзіндік жұмыс (өздігінен білім алу) әдіс-тәсілдері бойынша жоғары білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандартында берілген, өзіндік жұмыс (өздігінен білім алу) маңызды етілді;

- маңызды болған тіректі өзіндік жұмысты (өздігінен білім алуды) қайта құрылымдау және өздігінен білім алу блогынан тұратын, болашақ мұғалімдерге кәсіби өздігінен білім алуға даярлығының құрылымы құрастырылды, олар модульді білім беру бағдарламасын қолдануда іске асыруды «талап» етеді;

- болашақ мұғалімдердің кәсіби өзіндік жұмыс (өздігінен білім алу) даярлығының құрылымына сәйкес өздігінен білім алу технологиялар арқылы білім алудың үлгілік бағдарламасында өздігінен білім алу үдерісінде маңызды етілді;

- болашақ мұғалімдердің кәсіби өздігінен білім алуға даярлығының құрылымына сәйкес, заманауи технологиялар бойынша білім алудың мазмұнын қайта құрылымдадық және «Болашақ мұғалімдердің өздігінен білім алуда креативті дербестігін арттыру» атты эксперименталды модульді білім беру бағдарламасын құрастырдық.

Құзыреттілік тұғырға сәйкес, нәтижеден білім алудың мазмұны құрастырылуы тиіс, сонда біз ұсынған өздігінен білім алу құрылымы, жаңа білім алу бағдарламаларын құрастыру үшін бағдарлы болып саналады, олардың мақсаты – болашақ мұғалімдердің кәсіби өздігінен білім алуға даярлығын қалыптастыру, сонымен бірге, аталған өзіндік іс-әрекетті қалыптастыру үшін, білім алу бағдарламаларының нәтижесінің тиімділігін бағалау болып табылады.

Болашақ мұғалімдердің кәсіби өздігінен білім алуға даярлығының

құрылымын қолданып, өздігінен білім алуды маңызды ету кез келген білім беру бағдарламасының мазмұнын, кәсіби өздігінен білім алуға даярлығын қалыптастырудың мақсаттары мен міндеттеріне сәйкестілігі анықталды:

- білім беру бағдарламасы мақсатты түрде бағдарлары тексерістен өткізіліп, сәйкес тұстары анықталып көрсетіледі;

- күрделі элементтер арқылы өздігінен білім алуға даярлығының тақырыптар тізімі және білім беру бағдарламасының модульдер тізімі бойынша салыстыру және сәйкес тұстары айқындылды;

- элементтер бойынша, модульдерге сай келетін өздігінен білім алу мазмұнмен толықтыру мәселесі қарастырылды;

- элементтер мен модульдерде бір-біріне сәйкес келетін өздігінен білім алу іс-әрекетін толықтыру және білім беру бағдарламасы салыстырмалы түрде тексерілді;

- салыстыру нәтижелері талқыланып, болашақ мұғалімдердің кәсіби өздігінен білім алуға даярлығын қалыптастыруға арналған білім беру бағдарламасын тиімді қолдану, жүзеге асыру туралы тұжырымдама жасалады.

Айтылып өткен кәсіби іс-әрекетіне қойылатын талаптарды ескере отырып, мамандығына қажетті білімдерді, демек өздігінен білім алудың жеке бағдарламасын құрып және жүзеге асыру, педагогикалық проблемаларға зерттеу жүргізу, өздігінен білім алу бағдарламасына өңдеу жұмыстары түзету жұмыстарын жасау, нәтижесі мен іс-әрекет барысын бақылау біліктерінің қалыптасуы шарт.

3-шарт. Цифрландыру жағдайында болашақ мұғалімнің кәсіби өздігінен білім алуының мобильдік технологиялармен жүзеге асуы.

Біздің тұжырымдауымызша цифрландыру жағдайында өздігінен білім алудың мобильдік технологиясы коммуникациялық, компьютерлік, желілік, мультимедиялық, мобильдік және т.б. біріктіреді Олардың жиынтығын өздігінен білім алу ортасы деп атауымызға болады. Өздігінен білім алу ортасы жаңа ұғым, әлі күнге дейін анықтамасы нақты емес, бірақ бұл ұғымның мәні былай түсіндіріледі: өздігінен білім алу ортасы - ақпараттық, мобильдік, техникалық, оқу-әдістемелік қамтамасыздандыру, білім алу үдерісінің субъектісі ретіндегі тұлғамен үздіксіз байланысы [130]. Өздігінен білім алу ортасы - педагогикалық жүйеде және оның қамтамасыз ету құралы [122, б. 14].

Біздің тұжырымымыз бойынша өздігінен білім алу ортасы: өздігінен білім алуға, мәлімет жинау, сақтау, өңдеу, қайта жаңғыртуға, ұсыну, тарату әдіс-тәсілдері мен құралдарының жиынтығы; оқыту үдерісінің білім алушыларының бірлігі, өздігінен білім алу ортасына арналған заманауи құралдарды қолдануы; маман даярлау үдерістің үлгісі ретінде субъектілердің (болашақ мұғалім және оқытушы) өзара қатынасын анықтайтын іс-әрекет және оқыту құралы.

Сонымен қатар, өздігінен білім алу ортасын құру цифрлық технология арқылы білімді басқару болып табылады. Бүгінгі ақпарат легінің көбеюіне байланысты болашақ мұғалімдер де, оқытушы да цифрлық технологияны қолдануға дайын болуы керек. Өздігінен білім алу ортасында оқу үдерісін ұйымдастыру болашақ мұғалімдер үшін келесідей болуы шартты:

- ашық ақпараттық ресурстардың болуы;
- кітапхана қорларын ғаламтор желісі арқылы еркін қолдана алу мүмкіндігі;
- мобильді құралдарды оқу үдерісінде қолдануы;
- оқу материалдарының анимациялық, мультимедиалық компоненттерінің болуы;
- оқу нәтижесін болашақ мұғалімдер өздері бағалауы;
- оқытуда өзіндік жылдамдықтың болуы. Оқу пәндері бойынша оқытушылар мен болашақ мұғалімдермен арасында қарым-қатынастық байланыс аумағы кеңейе түседі. Оқытушылар үшін білім беру ресурсы кеңейеді, болашақ мұғалімдердің білім алу мониторингі автоматты түрде жүргізіліп, оқу материалдарын жеткізу тәртіпке келтіріліп, оқу үдерісін болашақ мұғалімнің қажеттілігіне қарай қарасуға мүмкіндік алады, дәріс сабақтары қарым-қатынастық формаға ауыстырылды.

Бүгінде білім беру үдерісінің ерекшеліктері, болашақ мұғалімдердің өмір сүрген ортасы және іс-әрекеті өздігінен білім алу ортасында жүзеге асатын болғандықтан өздігінен білім алу ортасында заманауи технологиялардың түрлерін: ғаламтор желісі, мобильді құралдарды, электрондық оқулықтарды, мультимедиа, презентация технологиясы, интерактивті тақтаны қолдануы қажет.

Педагогика ғылымында жаңа бағыт - цифрлық технология бағыты пайда болып және қарқынды түрде дамып жетілуде, яғни бұл көпшілікке қарым-қатынас құралдарының - теледидар, баспасөз, бейнежазба, мобильді құралдар ғаламтор желісі және т.б. материалдары негізінде білім алу болып табылады. Болашақ мұғалімдердің мүмкіндіктеріне сәйкес қолданылатын электронды оқу материалдары: электронды энциклопедиялар мен CD дискідегі оқу курстары, оқу құралдары мен Web-технологиялар мен презентация технологиялары, интербелсенді тақталар, ғаламтордың жаһандық жүйесі (www-бүкіл әлемдік ғаламтор сервисі), ашық онлайн курстар, Web-бинар сабақтар, мобильді қосымшалар, Power Point презентация редакторы. Мұндай технология қолдану бір мезгілде анимацияны, дыбысты, графиканы, бейнені, мәтінді, санды көрсетуге мүмкіндік алды және сезім мүшелері арқылы ақпаратты қабылдау қамтамасыздандырылды.

Бүгінде заманауи технологияларды пайдалану кәсіби өздігінен білім алу үдерісінің қатысушыларына ақпараттардың қолжетімділік көлемін кеңейтті.

Сонымен қатар, мобильдік оқыту және оның интеграция қашықтықтан білімі алуы, ашық онлайн курстар бойынша қазіргі ғалымдар көптеген ғылыми-зерттеу жұмыстарын іске асыруда. Айта кету керек, ЖОО-да мобильді оқытуды дамыту бойынша жүйелі жұмыс жасалуда.

Алайда, педагогикалық білім беру жағдайында мобильді оқытудың мәселелері, мобильді оқытуды ендіру болашақ мұғалімдер мен оқытушылардың дайындығы үшін қолданылуда психологиялық тұрғыда әсер етіп, мобильді оқытуды ұйымдастыруға, әлеуметтік қызметтер көрсетуге ықпал етуде. Сонымен бірге, білім алушылар үшін мобильді құрылғылар тесттілеу құралы

ретінде қолданылуда [131].

Мобильді технологияның дамуына техно-бағдарланған ағымына тәуелді анықтама берушілер. Алайда J.Traxler өз зерттеуінде, мобильді оқытуды басқа оқыту түрлерінен ерекшелігі оның электронды түрде оқытылуымен байланыстырды. Электронды оқыту дегеніміз ол «барлық жағдайда да орындалушы» және «уақытында орындаушы», «мен үшін қолжетімді», және «тек мен үшін» тиімді. Білім алушы үшін «Мобильділік» көптеген рөл атқарады және мобильді оқуға мүмкіндік береді. Бұл саяхатта жүріпте білім алу, көлік айдап бара жатып та білім алу, серуенге шығып та білім алу, «хендс-фри» (қолдарды да жұмылдыру арқылы) білім алу, «айз-фри» (көздерді де жұмылдыру арқылы) білім алуды айтамыз. Мұның барлығы да мобильді оқытуды анықтауға, түсінуге, жүзеге асыруға әсер етеді [132].

Болашақ мұғалімдердің кәсіби өздігінен білім алуға даярлығын қалыптастыру құралдары ретінде, біз цифрлық білім беру ресурстарын қолдану үдерісінде аламыз: электронды энциклопедиялар мен CD дискідегі оқу курстары, мобильді қосымшалар, ашық онлайн курстар, Web-бинар сабақтар, қашықтықтан оқыту сонымен бірге кәсіби, жоғары оқу орнынан кейінгі және жалпы білім беру жүйесінің білікті мамандары құрастырған, оқу құралдары мен Web-технологиялар мен презентация технологиялары, интерактивті тақталар.

Білім беруге деген ынта, қызығушылықты, электрондық оқулықтар мен энциклопедиялар, кітаптар, құжаттамалар, фотоальбомдар және т.б. көрсету арқылы жүргізіледі, заманауи технологиялар оқу үдерісінде қолдануды оңтайландыру, білім беру сапасына диагностикалық зерттеу сияқты құрамды компоненттерден тұратын практикалық дидактикада, сонымен бірге, оқыту әдіс-тәсілдерінің ақпараттық-пәндік қамтамасыз етуде көрініс табады. Ақпараттық әсер ету күшіне қарай, білім берудің барлық деңгейінде, алғашқы орындар заманауи технологиялық өнімдерге тиесілі болды, содан кейін - білім беру саласындағы болашақ мұғалім алынады деп И.В.Трайнев өз тұжырымын жасаған [133]. Зерттеу барысында ғалымның осы тұжырымын басшылыққа ала отырып, көру әсері аудио құралдар арқылы алынған нәтижелерде жақсы ықпал етеді, себебі көру және есту мүшелері қабылданған ақпарат ұзақ есте сақтауға әсер етеді. Бұдан оқытудың қарапайым кино, теледидар сияқты аудиовизуалды құралдарының маңыздылығын атап өтуге болады. Бұл білім алудағы психологиялық мүмкіндіктерінің бірі болып табылады. Алайда, қажетті педагогикалық аспектіде заманауи дидактикалық материалдар мен әдістемелер болмаса, білім алу пайдасыз және болашақ мұғалімдерге кереғар ықпал етуі әбден мүмкін.

Сонымен, біз білім берудегі цифрлық технология деп, ақпараттың алуан түрлері арқылы интербелсенді түрде, білім алудың мазмұнына ұсынылатын дидактикалық бағдарламалық құралды атаймыз. Мұндай құралдарды біріктіре отырып қолдану, білім беру үдерісінің тиімділігін арттыруға, жүзеге асыруға ықпал етеді деп тұжырымдаймыз.

Цифрлық технологиялар түрлі типтегі мәліметтерді дайындауда, өңдеуде, біріктіруде, ұсыну әрекеттерінде ақпараттық және бағдарламалық жабдықтарды

қолдалану арқылы жүзеге асыратын құралдар, әдістер мен тәсілдер жиынтығы. Цифрлық технологиялардың дамуы бейнетехниканың және жеке компьютерлік технологияның өркендеуі нәтижесінде жүзеге асады. Цифрлық технологиялар статистикалық, динамикалық және дыбыстық ақпараттарды талапқа сай дәрежеде ұсынуды талап етеді.

Зерттеуші ғалымдардың пікірлері бойынша, 25% - дәстүрлі оқу әдісімен берілген материалдың, 33% - көру арқылы, 50% - көру-есту арқылы, ал 75% - цифрлық технологиялар арқылы оқыту бағдарламасы көмегімен берілген материалдар есте жақсы сақталады. Цифрлық технологиялардың ажырамас бөлігі болып табылатын лазерлік дискілерде жазылған электрондық энциклопедиялар, оқулықтар мен сөздіктер оқыту үдерісінде орны ерекше болып табылады. Сондықтан цифрлық технологияны қолдана алатын болашақ мұғалім келесідей біліктерге ие болады:

- өздігінен қажетті білім алатын және оны практикада қолдана алатын;
- өздігінен сыни ойлауға, нақты жағдай туындағанда мәселелерді көре алатын және олардың шешімін таба білетін;
- өзіне қажетті ақпарат, мәлімет іздеуде сауатты жұмыс қабілеттілігінің болуы;
- түрлі ұжымдық ортада, әлеуметтік топтарда, қоғамда жұмыс істеуге қабілеттілігі сай;
- өзінің ақыл-ойын, мәдениеттілік деңгейін дамыта алады.

Электронды пошта - мәтінді және басқа ақпараттарды бір немесе бірнеше қолданушыға жіберу, қажетті ақпараттарды жөнелту, сақтау, алынған мәліметтерді қатты дискіге сақтауға тиімді. Электронды поштаның тиімділігі болашақ мұғалімдер бір мезгілде бірнеше тұлғаға хат хабар, мәлімет жіберу мүмкіндігіне ие. Кәсіби өздігінен білім алу барысында қажетті ақпаратты жылдам табуға көмектеседі.

Планшет – мобильді құралдардың бірі болып табылады, дыбыстық, SMS, электрондық пошта, бейнебайланыс, әлеуметтік желілер (Twitter, Facebook және т.с.с.), интернетке сәйкес жұмыс түрлерімен қамтамасыз етеді. Яғни олар аудио, видео, жазу, тыңдау, көру, іздеу қызметін ұсынады. Оқыту формасында қолдану түбегейлі өзгеріске алып келді. Мобильді оқыту «кез келген жерде және кез келген уақытта ақпараттарға тұрақты түрде қолжетімділікті қамтамасыз ету, Оқу үдерісіне жаңа бір тербеліс, өзгеріс алып келді. Білім берудің даму тенденцияларын толық көрсетеді. Мұнда оқыту процесін икемді, қолжетімді етеді және дербестендіреді.

Ноутбук – (ағылш. notebook - блокнот) – дербес компьютердің бірі, пернетақта, монитормен ықшамдалған компьютердің бір түрі. Білім алу, іздену, дербес жұмыс жасау және өздігінен білім алуда тиімді құрал. Алайда, қуаты тез бітеді. Алыс жолдарда ұзақ уақытқа жарамсыз келеді.

Электрондық оқу құралы – бұл оқу курсының ең маңызды бөлімдерін, сонымен бірге есептер жинағы, анықтамалар, энциклопедиялар, карталар, атластар, оқу эксперименттерін жүргізу нұсқаулары, практикумға, курстық және дипломдық жобаларға нұсқау және т.б. білім беруді басқаратын

электрондық оқу құралы. Сонымен қатар, электрондық оқулықтарды сабақта қолдалану кезінде болашақ мұғалімдер бұрын алған білімдерін тереңдетіп, өздігінен креативті тұрғыда тапсырмаларды орындайды. Әрбір болашақ мұғалім өзі таңдаған тақырып бойынша тапсырмалар мен тарау бойынша тест жұмыстарын орындап, практикалық тапсырмаларымен жұмыс жасауға дағдыланады. Электрондық оқулық арқылы түрлі суреттер, видеокөріністер, дыбыс және музыка тыңдатып көрсетуге болады. Бұл, әрине оқытушының тақтаға жазып түсіндіргенінен әлдеқайда қызықты, тартымды, тиімді және әсерлі. Меңгерілуі қиын сабақтарды заманауи технологиялар көмегімен болашақ мұғалімдерге түсіндірілсе, жаңа тақырыпқа деген болашақ мұғалімнің құштарлығын оянары сөзсіз. Оқыту құралдарының бірі болып электрондық оқулық табылады. Болашақ мұғалімдерді жеке оқытуда жаңа ақпаратты жеткізу, сондай-ақ меңгерген білім мен біліктері тестік бақылауға арналған бағдарламалық құрал болып саналады.

Оқыту үдерісінде электрондық оқулықтарды қолдану кезінде болашақ мұғалімдер бұрын алған білімдерін тереңдетіп, аумағын кеңейтіп, өздігінен креативті тапсырмалар тиімді орындайды. Әрбір болашақ мұғалім таңдалған тақырып бойынша тапсырмалар мен тараудағы тест жұмыстарын орындап, практикалық тұрғыда тапсырмаларымен жұмыс жасауға дағдыланады. Электрондық оқулық арқылы түрлі суреттер, видеокөріністер, дыбыстық жазбаларды тыңдатып көрсетуге болады және де есте сақтау үшін тиімді.

4-Шарт. *Болашақ мұғалімнің кәсіби өздігінен білім алуының жобалық іс-әрекетте өзіндік жетілдірілуі.* Жоғарыдағы сөз болған цифрлық технологиялар оқу материалдары мен технологияларын жобалық жұмыста креативті тұрғыда өзіндік іс-әрекетімен біріктіруде ақпараттық жобалар, зерттеу жобалары және шығармашылық жобалық жұмыс түрлері қолданылды.

Зияткерлік іс-әрекет өнімдері және ақпараттық іс-әрекеттің «қолжетерлік» формасын Е.В.Данильчук атап көрсеткендей, оны қарым-қатынастық тұрғыда қабылдауға ұмтылады [134, б. 100]. Болашақ мұғалімдердің кәсіби өздігінен білім алуға даярлығын қалыптастырудың құралы ретінде, біздің тұжырымымыз бойынша, әртүрлі оқу пәндерінің материалдары негізінде, мобильді құралдар арқылы презентацияларды құру бойынша, болашақ мұғалімдердің жобалармен жұмыс жасауы алынады.

Жоғарыда анықталған, оқыту үдерісіндегі болашақ мұғалімдердің кәсіби өздігінен білім алуға даярлығы, әдіс-тәсілдері, технологиялары, формалары, жолдарын таңдау өлшемдері ретінде алынды. Педагогикалық іс-әрекет және теориялық зерттеулер барысында (В.В.Гузеев, Е.С.Полат, И.С.Сергеев, А.Т.Байбақтина және т.б.), аудиторияда және аудиториядан тыс уақытта, болашақ мұғалімдердің кәсіби өздігінен білім алуға даярлығын қалыптастыру барысында жобалар әдісі зор мүмкіндіктерді қарастырған.

Біздің ғылыми зерттеу жұмысымыздың мақсаттары мен міндеттеріне бойынша, жоба әдісінің педагогикалық мүмкіндіктерін қарастырамыз. Жоба әдісі, В.С.Кукушкин [135], Н.Ю.Пахомова [136], Е.С.Полат [137] және т.б. ғалымдар атап өткендей, заман талабына сай ғылым үшін жаңалық болып

саналмайды. АҚШ-тың философ-прагматик, психолог, педагог Дж.Дьюи және У.Х.Килпатрик философия мен білім беруді ізгілендіру идеясының аясында пайда болды деген тұжырым жасаған [138; 139].

Оқытудың негізі білім алушының нақты білімі мен білігі және дербес ынтасы мен қызығушылығына құрылды, белсенді мақсатқа бағытталған іс-әрекетін Дж.Дьюи алды [138, б. 45]. Бұл әдісті бірден алғыр және оптимист американдықтар қабылдап алды. Тек жобалар әдісі бойынша жұмыс істеген профессор Э.У.Коллингстің тәжірибелік мектебінде, жұмыстың бірінші жылында, мектепте жалғыз оқытушының басшылығымен білім алушылардың 6008 жобасының жоспарланған нәтижесі алынды [140]. Осы мектепте, әлемде алғаш рет оқу жобаларының жіктелуі ұсынылды және өңдеуден өткізілді (2-кесте).

Кесте 2 – Оқу жобалараның жіктелуі (Э.У.Коллингс бойынша)

Типі	Негізгі мақсаттар	Саны
1. Ойындық	Алуан түрлі топтық ойын іс-әрекетіне қатысу: ойындар, билер, драматизациялар	54
2. Экскурсиялық	Экология және қоғаммен байланысты проблемаларды зерттеу	58
3. Баяндаушы	Алуан түрлі формадағы әңгімелер: ауызша, жазбаша, вокалды (ән), көркемдік (картина) және т.б.	396
4. Конструктивті	Нақты пайдалы өнімді құру: көйлек тігу, тұзақ дайындау және т.б.	92
Барлығы:		600

Американдық педагогтармен қатар, Ресейде 1905 жылы С.Т.Шацкийдің басшылығымен оқыту тәжірибесінде жобалау әдісін қолдануды құрастыратын, шағын қызметкерлерден топ ұйымдастырылды [141].

Осы уақытқа дейін ғалым С.Т.Шацкийдің көзқарасы маңызды болып саналады, оның пікірі бойынша, жобалау іс-әрекетіндегі білім беру үдерісін мұқият түрде педагог жоспарлауы қажет. Оқытушының аталған іс-әрекетін «жобаларды орындау үдерісін алдын ала басқару» деп атады. Жоспарлаудың жалпы үлгісінің құрамын: жобаның мақсаты мен құралдары, оқу материалын бақылау және есепке алу, жұмыстың нәтижелерінің сипаттамасы арқылы анықтады. XX ғасырдың басындағы Б.В.Игнатьев, А.П.Пинкевич, С.Т.Шацкий, Е.Н.Янжул және т.б. ғалымдардың ғылыми еңбектері білім алушылардың шығармашылық бастамасы мен өзін дамыту; меңгерген білімі мен біліктерін және оларды практикалық іс-әрекетте қолдану барысында тікелей жүзеге асыратын, педагогтың жобалар әдісінің мүмкіндіктеріне назар аударады [142-144]:

Жобалауда оның келешек басымдылығын А.П.Пинкевич қарастыра отырып, білім алушыларды зерттеуші ғалым ретінде, оның белсенділігі үшін

зор мүмкіндік беретінін, оларды практикалық жұмысқа итермелейтін, білім алушылардан өзіндік жұмыстарын жоспарлауды талап етіп, тәрбиелейтінін нақтылап берді [143, б. 14].

Бүгінде зерттеуші Н.Ю.Пахомова, И.С.Сергеев және т.б. ғалымдар көзқарастарын жалпылау мақсатында, біздің жұмысымызда жобалау әдісін қолдану барысындағы кемшіліктердің келесі тобы анықталды: жобамен жұмыс істеуде қабілетті шындалған педагог кадрлардың аздығы; жобадағы оқытушыға берілетін рөлдің орны; жобалау әдістемесінің тиімсіз құрастырылуы; жоба әдістемесін орындау барысында оқу-тәрбие үдерісімен байланыстың болмауы; болашақ мұғалімдердің жылдам өзгеретін қызығушылықтары, ынтасы түрлі деңгейде және түрліше болуы мүмкін және әрдайым жоғары оқу орнындағы білім берудің мақсаттары мен міндеттеріне сәйкес келе бермеуі; жобалар әдісінде негізгі оқу пәндерінде берілетін білімнің көлемін қысқартатын, «кешенді бағдарламалардағы» сауатсыз педагогикалық идеялардың кездесуі [136; 145].

Оқу пәндерінің материалын топ-кешендерін жинақтай келе, бағдарламалар тұлға мен оның психикалық қасиеттері туралы білімді «жан-жағынан талап» баяндауды қамтыды. Осыдай себептерді талқылай отырып, біз болашақ мұғалімдердің мамандық ерекшеліктерін ескерместен, жүйелі білім алмауынан, сәйкес бағдарламаның жоқтығы, оқу материалында мазмұндамай, білім беру үдерісін тиімді ету мүмкін болмайтынын атап көрсетеміз. Бұл оқу бағдарламасына, заманауи технологияларға негізделетін, жобалау іс-әрекетінің басты негізіне арналған болашақ мұғалімдердің кәсіби өздігінен білім алуға даярлығын қалыптастыруда енгізудің қажеттілігін көрсетеді.

Шетелдердің жоғарғы оқу орындарында жобалау әдісі табысты және қарқынды дамыды: АҚШ, Ұлыбритания, Бельгия, Израиль, Финляндия, Германия, Италия, Бразилия, Нидерланды және т.б. елдер. Әр елдің жобалау әдісі туралы тұжырымдай отырып, «Жобаны жүзеге асырудағы іс-әрекетім, танымым, алған білімді қайда қолдау қажеттігін, себебін» - академиялық білім мен прагматикалық біліктер арасында, теңдікті таба білуге талпынатын, көптеген өздігінен білім алу үдерісі қызықтырған жобалар әдісін заман талабына сәйкес түсіндірудің негізгі мәнмітінін келтіреміз.

Біз шетелдік жобалау әдісі арқылы оқытуды дамыту мәселесін қарастыра отырып, (Н.Г.Чанилова), XX ғасырдың ортасындағы зерттеуші ғалымдардың (Т.Брамельд, Д.Манн, Б.Собель, А.Т.Байбақтина және т.б.) қызығушылығын біріктіретін бағдарламаларды қолдануға байланысты туындаған мәселелерге назар аударамыз.

Н.Д.Хмельдің тұжырымына сәйкес, жобалау іс-әрекеті нәтиже сапасына қойылатын талаптарды, белгілі жүйені мақсатты өзгерту деген пікір берген [28, б. 112].

Қазақстанда қосымша білім беру бағдарламалары аясында дарынды балаларды оқытудың жаңаша формасы – зерттеушілік және шығармашылық жоба түрлерімен жұмыс жасау қолданылып келеді. «Дарын» мектебінде жоба әдісін қолдаудағы басты мәселе балаларды ғылыми-зерттеу іс-әрекеттеріне

бағдарлау, өздігінен және үздіксіз білім алу дағдыларын жетілдіріп, креативті тұлға ретінде қалыптастыру.

Ү.Б.Жексенбаева, Ж.Сармұратованың ғылыми мақалаларында 12 жылдық жалпы орта білім беруге көшуге байланысты жоғарғы оқу орны білім алушыларын болашақта жобамен айналысуына жағдай туғызатындай зияткерлік және креативті қабілеттерін дамытуға толықтай тиімді мүмкіндік беру мәселесі қарастырылған [146]. Осындай бағдарламалардың дидактикалық маңыздылығы: білім алушыларда қоршаған ортасы туралы біртұтас көзқарас қалыптасып, білім, білік және дағдылары берік болып, оларды түрлі жағдайларда қолдану; білімнің нысаналы сенімділігі, олардың практикалық маңыздылығын көрсету арқылы қалыптасатындығымен; білім алушыларда танымдық белсенділік пен өзіндік даму сипатымен анықталады.

Сонымен, өткен ғасырдың ортасында, жеке және топпен бірлесе зерттеу жүргізіп, проблеманы шешуді қамтамасыз ететін, өмірлік табиғи іс-әрекет түрі жоба әдісі туралы көзқарас қалыптасты.

Н.Г.Чанилованың пікірінше, шетелдік зерттеуші ғалымдар жобалау әдісі арқылы оқыту туралы, француз педагог-зерттеушісі С.Френе XX ғасырдың басында ұсынған оқыту «білімді білім алушылар тікелей іс-әрекетте басынан өткеруі керек» деген ұстанымы бойынша жоспар құруға ұмтылды. Зерттеуші ғалымдардың көзқарастары бойынша, теория мен практиканың арасындағы тұрған ерекшеліктерді жоюға көп күш салды [147, 148].

Неміс ғалымы К.Фрей «Жобалау әдісі» кітабында жоба ұғымын келесідей түсіндіреді: «бұл білім алушылар мен білім берушілердің жобаны құрастыра отырып, жоспарлы түрде жүріп өтетін жолы». Сонымен қатар, жобалау әдісінің жағымсыз белгілері деп:

- жоба әдісіне қатысушылар жобалау бастамасын біреу арқылы алады;
- жоба әдісіне қатысушылар бір-бірімен оқыту формалары туралы келісімге келеді;
- жобалау бастамасын дамыту арқылы және жобаға қатысушылары олардың барлығын хабардар етеді;
- өздерін жоба әдісіне қатысушылар жұмыс жасау барысында ұйымдастырады;
- жұмыстың барысы туралы бір-біріне ақпаратты жобаға қатысушылар береді;
- жоба әдісіне қатысушылар пікір-таласқа, сайысқа, жарысқа түседі және т.б. атап көрсетеді [149].

Жобалау іс-әрекеті айналасында үздіксіз пікір-таластар жүріп отырады.

Ғалым И.А.Сасова пікірі бойынша жоба білім алушының жеке іс-әрекетінің нәтижесі, оның өзіндік идеясы арқылы жүзеге асырудың көрінісі ретінде түсіндіреді. Жобалар әдісі тек қана аудиториядан тыс уақытта жүзеге асатын әдіс болып табылады; көптеген зерттеуші ғалымдар жобалар әдісін оқыту барысында, білім алушыларды қажеттіліктерін анықтауға үйретумен қатар, фронтальды түрде жұмыс жүргізуді дұрыс деп санайды. Бұл өз кезегінде бастапқы идеяларды ұсыну, жұмысты жоспарлау, нәтиже шығару, сынақтан

өткізу және бағалау бойынша жүргізген жұмыс деп санайды [150]. Бірінші жағдайда – дербес түрде оқытушы мен болашақ мұғалімнің бірлескен жұмысының нәтижесін көрсетсе, ал екінші жағдайда – оқытушы енетін бүкіл топтың жұмысының нәтижесінің сипаттамасы болып табылады.

Бүгінде оқу жобасы формалары түрінде, пікір-талас элементі бар, зияткерлік сайыстар мен ғылыми конференцияларда, жобаға қатысушылар мен ғылыми-зерттеу жұмысының нәтижелерін ұсынушылар санының артқандығы көруге болады. Е.С.Полат, И.А.Сасова, И.В.Сергеев және т.б. ғалымдардың тұжырымы бойынша, жоба әдісі жеке, аудиторияда, топта, аудиториядан тыс іс-әрекеттерде де жүзеге асырылады; мұнда ең алдымен, білім алушылардың қызығушылығы мен қажеттіліктеріне, жобаны орындаудағы психологиялық оңтайлы талап-ережелеріне сай жасалынуы тиіс [135, б. 147]. Жобалауда педагог өте маңызды рөлі атқарады. Ол білім алушылармен бірлесе отырып жобамен жұмыс жасайды.

Оқытушы сонымен бірге оқытудың субъектісі болып саналатын білім алушы ұстанымының өзгеруіне негізделетін басқа қызметтерді атқарады, атап айтсақ: ұйымдастырушылық және кеңес беруші.

Е.С.Полат көзқарасы бойынша педагогтың жобалар әдісін қолдану шеберлігі – оның жоғары біліктілігінің көрсеткіші, оқыту мен дамытуда алдыңғы қатарлы әдістемені меңгеруінің көрсеткіші деген пікірімен біз толықтай келісеміз. Бұл технологияларды цифрлы технологиялар ғасыры деп бекер айтпаған, олар ең алдымен, тұлғаның индустриалды қоғамдағы жылдам өзгеретін жағдайларына бейімделу білігі ретінде қарастырады. Е.С.Полат *жобалау әдісі* деп, «тұлғаның өзіндік іс-әрекетінің нәтижесінде, белгілі бір проблеманы шешуге мүмкіндік беретін, оқу-танымдық тапсырмалардың жиынтығы» деп қарастырған [137, б. 56]. Егер жобалар әдісін, педагогикалық әдіс-тәсілдер ретінде түсіндіретін болсақ, ол өзінің құрамын зерттеу, ізденушілік, проблемалық әдістердің мәнін шығармашылық әдістер арқылы қамтиды. Бірақ бұл анықтамалар білім алушы-оқытушы қарым-қатынасының бейнесін, олардың өзіндік іс-әрекетінің мақсаттары мен нәтижелерін көрсете бермейді.

Т.И.Шамованың пікірін басшылыққа ала отырып, жобалау іс-әрекеті арқылы оқытудың негіздерін құру, жоспарлау туралы сөз етуге болады, оның бастапқы бағдарларын айқындаймыз: білім алушы және оның шығармашылық қабілеттерін дамытуға оқытушының бүкіл ойы-зейінімен ықпал етуі; білім беру үдерісі тек қана оқу пәнінің логикасы бойынша емес, негізінен білім алушы үшін тұлғалық мәні бар, іс-әрекет логикасы бойынша құрылады, бұл өз кезегінде білім алушының оқуға деген ынтасы мен түрткісін арттырады; жобалық жұмыстың жылдамдығы әсерінен әрбір білім алушы дамудың жаңа кезеңіне өтуге мүмкіндік алады; білім алушының негізгі психикалық және физиологиялық іс-әрекеттерінің дамуына оқу жобаларын құрастырудағы кешенді тұғыр ықпал етеді; базалық білімді саналы меңгеру, оны әмбебап қолдану есебінен қамтамасыз етіледі [151].

Жобалар әдісінің негізінде, білім алушылардың танымдық дағдыларын

дамыту, өздігінен білім алу білігі, ақпараттық кеңістікте бағдарлану білігі, сыни тұрғыда ойлауының дамуы жүзеге асады. Білім беру үдерісінде жобаны қолдану практикасын бейнелей отырып, беделді британ психологы Д.Равен оқытушы білім алушылармен жұмыс жасау формасынан жоғары дәрежеде бағдарламаны орындауға келіспейтіндігін атап көрсетті [152]. Олай болған жағдайда оқытушының зейіні, білім алушылардың белгілі бір жұмысты орындау қабілеті мен меңгере алатын өзіндік іс-әрекетіне көңіл бөлінуі қажет.

Бұл өздігінен білім алуда мақсатқа жетуде қажет мәліметті іздеуді, тапқырлықты, сендіру білігін, басқару білігін қамтиды. Уақыт өте келе, жоба әдісінің негізін қалаушылар, жобаларды жіктеу мәселесін өзектілігін дамытты. Біздің тұжырымымыз И.С.Сергеевтің пікіріне сәйкес келесідей негіздер бойынша жіктеп көрсетеміз. Басым іс-әрекет түріне: шығармашылық, практикалық-бағдарлық, ақпараттық, зерттеу, рөлдік жатады; кешенді: моножобалар – бір пәннен немесе білімнің бірнеше саласында қолданылады, сабақта да жүргізілуге мүмкіндік берді; пәнаралық жобалар, проблеманы қою арқылы бірнеше мәселені біріктіруді талап етті; байланыстардың сипаты: топаралық, көптеген жоғары оқу орындарда, түрлі деңгейдегі қалалық, республикалық, халықаралық олимпиадалар мен жарыстар; жұмыстың орындалуының ұзақтығы: сабақтың бір бөлігін немесе бір сабақтың уақытын алатын кіші-жобалар, 4-6 сабақ – қысқа мерзімді жобалар; жобалау апта ішінде жүргізіледі, 30-40 сағатты алады - апталық жобалар: сабақтарда жұмысты координациялау жүргізіледі, ал жұмыстың негізгі көлемді тұсы сабақтан тыс уақытта немесе үйде орындалады; ұжымдық және жеке түрде де жүргізіледі - жылдық жобалар [145, б. 25].

Жобаны жіктеудің тағы екі негіздемесін Е.С.Полат қарастырады. Жобаны координациялау сипаты: тікелей (қатаң, жұмсақ), жасырын (айқын емес, жобаға қатысушыны имитациялайтын); жобаға қатысушылардың саны деп бөліп көрсетті [137, б. 45].

Зерттеуші ғалымдардың пікірлерін талдай келе, болашақ мұғалімдердің біз анықтаған кәсіби өздігінен білім алуға даярлығын меңгеруі үшін, белгілі бір мүмкіндіктер, сонымен бірге, жобалау іс-әрекетінің тәсілдерін төмендегіше сипаттаймыз:

1. Ақпараттық жобалар бастапқы кезеңнен бастап, белгілі бір нысанды, құбылысты немесе оқиға туралы ақпараттар жинауға, жобаға қатысушыларды онымен таныстыруға, кең аудиторияға арналған деректерді талдау және жалпы түрде біріктіруге бағытталады. Жобалық жұмысқа қатысушылар ең алдымен жұмыстың мазмұнын, жүргізілу барысын айқындап алғаны жөн. Өткені жұмыс барысында көптеген түзету мен реттеу, жұмыстары орын алады. Жобаға қатысушыларға, жоба мақсаттан, өзектіліктен, қажетті мәліметтер жинақтаудан, оны жүзеге асыру әдіс-тәсілдерінен, мәселен, түрлі ғылыми еңбектерді талдаудан, арнайы сауалнама, тесттік тапсырмалар мен ойын элементтерінен, эксперимент өтisetін орыннан, проблемалық жағдаяттардан, сонымен бірге, кемшіліктерді түзету жұмыстарынан, қорытында жасаудан, оны арнайы құрылғаларды қолдана отырып, көрсетуден және т.б. іс-әрекеттер барысында

орындалатындығын Е.В.Полат өз үлгісінде ұсынды [137, б. 12].

Ізденушілік зерттеудің қызметінің жаңа мәліметтер жинақтау мен саралаудан тұрады. Атап айтар болсақ: жаңа мәлімет жинақтау, деңгейлерін анықтап, қорытынды шығару көрсеткіштерін талдап, алғашқы көрсеткіштермен салыстырып, жөндеу, реттеу жұмыстары жүргізіліп, қолда бар материалдардан нәтиже шығарып, біріктіру, қорытынды жасау, содан кейін жинақталған материалды ары қарай толықтырып, жобалық жұмысқа қатысқан ізденуші өзінің жұмысының барысына қарай жұмысқа түрлендіру жұмыстарын жасап, (талқыға салу, түзету жұмыстары, презентация, сыртқа пікір), өз нәтижесін шығарады. Біздің зерттеуімізге сәйкес жобаға қатысушы еркін мәлімет алу көздерін қолданады, алайда мәлімет мазмұны жағынан жақын болып келеді. Жобалық жұмыс барысында қатысушы жанама түрде емес, тікелей қатысып өз жұмысының нәтижесін көрсетеді, бұл қатысушының өздігінен ізденіп, өздігінен білім алу даярлығын қалыптастырады.

2. *Практикалық-бағдарлық жобалар* нәтижесін бастапқы кезеңнен бастап анықтауды талап етеді, жобалық жұмыстарға қатысушылар, өз айналасындағыларға немесе сырттан тапсырыс берушінің (білім алушылар үшін театрландырылған сахналық қойылымдар, құрал жабдықтары, бейнесі және т.б.) ынтасы мен дағдысын дамытуға бағытталуы тиіс. Жобалық жұмыстарды тиімді түрде ұйымдастыруда құрылымының маңызды болуы қажет, қатысушылардың жобалық жұмысқа деген іс-әрекетінің жоспары, олардың қызметтерінің анықталуы, қорытынды нәтижелердің нақты шығуы үшін әрбір білім алушының соңғы нәтижені қорытындылап, безендіру жұмысын жасауы тиіс. Мұнда әсіресе, күш-қуатты сатылы түзету, презентация мен алынған нәтижелердің сырттай бағалануы, қайта өңдеулерді мүмкін болар тәсілдер мен оларды тәжірибеде қолдану тұрғысында, жұмысты реттеу маңыздылығын көрсетеді.

3. *Зерттеушілік жобалары* ғылыми зерттеуге ұқсас, жобаның өзектілігінің нақтылануын, әлеуметтік маңыздылығын, мақсаттарын, құрылымын, әдіс-тәсілдерін, болжамды ұсыну және эксперименталды түрде тексеруін, нәтижелерін статистикалық түрде өңдеуін талап етеді.

4. *Креативті жоба* жасауда дайын жобалар қолданылмайды, арнайы жоспарлар жасалынып, қатысушылар таңдалып алынып, олардың жеке көзқарасы, ойы жобада басты назарға алынады. Сонымен бірге, құралы таңдалады. Жаппай ашық онлайн курстар, ғаламтор желілері, мобильді құрылғылар, интерактивті тақтаны қолдану. Яғни біздің зерттеу жұмысымызда мұндай іс-әрекеттер нәтижеге бағытталғандығын көрсетеді.

Мұндай жағдайлар цифрлық құрылғыларды, аудио-визуалды құрылғыларды қолдану, ақпараттық технологияларды пайдалану арқылы жоба әдісін жүзеге асырады. Мәселен, компьютер, планшет, ноутбук, мобилді құрал, проекторлар және т.б. Цифрлық технологияларды қолдануда кәсіби өздігінен білім алуға даярлығын қалыптастыру жоба әдісінде өздігінен білім алу және кәсіби өздігінен білім алудың теориялық жағын қарастырамыз.

Жобалар әдісіне цифрландырудың зерттеудің тәжірибесімен байланысты.

Болашақ мұғалімдер арнайы ғылыми зерттеу институттарында тәжірибе аламаса отырып, шеберлігін шыңдай түседі. Сонымен қатар, мәселені шешуде алдына қойылған мақсатының болуы, жоспар құра білуі, жұмыстың уақытын тиімді ұйымдастыра алуы, нәтижелерді талдап, саралау және т.б. жұмыстары кіреді.

Жобалау әдісінің ең маңызды құнды тұсы – болашақ мұғалімдердің іс-әрекеттің алуан түрлерін енгізу мүмкіндігімен, ойлау, өзіндік жұмыс, зерттеу дағдыларын дамыту мен қалыптастыруы анықталады; оқытудың жобалар әдісі оқу тақырыбына сәйкес оқу материалы және білім алушының тікелей өмірлік тәжірибесімен кеңейтілу аумағын, практикалық тапсырмаларды орындау барысында іс-әрекетімен байланысты қалыптастыруға әсер етеді; жобаның педагогикалық маңыздылығы – білім алушылар оны орындау үдерісінде білімді игере отырып, қарым-қатынас жасайды, ойлау мен іс-әрекетіне қажетті әдіс-тәсілдерін меңгереді; ресурстарға арналған жобаның шынайы түрде мақсатты шешілетін міндетіне дейін қысқарту; кез келген жобалау іс-әрекетінің құрамдас элементі ретінде, өздігінен білім алу, ақпаратты өздігінен іздеу, өңдеу, көрсетуді қамтитын ақпараттық өзіндік іс-әрекет алынады, бұл болашақ мұғалімдердің кәсіби өздігінен білім алуға даярлығын қалыптастыруға және айқындалған өздігінен білім алуды меңгеруге әсер етеді.

Сонымен, біз анықтаған педагогикалық шарттар бойынша «өздігінен білім алуды меңгеру траекториясына» бағыттылығының болуы, жеке бағдарламасының болуы олардың ерекше құндылыққа қол жеткізуінің жетістіктерге жетуінің алғышарттары болып табылады. Осы мақсатта «Акмеология жеке және әлеуметтік жетістіктер негізі» оқу пәнінің мазмұнын толықтыру; элективтік курс енгізу, электрондық ресурстармен жұмыс жасау, проблемалық тапсырмалардың шешімін таба білу, электронды оқу құралын дайындау жұмыстары жүргізілуі шартты. Сондай-ақ, болашақ мұғалімдердің кәсіби өздігінен білім алуға даярлығын қалыптастыруға бағытталған, мәселеде мәселеде педагогикалық жағдаяттарды құрастыруда келесі негізгі қағидалар ескерілгені жөн: 1) мәселелік педагогикалық жағдаяттардың құрылымына кәсіби өздігінен білім алуға даярлығын меңгертудің жоғары, орта, төменгі деңгейлеріне бағдарланған жеке тапсырмалармен қамту міндетті; 2) мәселелік педагогикалық жағдаяттарды таңдау «траекториясын» болашақ мұғалімдердің өздері нақтылауы.

Оған қоса өздігінен білім алу барысында цифрлық технологиялар, электрондық оқулықтар, мобильдік технология, планшет, интербелсенді тақта және т.б. технологияларды қолдан алу дағдысын дамытуда өздігінен білім алу даярлығын қалыптастыру мәселелік педагогикалық жағдаяттарды жоспарлауға ықпалы зор. Болашақ мұғалімдердің кәсіби өздігінен білім алуға даярлығын қалыптастыру тек мәселелік педагогикалық жағдаяттарының шешімін таба білуде болмаса да, дербес компьютерлердің мүмкіндіктерін оңтайлы қолданып креативті тұрғыда жобалық жұмысты жүзеге асыруда маңызды болып табылады.

Сол себепті біз анықтаған болашақ мұғалімнің кәсіби өздігінен білім алуына даярлығы қалыптасуының басшылыққа алатын негізгі ұстанымдық қағидалары болып табылатын педагогикалық шарттар 1) *болашақ мұғалімнің кәсіби өздігінен білім алуға бағыттылығы*, 2) *кәсіби өздігінен білім алуын ұйымдастыруға жеке бағдарламасының болуы*; 3) *цифрландыру жағдайында кәсіби өздігінен білім алуын мобильдік технологиялармен жүзеге асыруы, жобалық іс-әрекетте өзіндік жетілдіруі* осы қалыптастырудың мазмұнына, ұйымдастыру ерекшеліктеріне, жүзеге асырудың әдістемелік сипатына ықпал етеді (Ол туралы 2.2 бөлімінде тереңірек ашылады).

Тәжірибелік-эксперименттік жұмысықа дейін біз алдымен болашақ мұғалімнің өздігінен жұмыс алуға даярлығының қалыптастыру деңгейін айқындайтын құрамын, өлшемдері мен көрсеткіштерін, деңгейлерін анықтап алуымыз қажет. Осы даярлықты қалыптастыруда жетекшілікке алатын әдіснамалық тұғырларды, қалыптастыруды жүзеге асыруға керекті технологияларды (диагностикалық құралдар, қалыптастыру мазмұны, формасы, құралы, әдіс-тәсілдері) айқындап, жинақтап, белгілеп алуға тиіспіз. Осы ақпараттар, талдаулар мен теориялық тұжырымдар келесі 1.3. тармақшасында баяндалады.

1.3 Болашақ мұғалімдердің кәсіби өздігінен білім алуға даярлығын қалыптастырудың құрылымдық-мазмұндық моделі

Болашақ мұғалімдердің өздігінен білім алуға даярлығын қалыптастырудың жүйелі жүзеге асыру мақсатында оның құрылымдық-мазмұндық моделін жасап алудың қажеттілігі туындады. Модельді жасауға кіріспес бұрын осы қалыптастыруда негізе алынатын әдіснамалық тұғырларды саралап өткенді жөн санаймыз.

Соның ішінде болашақ мұғалімнің кәсіби өздігінен білім алуға даярлығын қалыптастыруға тиімділігі бар, тірек болатын әдіснамалық негіздер қатарында тұлғалық-әрекеттік, аксиологиялық, акмеологиялық, синергетикалық және т.б. тұғырларларына аса мән береміз.

Тұлғалық-әрекеттік тұғырдың өкілдері М.Н.Берулова [153], И.А.Зимняя [128], И.С.Якиманскаялардың [78] пікірінше, кәсіби өздігінен білім алудың көмегімен ұстаз жеке тұлғасын ары қарай өмір бойы өзін дамытумен байланыстырады.

Кәсіби өздігінен білім алуда жеке аспекті өте маңызды болып саналады, себебі жеке тұлға «сананың тасушы» (С.С.Рубинштейн) [17], «белгілі бір ұстанымды ұстануға икемді», өз өмірінің тұлғасы және басқа тұлғалармен жағдайы сәйкес болып танылады (В.И.Слободчиков) [154], «жағдаятта белсенділігін» байқатады (В.А.Петровский) [155], әрекетте өзін көрсетеді (М.М.Бахтин) [156].

Кәсіби өздігінен білім алу жеке тұлға сұраныстарына жауап береді, өзін танытуға көмектеседі, өйткені «тұлға - адамның өзіндік ұйымдастыратын механизмі, әлдебір іргелі қасиеті» болуы себепті таңдау, рефлексия, басқаға бағытталу, мәндіні іздеуге қабілеттілік, жауаптылық, өзін-өзі басқарушылық,

креативтік, ішкі еркіндік сияқты қабілеттерге ие [157].

Білімді реформалау мен жаңғыртуда *аксиологиялық тұғырдың* маңызы ерекше. Аксиологиялық тұғырдың өкілдері Е.И.Исаев [158], В.А.Сластенин [26], В.И.Слободчиков [154], Г.И.Чижиков [159], Н.А.Шайденко [160] және т.б.

Тұлғаның кәсіби өздігінен білім алуға даярлығын қалыптастыру мәселесінің ажырамас бөлігіне аксиологиялық тұғырды жатқызады, себебі В.А.Болатов [161], Е.И.Исаев [158], В.И.Слободчиков [154], Н.А.Шайденко [160] білім берудің жаңа құндылықтары: өзін-өзі дамыту, өздігінен білім алу және өзінің орнын таба білу қасиеттері сұранысқа ие деп есептейді.

Болашақ мұғалімнің өздігінен білім алуы бұрын қалыптасқан құндылықтарды қайта қарауына, қоғамдық және азаматтық өмірдің жаңа ережелерін игеруіне септігін тигізеді.

Философияда бағалы қатынас қабілеті қайбір заттың тұлға үшін маңыздылығы, оның саналы немесе санасыз түрдегі қажеттіліктерімен байланысты, қызығушылығы немесе мақсаты ретінде қарастырылады. Тұлғаның өзінде қатынас құру және белгілеу құндылықтары болған жағдайда ғана құндылықтар тұлға әрекетінің бағдары мен әрекеті болып табылады.

Құндылықты сана – тұлғаның әлемге, тұлғаларға және өзіне деген қатынасын, ұстанымы мен әрекетін айқындайтын әділ шындықтың бейне үлгісі. Құндылықты сана - бар нәрсенің бейнесі ғана емес, өз әрекетінің ойша құрылуы мен оның ойша нәтижелері (идеалды бейнесі). Бұл ғылыми зерттеу үшін болашақ мұғалімнің өзін-өзі тану, дамыту, жеке жетістікке жету - өзіндік білім алудың құндылықтары ретінде өзіндік санасында жете ұғынуы маңызды болып табылады. Өйткені Тек кәсіби және жеке тұлға тұрғысында өздігінен білім алудың маңыздылығын түсінген жағдайда ғана, болашақ мұғалім оны дамытуға (ұйымдастыруға) белсенділік танытады.

Олай дейтініміз құндылық тұрғысынан белгілеу – өзінің ішкі ұстанымын жеке тұлға ретінде қабылдау және белгілі бір құндылықтармен әрекетке кірісуге дайын болу дегенді білдіреді [26, б. 54]. Белгілеу жеке тұлға құрылысының маңызды бөлігі болып танылатын құндылық бағдар ретінде айқындалады.

Құндылық бағдарлар мақсатты айқындайды, тұлғаның идеалын, қызығушылығын, қажеттілігін, нанымдарын сипаттайды.

В.А.Сластенин және оның шәкірттерімен педагогикалық әрекет құрылымындағы педагогикалық құндылықтарға талдаулар жасаған. Педагогикалық құндылықтарға:

- құндылықты-мақсаттар - Мен-тұлға және Мен-кәсіби жиынтығындағы мұғалімнің жеке тұлғасының тұжырымдамасы;
- құндылықты-құралдар – педагогикалық қатынас, техника мен технология тұжырымдамасы;
- құндылықты-қатынастар – педагогикалық үрдіске қатысушылар қатынастарының жиынтығын ашады;
- құндылықты-қасиеттер - жеке тұлғаның алуан түрлі, бір-бірімен байланысты позитивтік, қызметтік, әрекеттік қасиеттері;

- құндылықты-білім - жеке және кәсіби біліктілігін айқындайды.

Тиімді өздігінен білім алуды қамтамасыз ететін құндылықтар жүйесін қалыптастыру үшін қажетті материалдармен және құрал-жабдықтармен қамтамасыз ету, болашақ мұғалімнің жұмысын ынталандыру мен марапаттау жүйесін қолдану, білім беру және өздігінен білім алу саласындағы өзекті мәселелер бойынша кеңестер өткізу сияқты біршама іс-әрекеттерді жасауды қажет етеді [26].

Акмеологиялық тұғырды зерттеуші ғалымдар К.А.Абулханова-Славская [76], А.А.Деркач [162], Е.А.Климов [163], Н.В.Кузьмина [11], В.Н.Максимова [164], А.К.Маркова [124] және т.б.

Ғалымдар кәсібиліктің қалыптасу мәселелерін кәсіби әрекет тұлғасының ұдайы позитивті өзгерістерінің үрдісі ретінде қарастырады.

Акмеология адам өмірі мен дамуындағы ең жоғарғы жеткен жетістіктері мен биік белестерін зерттейтін ғылым. Акмеология саласындағы зерттеулер даму психологиясының ігестасты идеяларына келіп тіреледі:

- адамның индивид, жеке тұлға, даралық, өмірлік іс-әрекет тұлғасы ретіндегі даму құндылықтарына [161];

- атақты тұлғаларды зерттеу барысында анықталған жетістіктерге итемелейтін себептердің рөлі, тек қана «жақын даму аймағына» ғана емес, «болашақтағы (жоғарғы) даму аймағына» бағытталған «психология шыңына» [165];

- тұлғаның жасампаз әрекетінің өнімділігінің жоғарғы үлгілерін қамтамасыз ететін тұлғаның акмеологиялық мүмкіндіктерінің дамуына (өзіндік даму және шығармашылық) негізделеді [27, б. 45].

Болашақ мұғалімнің өздігінен білім алуының даму барысын зерттегенде, акмеология зерттейтін тұлғаның білім алу саласындағы ең жоғарғы даму жетістіктерін білген маңызды.

В.Н.Максимова тұлғаның ең жоғарғы даму үлгілерін анықтайды:

- өзін-өзі жетілдіру - тұлғаның ішкі түрткілерінің әсерімен болатын ең жоғарғы деңгейі [164];

- шығармашылық – тұлғаның ең белсенді және дербес дамуының жоғарғы деңгейі [124, б. 75];

- кәсібилік – маманның жеке тұлғасы мен әрекетінің кәсіби дамуының ең жоғарғы деңгейі;

- руханилық – адамзаттың тұрмыстық утилитарлы-прагматикалық негіздері үстінен қарайтын, тұлғаның адами қасиеті мен оның ерекшелігін көрсететін ең жоғарғы деңгейі [165;166];

- денсаулық – тұлғаның бар өмірлік күшінің дамуының, өмір сүруінің және еңбектенуінің бар ресурстарының ең жоғарғы үлгісі [167; 168].

Кәсіби өздігінен білім алу тұлғаның психологиялық-педагогикалық жағымды жағдайда өз дамуының ең жоғарғы деңгейіне (акме-үлгіге) жетуіне мүмкіндік береді.

Акмеологияда тұлға өзін дамытуға және шығармашылыққа, өз өмірін және кәсіби әрекетін ұйымдастыруға қабілетті өмір сүрудің тұлғасы ретінде

каралады.

Өзін-өзі дамыту мен ұйымдастыру негізінде тұлғаның жаңа жетістіктерге жету, жеңіске ұмтылу, жетілу, белсенді өмірлік ұстанымы позитивтік ой, өз мүмкіндіктеріне деген сенімі, өмірдің мәнін түсіну қажеттілігі жатыр [164, б. 48].

Акмеологиялық тұғыр болашақ мұғалімге жаңа талаптар қояды. В.Н.Максимованың пікірінше, болашақ мұғалім пәндік талаптармен қатар, білім берудің жаңа парадигмасын, мұғалімнің рухани дамуымен байланысты жаңа құнды сананы дәріптейтін себепкерлік-құндылықты бағдарларға, жаңа кәсіби санаға ие болуы тиіс [164, б. 15].

Болашақ мұғалімнің ғылыми-педагогикалық біліктілігі оның әрекетінің кәсібилігін, кәсіби сауаттылықтың жаңа әдіснамалық, пәндік-дамытушы, психологиялық, валеологиялық, акмеологиялық түрлерін қамтамасыз етуге тиіс.

Мұғалім келесі қасиеттерге:

- жаңаны қабылдауға бейім;
- кәсіби жұмыстың ұтымды үлгілерін өңдеуде жүйелі ойлау әдісін меңгерген;
- өзінің кәсіби әрекетін әділ бағалауға қабілетті;
- еңбекте табысқа жетуге ынталы болуға тиіс.

Акмеология тұлғаның кәсібилігін қалыптастырудың және оның шеберлікке жетуінің жүйекұрушы факторы негізінде «рефлексік мәдени дамуды» қарастырады [162, б. 10].

Соңғы жылдары *синергетика* атауымен танымал өзін-өзі ұйымдастыру теориясына жүгіну қажеттілігі туындай бастады.

«Синергетика» терминін ғылыми қолданысқа енгізген Герман Хакен және ол оны өзара күрделі байланысқан көптеген бөліктер мен құрамдардан тұратын жүйелерді зерттейтін ғылым ретінде танытты [170].

Синергетиканың зерттеу пәніне тұрақсыздық жағдайындағы ашық, қатты теңсіз жүйелердің өзін ұйымдастыру мен эволюция заңдары жатады. Бұл кез-келген табиғаттың қоршаған ортамен өзінің барлық нүктелері арқылы энергиясымен алмасатын жүйелері болып табылады. Синергетика, нәтижелері жүйенің анағұрлым жоғары сапаға көшуін қамтамасыз ететін дағдарысты жағдайларда және ескі құрылымдардың бұзылуымен пайда болатын мүмкіндіктердің дамуын болжауға байланысты жасалды.

Синергетикалық тұғырдың зертеушілері Э.Н.Гусинский [172], Н.М.Таланчук [172] еңбектерінде оның шеңберінде болашақ мұғалімдердің кәсіби өздігінен тұрақты түрде білім алуы кездейсоқ фактордың әсерімен бұзылу мүмкіндігі қарастырылады.

Кездейсоқ факторларға отбасылық немесе жеке басының мәселесі, сондай-ақ әдебиетте айтылған «кездесу феномені» немесе басқа тұлғамен, кітаппен, фильммен, қойылыммен жай «кездесу» енуі мүмкін. Кездейсоқ фактордың әсерінен болашақ мұғалімнің мақсатының өзгеруі, онымен бірге барлық тұрақты кәсіби өздігінен білім алу жүйесі өзгеруі мүмкін.

Жоғарғы оқу орындарының болашақ мұғалімі – білім алушыларға белгісіз жағдайда бейімделуіне, мүмкіндігінше «жеке тұлғаның түпкі шамалық жүйесінде қалыптасқан өзін ұйымдастыру және кәсіби өздігінен білім алу механизмін» жіберуіне көмектесуі тиіс [171].

Өзін ұйымдастыру теориясы тұрақсыз, сенімсіз жағдайлар жүйесінде өмір сүру – сол тұрақтылық пен қарқынды дамудың шарттары болып табылатындығына негізделеді. Кез-келген әлеуметтік жүйеге тән қасиет – ретсіздік пен тәртіптің арасында даму қарама-қайшылықтарының болуы. Бір жағынан, жүйенің толыққандылыққа, тәртіпке қарай дамып жатқаны айқын болса, екінші жағынан, жүйенің толыққандылығы оның дамуының тоқтауы болып саналады.

Тәрбие берудегі синергетикалық тұғырдың зертеушілері Н.М.Таланчук [172], С.С.Шевелева [173] және т.б. бүгінгі таңдағы синергетиканың педагогикалық шамасына жүгіну мүмкіндігінің басты шарты перманенттік дағдарыс болып табылатындығын айтады. Онда өмірдің барлық салалары қамтылады, соның ішінде ұдайы тұрақсыз жағдайдағы өте тепе-теңсіз ашық жүйелерді өзіндік ұйымдастыру мен дамуының ықпалына ілігетін білім беру жүйесі де кіреді.

Синергетиканың педагогикалық үдерісінің болашағы – оның гуманистік білім беру жүйесіндегі дамытушы, күштемейтін, керісінше «көмектесуші» фактор ретінде айқындалады.

Болашақ мұғалімдерді кәсіби өздігінен білім алуға даярлығын қалыптастыруда жоғарыда көрсетілген тұғырлар маңызды рөл атқарады. Алайда, жоғары оқу орнында кәсіби маман даярлау үдерісі өте күрделі үдеріс болып келеді. Болашақ мұғалімдердің кәсіби өздігінен білім алуға даярлығын қалыптастыру үдерісі мәнінің, құрылымының және мазмұнының түсінігінің анық болуы зерттелетін құбылысты моделдеуде, ойша эксперимент әдісін қолдануды қажет етеді.

Ғылыми әдебиеттерде моделдеуді анықтау бойынша түрлі әдістердің болуын ескере отырып, біз модельдеу мен ойша эксперимент әдісін қолданудың өзара байланысы парадигмасында қарастырылатын болашақ мұғалімдердің кәсіби өздігінен білім алуға даярлығын қалыптастырудың құрылымдық-мазмұндық сипаттамасын ашып көрсетіп, моделін құрастырамыз. В.П.Беспалько [69], Б.С.Гершунский [174], В.А.Штофф [175] және т.б. ғалымдар өз зерттеулерінде, «моделді құрастыру - арнайы аналогтарды жасау жолымен нақты бар жүйені материалды немесе ойша ұқсатуды іске асыру, бұл жағдайда аналогтарда осы жүйені ұйымдастыру және жұмыс істеу принциптері көшіріледі» деп түсіндіріледі.

Болашақ мұғалімдердің теориялық білімін қалыптастыруда білім мазмұнын анықтап, біртұтас педагогикалық үдерісті тиімді ұйымдастыру жоғарыда аталған ұстанымдар негізінде жүзеге асқанда ғана білім сапасы арттары сөзсіз.

Бүгінде практикадағы нәтижелерді ғылыми-әдістемелік талдауымызда мұғалім іс-әрекетін жетілдіретін бағыттары айқындалды. Олар: мұғалім іс-

әрекетінің ұйымдастырушылық құраушылары, болашақ мұғалімдерде кездесетін қиындық – бағалау ерекшеліктері. Осы міндеттер тиянақты жүзеге асырылса, болашақ мұғалімдер өз іс-әрекеттерінде толық нәтижеге жететіндіктеріне сенімді және университеттерде дайындық кезеңінде осы мәселелерге жеткіліксіз көңіл бөлінетінін атап көрсетеді. Сонымен бірге, педагогикалық практикаға аз уақыт бөлінеді, ол керекті біліктілікті шыңдауға мүмкіндік бермейді.

Сондай-ақ, болашақ мұғалімдердің кәсіби өздігінен білім алуға даярлығын қалыптастыру үшін алдымен олардың қалыптасуда өлшейтін құрамдық компоненттерін анықтап алу керек. Ол *компоненттер біз анықтаған өздігінен білім алу механизмінен (1.1), кәсіби өздігінен білім алу құрылымының мәнді сипаттамасынан (1.1), кәсіби өздігінен білім алу ұғымының анықтамасынан (1.1), кәсіби өздігінен білім алуға даярлығын қалыптастыруға қажетті педагогикалық шарттар қағидаларынан (1.2) туындайды.*

Өркениетті қоғам дамуына сәйкес, болашақ мұғалімдердің кәсіби өздігінен білім алуға даярлығын қалыптастыру проблемасын шешудің теориялық нәтижесін талдау шарттарында, алынған қорытындыларды кіріктіруде, оқу-танымдық іс-әрекетте белсенді кәсіби өздігінен білім алуға даярлығы қалыптасқан мұғалім тұлғасының компоненттік құрамы анықталды.

Зерттеу барысында болашақ мұғалімдердің кәсіби өздігінен білім алуға даярлығын қалыптастыру үдерісінің компоненттері, (мотивациялық, ұйымдастырушылық, рефлексиялық) болашақ мұғалім тұлғасын, оның қажеттілігін, мақсаттарын, қабілеттерін, белсенділігін, ынтасын, қызығушылығын және басқа да жеке-психологиялық ерекшеліктерін жүзеге асырады. Бұл, *біріншіден*, білім алу жағдайларында болашақ мұғалімдердің өзін көрсетуін қамтамасыз етеді, оның тұлғалық өсуі мен өзінің қабілеттілігін, іскерлігін көрсетуге жағдай жасайды. *Екіншіден*, болашақ мұғалімнің педагогтармен субъект-субъект қарым-қатынасында болады, сонымен бірге, олардың белсенділігі, білім алу іс-әрекетіне дайындығы қалыптасады.

Болашақ мұғалімдердің кәсіби өздігінен білім алуға даярлығын қалыптастыру күрделі үдеріс. Өйткені, мұндай іс-әрекеттің нәтижелі болуы мұғалімнің біліміне ғана тәуелді емес, ол болашақ мұғалімнің кәсібилік қабілеттілігі мен оған креативті тұрғыдан келуін қамтамасыз ететін мотивациялық, ұйымдастырушылық, рефлексиялық ерекшеліктеріне тәуелді болады. Олай болса, болашақ мұғалімдердің кәсіби өздігінен білім алуға даярлығын қалыптастыру үдерісін анықтау үшін оның қажетті компоненттерін анықтап, олардың өлшемдері мен көрсеткіштері деңгейлерін анықтау қажеттілігі туындайды.

Бұл көзқарас аспектісі компоненттер іс-әрекеті болып табылады. Компоненттер бір-бірімен өзара тығыз байланысты, себебі жеке тұлға өз кезегінде басқа факторлар мен оның жеке дамуын анықтайтын іс-әрекеттің субъектісі ретінде қызмет етеді.

Болашақ мұғалімдердің кәсіби өздігінен білім алуға даярлығын қалыптастыру моделін құруда *мотивациялық, ұйымдастырушылық,*

рефлексиялық компоненттері қарастырылды.

Болашақ мұғалімдердің кәсіби өздігінен білім алуға даярлығын қалыптастыру моделінің аспектілері төмендегідей құраушылардан тұрады:

Мотивациялық компонентке болашақ мұғалімнің кәсіби өздігінен білім алу үдерісінде танымдық іс-әрекетінің негізгі бейнесінің қалыптасуы жатады. Оған болашақ мұғалімнің өзінің кәсіби қабілетін дамытуға талпынуы, кәсіби жеке білік, іскерлік деңгейін көтеруге бағыттылығы, кәсіби өздігінен білім алуы, өзіндік іс-әрекетке ұмтылуы, өздігінен білім алу үдерісіндегі өзіндік іс-әрекетке қызығушылығы кіреді.

Өздігінен білім алуға жеке және кәсіби ынтасының, қызығушылығының болуы, өзінің кәсіби болашақ мұғалім мамандығы үшін жауапкершілікпен жалпы білімі мен кәсіби білімін, танымдық қызығушылықтарын қалыптастыруы енеді. Сонымен қоса, мотивациясы - бұл қандай да бір іс-әрекетке деген ұмтылысын, қандай да бір затты немесе нәрсені қалауын және сол іс-әрекет не заттың жетіспеушілігіне қажеттіліктен туындайды. Мотивация негізгі танымдық іс-әрекетті анықтап, болашақ мұғалімнің тұлға ретінде өзіне деген сенімділігінің артуына себепші болады. Болашақ мұғалімдердің өздігінен білім алуға деген ынтасы түрлі мотивтер арқылы жүзеге асырылуы. Олардың танымдық қызығушылығы белгілі бір сала бойынша анықталады.

Ұйымдастырушылық компонентке болашақ мұғалімдердің кәсіби өздігінен білім алуға даярлығын қалыптастыруда жеке кәсіби іс-әрекет пен мінез-құлықтың ұйымдастырылуы, оқу үдерісі және өзіндік іс-әрекеті өздігінен білім алу, аудиториядан тыс жұмыстарды ұйымдастыру, кәсіби өздігінен білім алу құралдарын пайдалануды насихаттауы, болашақ мұғалімдердің өзін-өзі басқаруын ұйымдастыру, олардың шығармашылық белсенділігін жұмылдыруы, өз мамандығы бойынша теориялық біліммен қаруландыруы, өздігінен білім алу үдерісі туралы ұғымы, білімдер жүйесі кіреді. Сонымен бірге кәсіби білімі жеткілікті дәрежеде болуымен сипатталады. Өзін-өзі дамыту негізі, пәндік, педагогикалық-психологиялық, жалпы білімі деңгейімен анықталады. Бұл барлық көлемді білімді болашақ мұғалім өздігінен білім алу үдерісінде меңгереді.

Кәсіби өздігінен білім алудың ғылыми негіздерін игеруі, біртұтас педагогикалық үдерістің теориялық негіздерін меңгеруі, педагогикалық іс-әрекет теориясы негіздерін кәсіби біліктілік тұрғысында білуі, болашақ мұғалімдердің барлық мүмкіндіктерін пайдалануға өзіндік іс-әрекеттің көбіне нәтижелі болатындығын сезіне алу жатады.

Кәсіби өздігінен білім алатын болашақ мұғалім *рефлексиялық* компонентте өзін-өзі дамыту, өзін-өзі жетілдіру, өзін-өзі бағалаудағы кәсіби қасиеті, қызығушылығы, ынтасы, дамуы күшейтілген өзінің ішкі күштері болып табылады. Сондай-ақ, орын алған кәсіби өзін-өзі даярлаудың негізіндегі іс-әрекеттің рефлексиясы маңызды.

Рефлексиялық дегеніміз белгілі бір іс-әрекетті бақылап, талдап оны меңгеру жөніндегі ұғым, ал кәсіби тұрғыда оның мақсаттары мен міндеттерін айқындайды.

Сонымен, болашақ мұғалімдердің кәсіби өздігінен білім алуға даярлығын қалыптастыруды модельдеу: мотивациялық; ұйымдастырушылық және рефлексиялық сияқты көрсеткіштерді қамтиды. Осы аталған көрсеткіштердің әсерінен білім, білік, іскерлік, дағды, кәсіп, өзіндік іс-әрекетті, игеру, меңгеру нәтижелері құралады.

Болашақ мұғалімдердің кәсіби өздігінен білім алуға даярлығын қалыптастыру ең алдымен феноменнің критерийлері мен көрсеткіштеріне тоқталамыз. Ғылыми әдебиеттерді талдай келе «өлшем» және «көрсеткіш» ұғымдары мен анықтамалары бір сарында, нақты берілмеген.

Болашақ мұғалімдердің кәсіби өздігінен білім алуға даярлығын қалыптастыру критерийлері ретінде ынтасына, мотивациясына, қызығушылығына, ұмтылысын және т.б. психологиялық-педагогикалық және өздігінен білім алу, өзіндік іс-әрекетке дайындық бағытына қатысты білімдері, педагогикалық іс-әрекеттерді орындай алуы алынды.

Ең алдымен, «критерий» ұғымының мәніне сипаттама беру қажет, оны түсіндірме сөздікте «бағалау өлшемі, пайымдау» деп қарастырған болса, «ерекшелік белгісі негізінде қандай да бір құбылыстың, іс-әрекетте баға беруі» деген ұғымға тоқталады [176].

Психологияда «критерий» - стандарт, эталон деп түсіндіріледі [177].

Педагог ғалым Ш.Т.Таубаева өлшем - білім алушыларды тәрбиелеу, дамыту, қалыптастыруда жеткен жетістіктердің белгіленуін салыстыратын ғылыми негізделген эталондар көрсеткіші, - болып табылады, - деген анықтама берген. Ғалым сонымен қатар көрсеткіш - тұлғаның даму үдерісін оқытатын, сипаттайтын деңгейін, оның оқытылуын, тәрбиелілігі визуальды бақылануын білім алушының тәжірибесінде қалыптасқан білімі, дағдысы, іскерлігі даярлығын қалыптастырудың өлшемдері мен көрсеткіштері тәртібінің белгіленген мөлшерде жүзеге асырылуы, - деген анықтама берген [178].

«Көрсеткіш» ұғымы зерттелетін объектінің (құрылғының, құбылыстың, процестің, заттың) қандай да бір қасиетін (негізгісі болу міндетті емес) зерттеуші қабылдаған өлшеудің бірліктерімен сипаттайтын шама. Көрсеткіштер сапалық көзқарасқа сәйкес, көрсеткіш «жақсы-жаман», ал сандық көзқарас бойынша «үлкен-кіші» талаптарына сай келуі керек. «Өлшем» маңызды белгі, оның негізінде зерттелетін объектінің абстрактілі сапалы бағасы, анықтамасы немесе классификациясы (жіктеуі, топтастыруы) жасалады [179].

Демек, өлшем - зерттеу объектісінің жағдайы, дамуы және өзіндік іс-әрекет ету деңгейі жайлы көрініс беретін оның сапалары, қасиеттері мен белгілері болып саналады. Ал, көрсеткіштер зерттеу объектісінің сапасы, әрбір қасиеті, қалыптасу деңгейінің сандық және сапалық сипаттамалары, яғни критерийдің қалыптасу өлшемін көрсетеді. Сонымен, өлшемдер, көрсеткіштер бір-бірімен өзара тығыз байланыста қатар жүретін сипаттамалар, олардың белгісі бойынша критерий көрінісінің деңгейі жайлы анықтама аламыз.

Даярлықтың мақсатына сәйкес нәтижені бағалауда кәсіби өздігінен білім алуын ұйымдастыру болашақ мұғалімдердің даярлық деңгейі сапасының көрсеткіші болып табылады (мазмұнын түзетін білімдерді, білік, іскерлік және

сапалық қасиеттерін білуі мен соған сәйкес педагогикалық үдерістің маңызын түсіндіре алуы және педагогикалық іскерлікті жүзеге асыруы немесе өзара сәйкес әрекеттің бағдарлық негіздерін сауатты орындауы). Қазіргі уақыттағы оқыту үдерісінде болашақ мұғалімдердің ақыл-ой дамуының негізгі ойлау операцияларын меңгеруі және олардың ұйымдастырушылық қабілеттерінің көрсеткіштері қажет. Оны біз төмендегідей етіп келтірдік (кесте 3).

Кесте 3 – Болашақ мұғалімдердің кәсіби өздігінен білім алуға даярлығы қалыптасқандығының өлшемдері мен көрсеткіштері

Компонеттер	Өлшемдер	Көрсеткіштер
Мотивациялық	Болашақ мұғалімдердің кәсіби өздігінен білім алуға ынтасының болуы	-кәсіби өздігінен білім алуды қажетсінуі; - мәнін түсінуі; - өзін-өзі ынталандыруы; - өздігінен білім алуын жүзеге асыруға ерік-жігерінің болуы
Ұйымдастырушылық	Болашақ мұғалімдердің кәсіби өздігінен білім алуын ұйымдастыру білімі мен білігінің болуы	- өздігінен білім алудың механизмін, құрылымдық мәндік сипаттамасын жете білуі; - формаларын, құралдарын, әдістерін жетік меңгеруі; - өздігінен білім алуда мобильдік технологияларды пайдалана алу білігі; - өзіндік танымдық іс-әрекетті өздігімен ұйымдастыру білігі және т.б.
Рефлексиялық	Болашақ мұғалімдердің кәсіби өздігінен білім алуын өзін-өзі бағалауы	- кәсіби өздігінен білім алуын өзін-өзі бақылауы; - өзін-өзі дамытуға мақсатты бағыттылығы; - өзін-өзі реттеуі; - өзін-өзі басқаруы; - өзін-өзі жетілдіруі іскерліктерін болуы

Сонымен біз *мотивациялық* компоненттің өлшемдеріне болашақ мұғалімдердің кәсіби өздігінен білім алуға ынтасының болуы қажет деп анықтасақ, кәсіби өздігінен білім алуды қажетсінуін, оның мәнін түсінуін өзін-өзі ынталандыруы, өздігінен білім алуын жүзеге асыруға ерік-жігерінің болуын белгілейміз.

Ал *ұйымдастырушылық* компоненттің *өлшеміне* болашақ мұғалімдердің кәсіби өздігінен білім алуын ұйымдастыру білімі мен білігінің болуын көрсетсек, *көрсеткіші* тұрғысынан өздігінен білім алудың механизмін, құрылымдық мәндік сипаттамасын жете білуін; формаларын, құралдарын, әдістерін жетік меңгеруін; өздігінен білім алуда мобильдік технологияларды пайдалана алу білігін, өзіндік танымдық іс-әрекетті өздігімен ұйымдастыру білігін және т.б. айқындаймыз.

Рефлексиялық компоненттің *өлшемі* - болашақ мұғалімдердің кәсіби өздігінен білім алуын өзін-өзі бағалауы десек, оған сәйкес *көрсеткіші* болып кәсіби өздігінен білім алуын өзін-өзі бақылауы, өзін-өзі дамытуға мақсатты бағыттылығы, өзін-өзі реттеуі, өзін-өзі басқаруы, өзін-өзі жетілдіруі іскерліктерін болуы табылады.

Модельдің әр компонентін бағалау үшін өлшемдері мен көрсеткіштері жасалды және болашақ мұғалімдердің кәсіби өздігінен білім алуға даярлығын қалыптастыру деңгейлері анықталды, олар: *жоғары, орта, төменгі деңгей*.

Жоғары деңгейі: болашақ мұғалімдердің кәсіби өздігінен білім алуға даярлығын қалыптастыруда кәсіби өздігінен білім алуды қажетсінеді, мәнін түсінеді, өзін-өзі ынталандыруы жақсы дамыған, өздігінен білім алуын жүзеге асыруға ерік-жігерінің жоғары деңгейде болуы, өздігінен білім алудың механизмін, құрылымдық мәндік сипаттамасын біледі; формаларын, құралдарын, әдістерін жетік меңгерген, өздігінен білім алуда мобильдік технологияларды қолдана алады, өзіндік танымдық іс-әрекетті мен өзін ұйымдастыру білігі жоғары деңгейде қалыптасқан және т.б. Кәсіби өздігінен білім алу және өзін-өзі бақылай алады, өзін үздіксіз дамытады, алдына мақсат қоя біледі, өзінің іс-әрекетін жүйелі түрде бағыттап, өзін-өзі реттейді, өзін-өзі басқарады, өзін-өзі жетілдіреді, іскерлігі жақсы дамыған.

Орта деңгейі: Кәсіби өздігінен білім алуды қажеттілігін аса түсіне бермейді, мәнін түсінеді алайда өзін-өзі ынталандыруы аса байқалмайды, өздігінен білім алуын жүзеге асыруға қылығышылығы мен ұмтылысы бар, ерік-жігерін көрсете бермейді, өздігінен білім алудың механизмін, құрылымдық мәндік сипаттамасына білімі үстірт; формаларын, құралдарын, әдістерін қолдана бермейді, өздігінен білім алуда мобильдік технологияларды пайдаланау білігі орташа, өзіндік танымдық іс-әрекетті өздігімен ұйымдастыруды толықтай іске асырмайды және т.б. Кәсіби өздігінен білім алу мазмұнын жүйелі түрде ашуы толық емес өзін-өзі бақылай алады алайда өзін-өзі дамыту жағдылары байқалмайды, мақсатты бағытты жұмыс істеуі, өзін-өзі реттеуі айқын емес, өзін-өзі басқарады, өзін-өзі жетілдіру іскерліктері орташа деңгейде.

Болашақ мұғалімдердің кәсіби өздігімен білім алуға даярлығын қалыптастыруда және басқаруды жүзеге асыру барысында болашақ мұғалімдерге педагогикалық көмек қажет.

Төмен деңгейі кәсіби өздігінен білім алудың қажеттілігін, маңыздылығын түсінбейді, өздігінен білім алу ынтасы жоқ, білім алуға жігері төмен, өздігінен білім алудың механизмі туралы білімі жоқ, құрылымдық мәндік сипаттамасын білмейді; формаларын, құралдарын, әдістері туралы хабарсыз, өздігінен білім алуда мобильдік технологияларды қолдау білігі төмен деңгейде, өзіндік танымдық іс-әрекетті өздігімен ұйымдастыру білігін және т.б. іске асыра алмайды, тек қана басқа біреудің айтқандарын ғана дұрыс орындайды, кәсіби өздігінен білім алуда өзін-өзі бақылау жүргізілмейді, өзін-өзі дамытумен айналыспайды, алдына қойған мақсаты жоқ, өзін-өзі реттеу және өзін-өзі басқару қалыптаспаған, өзін-өзі жетілдіру іс-әрекеті, іскерліктеріне өздері де

сенімді емес.

Сонымен, кәсіби өздігінен білім алу үдерісінде болашақ мұғалімдердің кәсіби өздігінен білім алуға даярлығын қалыптастыру: рефлексияға негізделген мотивтерін, кәсіби өздігінен білім алудың негізгі бағыттарын қалыптастыру; кәсіби даярлау үрдісінде болашақ мұғалімдердің кәсіби өздігінен білім алу әрекетінің даярлығын қалыптастыратын оқу-тәрбиелік кеңістерін құру; тәрбиелеу үрдісі кезінде кәсіби өздігінен білім алу және өзін-өзі дамытудың құндылық негіздеріне бағыттау; болашақ мұғалімдермен оқу-танымдық және басқа да қызмет түріндегі пайда болатын әрекет кезінде кәсіби өздігінен білім алудағы құндылыққа мән беру, әр болашақ мұғаліммен кәсіби өздігінен білім алу мағынасын жете түсіну үшін жағдай жасау және ұйымдастыру; болашақ мұғалімдердің қабілет ерекшеліктерін есепке алу негізінде кәсіби өздігінен білім алуға даярлау; кәсіби өздігінен білім алу мақсаттарына жауапты, белсенді және шығармашылық түрде шешу үшін адами қорларын дамытуды анықтайды.

Өркениетті қоғам дамуының деңгейіне сай, елімізде кәсіби өздігінен білім алатын, ізденімпаз, креативті болашақ мұғалімге деген қажеттілік туындауда. Ол үшін жаңартылған білім беру бағдарламасы жағдайында болашақ мұғалімдердің кәсіби өздігінен білім алуын ұйымдастыруды, оқу-материалдық базаны және т.б. жетілдіру арқылы болашақ мұғалімдердің кәсіби өздігінен білім алуға даярлығы дұрыс жүзеге асырылуы қажет.

Болашақ мұғалімдердің кәсіби өздігінен білім алу барысында өзіндік іс-әрекетті ұйымдастыруда теориялық білімдері мен практикалық іскерліктері жөніндегі түсініктері болуын талап етеді.

Ал енді, болашақ мұғалімдердің кәсіби өздігінен білім алуға даярлығын қалыптастыру моделін құру барысында модель ұғымын талдай кеткенді дұрыс санадық. Осы сұрақтардың негізінде оның мазмұнына назар аударатын болсақ, ол көп жағдайда объектілердің сыртқы бейнесі, сипаттамасы туралы мәлімет алуға мүмкіндік береді.

Болашақ мұғалім тұлғасын қалыптастыру үдерісіндегі кәсіби өздігінен білім алуын ұйымдастырудың оқу-тәрбие жұмыстары кезеңдерінде дұрыс шешімін таба білетін қажетті жоғары оқу орындарындағы іс-шаралар: шеберлік сынып, пікір талас, дөңгелек үстел, рефлексия, арт терапия, тренинг, кітапханамен тікелей жұмыс және т.б. болашақ мұғалімнің кәсіби өздігінен білім алуға даярлығын, олардан өздігінен білім алуды талап етіп отырған деңгейде жүзеге асыру үшін болашақ мұғалімдердің өзіндік іс-әрекетін зерделеп, әлемдік деңгейдегі тәжірибелердің жүзеге асырылуы тиіс, екіншіден еліміздегі жаңартылған білім беру бағдарламасын енгізу жағдайында болашақ мұғалімдердің кәсіби өздігінен білім алуға даярлығын қалыптастыру көкейкесті мәселе ретінде негізге алынуда.

Жоғарыда айтылып өткендер болашақ мұғалімнің кәсіби өздігінен білім алуға даярлығын қалыптастырудың құрылымдық-мазмұндық моделін жасауға негіз болды.

Модельдеу күрделі объектілерді жеңілдетумен қатар оларды танудың ерекше тәсілі болып табылады. «Модель» ұғымы оның базалық мәні болып

келеді. Моделдер зат (физикалық дене немесе жүйелер) және ой түрінде болады. Заттар сонымен қатар басшылық ететін ғылымдардың түлеріне қарай жіктеледі: математикалық, физикалық, химиялық, әлеуметтанымдық, экономикалық және басқа да модельдер.

Көрнекті орыстың философия ғылымының докторы, профессор С.И.Ожегов, орыс және шет тілдері сөздерінің үлкен сөздігінде модельді үлгі, бір зат туралы елестету ретінде айқындайды [46, б. 420].

Алайда біздің зерттеудің мақсаттарына неғұрлым сәйкес келетін «модель» ұғымын В.А.Штофф анықтады. Бұл «ойша елестетілген немесе материалды жүзеге асыру жүйесі, ол зерттеу объектісін бейнелей отырып, қайта жаңғырту арқылы, оның орнын басуға қабілетті, бұл жағдайда оны қарастыру бізге объекті жөнінде жаңа ақпарат береді» [175, б. 10].

Біз үшін ғалым анықтаған және баяндаған модельдің болуы жөніндегі керекті және жеткілікті шарттары негізгі болып табылады. Атап айтқанда: модель мен түпнұсқа арасында ұқсастық болады, оның формасы нақты көрсетілген және анықталған (бейнелеу және ұқсастықты анықтау шарттары); модель ғылыми таным үдерісінде зерттелетін объектінің орынын басатын болады (репрезентативтік шарты); модельді зерттеу түпнұсқа жөнінде ақпарат алуға жол береді (экстраполяция шарты) [178, б. 107].

Н.Д.Хмельдің көзқарасы бойынша, модель - біртұтас педагогикалық үдерісті жүзеге асырудың маңызды бөлігі: «Яғни, зерттеуші ұстаз үшін моделдеу зерттелінетін құбылыстың идеалдық (шынайы) моделін қайта жасаудың тәсілі болып табылады. Практик-мұғалім үшін моделдеу іс-әрекетінің мақсатына сай оның жағдайын өзгерткісі келетін белгілі бір педагогикалық құбылысты немесе үдерісті тұтасымен ойша (алдын ала) қайта құру тәсілі болып табылады. Басқаша айтқанда, моделдеу ұстаз үшін педагогикалық теория мен нақтылы практикалық іс-әрекет арасындағы бөлік» деп қарастырған [28, б. 89].

С.Г.Вершловский белгілеген модельдеу деңгейін негізге ала отырып, біз модельдеудің келесі мақсаттарын анықтадық: модельденетін нысанының қызметін анықтау; өздігінен білім алу үдерісінің құрылымдық мазмұнын құру, оның іс-әрекеттерде тұрақты және максималды түрде қолдана алуымен сипаттау; компоненттер жүйесінің құраушыларының құрамын анықтау, құраушылар мен олардың арасындағы жүйені қалыптастыратын байланыстарды сипаттау, жүйе қызметтері мен қарастырылған үдерістің деңгейлері, кезеңдерін анықтау; зерттеу нысанының динамикалық моделін әзірлеу; әзірленген модельдің нақтылығын тексеру [181].

Материалдық тұрғыдан модель объектілердің сыртқы бейнесіне сәйкес мағлұмат алуға мүмкіндігі зор. «Ал ұғым ретінде, модель сөзі латынның *modus*, *modulus*, яғни, үлгі, тәсіл, өлшем деген мағынаны береді», – деп біледі Д.Қ.Пошаев [182, б. 53]. Оның алғашқы мазмұны мен ұғымы құрылыс деңгейімен байланысты туындаған барлық уақыттағы құбылыстың, үлгінің белгісі түрінде қолданылған.

Модельдеу – ғылыми танымдық әдіске сәйкес құбылыстың дамуын, ең

соңғы қорытынды озық болуын болжап білуге мүмкіндік береді.

Мақсатты түрде болашақ мұғалімдердің өздігінен білім алу әрекетіне даярлығын қалыптастыру мен өздігінен білім алуды ұйымдастыру, дамыту, моделін әзірлеу, зерттейтін объектінің нақты бір сипаттамалары көрсетілетін арнайы құрылған нысанға негізделеді.

Модельдеу көмегімен қиынның зерттеуін қарапайымға, көрінбейтінді көрінетінге, бейтанысты таныстыққа әкелуге болады.

Модель негізінен модельдеудің барысында жүзеге асырылады. Педагогикалық тұрғыдан зерттеліп отырған сапаны қалыптастыру моделін сызба түрінде де, мазмұндық сипаттама ретінде де беруге болады.

Біздің пайымдауымызша, модельдеу дегенді зерттеушінің меңгеруіне қолайлы түрде жинақтап қорытындыланған, дерексіз-қонымды бейнені жасау үдерісі деп түсіну керек.

Педагогикада модельдеу мына жағдайларда қолданылады: педагогикалық міндеттерді және педагогикалық жағдаяттарды моделдеу; оқыту, тәрбие, үйренушілерді дамыту үдерісін модельдеу; білім беру мекемелерін басқару жүйесі жағдайын модельдеу.

Модельдеу әдісін қолдану қажеттілігі психологиялық-педагогикалық құбылыс ретінде кәсіби өздігінен білім алудың күрделілігімен, оның ішкі құрылымына ену және зерттеу үшін қарапайым ұқсастықтарды іздестіру динамикасымен түсіндіріледі.

Модельдеу үрдісі кезінде құрылымы және қолжетімділігі бойынша зерттеу нысан (жүйе) едәуір күрделі нысанның (түпнұсқаның) моделі болып табылады. Модельді пайдалана отырып алынған ақпараттың ұқсастық жақтарының мүмкіндігі ашылады.

«Модель» ұғымы «модель құру» ұғымымен өзара тығыз байланыста жүреді. Модель құру - бұл теориялық және эксперименталдық деңгейде зерттеудің жанама әдісі, сондықтан педагогикалық зерттеулерде модельді құру кеңінен пайдаланылуда. Болашақ мұғалімдерді кәсіби даярлау моделі өздігінен білім алу іс-әрекетін меңгеру көлемі мен құрылымынан, болашақ мұғалім ретіндегі кәсіби қасиеттер мен дағдылардың бейнесінен көруге болады.

Сонымен, модельдеу теориялық зерттеудің әдісінің бір бөлігі. Кез келген педагогикалық салада кеңінен қолданылады. Кәсіби өздігінен білім алу құрылымын оңтайландыру, білім алудың үдерісін үздіксіз жоспарлауды жақсартады, танымдық әрекетті басқарады, диагностикалық болжам жасайды, жобалаудың міндеттерін шешуде қолданылады.

Жалпы және жекелеген міндеттерді шешудегі болашақ мұғалім моделін әзірлеу: іс-әрекеттік және жеке тұлғалық тұрғыдан қарастырылады. Болашақ мұғалімінің іс-әрекетін модельдеу кезінде стандартты тізімнің төрт тобының құрылымы пайдаланылады. Олар: міндеттер, қызметтер, іс-әрекет түрлері және міндеттерді шешудің тәсілдері мен құралдары [183].

Сонымен жоғары оқу орындарында болашақ мұғалімінің моделін құру кезінде болашақ мұғалімнің жан-жақтылығы оқу-тәрбие үдерісінде көңіл бөлу керектігі басты назарға алынуда.

Болашақ мұғалімнің бұл іс-әрекеттері арнайы ерекшеліктерінен көрініс табады: міндеттер; қызметтер; міндеттерді шешу мен қызметтерді жүзеге асыру; тәсілдері мен құралдары.

Болашақ мұғалімдердің кәсіби өздігінен білім алуға даярлығын қалыптастыруда болашақ мұғалім ерекше бергілерімен – тұлғалық қасиеттері: ынтасы, қызығушылығы, дағдысы, қабілеті арқылы анықталады.

Модель құрастыру барысында болашақ мұғалімдердің оқу үдерісіне қажетті нормативті құжаттары тексеруден өтіп, кәсіби өздігінен білім алуға даярлығының талаптарды анықталады. Ғалымдардың еңбектерін саралап, талдаудың барысында болашақ мұғалімдердің басты іс-әрекеті, орындауға қажетті қызметтерін, игеретін саласын, дағдыларын, ашып қарастыруға болады.

Сондай-ақ модельдің басты құраушысы жоғарыда баяндалғандай, жеке тұлғалық сапасы болып саналады. Модель мазмұнын әзірлеуде бұл мәселелер өздігінен білім алу мазмұнына қойылатын талаптарды анықтайды.

Біздің зерттеу жұмысымызда модельдеу әдісін болашақ мұғалімдердің кәсіби өздігінен білім алуға даярлығын қалыптастыру моделін жасауда қолданамыз.

Болашақ мұғалімдер даярлаудың моделі Ю.К.Василевтің, К.Ә.Дүйсенбаевтың, т.б. еңбектерінде қарастырылған. Маман дайындау моделін әзірлеу жұмыстарымен басқа ғылым саласының мамандары да айналысқан [184].

Қажеттілік, яғни өркениетті қоғам дамуының деңгейіне сәйкес, әлеуметтік сұраныстың жалпы білім беретін мектеп алдындағы басты міндет деп білу қажет. Бұл мәселе болашақ мұғалімдердің кәсіби өздігінен білім алуға даярлығын қалыптастыру үдерісінің өзекті болуымен байланысты. Алдына қойылған талап-тілек міндетті түрде жоғары оқу орнында болашақ мұғалімдер даярлау жүйесінде көрініс табады және олардың өз кезегінде жеке мақсат болып түзілуіне мүмкіндік жасайды.

Болашақ мұғалімдердің кәсіби өздігінен білім алуға даярлығын қалыптастырудағы басты мақсат: болашақ мұғалімдердің негізгі педагогикалық дайындық құраушыларын және соларға сәйкес педагогикалық іс-әрекеттерді меңгеруі; танымның ерекше тәсілі дайындықты жүзеге асыру үдерісінде дамудың көрініс табуы; білім, білік пен іскерлік, дағды негізінде зерттеп отырған дайындықтың сипаттамасын әзірлеу; болашақ мұғалімдердің кәсіби өздігінен білім алуға даярлығын қалыптастырудың қажетті білім алудың, дайындықтың әдіснамалық негізін құру.

Зерттеп отырған даярлықты жүзеге асырудың және оқытушы мен болашақ мұғалімнің іс-әрекетін ұйымдастырудың қажетті шарты тиімді әдістемелік және материалдық қамтамасыз ету болып табылады. Ол аудиторияларда, аудиториядан тыс уақыттарда: студенттің өзіндік жұмыстарын орындау барысында (СӨЖ), курстық, дипломдық жұмыстарды орындауда және СҒЗЖ-мен, ОБСӨЖ-мен, үйірмелерде, іс-шараларда, мастер-сыныптарда, кітапханаларда, педагогикалық практикада және т.б. ұйымдастыру жұмыстары, құрылғыларын, оқыту әдістері мен мақсатын қолдалануды бақылайды.

Әдістемелік тұрғыда қамтамасыздандыруда, білім алу-тәрбие үрдісінің компоненті ретінде субъект және объект, субъект -субъектінің қарым-қатынасын реттеу кәсіби өздігінен білім алу үдерісінде білім алу әдістері арқылы жүзеге асады. Әдістер арқылы іс-әрекеттер іске асады және өзара байланыста болады.

Ғылыми еңбектерде әдіс тек білім алу, оқыту, білімді игеру, оны қалыптастыру басысында пайдаланылады. Сондықтан да ғылыми зерттеу жұмыстардағы әдіс ұғымдардың негізі мазмұны мен мәнін анықтап алу қажет болып табылады.

Жалпы «әдіс» термині тар және кең мағынада қолданылады. Әдіс - қандай да бір нәрсені, теориялық зерттеудің немесе практика тұрғысында жүзеге асырудың тәсілдері. Өйткені, бәрінен бұрын, ол ғылыми пәндердің арнайы зерттеу, білім алу әдіс-тәсілдерін білдіреді. Кең мағынада әдіс - қандай да бір міндетті шешудегі белгілі бір жол, тәсілдер, амалдар. Ю.К.Бабанский білім алу әдістері жайлы түсініктерді талдап қорыту және жүйелеу мақсатында әдіс ұғымының негізгі түбірін анықтау «Үлкен Совет энциклопедиясындағы әдістің генетикалық түбірі (негізі) практикалық іс-әрекетке келіп тіреледі» – деп біледі [9, б. 15].


Білім алу әдістеріне берілген анықтамаларды ғалым-педагог Г.Қ.Нұрғалиева зерделей келе, олардың негізгілерін төмендегідей бөліп көрсетеді: білім алу әдістері дегеніміз - мұғалім мен білім алушылардың жұмыс жасау әдісі, соның арқасында білім, іскерлік, дағды қалыптасып, білім алушылардың дүниетанымдылығы мен қабілеттілігі артады (Педагогикалық энциклопедия. М., 1965); білім алу әдістері дегеніміз – мұғалім мен білім алушылардың бірлесе жасайтын іс-әрекеті (Г.И.Щукина, 1979); білім алу дегеніміз – мұғалім мен білім алушылардың өзара іс-әрекетінің негізінде білім, тәрбие үдерісін және танымдық іс-әрекетін жетілдіру (Ю.К.Бабанский, 1985).

Болашақ мұғалімдердің кәсіби өздігінен білім алуға даярлығын қалыптастырудың құрылымдық-мазмұндық моделі жасалды (сурет 3).

Ғалым-педагог оқыту әдістерін зерделей келе, «Заманауи педагогикада білім алу әдісі білім алушылардың білімді игеруі және олардың дамуы мен тәрбиесіне бағытталған білім алушы және мұғалім арасындағы бірлесіп жүргізілетін іс-әрекеттің субъекті-субъектілік қарым-қатынас құралы ретінде анықталады», – деп біледі [185, б. 6].

Болашақ мұғалімдердің кәсіби өздігінен білім алуға даярлығын қалыптастыру үдерісі жоғарыда аталған сипаттамаларға ие. Ол кәсіби білім беру өзгерістер барысында жүзеге арқылы және кәсіптік білім беру сатысындағы оның іс-әрекеттерін өзгертеді, кездейсоқ үдерістерге жатқызуға болмайды, өзінің жеке заңдылықтары бар.

Бұл үдеріс болашақ мұғалімдердің кәсіби өздігінен білім алуға даярлығын қалыптастыру іс-шараларын жетілдіруге бағытталған, мұның өзі мұғалімнің өздігінен білім алуының жаңа құрылымдық элементтеріне қолжетімділікті арттыруда жоғары деңгейге көшуінде көрініс табады.



Сурет 3 – Болашақ мұғалімдердің кәсіби өздігінен білім алуға даярлығын қалыптастыру моделі

Болашақ мұғалімдердің кәсіби өздігінен білім алуға даярлығын қалыптастыру моделі өзара бір-бірімен тығыз байланыстағы үш бөлімнен тұрады: тұжырымдамалық, технологиялық, бағалаушылық.

Тұжырымдамалық блокта әдіснамалық тұғырлар, әдіснамалық принциптер, педагогикалық шарттар берілген. Мазмұндық блокта болашақ мұғалімдердің кәсіби өздігінен білім алуға даярлығын қалыптастырудың мазмұны, әдістері, формалары, құралдары, тәжірибелік-эксперименттің анықтау, қалыптастыру, бақылау кезеңдерінен, кәсіби өздігінен білім алуды қалыптастыру әдістемесі, бағдарлық, мазмұндық, нәтижелік компоненттерден тұрады. Бағалаушылық блокта компоненттері (мотивациялық, ұйымдастырушылық, рефлексиялық) және деңгейлері бейнеленген.

Болашақ мұғалімдердің кәсіби өздігінен білім алуға даярлығын қалыптастырудың моделін нәтижелі жүзеге асыру оны әдістемесін жасаудың қажеттілігін тудырады. Әдістеменің мазмұны және оның тиімділігі тәжірибелік-эксперимент жұмысында тексерілді. Ол туралы диссертациялық зерттеудің 2.2 бөлімінде жан-жақты баяндалады.

2 ЖОҒАРЫ ОҚУ ОРЫНДАРЫНДА БОЛАШАҚ МҰҒАЛІМДЕРДІҢ КӘСІБИ ӨЗДІГІНЕН БІЛІМ АЛУҒА ДАЯРЛЫҒЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУ ӘДІСТЕМЕСІ

2.1 Болашақ мұғалімдердің кәсіби өздігінен білім алуға даярлығын қалыптастырудың қазіргі жағдайы

Тәжірибелік-эксперименттік зерттеу жұмысымыздың мақсаты – болашақ мұғалімдердің кәсіби өздігінен білім алуға даярлығын қалыптастырудағы ерекшеліктерін анықтау.

Біздің тәжірибелік-эксперименттік жұмысымыз келесідей міндеттер қойылды:

- жоғары оқу орындарында болашақ қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімдердің кәсіби өздігінен білім алуға даярлығын қалыптастыру және мүмкіндіктерін айқындау;

- болашақ мұғалімдердің кәсіби өздігінен білім алуға даярлығын қалыптастыру моделін, педагогикалық шарттарын анықтау;

- болашақ мұғалімдердің өздігінен білім алуға даярлығын қалыптастырудың мазмұнын, әдістемелік жүйесін айқындау.

- құзырлылық күтілетін нәтижеге бағытталған маман даярлау үдерісінде болашақ қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімдерінің кәсіби өздігінен білім алуға даярлығын қалыптастырудағы кәсіпке баулуға ықпалын зерттеу.

Осы міндеттерді жүзеге асыру барысында ғылыми зерттеудегі тәжірибелік-эксперименттік жұмысымыз 2015-2018 оқу жылдары *үш кезеңнен өтті: анықтау, қалыптастыру, бақылау.*

Зерттеу жұмысымызға 181 студент қатысты: Қ.А. Яссауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінің 5B011700-«Қазақ тілі және әдебиет» мамандығы бойынша оқитын 1-4 курстың студенттері - 65, М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік университетінің 5B011700-«Қазақ тілі және әдебиет» мамандығы бойынша оқитын 1-4 курстың студенттері - 62, Қорқыт Ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университеті 5B011700-«Қазақ тілі және әдебиет» мамандығы бойынша оқитын 1-4 курстың студенттері – 54 құрады, солардың ішінде эксперименталды топта – 89 студент, бақылау тобында – 92 студентпен жүргізілді.

Біз, зерттеу барысында болашақ мұғалімдердің кәсіби өздігінен білім алуға даярлығын қалыптастыру деңгейін анықтаумен бірге, олардың бүгінде жоғары оқу орындарындағы өздігінен білім алуға деген көзқарасын танып білдік.

Анықтау эксперименті келесідей зерттеу: жоғарғы оқу орындарының нормативтік құжаттармен танысу, бақылау, сауалнама алу, сұхбат жүргізу, болашақ мұғалімдер мен оқытушы профессорлар құрамымен және басқада қызметкерлермен әңгімелесу, болашақ мұғалімдердің кәсіби өздігінен білім алудағы өзіндік іс-әрекеттерін анықтау, жұмыс бағдарламаларының, жоғары білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттары мен білім беру бағдарламаларын талдау тәсілдерінің көмегімен жүргізілді.

Жүргізілген зерттеуде әр кезеңнің жұмыс барысы үнемі бақылауда болып,

нәтижелері бекітіліп, қажетті көрсеткіштер алынып отырды. Алынған нәтижелерді салыстыру, талдау және қорытындылау болашақ мұғалімдердің кәсіби өздігінен білім алуға даярлығын қалыптастыру деңгейінің өзгерісі жайлы қорытынды жасауға мүмкіндік берді.

Тәжірибелік-эксперименттік зерттеу жұмысы - болашақ қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімдерінің кәсіби өздігінен білім алуға даярлығын қалыптастыру тиімділігін тексеруге бағытталды.

Тәжірибелік-эксперименттік зерттеуді ұйымдастырудың барлық кезеңдері өзара байланыста болып, зерттеудің жалпы мақсаты басшылыққа алынады. Дегенмен де, әрбір кезеңінің нәтижелері талданып, сараланады.

Зерттеу мақсатына сәйкес көптеген ғылыми жұмыстары мен оған қатысты эксперимент өткізудің әдіс-тәсілдері зерделенеді. Осының негізінде ғылыми зерттеу жұмысымыздың тәжірибелік-эксперименттік нәтижелеріне қорытындылар жасалынды.

Біз тәжірибелік-эксперименттік ұйымдастыру жұмыстарында педагогика ғылымының эксперимент жүргізуге қоятын талаптарына негізге аламыз [29, б. 46].

Бәсекеге қабілетті болашақ мұғалімдерді кәсіби тұрғыда даярлау мәселесі тек оқу-тәрбие үдерісінде ғана емес, білім алу мазмұнында да маңызды орын алатынын алдыңғы бөлімдерде атап көрсеттік.

Жұмыстың 1.3 тармақшасында болашақ мұғалімдердің кәсіби өздігінен білім алуға даярлығын қалыптастыруда, анықтау экспериментін жүргізуімізге сәйкес деңгейлері, көрсеткіштер, өлшемдер айқындалды.

Аталған тақырыпта анықтау экспериментінің жұмыс барысы баяндалып, болашақ мұғалімдерді даярлауда біз зерттеп отырған сапалық қасиеттері өз деңгейінде қалыптастырылмайтындығы анықталды.

Болашақ мұғалімдердің кәсіби өздігінен білім алуға даярлығын қалыптастыру мәселелерін теориялық зерттеу және моделін ғылыми негіздеумен қатар, зерттеуде өздігінен білім алу даярлығын бағалау мақсатын, міндеттерін, мазмұнын анықтау және әдістемесін эксперимент жолымен тексеру қажет болды.

Эксперимент барысында тәуелсіз және тәуелді айнымалыларды анықтау үшін біз төмендегі әдістерді қолданамыз:

- теориялық (тарихи-логикалық; индукция және дедукция; теориялық талдау және жинақтау; жалпылау және салыстыру);
- сауалнамалы-диагностикалық (сауалнама жүргізу, сұхбат алу, әңгімелесу, тест жүргізу, бағалау-рейтинг);
- обсервациялық (тікелей және жанама, қосылған бақылау, дәрістер мен сабақтарды хаттамалау);
- праксиометрикалық (оқу жоспарларын, білім беру бағдарламасын талдау, оқытушылар мен болашақ мұғалімдердің іс-әрекеттерінің өнімдерін талдау, заманауи ақпараттық технологиялық жабдықтарымен жете танысу);

- эксперименттік (анықтаушы, қалыптастырушы және бақылаушы педагогикалық эксперимент) математикалық және статистика әдістері [186; 187].

Анықтау эксперименті – болашақ мұғалімдердің кәсіби өздігінен білім алуға даярлығын қалыптастыру деңгейі, жағдайы, психологиялық механизмдерінің (тетіктерінің) көрсеткіштері анықталды. Топ эксперименталды және бақылау тобы болып бөлінді.

Тәжірибелік-эксперименттік жұмысты жүзеге асыруда «Студент және өздігінен білім алу» сауалнамасы, «Өздігінен білім алуға менің көзқарасым» атты сұхбаттасу әдісі, практикалық тапсырмалар, (бақылау тапсырма), В.И.Андреевтің [116, б. 84] жеке тұлғаның интеллигентін, бәсекеге қабілеттілігін және өздігінен білім алудағы шығармашылық қабілеттерін дамытып бағалауға арналған әдістемесінің жүйесін қолдану арқылы болашақ мұғалімдердің зерттеу мәселесі аумағындағы алғашқы түсініктері, мотивациясы, бастапқы білім, білік және дағдысы анықталады.

Болашақ мұғалімдердің кәсіби өздігінен білім алуға даярлығын қалыптастыруда өзіндік іс-әрекетті жүзеге асыру мәселелерін анықтау мақсатында «*Студент және өздігінен білім алу*» сауалнамасы, «Өздігінен білім алуға менің көзқарасым» атты сұхбат әзірленіп өткізілді (Қосымша А).

«Қазақ тілі мен әдебиеті» мамандығы бакалаврлары үшін әзірленген «*Өздігінен білім алуға менің көзқарасым*» атты сұхбат болашақ мұғалімдердің кәсіби өздігінен білім алуға даярлығын қалыптастыруды қандай деңгейде меңгергендігін анықтау мақсатында сұхбат жүргізілді (Қосымша Ә).

Сонымен қатар, болашақ мұғалімдерге кәсіби өздігінен білім алу үдерісін тәжірибеде қолдану аясының деңгейін анықтау мақсатында педагогикалық тапсырмалар әзірленді.

Ғылыми зерттеу жұмысымызда «Қазақ тілі мен әдебиеті» мамандығының бакалаврларына В.И.Андреевтің зерттеу жұмыстарында қолданатын жеке тұлғаның интеллигентін, бәсекеге қабілеттілігін және шығармашылық қабілеттерін дамытып бағалауға арналған әдіс-тәсілдер қолданылды (Қосымша Б). «*Жеке тұлғаның бәсекелестікке қабілеттілік деңгейін бағалау*» әдіс-тәсілдерінің мақсаты – болашақ мұғалімдердің педагогикалық қабілеттіліктерін жан-жақты айқындау.

Болашақ мұғалімнің бойынан табылуға тиісті кәсіби өздігінен білім алу, өзін-өзі тәрбиелеу, өзін-өзі жетілдіріп, өзін-өзі дамыту, өзіндік іс-әрекетті басқару, өзіндік жұмыстағы тәжірибелік дағдыны талап ететін өндірістік жағдайлардан нақты теориялық білім берудің, кәсіби маман даярлаудың заман талабынан алшақтап кетуі, теориялық біліммен шектелген болашақ мұғалім қоғамда өзінің құндылығын жоғалтатындығын дәлелдейді. Себебі, қаншалықты білімді болып, заманауи технологиялармен жұмыс жасай алмайтын тұлға, бәсекеге қабілеттілік кезеңінде, еңбек нарығында сұранысқа ие бола алмайды. Университет қабырғасындағы болашақ мұғалімдерге теориялық біліммен қатар мамандығына қатысты педагогикалық қабілетін шыңдауға мол мүмкіндіктер жасалған. Соның бірі – еуропалық білім беру жүйесіне ену үрдісіндегі кәсіби

өздігінен білім алу үдерісі. Зерттеу жұмысының негізінде болашақ мұғалімдердің кәсіби өздігінен білім алуға даярлығын қалыптастыруда құзырлық нәтижеде күтілетін оқыту үдерісін іске асыруда жоғарыда көрсетілген әдістеменің орны ерекше.

«Өздігінен білім алу, өзін-өзі дамыту, өз білімін жетілдіру, педагогикалық қабілетін бағалау» әдіс-тәсілінің мақсаты - салыстырмалы түрде өз кәсіби білімін жетілдіру (Қосымша В). Болашақ мұғалімдерді даярлаудағы маңызды міндеттердің бірі – кәсіби іс-әрекетінде білімдері мен біліктерін, дағдыларын табысты қолдану үшін болашақ мұғалімдердің кәсіби өздігінен білім алудағы өзіндік іс-әрекетті, өзінің білімін жетілдіру дағдыларын және өздігінен білімге ие болудағы педагогикалық қабілеттерін дамыту және ояту болып табылады. Бұл тек қана «Қазақ тілі мен әдебиеті» мамандығының бакалавры бойынша даярланған болашақ мұғалімдер үшін ғана емес, барлық педагог тұлғалар үшін маңызды.

Болашақ мұғалімдердің кәсіби өздігінен білім алуға даярлығын қалыптастыруға деген қызығушылығын арттыру мақсатында – *«Өздігінен білім алуды ұйымдастырудағы болашақ мұғалімнің педагогикалық қабілеттілігін бағалау»* әдіс-тәсілі жүргізілді (Қосымша Г). Әдіс-тәсілді өткізудің мақсаты болашақ мұғалімдердің кәсіби өздігінен білім алуға даярлығын қалыптастыру және кәсіби өздігінен білім алуда пайда болатын қызығушылығын, түрткісін, ынтасын және т.с.с. анықтау болып табылады.

Әр тұлға өз бойындағы қызығушылығын, түрткісін, ынта мен білімін бағалап, күш қайратын дұрыс бағытта жұмсай алу қажет. Жоғары оқу орындарында өзінің жанына жақын іспен айналысып, кәсіби өздігінен білім алып, көңілі қалаған өзіндік іс-әрекетті жасауға толық мүмкіндік берілгені дұрыс. Себебі, болашақ мұғалім өзінің сүйікті ісімен айналысуы оның болашақтағы мамандығы мен кәсібін таңдауға септігін тигізеді.

Анықтау эксперименті барысында болашақ мұғалімдердің кәсіби өздігінен білім алуға даярлығын қалыптастыру барысына білім беру бағдарламалары мазмұнының үлесі зерделенді, талдау жасалды және олардың мүмкіндіктері қарастырылды.

Білім беру жүйесінің басты міндеті - ұлттық және жалпы адамзаттық құндылықтар, ғылым мен практика жетістіктері негізінде жеке адамды қалыптастыруға, дамытуға және кәсіби шындауға бағытталған білім алу үшін қажетті жағдайлар жасау, әсіресе ақыл-ой дайындығын жетілдіру көкейкесті болып отыр.

Басты мақсаты білім беру мен ғылымның бәсекеге қабілеттілігін арттыру, экономиканың орнықты өсуі үшін адами капиталды дамыту.


Сол арқылы жаңа білім беру стратегиялары мен ғылыми жетістіктерді іске асыру үшін негіз жасалды [37, б. 78].

Мамандарды даярлауда әлеуметтік тапсырыс ескеріле отырып жүзеге асырылады.

Болашақ мұғалімдердің кәсіби өздігінен білім алуға даярлығын қалыптастыруға психологиялық-педагогикалық пәндер бойынша өтілетін

сабақтарда шығармашылықтың, креативтіліктің теориялық аспектілерін оқу үдерісінде алады. Зерттеу жұмысымыздың барысында болашақ мұғалімдерде шығармашылық, креативтілік жайлы теориялық даярлығының қалыптасуын қамтамасыз ететін шарттарды анықтау үшін келесі деректерге талдаулар жүргізілді: жоғары білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты; философия, психология, педагогика және әдістемелік пәндердің бағдарламалары.

Болашақ мұғалімді даярлауда – білім беру, атап айтқанда оның ой мүмкіншіліктерін дамыту, кез-келген мәселені шешуде тұлғаға берілген сезім аппараттарына ғана сүйенбей, сонымен қатар тұлғаның бойында оқу үдерісінде қалыптасатын бүкіл ойдың аналитикалық аппаратына да сүйенуін қамтамасыз ету (сурет 4).



Сурет 4 – Болашақ мұғалімдерде білім беру бағдарламасын қалыптастырудың ұстанымдары мен қатысушылары (Б.С.Омаров бойынша)

Стандарт бойынша анықталған пәннің мазмұнының қорытындысы білім беру бағдарламаларымен және сол сабақта қолданылатын құралдар мен құрылғылар арқылы білім берудің белгілі бір мақсатқа бағыттарған ұстанымдары қалыптасады.

Болашақ мұғалімдердің даярлығына қойылатын талаптарды анықтайтын негізгі нормативті құжат – ол мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарты.

5B011700 – Қазақ тілі мен әдебиеті мамандығы бойынша бакалаврларды даярлаудың соңғы стандарты 2016 жылы жаңартылған болатын (ҚР МЖББС 6.08.073-2010). Жұмысымызда Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің 2012 жылдың 23-тамызындағы №1080 бұйрығымен бекітілген және іске қосылған, ҚР МББМЖМС 6.08.073-2010 жылы жарық көрген қазақ тілі мен әдебиеті стандартын талдау жүзеге асырылады [188; 189]. (сурет 5)

Жоғары білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты (ЖББМЖМС) [189, б. 49].

Қазақстан Республикасының жоғары оқу орындары (бұдан әрі – жоғары оқу орны) жоғары білімді мамандар (бакалаврлар мен дипломы бар мамандар) даярлауды: осы стандартқа және жоғары білім мамандықтарының үлгілік оқу

жоспарларына; Қазақстан Республикасының жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім мамандықтарының жіктеуінше; академиялық күнтізбеге; студенттердің жеке оқу жоспарларына; мамандықтардың оқу жұмыс жоспарларына; пәндер бойынша оқу бағдарламаларына сәйкес жүзеге асырады.



Сурет 5 – Мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттар арасындағы ерекшелік

Стандартта жоғары білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті бойынша: жоғары білім берудің және оқытудың мазмұнын айқындайды; білім алушылардың оқу жүктемесінің ең жоғары көлеміне және даярлау деңгейіне қойылатын талаптарды белгілейді.

Келесі бағыттарда стандарт талаптары анықтайды: мамандықтардың үлгілік оқу жоспарларын; білім беру бағдарламаларын; мамандықтардың оқу жұмыс жоспарларын; студенттердің жеке оқу жоспарларын; пәндер бойынша оқу бағдарламаларын әзірлеу кезінде міндетті.

Жоғары білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандартында жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі мамандықтар жіктеуішіне сәйкес азаматтар бейіні мамандықтар тобында мынадай түрде айқындалатын жоғары білім алады: «Білім» мамандықтар тобы бойынша – жоғары педагогикалық білім.

Стандартта жоғары білімнің білім беру бағдарламаларын ведомстволық бағыныштылығына және меншік нысанына қарамастан, бакалавриаттың және жоғары арнаулы білімнің тиісті мамандықтары бойынша білім беру қызметін жүргізуге құқық беретін лицензиясы бар жоғары оқу орындары іске асырады.

Мемлекеттік жалпыға міндетті стандартында «Білім алушылардың даярлық деңгейіне қойылатын талаптар» деген бөлімде оқытудан күтілетін нәтижелер Дублин дескрипторларының бірінші деңгейі (бакалавриат) негізінде анықталады және құзыреттілік арқылы көрінеді. Оқыту нәтижелері

бағдарламаның барлық деңгейінде, сондай-ақ жеке пән модулінің деңгейінде сипатталады.

Стандартта «Білім беру мазмұнына қойылатын талаптар» деген бөлімде жоғары білімнің мақсаты мен құндылығы, білім беру оқу бағдарламаларын меңгерудің нормативтік мерзімдері, типіне, түріне және меншік нысанына, сондай-ақ оқыту тіліне қарамастан, жоғары оқу орындарында білім алушылардың міндетті меңгеруі тиіс мазмұн көлемі көрсетілген.

Жоғары білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандартында «Оқу жүктемесінің ең жоғары көлеміне қойылатын талаптар» деген бөлімде студенттің оқу жүктемесінің көлемі оның оқу жылы ішінде әр пән немесе оқу жұмысының түрі бойынша игеретін кредиттерімен өлшенеді делінген.

Стандарт білім алушыларды даярлау деңгейіне және жоғары оқу орындарының білім беру қызметіне қойылатын міндетті талаптар негізінде жоғары білімді ұсынуды көздейді.

Білім алушыларды даярлау деңгейіне қойылатын талаптар бөлімінде оқу үдерісінде кәсіби өздігінен білім алуын ұйымдастыруға болашақ мұғалімдердің даярлық компоненттерін қалыптастыруға бағытталған білім мен іскерліктеріне сәйкес маманның біліктілігіне мемлекеттік стандарт талаптарының өзіндік әсері мол. Жоғары білім беру тиісті мамандық бойынша «бакалавр» дәрежесін және біліктілік бере отырып, кадрлар даярлауға бағытталғандығы көрсетіледі.

Жоғары оқу орнын бітірушісінің негізгі құзыреттері жалпы білімділікке, әлеуметтік-этикалық құзыреттерге, экономикалық және ұйымдастыру-басқару құзыреттеріне, кәсіптік құзыреттерге қойылатын талаптар негізінде қалыптасатындығы айтылған.

Негізінде, мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарты өзара байланысқан екі бөліктен тұрады: Жалпы білім беретін пәндер (бұдан әрі – ЖБП) циклі міндетті компонент пәндерінен тұрады және таңдау компоненттерін де қамтуы мүмкін. Базалық пәндер (бұдан әрі – БП) және бейіндеуші пәндер циклдері міндетті компонент және таңдау бойынша компонент пәндерін қамтиды.

Міндетті компонент пәндерінің тізбесі үлгілік оқу жоспарымен айқындалады. Міндетті компонент пәндерінің көлемін азайтуға жол берілмейді.

Бұл ретте техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі немесе жоғары білім беру базасында жеделдетілген оқыту мерзімінде қысқартылған білім беру бағдарламалары үшін рұқсат беріледі.

Таңдау компоненті пәндерінің тізбесін жоғары оқу орны өзі анықтайды.

Білім беру қызметін ұйымдастыру оқу процесін, білім беру мазмұнын жоспарлау, оқу сабақтарын жүргізу тәсілдерін, студенттің өзіндік жұмысын, олардың оқу жетістіктерін қорытынды бақылау нысандарын таңдау арқылы жүзеге асырылады.

Жоғары білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандартында Дуальді оқыту элементтерін енгізген жоғары оқу орындары білім беру қызметін жоспарлау мен ұйымдастыруды теориялық оқыту мен өндірістегі практикалық дайындықты үйлестіру негізінде жүзеге асыруға елеулі әрекет етеді делінген.

Мемлекеттік жалпыға міндетті стандартында білім беру мазмұнына қойылатын талаптар бөлімінде келесідей компоненттерді қарастырылады. Яғни, жоғары білімнің мақсаты белгілі бір мамандық бойынша дербес жұмыс жасау үшін жоғары білімі бар мамандардың сапасына қойылатын заманауи талаптарға сай келетін білікті, бәсекеге қабілетті кадрлар даярлауды қамтамасыз ету болып табылады.

Стандартта өзгерістер мен белгісіздіктер серпінінің өсуі жағдайында әлеуметтік, экономикалық, кәсіби рөлдердің ауысуына, географиялық және әлеуметтік ұтқырлыққа байланысты дайындыққа қойылатын талаптар туралы сөз болады: заманауи ақпараттық ағынды бағдарлай білу және әлемдік экономикадағы серпінді түрде өзгеріп отыратын құбылыстар мен процестерге бейімделе білу; кәсіптік қызметке байланысты түрлі жағдайларда икемді және ұтқыр болу; белгісіздіктер мен қауіп-қатер жағдайында экономикалық және ұйымдастыру сипатында шешімдер қабылдау дағдыларының болуы жайында мазмұндалған. Онда жаһандану жағдайына байланысты болашақ мұғалімдерді даярлауда әлемдік деңгейде бәсекеге қабілетті, кәсіби өздігінен білім алатын, өз бетінше жылдам шешім қабылдай алатын тұлғаны тәрбиелеуге ықпалы зор.

Жоғары білім мамандықтары шеңберінде жоғары оқу орны Ұлттық біліктілік шеңберіне, кәсіптік стандарттарға сәйкес және Дублин дескрипторларымен және Еуропалық біліктілік шеңберімен келісілген әртүрлі білім беру бағдарламаларын өз бетінше әзірлейді делінген.

Әлемдік білім беру кеңістігінен ену, білім саласына өз әсерін тигізбей қоймады. Жаңартылған бағдарлама негізінде білім қаруландыру өз нәтижесін көрсетті. Мемлекеттік жалпыға міндетті стандартында білім беру бағдарламалары оқытудың нәтижесіне негізделген.

Білім беру мазмұнының құрылымы білім берудің есептеу-өлшем құралдары: оқу жоспарлары мен бағдарламаларына, оқу жүктемесінің көлеміне, академиялық кезеңдердің ұзақтығына, академиялық сабақ түрлеріне, оқу материалының көлеміне қойылатын талаптарға сәйкес айқындалатыны айтылған.

Білім беру қызметін жоспарлау мен ұйымдастыру оқу жоспарларының негізінде жүзеге асырылады.

Болашақ мұғалімдердің кәсіби өздігінен білім алуға даярлығын қалыптастыру жүзеге асыруда басшылыққа алатын құжаттар белгіленген.

Барлық оқу пәндерінің мазмұны үлгілік және оқу жұмыс бағдарламаларымен (силлабус) айқындалады деп көрсетілген.

Үлгілік оқу бағдарламалары (ҮОБ) міндетті компонент пәндері бойынша әзірленеді және оларды білім беру саласындағы уәкілетті орган бекітеді делінген.

Оқу жұмыс бағдарламалары (силлабустар) оқу жоспарының барлық пәндері бойынша әзірленеді және оларды жоғары оқу орны дербес бекітеді. Бұл ретте оларды міндетті компонент пәндері бойынша әзірлеу ҮОБ негізінде жүзеге асырылады. Оқу жұмыс бағдарламаларының (силлабустардың)

нысанын, құрылымын, әзірлеу және бекіту тәртібін жоғары оқу орны өзі айқындайды деп көрсеткен.

Міндетті минимум мен жоғары оқу орны ұсынатын оқу жүктемесінің көлемі шеңберінде алынған білім деңгейі бақылаудың әртүрлі түрлері арқылы қамтамасыз етілетіндігі айтылған.

Сонымен қатар стандартта студенттердің оқу жетістіктерін бақылауды және олардың оқу пәндері немесе модульдер бойынша білімін бағалауды оқу процесінің межелік кезеңдерінде (әр академиялық кезең мен оқу жылы аяқталған кезде) тіркеу (бөлім, сектор) кеңсесі ұйымдастырады және бақылау мен бағалау оқытудың қорытынды нәтижесіне бағытталатынын атап өткен.

Стандартта бітірушілердің білімін, іскерлігін, дағдысын және құзыреттерін бақылау оларды қорытынды аттестаттау кезінде жүзеге асырылады делінген. Жоғары оқу орны бітірушілерін қорытынды аттестаттау академиялық күнтізбеде және мамандықтардың оқу жоспарларында көзделген мерзімде өткізілетіндігі айтылған. Қорытынды аттестаттаудың мақсаты бітірушінің теориялық деңгейін, қалыптасқан кәсіби құзыреттерін, кәсіптік мәселелерді шешуге дайындығын және оның дайындығының білім беру бағдарламасы мен кәсіптік стандарттардың талаптарына сәйкестігін бағалау болып табылады. Қорытынды аттестаттау мамандық бойынша мемлекеттік емтихан тапсыру және дипломдық жұмысты (жобаны) қорғау түрінде немесе мамандық бойынша және қосымша екі бейіндеуші пән бойынша мемлекеттік емтихан тапсыру түрінде жүзеге асырылады. Дипломдық жұмысты (жобаны) қорғау дипломдық жұмысты (жобаны) жазудан және қорғау рәсімінен тұрады. Бұл ретте *дипломдық жұмыс* (жоба) бітірушінің талдау және зерттеу қабілеттерін анықтау және бағалау мақсатын көздейді.

Жоғары оқу орнында білім алушылардың теориялық дайындығының, оқу жетістіктерінің деңгейін, оқу нәтижелерін және зерттеу-талдау қабілеттерін ескере отырып, олардың қорытынды аттестаттау нысанын дербес айқындайды: мамандық бойынша мемлекеттік емтихан тапсыру және дипломдық жұмысты (жобаны) қорғау немесе мамандық бойынша және қосымша екі бейіндеуші пән бойынша мемлекеттік емтихан тапсырады.

Білім беру бағдарламасының мазмұнын жоспарлауды, оқу үдерісін ұйымдастыру және жүргізу тәсілін жоғары оқу орны құзырлыққа бағдарланған оқыту технологиясы негізінде өз бетінше жүзеге асырады.

Жоғары білім беру мемлекеттік білім беру стандарты бойынша білім беру бағдарламаларының құрылымы білім беру мазмұнын айқындайтын оқу жұмыстарының түрлерінен қалыптастырылады. Бакалавриаттың білім беру бағдарламасы: жалпы білім беретін, базалық және бейіндеуші пәндер циклдерін меңгеруден тұратын теориялық оқытуды; оқытудың *қосымша түрлері* – педагогикалық практиканың түрлерін, студенттің өзіндік жұмыстарын орындауын (СӨЖ), курстық, дипломдық жұмыстарды орындауын және СҒЗЖ-мен, ОБСӨЖ-мен, үйірмелерде, іс-шараларда, мастер-сыныптарда, кітапханаларда және т.б.; аралық және қорытынды аттестаттауды қамтиды. Бұл

ретте бакалавриаттың білім беру бағдарламалары модульді оқыту қағидаты бойынша құрылады.

Білім беру бағдарламасының жекелеген пәндерінің және/немесе модульдерінің шартты «бағасын» көрсетеді. Жалпы еңбекті қажетсіну ұғымына лекциялық, практикалық, семинарлық, студиялық сабақтар, студенттердің өзіндік жұмысы, курстық, педагогикалық практиканың, тағылымдамалардың барлық түрлері, қорытынды аттестаттауға дайындық және одан өту кіреді.

Теориялық оқытудың жалпы еңбекті қажетсінуі оқытылатын оқу пәндерінің тізбесімен анықталады.

Білім алушылар әрбір оқу пәнін бір академиялық кезеңде меңгеріп, оны аяқтаған соң емтихан нысанындағы қорытынды бақылауды тапсырады. Кәсіби практиканың барлық түрлері, курстық жұмыстар (жобалар) бойынша қорытынды бақылау білім алушылардың оқу жұмысының аталған түрлерін қорғау түрінде өткізіліп, белгіленген бағалар шкаласы бойынша бағаланады.

Оқу жоспарларының барлық нысандарында оқу жоспарындағы әрбір пәнге тиісті әріптік және сандық таңбалар түрінде кодтың берілуін қарастыратын пәндерді кодтаудың бірыңғай жүйесі қолданылады.

Жоғары оқу орындарының білім беру бағдарламалары мен оқу жоспарларына қолданыстағы заңнаманың нормаларын іске асыратын пәндер міндетті түрде кіреді.

Дәрістермен практикалық (семинар) сабақтар кезіндегі студенттің оқытушымен жұмысының байланыс сағаттары жиынтығында әр байланыс сағаты 2 сағат СӨЖ-бен қамтамасыз етіледі.

Практиканың әрбір академиялық сағаты (оқу практикасынан басқа) студенттің қосымша жұмысының тиісті оқу сағаттарымен толықтырылады: педагогикалық практика үшін – 1 сағат, өндірістік практика үшін – 4 сағат.

Қорытынды аттестаттаудың әр академиялық сағаты дипломдық жұмысты (жобаны) жазу және қорғау бойынша студенттің оқытушымен байланыс жұмысының немесе мемлекеттік емтиханға дайындық және оны тапсыру бойынша студенттің оқытушымен жұмысының бір сағаты (50 минут) болып табылады. Студентті қорытынды аттестаттаудың әрбір академиялық сағаты 6 сағаттық СӨЖ-бен қамтамасыз етіледі.

Оқу жылы академиялық кезеңдерден, аралық аттестаттау кезеңінен, практикалардан, тағылымдамалармен каникулдан тұрады. Соңғы курста оқу жылына қорытынды аттестаттау кезеңі қосылады.

Оқу жылының жалпы ұзақтығы 30 аптадан кем болмауы тиіс.

Жоғары оқу орны академиялық кезеңнің нысанын және оған қоса оны ұйымдастырудың біріктірілген нысанын да дербес анықтайды [189].

Мұндағы әр бөліктің мазмұны мен педагогикалық білім беруді жүйелейтін тұғыр ретінде болашақ мұғалімдердің практикалық іс-әрекеті алынады. Өйткені, егерде кәсіби құндылықтар тек таным үдерісінде ғана емес, түрлендіру, яғни шығармашылық іс-әрекетте де алынып, қайта өңделетін болса, онда ол мұғалім тұлғасының жеткен жетістігі болып табылады.

Білім беру бағдарламаларын іске асыру әрбір болашақ мұғалімнің ақпараттық ресурстар мен кітапхана қорына еркін қол жеткізуі, барлық модульдер, пәндер, оқу жұмысының барлық түрлері – практикумдар, курстық және дипломдық жобалау, кәсіптік практика, болашақ мұғалімнің өзіндік жұмысы бойынша әдістемелік құралдар мен ұсынымдардың, сондай-ақ көрнекі құралдар мен аудио - және бейнематериалдардың болуы арқылы қамтамасыз етіледі.

Жоғары оқу орны болашақ мұғалімдердің электронды кітапханаларда орналастырылған халықаралық дереккөздерін қоса алғанда оқу, ғылыми, ақпараттық базаларға қол жеткізуін қамтамасыз етеді.

Болашақ мұғалімдердің зерттеу жұмыстарына *қойылатын талаптар*: болашақ мұғалімдердің зерттеу жұмыстары оқу үдерісінің жалғасы және тереңдетілуі болып табылады. Сонымен бірге тікелей кафедраларда, ғылыми, жоғары оқу орындарының жобалық бөлімшелерінде, болашақ мұғалімдердің ғылыми бірлестіктерінде, ғылыми-зерттеу институттары, орталықтар және т.б. ұйымдастырылады.

Пәннің оқу-әдістемелік кешенінде көрсетілген тізбе болашақ мұғалімнің кәсіби даярлығын мазмұндық тұрғыдан қамтамасыз етеді. Ал, іс-әрекеттік (процессуальдық) тұрғыдан жүзеге асыру оқыту үдерісіне байланысты.

Болашақ мұғалімдердің *кәсіби дайындығын қамтамасыз ететін* пән мазмұнына келесілер жатады: а) жоғары оқу орындарында оқытылатын пәндердің теориялық-әдіснамалық негіздері: әдістеменің ретінде қаралып, белгілі бір ғыныл саласына енгізілуі, пәнаралық байланысы. б) жеке пәндерді оқыту әдістемесі: болашақ мұғалімді даярлауда пәннің құрылымы, оқытудың әдіс-тәсілдері, ұйымдастыру жұмыстарына қажетті құралдармен қамтамасыздандырылу.

Болашақ қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімінің дайындығы мазмұнының саралануына, даярлығына төмендегідей іс-әрекет мәселелерін атауға болады.

Білім алушыларда: танымдық, білім алу, ынта, қызығушылық, қабілет, дағды, белсенділігі; өркениеттің дамуына сәйкес білім алуға психологиялық, педагогикалық, рухани және практикалық тұрғыда даярлығы; қазіргі өзгермелі әлемдегі қарқынды өсуге бағдарланған білім, білік, іскерлік, дағдысын және өзіндік іс-әрекетін қалыптастыруды болжайтын әлеуметтік-экономикалық міндеттер.

Педагогикалық: дамытушының, тәрбиелеушінің, оқытушының білім алуды ұйымдастыруы; білім алуды еңбекпен ұштастыруы; танымдық және аудиторияда, аудиториядан тыс өзіндік іс-әрекет түрлерінің бірлігін қамтамасыз ету; білім алушыларды рухани-адамгершілікке тәрбиелеуге және оларды өздігінен білім алуға даярлығын қалыптастыруда кешенді тәсілдерді қолдану.

Болашақ қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімдерінің қоғамдық, жалпы *білімділік және кәсібилік деңгейін көтеру* төмендегідей мәселелерді шешуге байланысты: білім алушылардың жеке қалыптасуын мен кәсіби өздігінен білім алуын қамтамасыз ететін, кәсіби шеберлігін дамытатын, тәрбие, өзіндік

жұмыстарын жүргізуде психологиялық-педагогикалық пәндерді жан-жақты білетін; өздігінен білім алу мен пәндерді оқытудың теориялық негіздемелерін білетін; қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімінің шығармашылықпен жұмыс жүргізе алуына даярлау мақсатымен білім алушылардың ғылыми-әдістемелік зерттеу жұмыстарында кеңінен қолданатын; білім беру мекемелерінде түрліше оқытудың мақсаттарын жүзеге асыратын, оқу бағдарламалары мен оқулықтарын жақсы біліп, сонымен қатар, білім беру мекемелеріндегі мемлекеттік стандарттың орындалуын қамтамасыз ету жолдарын меңгерген; кәсібилік ұғымдарды қалыптастыратын, кәсіби сөйлемдермен жұмыс жүргізетін, тапсырмаларды орындаудың әдістемесін меңгерген; оқытудың тиімді әдіс-тәсілдерін таңдау арқылы білім алушылардың пәнге деген қызығушылығын арттыратын, аудиториядан тыс жұмыстарды жүргізу мен өздігінен білім алу жолдарын білетін; өздігінен білім алу мен оқытудың әр түрлі құрал-жабдықтарын пайдаланатын т.б. тұлға іс-әрекеті.

Болашақ мұғалімнің кәсіби іс-әрекетіне ықпал ететін *сыртқы жағдайына* қатыстылары: педагогикалық үдерісті басқару формалары мен әдістері; материалдық-техникалық базасы; ұжымдағы әлеуметтік-психологиялық ахуалы; педагогикалық шарттары; кәсіби өздігінен білім алу үдерісін ғылыми тұрғыда ұйымдастыруы; кәсіби өздігінен білім алу үдерісіндегі өзіндік іс-әрекетіне байланысты ықпалдары жатады. Мұғалімнің кәсіби іс-әрекетінде оның мүмкіншілігі үлкен рөл атқарады, оны көп жағдайда *ішкі жағдайы* деп атайды. Атап айтатын болсақ: адамның физиологиялық дамып жетілуі, түрткісінің әсер етуі, ішкі психологиялық күйі жатады. Болашақ мұғалімдердің кәсіби өздігінен білім алуға даярлығы үшін тұлғада келесідей қасиеттер қалыптасуы тиіс. Мұғалімнің өздігінен білім алу дағдыларының болуы, кәсіби мінез-құлқының қалыптасуы, болашақ мұғалімдердің белгілі бір сала бойынша білім іс-әрекетімен айналысуы, өзіндік танымдық іс-әрекетін мақсатқа бағыттауында көрініс табады.

Болашақ мұғалімдерді даярлау біртұтас педагогикалық үдеріс ретінде рөлі ерекше. Біртұтас педагогикалық үдерісте идеялық сенімді, қоғамдық белсенді, білімді мамандар даярлау барысында маңызды жүйелілік рөлге ие.

Маман даярлауда басты міндет – білім беру ұйымдарының, жоғары мектептердің оқу-тәрбие жұмыстарын тиімді ұйымдастыру, нәтижелі, саналы еңбекке ұмтылу және ізденімпаздық.

Болашақ мұғалімді даярлау сапасы біртұтас педагогикалық үдерістің әртүрлі жақтары, қасиеттерімен сапалары туралы теориялық білімдер жайында және міндеттерге қатысы бар аумағы кең кәсіби міндеттерді қолдануға дайындығынан көрінеді. Қандай жағдайда болмасын қиындықтарды кәсіби тұрғыда міндеттерін шешуге мұғалімнің кәсіби өздігінен білім алу үрдісіндегі әртүрлі элементтер, бөліктер арасындағы байланыстылықты анықтай отырып, оның жалпы құрылымын көре алады деген сөз. Болашақ мұғалім үшін мұның маңыздылығы біртұтас педагогикалық үдерісті жүйелі құрылымдық сипаттау барысында алда болатын кәсіби іс-әрекетті ойда қиялдау арқылы моделін жасауға нақты жағдайларға мән бере отырып, «болашақ мұғалім-оқытушылар»

жүйесі жағдайының дамуын болжау мүмкіндігімен анықталады.

Педагогикалық үдерістің ерекшеліктері оның құрамындағы бөліктерінің ішкі байланыстарынан көрінеді. Үдеріс – (үдеріс – орыс тілінен аударғанда латынның *processus* - қозғалыс) алға жылжу, басу 1) жағдай; 2) белгілі бір нәтижеге жетудегі бірізді әрекеттердің бірлігін білдіреді. Көрсетілген «үдеріс» ұғымның мағынасы «мұғалім-оқушылар» жүйелі түпкі мақсат-мүдделі іс-әрекет бірліктері арқылы жету, мұғалімнен қандай да бір нақтылы жағдайды өзгертуге және соған сәйкес қандай бір іс-әрекет жасау қажеттігін білуі керек. Бұл сұрақтарға жауапты өз тарапынан, сол байланысымен болатын және мұғалімнің педагогикалық үдерістің бөліктері мен құрылымын білуге тікелей байланысты болатын заңдылықтарымен сәйкес.

Педагогикалық үдерістің мәнін тереңдеу және жан-жақты түсіну үшін тек қана бөліктер құрамын ғана емес, сонымен бірге олардың әрбірінің ерекшеліктерін білуі қажет. Педагогикалық үдеріс бөліктерінің ерекшеліктерін түсіну нақтылы оқу орнындағы педагогикалық үдерістегі солардың арасындағы объективті өмір сүретін ішкі байланыстарын анықтауға мүмкіндік береді.

Қазіргі жағдайында тәрбиенің мақсаты жан-жақты тұлға дамуындағы, болашаққа бағдар, рухани жаңғыру идеясы тұрғысынан анықталады. Бұл мақсаттың сөз жоқ өзінің құндылығы бар, оның тәрбие мақсатының қоғамдық талабынан өсе түсіну ретінде қарастырады [190].

Мақсатқа жету ақыл-ой, адамгершілік, еңбек, эстетикалық және өздігінен білім алу (біртұтас педагогикалық үдеріс) міндеттерін бірден және кешенді түрде шешумен байланысты болса, онда педагогикалық үдерістің жеке алынған бөліктерінің мақсат-міндеттері әрине аумағы жағынан көп кіші және мазмұны жағынан нақтылы болады.

Кейбір мақсатқа бағытталған алға қойған міндеттер жасалған ерекше қадам болып саналады және белгіленген нәтиже бойынша қажетті сұрақтарға жауап береді. Болашақ мұғалім үшін оқытушылармен бірге мақсатқа жетудегі іс-әрекеттің қалай ұйымдастырылуын емес, сонымен бірге алдын ала жасалатын жұмыстарды қалай істеу қажеттігін саралап, талдап үйілесіммен саналы түрде жүзеге асырылуы қамтамасыздандырылуы маңызды. Тағыда оны субъект-субъектілік қатынастар педагогикалық үдерістің екі жақтылы болғандықтан білім алушылармен бірге жасау керек [191 б. 102].

Педагогикалық үдерістегі болашақ мұғалімдердің іс-әрекеттерін қарастыра отырып, педагогикалық тұрғыда мақсатқа сай ұйымдастырылған әрекет олардың шығармашылық белсенділігін қалыптастыру жағдайы болып саналады. Әдеттегі іс-әрекет түрлері белгілі бір ортаға бағдарланған. Сондықтан да педагогикалық ықпал ету қалыптасу деңгейі барысында тұлғаның ортамен өзара қарым-қатынасында алдына қойылған мақсатқа сәйкес жүзеге асады.

Тұлға іс-әрекет барысында қалыптасады, алайда іс-әрекет тұлғаның бейнесін көрсетеді.

Іс-әрекет әртүрлі жас ерекшелік кезеңдерінде ғана маңызды болып саналмайды, тұлғаның саналы өмір кезеңдерінде де іс-әрекеттің маңыздылығы

байқалады.

Ғылыми әдістемелік әдебиеттерді зерделей келе, келесідей қорытынды жасауға болады: қандайда болмасын аяқталған салыстырмалы білім беру мекемелерінде іс-әрекетінің көрінісі болып табылатын уақыты шектеулі педагогикалық үдерісте (сабақ, арнайы кештері, диспут, дөңгелек үстел, пікір-талас, және т.б.) жұмыс міндеттері жағынан туындаған педагогикалық түрлі құралдар жиынының әсер ету қатынасы, пікір-талас, ойын, әдіс-тәсілдері және т.б. объективті алғышарттарды атап көрсетуге болады; кешенді түрде педагогикалық әсер ету құралын қолдану мақсат пен міндеттерді мұқият үйлестіруді негіздеуді, нақты іс-әрекетті айқындауды талап етеді.

Оқытушылар барлық болашақ мұғалімдерді іс-әрекеттерге қосудың мүмкіншіліктерін қолдануға қызығушылық туғызады, сонымен бірге ол болашақ мұғалімдердің нақтылы өзара әрекеттерін қамтамасыз етеді. Яғни, барлық педагогикалық ықпал ету құралдары туралы айтылғандар педагогикалық үдерістегі нақтылы жұмыстың формасы оған қатысушылардың өзара әрекеттерін ұйымдастырудың ерекшеліктерін көрсетеді деп қорытындылаймыз.

Кәсіби өздігінен білім алу жұмыстарын ұйымдастыруда педагогикалық үдеріс ретінде келесідей заңдылықтары қарастырылған: оқу орнының педагогикалық үдерісі қоғамның әлеуметтік экономикалық қажеттілігіне сай болады; педагогикалық үдеріс мақсатқа бағыттылық қоғамдық ортаның мақсатын бейнелейді, әлеуметтік сұраныс бойынша, білім берудің заңдары талап етіледі; педагогикалық үдеріс екі жақты үдеріс, ол болашақ мұғалімдермен оқытушылардың өзара іс-әрекетімен байланысы екі қыры бар міндетті іс-әрекет болып табылады; болашақ мұғалімдердің белсенді іс-әрекеті оқытушының тиянақты ой елегінен өткен және іс-әрекеттің ұйымдасқан түрі, нәтижесі; педагогикалық үдерістің қызметі оның жасалуымен ұйымдастырудың болашақ мұғалімдер ұжымы, сонымен қатар жеке болашақ мұғалімдердің даралық мен даму ерекшелігі сәйкес болуымен түсіндіріледі; педагогикалық үдерістің мазмұны, мәнділігі түрліше, олар бір-біріне бағынышты болып келеді және бір-біріне ықпалы зор; педагогикалық үдеріс ұзақ мерзімге, белгілі бір уақытқа бағытталған; педагогикалық үдеріс факторлары көптеген ішкі салаларға ықпал етеді және туындауына алып келеді, әсер ету салдарынан ең соңғы нәтиже қалыптасады.

Заңдылықтар педагогикалық үдерістің өзара қарым-қатынасын белгілейді, өзара ішкі және сыртқы байланыстар дәрежесі белгілі бір межеге жеткенде күрделенеді. Егер оқытушы нақтылы педагогикалық үдерісті негізгі жағдайларды ескермей ұйымдастырса, бұл оқу-тәрбие жұмысының сапасына әсер етеді.

Барлық педагогикалық үдерістің заңдары мен заңдылықтарын ескере отырып, болашақ мұғалімнің қабілеттілігі әлеуметтік-экономикалық дамуында тиімділігін көрсететін нақты жағдайлардағы тұлғаның өздігінен жетіліп, қоғамдық ортада өзіндік орнын көрсетумен сипатталады.

Кәсіби өздігінен білім алу жұмыстарында басшылыққа алуға тиісті

ұстанымдар мұғалім іс-әрекетті ұйымдастыруда алға қойған басты міндеттер болып саналады және педагогикалық үдерістің қызмет істеуіне тұрақты нысандар әсер етеді. Негізінен ұстанымдарда педагогикалық үдерістің заңдылықтары мен заңдары арқылы іс жүзінде жүргізіледі.

Оқытушы бұл теориядан практикалық әрекетке көшуіне себеп болады: педагогикалық үдерістің, тұлғаға нысаналы түрде бағытталады; сана мен мінез-құлық бірлігі арқылы іс-әрекетті қалыптастырудағы бағыттылығы; педагогикалық үдерістегі іс-әрекеттерді болашақ мұғалімдер тұлғасының дамытуда көкейкесті қажеттілігін ескере отырып ұйымдастыруы; педагогикалық талап қоя білушілік болашақ мұғалімдердің көзқарасын оны тұлғаға, құбылыстарға, үдерістерге ізгілікті қарым-қатынаспен ұйымдастырылуы; болашақ мұғалім мен топ мүшелерінің жеке дамуында психологиялық, физиологиялық, жасерекшелік пен ұлтаралық айырмашылықтарға баса назар аударуы; педагогикалық басшылықты болашақ мұғалімдердің мүддесімен, жігерлілігімен ұштастыру; болашақ мұғалімдердің іс-әрекеттерінде тиімді нәтижелерге жетуге көмектесуі; мұғалімдердің, білім алушылар ұжымының және отбасыларының болашақ мұғалімдерге қоятын талаптарының бір-біріне үйлесімділігі; әрбір тұлғада тиімді психологиялық ахуал қалыптасып, әлеуметтік тұрғыда қауіпсіздігі қамтамасыздандырылуы; болашақ мұғалім тұлғасы мен топтар арасындағы даму көрсеткіштерінің жаңа формасының үздіксіз бақылауда болуы.

Педагогикалық үдерісті ұйымдастыру ұстанымдары өзара қарым-қатынас орнатуы мүмкін. Бұл өзара байланыстылықты үдерістің мәнінен оған қатысушылардың практикалық іс-әрекеттерінен көрінеді, ал педагогикалық үдерістегі болашақ мұғалімдер мен оқытушылардың іс-әрекеттерін ұйымдастыруда болашақ мұғалімнің моделі ұсынылуы мүмкін.

Кәсіби өздігінен білім алу жұмыстарын білім алудың біртұтас үдерісі ретінде қарастыру және оларды жүйелі түрде ұйымдастыру болашақ мұғалімдерді педагогикалық тұрғыда ұйымдастыру қабілеттерінің қалыптасуына мүмкіндік береді.

С.Л.Рубинштейн, анықтаған көзқарастар негізінде педагогикалық қабілеттердің тұтас бір жиынтығын бөліп қарастырған [17, б. 22]. Ғалым Н.Д.Левитовтың анықтаған талдауларды салыстырып қарастыру арқылы Н.Д.Левитовтың басты педагогикалық қабілеттері ретінде келесілерді бөліп көрсетеді: 1) білім алушыларға білім алу ұзақ мерзімді және қысқартылған формада беру қабілеті; 2) ізденімпаздыққа сүйенетін, білім алушыларды түсіну қабілеті; 3) ойлаудың өзіндік және шығармашылық тұрпаты; 4) тапқырлық немесе шапшаңдық және нақтылыққа бағдарлану; 5) мұғалімнің өзіндік жұмысының және біліктілігі тұрғыда білім алушылар ұжымын қалыптастыруды қамтамасыздандыруға байланысты қажетті ұйымдастырушылық қабілеттер [192]. Айқындалған бес басты қабілеттер мәнін дамыту арқылы және баса көңіл бөле отырып, ол он екі түрлі қабілеттерді атап өтеді, оларды өзара кіріктірілген топтар арқылы алуға болады. Кәсіби өздігінен білім алу материалдарын болашақ мұғалімдерге қол жетімді ету қабілеті және

кәсіби өздігінен білім алу материалдарын қоршаған ортамен байланыстырудағы қабілет түрі, екеуі бірлесе отырып дидактикалық қабілеттерге байланысты топты құрайды. Білімдерді шамамен тиімді түрде әрі қысқа әрі тартымды үлгіде беру, ұғындыру деген жалпы қабілетпен байланыстырылады. Болашақ мұғалімді түсінуі, білім алушыларға деген қызығушылық, педагогикалық жұмыстағы шығармашылық, білім алушыларға қатысты байқампаздық - бұл тұлғаның рефлексивті қабілеттерімен сәйкес қабілеттердің екінші тобын жатқызамыз. Білім алушыларға педагогикалық ерік-жігердің әсер етуі, педагогикалық талап қоя білушілік, педагогикалық мәдениет, білім алушылардың топты ұйымдастыру қабілеті - бұл, интерактивті-коммуникативті қабілеттер, қабілеттерде ең маңыздысы төртінші тобы - мұғалім сөйлеу тілінің мазмұндылығында, ашықтығында, бейнелілігін және сенімділігін бейнелейтін қабілеттерді жатады. Педагогикалық қабілеттерді В.А.Крутецкий жалпыланған түрде зерттеп көрсеткен және оларға сай келетін жалпы анықтамалар берген [193, б. 165-167].

Кәсіби өздігінен білім алу үдерісінде болашақ мұғалімдердің келесідей педагогикалық қабілеттерінің дамуына мүмкіндіктер туындайды:

1. *Дидактикалық қабілеттер* – білім алушылардың білім алу материалын неғұрлым түсінікті қабылдау қабілеті, материал мен мәселені оларға айқын түрде көрсету, пәнге қызығушылық тудыру, білім алушылардың өздігінен ойлануын белсендіру. Дидактикалық тұрғыда қабілетті мұғалім қажет болған жағдайда оқу материалына бейімделіп, қиынды-жеңілге, күрделіні-қарапайымға, түсініксізді-түсінікті ете алу қабілетін айтамыз. Кәсіби шеберлік дегеніміз тек білімдерді білім алушы санасына жеткізе білу, материалды белгілі бір түсінікті мазмұнда жеткізу қабілетінмен емес, сонымен бірге, білім алушылардың өзіндік жұмысы арқылы өзлігінен білім алуын ұйымдастыруға қабілеттілігін, білім алушылардың танымдық белсенділігін ақылмен, сыпайы түрде қажетті бағытқа бағдарлап отыру қабілетін атаймыз.

2. *Академиялық қабілеттер* – белгілі бір ғылымның аймағына сәйкес (қазақ тілі мен әдебиеті мамандығының) – қабілеттілігіне болашақ мұғалім циклді тек қана білім алу бағдарламасының көлемінде ғана емес, елеулі түрде терең және кең көлемде түсінеді және ол үнемі өзінің ғылымында болып жатқан жаңалықтарды бақылап жүреді, материалды еркін игереді, оған үлкен қызығушылықпен қарайды, қарапайым зерттеу жұмыстарын жүргізеді.

3. *Перцептивті қабілеттер* – білім алушылардың жан дүниесінде болып жатқан толғаныстарын түсіне білу қабілеті, білім алушы және оларды аз уақытта психологиялық тұрғыда жай-күйлерін түсінумен байланысты байқампаздық, бақылампаздық қасиетке ие. Қабілетті мұғалім елеусіз белгілер арқылы білім алушылардың жан дүниесіндегі өзгерістердің сыртқы көрінісі бойынша байқап отырады.

4. *Тілдік қабілеттер* – өзінің ойы мен сезімін тілдік, қозғалыс мимика мен пантомимика арқылы дәл және нақты жеткізе білу қабілеті. Қабілетті оқытушының сөйлеу тілі білім беру кезінде әрдайым білім алушыға бағыттап отырады. Мұғалім жаңа материалды хабарласын, білім алушы жұмысына

түсініктеме берсін, мақтау немесе сөгіс айтсын, әрқашанда оның сөйлеген сөзі ішкі әсерлермен, сенімге кіріп, өзі баяндап тұрған нәрсеге ынтасы мен қызығушылығы айырықша екендігін көрсетеді. Өз ойын болашақ мұғалімдерге түсінікті, айқын, қарапайым түрде білдіреді.

5. *Ұйымдастырушылық қабілеттер* - бұл екі ұғымнан тұрады *бірінші*, болашақ мұғалімдер тобын ұйымдастыра алу қабілеті және де жаңа талаптарды орындау арқылы топтастырып, қолдау көрсету қабілеті, *екінші*, өз жұмысын ұйымдастыру қабілеті, оңтайлы жоспарлау, өзін-өзі бақылау іскерлігінен көрініс табады. Тәжірибелі мұғалімдерде өзіндік уақытты тиімді, ұтымды ұйымдастыру қалыптасады: жұмыс уақытын тиімді бөліп көрсету, жоспарланған мерзімге сай үлгеру құзыреттілігі.

6. *Авторитарлық қабілет* – болашақ мұғалімдерге бағдарлап эмоционалды-еркін ықпал етумен қатар олардың алдында дәрежесі жоғары болу қабілеті (дәрежесі, беделі негізде ғана жасап көрсетпей, өз мамандығын жоғары деңгейде меңгеру, мұғалімнің сезімі мен мәдениеттілік әдебі негізінде және т.б.). Авторитарлық қабілет болашақ мұғалімнің тұлғаға сай сапалар жиынтығына байланысты, атап айтсақ өзіне тән ерік сапалары (шешімді болу, төзімділік таныту, табанды болу, талап қоя білу және т.б.), білім алушыларға білім беру мен тәрбиелеудегі жауапкершілікті сезіне білу, болашақ мұғалімнің өзінің кәсіби іс-әрекетінің нақтылығын, сенімділігін, осы білім алушыларға жеткізе білу іскерлігімен байланысты.

7. *Коммуникативтік қабілеттер* - білім алушылармен қарым-қатынас жасау қабілеті, қарым-қатынас жасауда дұрыс әдіс-тәсілдерді қолдана алу, олармен, заманауи педагогикалық көзқарас тұрғысынан, өзара әрекеттесуді орынды түрде құру іскерлігі мен педагогикалық мәдениетінің болуы жатады.

8. *Педагогикалық болжам жасау қабілеттері* – өзінің кәсіби іс-әрекетінің салдарын алдын ала көруден, білім алушыдан келешекте қандай маман болатынын елестету арқылы, болашақ мұғалім тұлғасын тәрбиелеуде жобалауда және де білім алушылар қандай сапалармен дамуын болжап, іскерлігі арқылы көрінетін арнайы қабілеттер.

9. *Іс-әрекеттерді үйлестіру қабілеті* зейінді бір мезгілде бірнеше түрде сәйкестендіре отырып, болашақ мұғалімнің педагогикалық, тұлғалық, ізгілік бағыттылығы жоғары, педагогикалық шеберлікпен өзінің іс-қимылын жүйелілікпен артқаруға қабілетті, жан-жақты дамыған шығармашыл тұлға үшін жұмыс ерекше мәнге ие болып табылады. Қабілетті, тәжірибелі мұғалім материалды мазмұндаудың формасы арқылы, білім алушы ойын, зейінін, есін, қиялын дамыта отырып, ойлау қабілетін, өз ақыл-ойын дұрыстап бақылап отырады. Сонымен қатар, білім алушылардың барлығын өз алдында ұстап, қадағалап отырады, шаршау, назар аудармау, түсінбеу белгілерін, тәртіп бұзуды байқап отырады және де өз мінез-құлқын, жүріс-тұрысын, мимикасын және пантомимикасын және т.б. шығармашылық іс-әрекетін жоғары деңгейге көтеруде өзіндік іс-әрекетін қадағалап отырады.

Жоғарыда айтылған педагогикалық қабілет анықтамасынан көрініп тұрғандай, олар өз мазмұнын, *бірінші*, көптеген тұлғалық сапаларды қамтып

көрсетсе, *екінші*, арнайы бір іс-әрекеттер мен іскерліктерде ашылып көрсетіледі. Мұнда қарастырылған көптеген қабілеттер мазмұнына кіретін іскерліктер қалыптасқан, мәселен, дидактикалық қабілеттерге білім алушылардың өздігінен білім алу үдерісін ұйымдастыра алу іскерлігі және де кәсіби іс-әрекетті біртұтас педагогикалық үдерісте ұйымдастыра алу іскерлігі қарастырылған. Ол ұйымдастыруа алушылық қабілетіне ие. Бұл - мұғалім қандай да бір кәсіби іс-әрекеттері мен іскерліктер арқылы, педагогикалық іс-әрекеттің жүзеге асырылу жиынағында, бірнеше қабілеттер қатысуы мүмкін екендігін көрсетеді.

Болашақ мұғалімдердің кәсіби өздігінен білім алуға даярлығын қалыптастыру жалпы әлемдік өздігінен білім алу құндылықтарды енгізуді көздейді.

Болашақ мұғалімдердің кәсіби өздігінен білім алуға даярлығын қалыптастыру қабілетін дамытуға теориялық және практикалық даярлығын қалыптастыру жоғары оқу орнының оқу жоспарындағы пәндердің мазмұнын меңгеру үдерісінде жүзеге асырылады.

Болашақ мұғалімдердің кәсіби өздігінен білім алуға даярлығын қалыптастыру қабілетін дамытуға теориялық дайындықта қазақ тілі мен әдебиеті пәндері бойынша өтілетін сабақтарда, кәсіби өздігінен білім алудың теориялық аспектілерін оқу үдерісінде ала алады.

Тәжірибелік-эксперименттік зерттеу жұмысымыздың барысында болашақ мұғалімдерде кәсіби өздігінен білім алу жайлы теориялық даярлықтың қалыптасуын қамтамасыз ететін шарттарды анықтау үшін мынадай деректерге талдаулар жүргізілді: Қазақ тілі мен әдебиеті мамандығының мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттары; қазақ тілі мен әдебиеті және пәндердің әдістемелік бағдарламалары.

Болашақ мұғалімдердің кәсіби өздігінен білім алуға даярлығын қалыптастыру қабілетін дамытуға практикалық дайындықты қамтамасыздардыратын құжаттарды саралауда келесідей материалдарға талдау жұмыстары жүргізіліп, талданды: болашақ мұғалімдердің педагогикалық практикасының құжаттары, әлеуметтік жағдаяттарға байланысты құжаттары, әзірленген педагогикалық тапсырмалар жинағы, кәсібіне байланысты оқу пәндерінің кәсіби өздігінен білім алуға даярлығын қалыптастырудың қарым-қатынасы.

Бұған дәлел білім беру бағдарламаларындағы өзгеріс, яғни Еуропалық үлгідегі келісімге келген білім беру.

Біз зерттеу жұмысымызда «5B011700 – Қазақ тілі мен әдебиеті» бойынша білім беру бағдарламасының бакалавриат деңгейін негізге аламыз.

«5B011700 – Қазақ тілі мен әдебиеті» мамандығы бойынша білім беру бағдарламасының негізгі мақсаты: болашақ мамандардың табиғат пен қоғамның басты құбылыстарын түсінуі үшін қажетті ғылымдардың негізін меңгерту; білім мен шеберлік, шығармашылық қызмет пен дүниеге эмоционалды-құндылықтар көзқарасы тұрғысынан қарау арқылы іске асқан адамзаттың әлеуметтік-мәнді тәжірибесін меңгерту; жалпы білім беру

пәндерінің циклы ғылыми дүниетанымды, қоғам мен жеке адамдар арасындағы қатынастарды реттейтін құқықтық әрі этикалық нормаларды, қоршаған ортаға адамгершілікпен қарауды, ұлтжандылықты, толеранттық пен теңдікті және пайдалы тіршілік ету түрін қалыптастыруға бағыттау, кәсіби қызметке қажет іргелі білім, дағды және құзіреттіліктерді қалыптастыру; экологиялық, этикалық, құқықтық және ойлау мәдениетін қалыптастыру; тіл танымдық білім мен білік қалыптастыру; жалпы адами және әлеуметтік-тұлғалық құндылықтарды қалыптастыру; Қазақстан Республикасы халықтарының достығына, толеранттылыққа, ұлтжандылық рухына тәрбиелеу [194].

Жоғары білім берудегі стратегия – жоғары білім беру дамыту мен әрекеттерден туындайтын, осы мақсаттарға қол жеткізу үшін қажетті жоспарлаудың, шаралар қолданудың және ресурстар бөлудің ұзақ мерзімді мақсаттарын анықтау [195].

Білім беру ұйымында жүзеге асырылып жатқан бағдарламалар үшін ұлттық және салалық біліктілік шеңберіне және кәсіби стандарттарға сәйкес келетін тұлғаның кәсіби құзыреттігін қалыптастыруға бағытталған академиялық саясаты және тиісінше сапа кепілдігі рәсімдері мен стандарттары болуы тиіс. Жалпы ЖОО және білім беру бағдарламасының басшылығы сапаның маңыздылығын және оны қамтамасыз етуді мойындай отырып, сапа мәдениетін дамыту бойынша міндеттердің жүзеге асырылуын көрсетіп, өз мойнына алуы тиіс. Осы мақсаттарға жету үшін білім беру бағдарламасының басшылығы үнемі өз сапасын көтеру мен қызметін жақсарту бойынша стратегияны әзірлейді және енгізеді [196].

Жоғары оқу орындарының қызметкерлері (оқытушы-профессорлар, магистрант оқытушылар, кандидаттар), білім алушылары (магистрант, бакалавр, докторант) сұхбаттасу, әңгімелесу, сауалнама жүргізу нәтижелері арқылы педагогикалық үдерісті сараптау болашақ қазақ тілі мен әдебиеті мұғалімдеріне қойылатын талаптар мазмұнын анықталып, «Қазақ тілі мен әдебиеті» кафедрасында 5B011700 – «Қазақ тілі мен әдебиеті» мамандығы бойынша болашақ мұғалімдерді кәсіби даярлығын қалыптастырудың педагогикалық стратегиясы жасалды.

Педагогикалық стратегия – білім беру мен оқыту нәтижелерін анықтайтын және құзыреттерге негізделген білім беру бағдарламалары, құралдары арқылы нәтижеге жетуге бағытталған білім беру бағдарламасы.

5B011700 – «Қазақ тілі мен әдебиеті» мамандығы бойынша білім бакалаврын даярлауда білім беру бағдарламаларының негізгі мақсаттары:

- қазақ тілі мен әдебиетіне, руханиятына адал қызмет ету, Қазақстан Республикасының өзге ұлттардың рухани-мәдени құндылықтарын бағалау;
- адамгершілік-азаматтық ұстанымдарын қалыптастыруға күш салу;
- ойлау, ой айту, сын пікір білдіру және ойды жеткізудің мәдени-этикалық негіздерін меңгерту;
- кәсіби құзыреттілікке тән іргелі білім, білік, дағдыны қалыптастыру;
- базалық пәндер негізінде алынған педагогикалық-психологиялық, тарихи-мәдени, әлеуметтік-экономикалық, құқықтық, саяси т.б. білім негіздерін

мамандық аясында пайдалана алу мүмкіндіктеріне жол ашу.

Бакалавриатты бітірушілерге қойылатын жалпы талаптар: «Қазақ тілі мен әдебиеті» мамандығы бойынша оқу бағдарламасын аяқтаған «Қазақ тілі мен әдебиеті бойынша білім бакалавры» іргелі білімді меңгерген, ғылыми әлеуеті бар, көзқарасы қалыптасқан, еңбек нарығы мен жаңа технология талаптарын жылдам игеретін маман болуы қажет [197].

Осы тұрғыдан 5B011700 – қазақ тілі мен әдебиеті мамандығы бойынша жоғары білім берудің жалпыға міндетті мемлекеттік стандартына, осы стандартта берілген оқу пәндерінің типтік оқу бағдарламаларына талдау жасалды.

Біз зерттеу жұмысымызда кәсіби тұлғалық сапалар бағытындағы оқу модуліне тоқталып өтеміз.

Қазақстанның қазіргі заман тарихы пәнінде «Рухани даму» тақырыбында, *Мәдениет және дін* пәнінде – «Дін философиясы», *Психология және адам дамуы* пәнінде – «Адамның психикалық дамуы», *экология және тұрақты даму* – «Қоршаған ортаны қорғау бойынша іс-шараларды ұйымдастыру, басшылық жасауы», *құқық негіздерінде* – «ҚР азаматтық және әртүрлі жұмыс орындарында тұлғааралық құқықтық қарым-қатынастардың құқық негіздері», *Тәрбие жұмысының теориясы мен әдістемесі* пәнінде – «Мектеп жасындағы оқушыларға рухани, адамгершілік, эстетикалық, экологиялық, азаматтық тәрбие беру», *Тұлғааралық коммуникация психологиясы* пәнінде – «Мұғалімнің кәсіби мәдениеті» тақырыптарында қолданылады. Пәнде өтілген тақырыптар бойынша болашақ мұғалімде келесідей қасиеттері арқылы өздігінен кәсіби тұрғыда білім алу жүзеге асты. Атап айтқанда: ұқыптылық, зеректік, ізденімпаздық, көшбасшылық, адалдық, жауапкершілік, ұйымдастырушылық, дамытушылық, елгезектік, саналылық, қарапайымдылық, ұқыптылық, ұлтжандылық, отансүйгіштік, патриоттық, іскерлік, даналық, байқампаздық және т.б.

Берілген тақырыптар арқылы тұлғаның бойындағы барлық жағымды қабілеттерді топтастыра отырып, болашақ мұғалімдерді кәсіби өздігінен білім алуға даярлығын қалыптастыруда арнайы жоспарлар жасап, бағдарламалар әзірлеп, тиімді түрде жүзеге асыруға, өзінің іскерлігін көрсетуге, өзін-өзі басқаруға, өзін-өзі дамытуға, өзін-өзі жетілдіруге, бағытталған іс-әрекеттер болып табылады. Өзіндік уақытты тиімді, ұтымды ұйымдастыру қалыптасады: жұмыстың уақытындағы онтайлы бөліну, белгіленген мерзімге дейін үлгеру құзыреттілігі, жекелік, қадағалаушылық, мақсатқа жетушілік, шешім қабылдаушы, балаларды соңынан ерте алушылық, өзгеріс жасай алушылық және т.б. енгізілсе, ал *ұйымдастырушылық дағдыларды* ынталылық, жауапкершілік, іскерлік, белсенділік, өз еркімен қатысуын қамтамасыздандыру, бастамашылық, ұйымшылдық, дербестік, өзін-өзі бақылаушылықты және т.б. болашақ мұғалімдерге меңгертуге мән беріледі.

Осы кезеңде болашақ мұғалімдердің кәсіби өздігінен білім алу әдістерін (түрлерін) кәсіби қызметінде пайдаланудағы мотивациясы мен құндылық бағдарындағы өзгерістеріне аса мән берілді. Болашақ мұғалімдердің жоғарыда

аталған пән сабақтарынан, меңгерген білім, іскерлігі (2 курс) «Акмеология: жеке және әлеуметтік жетістіктер негізі» атты элективтік курсты меңгеру барысында жалғасын тапты.

Сонымен, «Акмеология жеке және әлеуметтік жетістіктер негізі» *элективті курс* пен *пәндердің оқу модульдерінің* мазмұны 2-4 курстарда кәсіби даярлау үдерісінде болашақ мұғалімдеріне оқытылды. Олардың мазмұнын оқыту барысында білім алушыларға өздігінен білім алу ерекшеліктері, атқаратын қызметі, өзіндік іс-әрекет жіктемесі туралы білімдер жан-жақты меңгертілді, мұғалімнің жеке тұлғасының сипатына, әлеуметтік, тәрбиелік маңызына аса мән берілді, ұйымдастырушылық әрекеттерді жан-жақты меңгертуге баса назар аударылды.

«Акмеология жеке және әлеуметтік жетістіктер негізі» элективтік курстың болашақ мұғалімдер үшін пайдасы ерекше болды. Курс арқылы болашақ мұғалімдер пәнді меңгеруде алған білім, іскерліктерін шыңдады: өздігінен білім алу құралдарымен танысты, өздігінен білім алу бойынша еуропалық білім беру кеңістігінің құжаттарымен жұмыс жасауға, «өздігінен білім алу – білім беру» жүйесінде ақпараттық-коммуникациялық технологиямен жұмыс жасауға дағдыланды, педагогикалық объектілерді зерттеуде өздігінен білім алу құралдарын қолдану мүмкіндіктерін танып білді және т. б.

Біздің зерттеу жұмысымызда болашақ мұғалімдердің кәсіби өздігінен білім алуға даярлау үдерісіндегі ұйымдастыру қабілетін қалыптастыру болғандықтан келесі кезекте ажыратылған оқыту нәтижелерін оқыту әдіс-тәсілдері қарастырылады.

Болашақ мұғалімдердің мамандығы үшін пәнге *жеке оқу жоспары* дайындалып, типтік оқу бағдарламасы әзірленіп, элективті пәндер бағдарламасы элективті пәндер каталогы арқылы жасалып, пән бойынша сағаттар кредиттер саны саналынып, оқу жылының жоспарына сәйкес қажетті құжаттар әзірленіп, білім алушылардың нақты білім алу траекториясын анықтайды.

Жоғары оқу орындарында элективті пәндер каталогында білім алушылар үшін өздері оқып-үйренуде таңдауы бойынша іріктелген оқу пәндері, демек, тізімі, неше кредит санын құрайтындығы, қанша семестр өтуі тиіс екендігі, бағалау мерзімі, курстық жұмыстар және жобалық жұмыстары тізімі көрсетіледі [189, б. 58] (кесте 4).

Қ.А.Яссауи атындағы ХҚТУ-нің қазақ тілі мен әдебиеті мамандығының болашақ мұғалімдері үшін «Акмеология, жеке және әлеуметтік жетістіктер негізі» элективті курсы дайындалды, мақсаты – кәсіби өздігінен білім алу түрлері мен қызметі туралы білімді тереңдету және кеңейту, ақпарат көздерімен жұмыс жасауды үйрену, дәстүрлі және жаңа ақпараттық технологиялар үлгісінде өздігінен білім алу әдіс-тәсілдерімен танысуға болады.

Педагогикалық іс-әрекеттер кешенін әзірлеген кезде түпкілікті мақсат – болашақ мұғалімдердің кәсіби өздігінен білім алуға даярлығын қалыптастырудың жоғары деңгейі ескерілді. Бұл үшін жеке адамның өздігінен білім алуының жоғары деңгейіне тән болатын болашақ мұғалімдердің үлгі жеке

іскерлік қасиеттеріне, білімдеріне, білігі мен дағдыларына бағдарланды.

Болашақ мұғалімдердің кәсіби өздігінен білім алуға даярлығын қалыптастырудың педагогикалық шарттар кешенін іске асыру «Акмеология, жеке және әлеуметтік жетістіктер негізі» атты элективті курста оқылған кезде жүргізілді.

Кесте 4 – Қазақ тілі мен әдебиеті мамандығы бойынша модульдер (пәндер) тізімі

<i>Пәннің (модульдің) атауы</i>	Кредиті ҚР/ECTS	Семестр
<i>Кәсіби модульдер блогы</i>	МК	
Психология және адам дамуы	3/5	II
Тәрбие жұмысының теориясы мен әдістемесі	2/3	III
<i>ЖОО элективті модуль</i>	ТК	
Тұлғааралық коммуникация психологиясы	2/3	IV
Акмеология: жеке және әлеуметтік жетістіктер негізі	2/3	IV
Қазақ тілін оқыту әдістемесі	3/5	V
<i>Тәжірибе</i>		
Оқу тәжірибесі I (3 апта)	3/6	II
Педагогикалық тәжірибе (3 апта)	3/3	IV
Педагогикалық тәжірибе(2 апта)	2/2	VI
Өндірістік тәжірибе (10 апта)	4/12	VIII
Дипломалды тәжірибе (5 апта)	2/6	VIII
<i>Қорытынды аттестация</i>		
Диплом жұмысын (жобасын) жазу және қорғау	2/8	VIII

Курстың мазмұны.

Пәннің сипаттамасы: қоғамның бәсекеге қабілеттілігінің негізгі құрамдас бөлігі болып білім беру, оның сапасы, тұлғаның кәсіпқойлығы табылады.

«Акмеология, жеке және әлеуметтік жетістіктер негізі» пәні филология факультет студенттерінің кәсіби даярлық жүйесінде маңызды орын алады. «Акмеология, жеке және әлеуметтік жетістіктер негізі» оқу, ғылыми пән, тұлғаның жекедара дамуының жоғарғы сатысына (акме) жету жолында практикалық психологиялық іскерліктерді психологиялық ағарту және оқыту әдістемесі ретінде қарастырылады.

«Акмеология, жеке және әлеуметтік жетістіктер негізі» пәнінің мақсаты адамның жекедара дамуының жоғарғы сатысына (акме) жету мүмкіндігін қамтамасыз ететін заңдылықтар мен механизмдерді зерттеу.

Пән міндеттері:

- кемелденген адамдардың жоғарғы жетістіктерге, шындарға (акмеге) жету жолындағы жасампаз іс-әрекеті үрдісінде шығармашылық потенциалын өзіндік жүзеге асыру заңдылықтары жөнінде түсініктерді беру;

- шыңдарға жетуге көмектесетін және кедергі болатын объективті және субъективті факторларды ашу;
- жеке және әлеуметтік сәттіліктерге жетудің заңдылықтарын анықтау;
- студенттердің мотивациясын және өзіндік білім алу, өзін-өзі ұйымдастыру, өзін-өзі қадағалау және өзін-өзі жетілдіру, іс-әрекетін өзіндік түзету және өз бетімен қайта құру дағдыларын қалыптастыру;
- таңдалған мамандық контекстінде студенттердің қабілеттері мен тұлғалық қасиеттерін дамыту.

Білім беру бағдарламасы құрылымындағы пәннің орны.

Пререквизиттері: «Психология және адам дамуы», «Тәрбие жұмысының теориясы мен әдістемесі», «Тұлғааралық коммуникация психологиясы».

Постреквизиттері: «Қазақ әдебиетін оқыту әдістемесі», сондай-ақ практиканың барлық түрлерін өтуге қажетті негіз болады.

«Акмеология, жеке және әлеуметтік жетістіктер негізі» пәнін меңгеру нәтижелеріне қойылатын талаптар.

Пәнді оқыту үрдісі:

- кемелденген адамдардың жоғарғы жетістіктерге, шыңдарға (акмеге) жету жолындағы жасампаз іс-әрекеті үрдісінде шығармашылық потенциалын өзіндік жүзеге асыру заңдылықтары жөнінде түсініктерді білу;
- шыңдарға жетуге көмектесетін және бөгет болатын объективті және субъективті факторларға ие болу;
- жеке және әлеуметтік жетістіктерге жетуге қабілеттілік;
- мотивацияға ие және өзіндік білім алу және тұлғаның өзін-өзі жетілдіру әдістерін қолдауға қабілеттілік;
- таңдалған мамандық контекстінде студенттердің қабілеттері мен тұлғалық қасиеттерін дамыту дағдыларын қолдана білу сияқты кәсіби құзыреттіліктерді дамыту мен қалыптастыруға бағытталған.

Пәнді оқып үйрену *пәндік құзыреттіліктерді* қалыптастыру мен дамытуға бағытталған: жеке және әлеуметтік жетістіктерге жету үрдісін моделдеуге қабілеттілік; акмеологиялық білімдерді өзіндігінен алу білім және өзін-өзі дамыту амалы ретінде қолдана білу.

Пәнді оқып үйрену нәтижесінде студент білуі қажет:

- акмеологияның ғылым ретіндегі теориялық және әдіснамалық негіздерін;
- акмеологияның негізгі ұғымдары мен категорияларын;
- адамның жеке-дара дамуының жоғарғы сатысына (акме) жету мүмкіндігін қамтамасыз ететін заңдылықтар мен механизмдерді.

іскерліктері:

- жеке және әлеуметтік жетістіктерге жету үрдісін модельдей алу;
- жеке және әлеуметтік жетістіктерге жетудің тиімді әдіс-тәсілдерін анықтай алу.

меңгеруі қажет:

- өзіндік білім алу, өзін-өзі ұйымдастыру мен өзін-өзі жетілдіру дағдыларын;

- іс-әрекетін өзіндік қадағалау, түзету және өзіндік қайта ұйымдастыру дағдыларын.

«Акмеология, жеке және әлеуметтік жетістіктер негізі» элективті курсын оқыған кездегі тәжірибелік-эксперименттік жұмыс барысында болашақ мұғалімдердің кәсіби өздігінен білім алуға даярлығын қалыптастырудың психологиялық-педагогикалық талаптар кешенін іске асыру, осындай қызметке психологиялық және педагогикалық дайындық жүзеге асырылды.

Қорыта келе, біздің ғылыми жұмысымызға сәйкес жоғары білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандартына, пәннің модульдеріне, педагогикалық стратегияларына, оқу бағдарламаларына жасалған салалау, талдау жұмыстары, болашақ мұғалімдердің кәсіби өздігінен білім алуға даярлығын қалыптастыруды қамтамасыз ететін шарттар айқындалды. Олар: болашақ мұғалімдердің кәсіби өздігінен білім алуға даярлығын қалыптастыруда қажетті құжаттарды талқылап, анықтау, оқудағы орнын тексеру, оқу үдерісіне қажетті құжаттарды дайындау, жүзеге асуын қадағалау; болашақ мұғалімдерге кәсіби даярлығын қалыптастыруда басты талаптарды, болашақ мұғалімдердің өздігінен білім алуға даярлығын қалыптастыруға қажетті заманауи әдіс-тәсілдерді игеру; тұлғаның өзіндік іс-әрекетіне өзін-өзі дамытуға арналған амалдардың әдістемелік формасын жасау; болашақ мұғалімдердің кәсіби өздігінен білім алу бойынша өзіндік және жобалық жұмыстарының жоспарын жасау және ұйымдастыру; болашақ мұғалімдердің кәсіби өздігінен білім алу мен өзіндік жұмыстарын практикада қолдану және бағалау.

Сонымен қатар, болашақ мұғалімдердің кәсіби өздігінен білім алуға даярлығын қалыптастыруда «Акмеология: жеке және әлеуметтік жетістіктер негізі» атты курстарының мазмұны анықталды.

Демек, болашақ мұғалімдердің кәсіби өздігінен білім алуға даярлығын қалыптастырудың мазмұндық негізін теориялық түрде айқындадық. Енді осы тұрғыда болашақ мұғалімдердің кәсіби өздігінен білім алуға даярлығын қалыптастыруды пәндерді оқытуды ұйымдастырудың формалары мен әдістерін келесі тармақшада қарастырамыз.

2.2 Болашақ мұғалімдердің кәсіби өздігінен білім алуға даярлығын қалыптастыру әдістемесінің мазмұны

Біздің ғылыми зерттеу жұмысымызда болашақ мұғалімдердің кәсіби өздігінен білім алуға даярлығын қалыптастыру бойынша тәжірибелік-эксперименттің анықтау кезеңінде жүргізілген сауалнама нәтижесі бойынша біршама кемшіліктер анықталды. Атап айтқанда, жоғары оқу орындарындағы қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің болашақ мұғалімдері кәсіби өздігінен білім алуға баса мән бермейтіндігі, өздігінен білім алуға ынтасының және қызығушылығының төмен деңгейлігі, өздігінен ізденіп кәсіби тұрғыда білім алуға болашақ мұғалімдердің басым бөлігі мән бермейтіндігі, арнайы курстар мен өздігінен білім алу бойынша элективті курста тақырыптар қаралмағандығы айқындалды.

Жүргізілген сауалнамаға болашақ мұғалімдердің басым көпшілігі жоғары

оқу орындарында (ЖОО) кәсіби тұрғыда өздігінен білім алу әлі де қолға алынбай отқандығы, сонымен бірге қажетті құралдардың жетіспеушілігі мен арнайы бағдарламаның жоқтығына баса назар аударыла бермеуінде. Сонықтан да біз қалыптастыру әдістемесін үш кезеңге бөліп көрсетеміз. Олар: бағдарлық мазмұндық, нәтижелік.


Бағдарлық – болашақ мұғалімдердің кәсіби өздігінен білім алуға қызығушылығын, ынтасын, қабілеттерін, оларға әсер ететін факторлардың жиынтығы қарастырылады.

Мазмұндық – кәсіби өздігінен білім алуға даярлығын қалыптастырудың мазмұнында болашақ мұғалімдердің кәсіби өздігінен білім алуға қажетті бағдарламалар, іс-шаралар, білім алу түрлері туралы баяндалады.

Нәтижелік – кәсіби өздігінен білім алуда болашақ мұғалімдердің көрсеткіштері, жеткен нәтижелері айтылады. Қалыптастыру әдістемесін сурет 6 - дан көруге болады (сурет 6).

Тәжірибелік-эксперименттік жұмысты *қалыптастырудың бірінші кезеңінде* сауалнама, сұхбат нәтижелері болашақ мұғалімдердің өзіндік іс-әрекетінің маңыздылығын ұғынатындығы айқындалып, ерекше бергілерін ажыратып көрсете алатындығы анықталды, өзінің мамандығы бойынша кәсіби білім, іскерлік, дағдылары жеткілікті деңгейде тұрғандығы дәлелденді, дегенмен болашақ мұғалімдердің кәсіби өздігінен білім алу үдерісінде өзіндік іс-әрекеттегі негізгі қиыншылықтарды анықтау барысында, бақылау тобындағы болашақ мұғалімдерінің 8,8 %-ы «кәсіби өздігінен білім алу үдерісінде өзіндік іс-әрекетте қиыншылық кездеспейді», 26,4%-ы «кәсіби өздігінен білім алу үдерісінде өзіндік іс-әрекетте аздаған қиыншылықтар бар», 65,8%-ы «кәсіби өздігінен білім алу үдерісінде өзіндік іс-әрекетте қиыншылықтар көп» екендігін көрсетті. Ал, эксперименталды топтағы болашақ мұғалімдердің нәтижесін келтірсек, «кәсіби өздігінен білім алу үдерісінде өзіндік іс-әрекетте қиыншылық болмаған» - 16,2% «кәсіби өздігінен білім алу үдерісінде өзіндік іс-әрекетте аз ғана қиыншылықтар кездескен» -35,3%, «кәсіби өздігінен білім алу үдерісінде өзіндік іс-әрекетте шын мәнінде үлкен қиыншылықтар бар» - 61,5% болашақ мұғалімдерден жауаптар алынған. Болашақ мұғалімдердің анықталған қиыншылықтардың өзіндік ерекшелігін кәсіби өздігінен білім алу үдерісінде, өзіндік іс-әрекеттің шешімін таба білуге тиісті міндеттердің тізіміне байланысты. Болашақ мұғалімдердің негізгі қиыншылықтары олар үшін жаңа білімнің және іскерліктің жетіспеуі, оның ішінде кәсіби өздігінен білім алу үдерісінде қызығушылығының, өзіндік іс-әрекетте дағдының тапшылығы, өздігінен білім алу қағидасын, ұстанымының және оны жүзеге асыру жолдарын меңгермегені болып табылады.

Болашақ мұғалімдерге өздігінен ізденіп білім алу, өзіндік жұмыс байынша алынған сауалнама келесідей көрсеткіш көрсетті: 28% - болашақ мұғалімдердің кәсіби өздігінен білім алу үдерісінде өзіндік жұмысты презентация түрінде бере алады, 52% - конспект түрінде қолданады, 11% - әртүрлі формада (эссе, баяндама, реферат және т.с.с.) түрде қолданады, 9% - СӨЖ орындау мүлдем ұнамайды.



Сурет 6 – Болашақ мұғалімдердің кәсіби өздігінен білім алуға даярлығын қалыптастыру әдістемесі

Келесі «Сізге өзіндік жұмысты қалай орындаған ұнайды, жеке немесе оқытушының басшылығымен бе?» деген сұраққа 35% - өздігінен, 65% - оқытушының басшылығымен орындағанды ұнататынын белгіледі. «Қандай бағалау жүйесі Сізге көбірек ұнайды?» көбінесе баллдық жүйеден рейтингтік бағалау тиімді екенін көрсетті. Бұл жүйе болашақ мұғалімдердің белсенділігін арттырып, оқу іс-әрекетіне ынтасын кеңейтеді деген түсініктері бар. Білім алушылардың 72%- рейтингтік бағалау қажет, онда оқытушы болашақ мұғалімдердің білімін объективті түрде бағалайды, ал, 28% - рейтингтік

жүйенің керек еместігін және де мұғалімнің болашақ мұғалімдерді бағалауы объективті емес деп белгілеген. Өзіндік жұмысты орындауда бақылау қажеттігін көрсетті.

Зерттеу жұмысымыздың қалыптастыру кезеңінде Қ.А.Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті мен М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік университеттерінде болашақ мұғалімдермен интернет сауалнама алынды. Интернет сауалнамаға 300-ге жуық «Филология» факультетінің білім алушылары қатысты. Нәтижесінде келесідей көрсеткіштерді көрсетті - 73% - студенттің өзіндік жұмысы болашақ мұғалім өзі орындаған жұмысы, 28%- студенттің өзіндік жұмысы аудиториядан тыс жұмыстар деп санайды. Келесі «Сізге өзіндік жұмыстың қандай түрі ұнайды?» деген сұраққа 70% - жеке өзіндік жұмыс орындау десе, 25% - оқытушының басшылығымен орындалатын жұмысты қалайды. Ал, орындалған өзіндік жұмысты 20% - бағалауды қаласа, 13% - өзіндік жұмысты рейтингтік бағалауды қалайтындығын белгілеген.

Алынған сауалнама нәтижесі іс-әрекетті ұйымдастыруда мінез-құлқына байланысты қызығушылығы, дербестігі, ақыл-ой деңгейі, белсенділігі бар екендігін көрсетті. Неғұрлым жақсы меңгерілген және жүйеленген білімдердің жинақталуы мен меңгерілуі, болашақ мұғалімдердің нақты мақсатын зерттеуде, оның қаншалықты дәрежеде қалыптасқандығын көрсетті.

Ғылыми зерттеу жұмысымыздың жоспарына сәйкес бізге білім алушылардың өзіндік жұмысын ұйымдастыру формасы болашақ мұғалімдердің өзі бағалауы бойынша төмендегі көрсеткішті көрсетті. 67% - білім алушы СӨЖ-ді ғылыми мақаланың маңызды негізі десе, 20% - жоба тапсырмалары, шығармашылық жұмыстардың негізі деп, ал, 12% - реферат дайындаудағы пайдалы жақтарын көрсетті. Күрделі формадағы өзіндік жұмысты білім алушылар 35% - реферат деп қараса, 50% - шығармашылық тапсырмалар деп көрсеткен, ал, 15% - ғылыми әдебиеттер жұмыс жасау деп белгіледі.

Болашақ мұғалімдердің өзіндік жұмыстарын ұйымдастыру түрлері бойынша жүргізілген ғылыми-практикалық зерттеулерден келесідей қорытынды шығаруға мүмкіндік берді: болашақ мұғалімдердің өзіндік жұмыстарды орындамауының субъективті мәселерінің себептері; болашақ мұғалімдер кітапханаға тек оқытушы тапсырмасын орындау үшін ғана баруға мүдделілігі; кибер-плагиаттардың санының артуы және т.б. жағдаяттарға байланысты СӨЖ тапсырмаларын орындамайды.

Біздің пікірімізше, студенттердің өздігінен білім алу, өзіндік жұмысын ұйымдастыру үрдісіндегі басты нысан (тұғыр) болашақ мұғалімдер үшін жоғары деңгейлі белсенділікті, жауапкершілікті, парасаттылықты, іскерлікті, дағдыларды қалыптастырудағы барлық оқу іс-әрекетінің түрлері деп тұжырымдаймыз.

Сауалнама жүргізу нәтижесі бойынша, *бір жағынан*, болашақ мұғалімдердің кәсіби өздігінен білім алуы айқындалды, ал *екінші жағынан* олардың кәсіби өздігінен білім алу үдерісіндегі білімдерінің аздығы, өзіндік іс-

әрекетін көрсете алу мен өзінің креативтік қабілеттерін бағалай алу деңгейлерінің төмендігі анықталды.

Болашақ мұғалімдердің белсенді өздігінен білім алу жұмыстары тек қана олардың болашақта кәсіби іс-әрекетке деген нақты, елеулі, тұрақты қызығушылығының түрткілері болған жағдайда ғана жүзеге асады деп анықтаймыз.

Жүргізілген тәжірибелік-эксперименттік жұмыс барысында болашақ мұғалімдердің кәсіби өздігінен білім алуға даярлығын қалыптастыруда «Акмеология: жеке әлеуметтік жетістіктер негізі» элективтік курстарын оқыту келесі мақсаттарды көздеді:

- болашақ мұғалімдер өзіндік іс-әрекет үдерісінде кәсіби өздігінен білім алу түрлерін және оларды өткізу әдістемесі туралы жүйелі білім игеруіне қол жеткізу;

- болашақ мұғалімдердің кәсіби өздігінен білім алуға даярлығын қалыптастыруда өзіндік білім, білік, іскерлік және дағдыларын дамыту және жетілдіру.

Болашақ мұғалімдердің кәсіби біліктіліктерін құраушылардың бірі – кәсіби өздігінен білім алу біліктілігі екендігін атап өткен болатынбыз.

Біз қалыптастыру эксперименті кезеңінде аталған біліктілік құрылымын, оған қойылатын негізгі талаптарды және қалыптасу деңгейінің өлшем жүйесін сараладық.

Болашақ мұғалімдердің кәсіби өздігінен білім алуға даярлығын қалыптастыру көбінесе оқу үдерісінде жүзеге асты. Бұл кезеңге тән қасиеттің бірі – болашақ мұғалім тұлғасының субъективті көзқарасын дамыту, жаңа ортаға бейімдеу болса, негізгі кәсіби қызметінің түрі - танымдық іс-әрекет болып табылады.

Болашақ мұғалім тұлғасының субъективті көзқарасын өзектендіру, сонымен бірге, тиімді жағдайлар жасау арқылы, болашақ мұғалімдерді дәстүрлі кәсіби міндеттерін шешу барысында кәсіби өздігінен білім алу әдістерін (түрін) пайдалануда өзіндік іс-әрекеттерге алдын-ала оқыту арқылы, даярлау үдерісінде заманауи әдіс-тәсілдерді қолдану арқылы шешімін тапты.

Жоғарыда келтірілген зерттеулер нәтижесі 5B011700 – қазақ тілі мен әдебиеті мамандығы бойынша жалпыға міндетті мемлекеттік стандартына *гуманитарлық пәндердің типтік оқу бағдарламаларына сәйкес білім алушыларға арналған модульдер* және «Акмеология: жеке және әлеуметтік жетістіктер негізі» атты элективті курс мазмұнының жасалуына, толықтырылуына және оқу үдерісіне ендірілуіне себепші болды.

Бағдарлама болашақ мұғалімдердің кәсіби өздігінен білім алуына да мүмкіндік береді.

«Акмеология: жеке және әлеуметтік жетістіктер негізі» атты элективті курстың мақсаты – болашақ мұғалімдердің акмеология саласының теориялық білімдерін қалыптастыру, креативтілік, қарым-қатынас және өздігінен білім алу іскерліктерін дамыту. Курстың мазмұны кесте 5-те көрсетілген (кесте 5).

«Акмеология: жеке және әлеуметтік жетістіктер негізі» элективті

курсының мазмұнын болашақ мұғалімінің акмеологиялық білім сапасын қалыптастыруға арналған *оқу модульдерін* толықтыра түседі.

Оқу модульдерінің мақсаты акмеологияның негізгі ұғымдарымен таныстыру, олардың әлеуметтік педагогика және өзін-өзі тану мұғалімінің кәсіби қалыптасуы бағытындағы теориялық білімдерді меңгеруіне ықпал ету.

Кесте 5 – «Акмеология, жеке және әлеуметтік жетістіктер негізі» элективті курстың бағдарламасы

p/c	ТАҚЫРЫПТАР	Сағат саны			
		Лекц	Сем.	СӨЖ	СОӨЖ
1	2	3	4	5	6
1-Модуль.					
1	Акмеологияның теориялық-әдіснамалық негіздері	1	1	2	2
2	Акмеологияның негізгі мәселелері	1	1	2	2
3	Оқыту және тәрбиелеу акмеологиясы	1	1	2	2
4	Акмеологиядағы өзін-өзі кәсіби танудың негіздері	1	1	2	2
2-Модуль.					
5	Өзін-өзі дамыту	1	1	2	2
6	Өздігінен білім алу негіздері	1	1	2	2
7	Риторика негіздері	1	1	2	2
8	Креативті акмеология	1	1	2	2
9	Креативті акмеология негіздері	1	1	2	2
0	Креативтілік және жеке тұлға	1	1	2	2
3-Модуль.					
11	Кәсіби-тұлғалық қасиеттерінің дамуы	1	1	2	2
12	Өздігінен білім алу және құзыреттілік тәсіл негіздері			2	2
13	Болашақ мұғалімдердің өздігінен білім алу үдерісі арқылы кәсіби әлеуетін қалыптастыру	1	1	2	2
14	Болашақ мұғалімдердің өздігінен білім алу үдерісі арқылы көшбасшылық сапасын қалыптастыру негіздері	1	1	2	2
15	Болашақ мұғалімдерді цифрлық технологияларды өздігінен білім алу үдерісінде пайдалануға даярлаудың теориялық негіздері	1	1	2	2
	Барлығы	15	15	30	30

Әлеуметтік педагогика және өзін-өзі тану мамандарының әрекетін ұйымдастыру туралы білімдерін жинақтауға көмектесу. Таңдаған мамандық саласында олардың әлеуетті мүмкіндіктерін бағалау дағдыларын қалыптастыру және іскерліктерін дамыту болып табылады. Осы мақсатқа сәйкес оның міндеттері болып болашақ қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімдеріне оқытылатын пәндерде кәсіби тұлғалық қасиеттер, кәсіби-дидактикалық, тұлғалық сапалары саласынан білімдерін кеңейту, осы сапаларды көрсете

алатын әрекеттерге тарту және тәжірибесін молайту саналады. Осындай мақсат пен міндеттер негізінде оқу модульдері тұлғалық қасиеттер, кәсіби-дидактикалық, ұйымдастыру тұрғысынан тұрады.

Біз ғылыми зерттеу жұмысымызда элективті курс мазмұнына қысқаша тоқталып өтуді жөн санадық.

1-Модуль. Акмеология.

Акмеологияның теориялық-әдіснамалық негіздері.

Заманауи білім беру жүйесіндегі акмеологияның даму тенденцияларының негіздері. Акмеологияның негізгі ұғымдары мен пәні. Жеке және әлеуметтік жетістіктер. «Акме» ұғымы, оның әр түрлі түсініктемелері. «Акмеология» ұғымы. Акмеологияның зерттеу нысаны. Акмеологияның зерттеу пәні. Акмеологияның ғылыми және практикалық маңыздылығы. Акмеологияның шығу тегі.

Акмеологияның негізгі мәселелері.

«Акме» феномені туралы. Акмеологияның міндеттері.

Акмеологияның басқа ғылымдармен байланысы «Акме» феномені, оның қалыптасуы мен дамуы. «Акме» ұғымына түрлі зерттеушілердің берген анықтамалары.

Ғылыми танымның теориясы (эпистемология) акмеология негізі ретінде. Акмеологияның әдіснамалық негіздері. Мәдени-тарихи және гуманистік психологияның (жоғарғы психология) идеялары акмеология негіздері ретінде.

Акмеология саласындағы парадигмалық тұғыр. Кемелденген тұлғаны зерттеуге синергетикалық тұғыр. Синергетикалық акмеология әлеуметтік синергетика мен акмеология арасындағы синтез ретінде. Акмеологиялық әдістер.

Оқыту және тәрбиелеу акмеологиясы.

Акмеологияның оқыту және тәрбиелеу пәні мен міндеттері. Педагогикалық акмеология туралы түсінік. Оқыту және тәрбиелеу акмеологиясының пәні мен міндеттері. Ғылыми-зерттеу жұмыстарында акмеологиялық тұғыр негізінде болашақ мұғалімдерді даярлау. Акмеологиялық деңгей. Оқыту және тәрбиелеу акмеологиясының пәні мен міндеттер. Мұғалім өзінің педагогикалық әрекетінде акме жағдай. Педагогикалық шеберлік. Кәсібилік туралы ұғым.

Акмеологиядағы өзін-өзі кәсіби танудың негіздері.

Кәсіби өзін-өзі жетілдіру. Тұлғаның өзін кәсіби жүзеге асыруы оның табысты өзін-өзі жетілдіру нәтижесі. Педагогикалық қабілеттер және педагогикалық әрекет Шығармашылықтың шыңынына шығу. Ересек адамның дамуы туралы ұғым. Қабілеттілік мәселесінің даму тарихы

2-Модуль. Өзін-өзі дамыту.

Өзін-өзі дамыту ниеті. Мақсат қою: өзіндік өмірлік жоспарларын құру. Тайм менеджмент қағидалары. Өзін-өзі ұйымдастыру деңгейін анықтау. Өзін-өзі тану және өзін-өзі бағалау. Өзін-өзі ынталандыру. Өзін-өзі бағдарлау. Өзін-өзі бағалау мен өзі-өзіне есеп беру. Жаңа технологияларды пайдалану.

Инновациялық технологиялар. Кәсіби әрекеттің белгілері. Акмеологиялық мәдениет туралы ұғым. Мәдениет ұғымына түсінік. Кәсіби мақсат қою. Кәсіби мотивация.

Өздігінен білім алу негіздері.

Өздігінен білім алу. Өзін-өзі тәрбиелеудің әдіс-тәсілдері. Өзін-өзі сендіру. Өзін-өзі күштеу. Өзін-өзі иландыру. Жеке тұлғаның өзін-өзі жетілдіруі. Өзін-өзі жетілдірудің түрлері. Өз білімін арттыру мұғалімнің тұрақты іс-әрекеті. Өзін-өзі дамыту.

Риторика негіздері.

Шешендік өнердің әдіс-тәсілдері. Сөз құдіреті. Сөздің дыбыстық және мағыналық мәні. Сөйлеу техникасы.

Креативті акмеология.

Креативті акмеология пәні, мақсаты, міндеттері. Креативтіліктің мәні және типологиясы. Креативті психологияның әдіснамалық негізі. Психологиялық құбылыстардың креативтік деңгейі. Креативті тұлға теориясының шет елде зерттелуі.

Креативті акмеология негіздері.

Креативтілік пен акмеологияның байланысы. Креативтілік пен оқытушының тұлғасы. Тәжірибелік креативті акмеология әдістері. Коммуникативті креативтілікті диагностикалау және оны дамыту әдістері. Дамытушы ойындар және креативті потенциалдың дамуы.

Креативтілік және жеке тұлға.

Жеке тұлғаның креативті және инновациялық потенциалы. Креативті акмеологияның рефлексиямен байланысы. Өзіне креативті қатынасты дамыту үлгілерінің әдістері. Болашақ мамандардың креативтілігін қалыптастырудың жобалық мақсаттары.

3-Модуль. Кәсіби-тұлғалық қасиеттерінің дамуы.

«Тұлға» ұғымының мәні. Болашақ мұғалімдердің кәсіби-тұлғалық қасиеттері. Қоғам және жеке тұлға. Әлеумет туралы ұғым.

Өздігінен білім алу және құзыреттілік тәсіл негіздері

«Құзырет» және «құзыреттілік» ұғымы туралы түсінік. Болашақ мұғалімдердің кәсіби құзыреттілігін қалыптастыру. Дублин дескрипторлары және дуальды оқыту ұғымы туралы. Болашақ мамандарды даярлауда дуальды оқыту жүйесінің рөлі.

Болашақ мұғалімдердің өздігінен білім алу үдерісі арқылы кәсіби әлеуетін қалыптастыру

Кәсіби әлеует. «Әлеует» ұғымының мәні мен құрылымы. Болашақ мұғалімдердің қарым-қатынас әлеуетін қалыптастыру. Болашақ мұғалімдердің қарым-қатынас әлеуетін қалыптастырудың педагогикалық-психологиялық тұғырлары.

Болашақ мұғалімдердің өздігінен білім алу үдерісі арқылы көшбасшылық сапасын қалыптастыру негіздері

Көшбасшылықтың басты сипаты. «Көшбасшы», «көшбасшылық», «көшбасшылық сапа» ұғымдарының мәні. Көшбасшы мұғалім тұлғасының

сипаттамасы. Болашақ мұғалімдердің көшбасшылық сапасын қалыптастыру.

Болашақ мұғалімдерді цифрлық технологияларды өздігінен білім алу үдерісінде пайдалануға даярлаудың теориялық негіздері

Цифрлық қоғам туралы ұғым. Білім беруді цифрландыру, білім беру жүйесіндегі мәні. Цифрлық технологиялардың жоғары оқу орындары білім беру жүйесіндегі мәні.

Сонымен элективті курс бойынша болашақ мұғалімдерде кәсіби өздігінен білім алуда, өз мамандығының немесе кәсібінің шыңына жету, өздігінен білім алуды, ізденушілік қабілетін дамыту, цифрлық технологиялар арқылы білім алу және қолдана білу мәселелеріне баса назар аударылған. Болашақ мұғалімдерге элективті курс өткізу барысында өз ойын еркін айтуға, шығармашылық тұрғыда өзін жетілдіруге, үздіксіз ізденуге, өмір бойы білім алудың орны мен мәнінің маңыздылығын түсініп, аудиториядан тыс уақыттарда мобильді қосымшалар арқылы, жаппай ашық онлайн курстар арқылы, қашықтықтан білім алуға даярлығы қалыптасты.

Кәсіби өздігінен білім алу үдерісін қалыптастыруда ең маңызды рөл болашақ мұғалімге беріледі, мұнда оның басты қызметі болашақ мұғалімдердің танымдық және өзіндік іс-әрекеттерін басқару болып табылады. Осыған байланысты болашақ мұғалімге өзінің күнделікті іс-әрекеті барысында төмендегі: кәсіби өздігінен білім алу түрлерін оқытуда және үйретуде ыңғайластырылған өзіндік іс-әрекетте нәтижеге жету; білім алушылардың белсенді оқу-жаттығу әрекеттерін жетілдіру; кәсіби өздігінен білім алу түрлеріне қызығушылықты арттыру; ұйымдастырылып отырған оқу-жаттығу, кәсіби өздігінен білім алу түрлеріне болашақ мұғалімдердің қалыптасуын бағыттау; оқыту құралдарын, формаларын және әдістерін таңдауды дидактикалық және психологиялық тұрғыдан негіздеу міндеттерін шешу қажет болады.

Демек, болашақ мұғалімдердің кәсіби өздігінен білім алуға даярлығын қалыптастырудың мотивациялық компонентіне сәйкес, қалыптастырудың бағдарлық кезеңінде диагностикалық әдістемелер жасалынып, рейтингілік бағалау арқылы нәтижесі белгілі болады.

Еуропалық білім беру кеңістігіне ену үрдісінде әрбір қазақстандықтың алдында кәсіби өздігінен білім алу және өз білімін жетілдіру мақсаты тұр және бұл тұрғыдан «Болашаққа бағдар - рухани жаңғыру» бағдарламасын жүзеге асыру бойынша қойылған стратегиялық мақсаттарды орындауда маңызды рөл *кітапханаларға тиесілі*. Кәсіби өздігінен білім алу үдерісіндегі негізгі материалдық техникалық база – ол кітапхана.

Қоғамда, соның ішінде өскелең ұрпақ ортасында болып жатқан үрдістер мемлекет тарапынан өскелең ұрпаққа назар аударылуын талап етеді. Барлық уақытта кез келген қоғамда жас буын балалық шақтан бастап, отбасында және кітапханада қалыптасатын білімге деген ынталы нағыз тұлғаны қалыптастыру мүмкіндігі бұлыңғыр. Осы тұрғыда кітапханашылардың түпкі бағыты – қазақстандық және әлемдік әдебиеттің аса маңызды үлгілерінің көмегімен болашақ мұғалімдердің бойына игі қасиеттерді сіңіру. Бұл үрдістің сенімді

іргетасы болып болашақ ұрпақ кітапханалары саналатыны даусыз.

Кәсіби өздігінен білім алуды ұйымдастырудағы өзекті мәселелердің бірі- ол ақпараттық кітапхана қорларын пайдалану. Ақпараттық-кітапхана қорлары болашақ мұғалімдердің кәсіби өздігінен білім алуға дайындығын қалыптастыратын ақпараттық тетіктерінің бірі болып саналады.

Болашақ мұғалімдердің кәсіби өздігінен білім алуға даярлау және өздігінен білім алу әрекетіне дайындау мақсатында кәсіби құзыреттілігін қалыптастыру үшін ақпараттық-кітапхана қорларымен бірге ұйымдастырылған серіктестікте қызмет етуде.

Заманауи үлгідегі университеттің орталық кітапханасында болашақ мұғалімнің мамандығын, кафедрасын ескере отырып, сараланған тұғыр негізінде: болашақ мұғалімдердің ақпараттық қажеттіліктерін қанағаттандыру, ақпарат көздерімен жұмыс істеуді дамыту, білім алушылардың кәсіби өздігінен білім алуын ұйымдастыру мақсатында әр түрлі іс-шаралар ұйымдастырылды.

Болашақ мұғалімдердің кәсіби өздігінен білім алу үдерісінде орындалатын жұмыстар тиімді ұйымдастыру, оларды аудиториядан тыс жоспарлау және қатаң ой еңбегін сақтау арқылы іске асырылды.

Болашақ мұғалімдердің ғылыми білім көзі ретінде кітапқа сүйіспеншілікпен қарауы, кәсіби өздігінен білім алумен шұғылдануы қандай да бір өзіндік іс-әрекеттің ең маңызды міндеттерінің бірі болды. Білім алушылардың оқу және ғылыми әдебиеттермен өзіндік жұмыс жүргізу дағды қалыптастыру, болашақ мұғалімдердің кәсіби өздігінен білім алу үдерісі өзіндік іс-әрекетінің негізгі бағдары санауы басты кәсіби әрекетінің бөлігі болып табылды.

Кәсіби өздігінен білім алу үдерісіндегі негізгі құрал – кітап. Кітап туралы ғұламалардың даналық сөздері баршылық. Солардың кейбіреулеріне тоқталайық (сурет 7).



Сурет 7- Оқулықпен, ғылыми, көркем әдеби кітаптармен жұмыс істеу ережелері

«Артық ғылым кітапта, Ерінбей оқып көруге» - Абай Құнанбаев.

«Кітап оқымаған адам – тамырсыз қаңбақ» - Ф. Оңғарсынова.

«Кітап- ең сабырлы ұстаз»- Н.Назарбаев.

Білім алу үдерісінде болашақ мұғалімдерге кітаппен жұмыс істеу үрдісінде қойылатын негізгі талаптар: маңызды мәселені көре білу; кәсіби өздігінен білім алудың түрлерін талдай білуі және олардың мән мағынасын түсіне білуі; кестелер, графиктер, сызбаларды пайдалана білуі; кітап оқығанда логикалық түрде, рет-ретімен өз сөзімен қайталай және қосымша әдебиеттерден алынған мәліметтермен толықтыра білуі; мазмұн мен пәннің және автордың аты-жөні көрсеткіштерін пайдалана білуі; каталогпен жұмыс істей алу, библиография түзе білуі; оқу орнының кітапханасының оқу залдарында, электорнды-интернет залдарында олардың жұмыс тәртібімен таныс болуы; Интернеттен ақпаратты іздеу және алу жолдарымен, кәсіби өздігінен білім алу үдерісіне қатысты ақпарат жинақталған сайттармен жұмыс жасай білу, біліктері мен дағдыларын қалыптастырды.

Болашақ мұғалім үшін кәсіби өздігінен білім алу түрлеріне, оның ішінде кәсіби өздігінен білім алудың белсенді құралдары, кітапхана ұжымымен байланысты өткізілетін іс-шаралар, онлайн сабақтар, мобилдік оқу жаттығулар, және т.б. өзіндік іс-әрекеттерге болашақ мұғалімдерді баулуда кәсіби құзыреттіліктің ішінде ұйымдастыру жұмыстарының маңызы жоғары.

Болашақ мұғалімдердің кәсіби өздігінен білім алу даярлығын қалыптастыру бойынша қолданылатын әдіс-тәсілдер, құралдар, формалар арқылы өздігінен білім алу барысы туралы қарастырылады. Жоғары оқу орындарында оқу-тәрбие жұмыстарының келесідей педагогикалық тұрғыда ұйымдастыру жұмыстарының мәселелері шешімін табуы тиіс.

Оқу-тәрбие үдерісінде ең маңызды мәселенің бірі білім беру оның элементтері арасындағы өзара байланысты анықтау және жүзеге асыру. Алайда оқу тәрбие үдерісі белгілі әдістемелер арқылы жүзеге асады. Әдістемеде ең алдымен: «қандай әдіспен оқыту керек?», «оқыту барысы қандай мазмұнда болу керек?», «қандай құралдар қолдану керек?», деген сұрақтарға жауап іздеу, болашақ мұғалімнің қабілеттілігінің біріне айналады.

Жаһандану жағдайында оқытудың мобильді технологиялары қазақ тілі мен әдебиетін оқыту үдерісінде төмендегі түрлерін іске асыру мүмкіндіктері бар екендігін көрсетті (сурет 8).

Болашақ мұғалімдердің кәсіби өздігінен білім алуға даярлығы үрдісіндегі қалыптастыру әдістемесі маңызды орын алады. Мәнділігіне байланысты бұл әрекет пәнді оқыту және тәрбиелеуден кейінгі орынға ие. Сондықтан қалыптастыру әдістемесі кәсіби-педагогикалық өздігінен орындалатын әрекеттің түріне жатқызылады [182, б. 18-20]. (Қосымша F)

Зерттеу жұмысымызға байланысты кәсіби өздігінен білім алуға даярлығын қалыптастыруды үш құраушысы тұрғысынан (білім, іскерлік және дағды) немесе кешенді әдістерді қолдану тұрғысынан жүзеге асыруға болады.

Ғылыми деректер бойынша оқу материалдарын қабылдау мен іс-әрекеттерді жүзеге асыру мүмкіндіктері келесідей көрсеткіштермен анықталады (сурет 9).



Сурет 8 - Болашақ мұғалімдерді оқытудың түрлері



Сурет 9 - Оқу материалдарын қабылдау мүмкіндіктері

Болашақ мұғалімнің әрбір іс-әрекеті үшін *дайындық* жасалуы тиіс. Білім алушылардың білімі, іскерліктерін, дағдыларын қалыптастыру үшін әзірленген жоспарда уақыт үлестірілуі керек.

Бір мақсатқа жету үшін бастапқыда жасалған дайындық әрекетін *жоспарлау үдерісі* деп аталады. Мақсатқа жету үшін оның анықталуы және жолының белгіленуі *оқытудың жоспарлануы* деп аталады, ал осы мақсатқа жету жолында кездесетін кедергілерді басып өту үшін қабылданған іс-шаралар *оқыту әдістері* деп те аталады.


Жоспарлау үдерісі негізінен бес негізгі мәселенің шешімін табумен жүзеге асырылады. Олар: 1. Не үйретемін? 2. Қашан үйретемін? 3. Қандай мақсатпен үйретемін? 4. Қалай үйретемін? 5. Қай жерде үйретемін? Бұл сұрақтарға жауап іздеуде жоспар жасалынып, жүзеге асырылады (сурет 10).

Педагогикалық іс-әрекетке даярлаудың ең маңызды компоненті, оқу

материалдары мен оқыту әдістері. Тақырыпқа байланысты материал көп табылатын болса, түсіндіру үдерісі де қысқарады.

Болашақ мұғалімдердің кәсіби өздігінен білім алуға даярлығын қалыптастыру нәтижесінде мұғалімнің интеллектуалдық, кәсіптік, азаматтар үшін және басқа да адами келбетінің қалыптасуына игі әсерін тигізеді, өзін-өзі дамытып, оқу-тәрбие үдерісін тиімді ұйымдастыруына көмектеседі.

Болашақ мұғалімдердің кәсіби өздігінен білім алуға даярлығын қалыптастырудағы оқыту әдістері: Оқытудың хабарламалық-дамытушы, проблемалық-ізденіс, репродуктивті және шығармашылық-репродуктивті әдістерін пайдалана отырып, лекция, семинар, практикалық жұмыс, өзіндік



Сурет 10- Жоспарлау үдерісі сабақтастығы

жұмыс, оқытушының басшылығымен болашақ мұғалімнің өзіндік жұмысы барысында жүзеге асады (Қосымша Д).

Нәтижеге бағытталған оқыту үдерісінде жаңашылдықты болашақ мұғалімдер меңгере отырып кәсіби өздігінен білім алуда заманауи технологияны кәсіби іс-әрекеттерде пайдалануға даярлауда болашақ мұғалімдер өзіндік оқу танымдық жұмыспен шұғылдануы қажет.

Болашақ мұғалімдердің танымдық өзіндік іс-әрекеті барысында заманауи оқытудың қолданыстағы түрі – мобильді компьютерлік жүйелер мен мобильді қосымшаларды қолдану арқылы оқыту «мобильді оқыту».

Жаһандану үдерісінде білім алу мүмкіндіктері кеңеюде: қашықтан білім алу, виртуальды кеңістіктегі әртүрлі тренингтер, онлайн-курстар, электрондық оқулықтар, бейнедәрістер, мобильді оқыту, электрондық және сандық білім беру ресурстары т.б.

Бүгінгі таңда мобильді оқытудың мүмкіндіктері күннен күнге артуда, оның құралдары заманауи білім берудің сұранысын қанағаттандыруға мейлінше дайын болуды көздейді. Білім беру стратегиялары мен әдістері, оқыту формалары мобильді оқытуды енгізуге бағытталып жасалады, бұл саланы зерттеу, әдістемелік және ұйымдастырушылық жұмыстарды жасауды талап

етеді.

Мобильді оқытудың теориялық және практикалық мәселелері, оқу үдерісіне ендіру мен дамытуды қарастыру шетелдік, ресейлік және отандық ғалымдардың M.Sharples, D.Keegan, C.Quin, В.Я.Цветков, М.А.Григорьева, Е.Ю.Рудова, С.В.Титова, А.П.Авраменко, К.В.Капранчикова, А.Б.Абибулаева, Д.Б.Сапарғалиев және т.б. еңбектерінде зерделенген.

«Мобильді оқыту» - білім беруде педагогтардың жұмысын жеңілдетуші, мүмкіндіктерін кеңейтуші, білім тереңдігін күшейтуші технология және негізгі оқыту формасына қосымша көмекші құрал деп те қарастырылады. Мобильді оқыту мобильді құрылғылар арқылы жүзеге асады.

Мобильді құрылғылар ақпараттық-коммуникациялық технологиялардың (АКТ) құрамына енеді. Болашақ мұғалімдердің кәсіби өздігінен білім алуға даярлығын қаыптастыруда мобильді құрылғыларға арналған арнайы қосымшаларды пайдалану оқытудағы жаңа тәсілдердің бірі.

Мобильді құрылғылар дүние жүзінің білім алушылары үшін кәсіби өздігінен білім алуды неғұрлым қол жетімді әрі тиімді. Әмбебап технологияларды тиімділігін пайдалану болашақ мұғалімдер үшін де, педагогтар үшін де және басқа сала қызметкерлері үшін де үлкен көмек көрсетуші құрал болып табылады [198].

Мобильді құрылғыларға, әдетте, мобильді телефондар, смартфондар, коммуникаторлар, қалта компьютерлері, нетбуктер, ноутбуктер және планшеттік компьютерлер жатады.

Мобильді құралдардың арнайы қосымшаларын қолданып, оқытушы ақпаратты тікелей болашақ мұғалімдерге мобильді құралдарына бір мезетте жібере алады. Атап айтсақ, мұндай тәсіл оқылатын материалды көрнекі түрде демонстрациялық материалдарды электрондық түрде компьютерлік техникамен жабдықталмаған аудиторияда көрсету үшін қолдануға мүмкіндік береді. Егер, аудиторияда интербелсенд тақта болған жағдайда, онда тез арада планшет немесе ноутбукты оған жалғап, болашақ мұғалімдер алдын-ала бекітілген бағдарламаларды қолдануға мүмкіндік алады.

Мобилдік оқытуда болашақ мұғалімдерге өзіндік іс-әрекетке көп уақыт бөлінеді. Аталған бағыттағы оқытуда оқу кешеніне сүйене отырып, өз бетімен жұмыс істеуге қолайлы.

Ол келесі бағытта: әрбір тыңдаушының өзіндік ерекшелігін ескере отырып, қойылған нәтижелерге жетуге байланысты, игерілетін мәселелердің мазмұны мен оған қолданылатын тиімді әдіс-тәсілдер жүргізіледі (сурет 11) [199].

Сонымен қатар, қашықтықтан оқыту үдерісі қазіргі уақытта қанатын кең жайып келе жатқан жаңа бағыт. Қашықтықтан оқыту жүйесі басты екі сала бойынша жүзеге асырылады. Онлайн және оффлайн жүйелері бойынша оқу бағыты ұйымдастырылады. Онлайн оқу жүйесінің өзіндік ерекшеліктеріне тоқталсақ. «Онлайн» термині ағылшын тілінің «to be on line» – желіде болу деген мағынаны білдіретін сөзінен шыққан [200].



Сурет 11 – Кәсіби өздігінен білім алу әдіс тәсілдері

Онлайнның түрлі жіктемелері бойынша батыс зерттеушілері жаппай ашық онлайн курсына (ЖАОК) баса назар аударды.

Жаппай ашық онлайн курсын (ЖАОК) ең алғаш Джорджа Сименса 2008 білім беру үдерісіне ендірді.

Онлайн оқытуда тұлға өз бойындағы әлдебір ерекшеліктеріне сәйкес шектеусіз өздігінен білім ала алады. Меңгере алмаған тақырыбы бойынша өз қалауынша бірнеше рет қайталап оқу арқылы жүзеге асырады.

Жаппай ашық онлайн курсы білім беру сапасының негізгі аспектісі болып табылады. Оқытушының қатысу оқу бағдарламасының мазмұнын, оқу іс-шаралары мен терминдерін әзірлеуді; мониторингті және ынтымақтастықты басқаруды; болашақ мұғалімдердің кәсіби өздігінен оқу нәтижелеріне қол жеткізуін қамтамасыз етеді. Болашақ мұғалімдердің кәсіби өздігінен білім алуға деген көзқарасы білім беруді түрлерін түрліше сипаттауға қолайлы түсінік болып табылады.

Жаппай ашық онлайн курсы туралы білімді кеңейту болашақ мұғалімдерді оқыту үшін маңызды, себебі оқытушылардың онлайн-оқытуды қалай қарастыратыны болашақ мұғалімдерді оқыту үдерістері және нәтижелерімен нақты байланысты. Сонымен қатар, бұл білімдерді интербелсенді оқыту ортасын әзірлеу кезінде пайдаланылуы мүмкін. Сондай-ақ, онлайн-оқытуға болашақ мұғалімдерді дайындау үшін бағдарламаларды әзірлеуге, оларды оқытудың осы жаңа шарттарын дұрыс пайдалануға бейімдеу және түсіну үшін көмектесе алады. Онлайн оқуға арналған зерттеулер аралас оқу курстары аясында жүргізілді, оның барысында болашақ мұғалімдер өз оқуын (күндізгі және виртуалды) теңдестіруі тиіс, сондай-ақ онлайн курстары аясында жүргізілді. Деректерді жинау және талдау үшін көбінесе феноменографиялық әдістер қолданылады, ал зерттеу нәтижелері, әдетте, сапалы сипатқа ие [201].

Жаппай ашық онлайн курсы - бұл жоғары білімді түзету үшін қоғамның қажеттіліктері емес, «жоғары білім беру жүйесінің тарихи мүмкіндігі, біз қандай іс-әрекет жасап жатқанымызды және оны қалай жүзеге асыратындығымызды қайта ойлап, қоғам үшін тиімді қызмет ету» арқылы

көрініс тапқан.

Қазақстандық жетекші ғалымдардың онлайн-курстарын әзірлеудегі мақсаты: өздігінен білім алуда Интернет арқылы қолжетімді етуді көздейтін жоба. Платформада ұсынылатын онлайн-курстарға кез келген азамат кез келген уақытта жазылып, оларды меңгере алуында.

Бүгінде жаппай ашық онлайн курс: мектептің жоғарғы сынып оқушылары, колледж және жоғарғы оқу орындарының студенттері. Сонымен қатар, түрлі жағдайларға байланысты білім алуға мүмкіндіктері жоқ азаматтар және де онлайн-курстарға қызығушылық білдірген кез келген азаматтар үшін қолайлы болып табылады, алайда, интернет жүйесіне кіре алатын адамның барлығының осы курстардан өтуіне толық мүмкіндігі бар.

Жаппай ашық онлайн курстар арқылы әрбір тұлға өздігінен білім алушы болашақ мұғалім тек университеттік мәліметтердің ғана емес, қажетті ресурстарды да оқытушылар, білім алушылардың өз мүддесі үшін қолдануын қамтамасыз ету. Қашықтықтан білім алу арқылы атап айтқанда, арнайы әлеуметтік желілер, ресурстар, болашақ мұғалімдер үшін интербелсенді құралдарды өзара байланыстырып, видеолекциялар, онлайн-тақталар, блогтар, сайттар, Twitter и YouTube-ті тиімді қолдану.

Жоғары оқу орындарында онлайн курс аталған оқу құралының негізінде және болашақ мұғалімдерге оқылған дәрістерге сүйене отырып дайындалды, *онлайн курстың ең басты элементі* – мазмұны жағынан теориялық деңгейі жоғары, аудиторияда отырып-ақ сынақтан өтіп, жақсы пікірлерге ие болатын *дәрістер* жинақталды.

Демек, жаппай ашық онлайн курстар келесідей нәтиже береді: арнайы төлемдерсіз сертификаттарға ие болуы; жоғары оқу орындарындағы үздік оқытушылардың дәрістеріне қатысуы; бәселелестікте белгілі бір орны бар дәстүрлі оқыту жүйесінде кез келген алушы білім жоғары оқу орнының дәрісіне тегін қатыса алуы; ресми талаптарға сәйкес қоғамда өз орны бар кез келген тұлғаның курстан өтуі; серіктестік және ынтымақтастық қарым-қатынас орнатуы.

Сонымен қатар, кәсіби өздігінен білім алуда арнайы білім берудің интернет ресурстары зор ықпал жасайды. Мәселен:

<http://kazakhtest.kz/KAZTEST/> - қазақ тілін меңгеру деңгейін бағалау жүйесін;

https://ust.kz/word/qazaq_tili_paninen_erejeler_jinagy-26445.html - қазақ тілі ережелер жинағы;

http://bilimdiler.kz/kazakh_tili/26967-kazak-tilinin-erezheler-zhinagy-1-11-synpytar-ushin.html - Білімділер порталы;

<https://martebe.kz/til-turaly-olender-toptamasy/> - республикалық мәдениет және білім порталы;

http://zhas-daryn.kz/?page_id=21688- Республикалық дарынды және талантты жастарға арналған интернет ресурс;

[https://kitap.kz/books/abaj_zholy_i_kitap/read#epubcfi\(/6/2\[id1\]!/4/2/2/1:0\)-](https://kitap.kz/books/abaj_zholy_i_kitap/read#epubcfi(/6/2[id1]!/4/2/2/1:0)-) Абай жолы I кітап;

https://baq.kz/kk/news/ruhaniyat/abai_zholi_romanin_smartfon_arkili_onlain_rezhimde_tindauga_boladi20170221_124900 - Қазақстанның жаңалықтары. Ақпараттық портал «Baq.kz»;

<http://adebiportal.kz/kz/> - Әдебиет порталы;

<https://www.litres.ru/sh-shortanbaev/hh-g-asyrdag-y-k-azak-debieti-damuynyn-alg-ashk-y-kezen-i-elektrondy-ok-u-k-u-raly/?lfrom=203296981> - XX ғасырдағы қазақ әдебиеті дамуының алғашқы кезеңі, электронды оқу құралы;

<https://kitap.kz/> - Қазақстанның ашық кітапханасы;

<https://www.zharar.com/kz/makal/> - Мақал-мәтелдер порталы;

<https://appagg.com/android/books-reference/tar-zhol-taig-ak-keshu-16943037.html> - Тар жол тайғақ кешу онлайн кітап;

<https://100kitap.kz/kz/> - 100 кітап;

<http://kazneb.kz/> - Электрондық кітапхана;

<http://classic.nlrk.kz/> - «Қазақ классикалық әдебиеті» электрондық кітапханасы;

<http://www.nlrk.kz/> - Ресей-Қазақстан «Шекарадағы кездесулер» мегажобасының электрондық кітапханасы;

<https://e.edu.kz/> - e-Learning электрондық оқыту жүйесі;

<https://nao.kz/> - Ы.Алтынсарин атындағы ұлттық білім академиясы.

<http://til.gov.kz> – Мемлекеттік тіл порталы;

<http://www.rntb.kz> – Республикалық ғылыми-техникалық кітапхана;

<http://www.nlrk.kz> – Қазақстан Республикасының ұлттық кітапханасы;

<http://www.tilashar.kz/> - Өздігінен қазақ тілін үйренемін деушілерге арналған сайт.

<http://www.kazak-tili.kz/> - Қазақ тілін жылдам әрі тиімді үйренушілер үшін және т.б.

<https://openu.kz/kz/> - Қазақстанның ашық университеті

Жаһандану үдерісінде интернет ресурстары мен ақпараттық технологияны пайдаланудың жағдайында болашақ мұғалімдердің білімдерін жетілдірудің мүмкіндігі кең, соның бірі оқыту үдерісінде электрондық оқулықтарды қолдану болып табылады.

Зерттеуіміз көрсеткендей, оқыту үдерісінде электрондық оқулықты пайдалану болашақ мұғалімдердің танымдық белсенділігін арттырып қана қоймай, логикалық ойлау жүйесін қалыптастыруға, шығармашылықпен еңбек етуіне жағдай жасайды.

Электрондық оқулық деп – мультимедиялық оқу құралы болып табылады, электрондық оқулық заманауи үлгіде заман талаптарына сай жасалған оқу құралы. Электрондық оқулық болашақ мұғалімдер үшін уақытын тиімді қолдануға арналғын, материал қарастыруда жылдамдық танытатын, өткенді еске жылдам түсіретін, көріп және есітіп отырып жұмыс жасауға арналған құрал (Қосымша Д).

Электрондық оқулық болашақ мұғалімдер үшін өте тиімді, қажетті тақырыптарын жылдам тауып, қажетті мәліметтерді көп уақыт жұмсамай жылдам іздеп тиімді жұмыс жасауға оңтайлы құрал болып табылады.

«Акмеология: жеке және әлеуметтік жетістіктер негізі» атты элективті курс негізінде жасалған болашақ мұғалімдер үшін «Акмеология: жеке және әлеуметтік жетістіктер негізі» атты оқу құралын атап өткенді жөн санадық.

Қосымшада «Акмеология: жеке және әлеуметтік жетістіктер негізі» атты электронды оқу құралы туралы мәліметтер беріледі (Қосымша Е).

Осы біз жасаған электрондық оқу құралын қолданып оқыту нәтижесінде болашақ мұғалімдерінің «Акмеология: жеке және әлеуметтік жетістіктер негізі» пәнін қызығушылықпен, ынтамен оқып, өзіндік іс-әрекетті тиімді жүзеге асырады болашақ мұғалімдердің өздігінен білім алуға даярлығын қалыптастыру деңгейі арта түседі деп тұжырымдаймыз.

Болашақ мұғалімдердің кәсіби өздігінен білім алуға даярлығын қалыптастыруға байланысты педагогикалық тапсырмалар дайындалды. Кәсіби даярлау үдерісінде педагогикалық тапсырмалардың орны ерекше. Біз зерттеу жұмысымыздың қалыптастыру кезеңінде педагогикалық тапсырманың мәнін және қолданылуын баяндаймыз.

Педагогикалық тапсырма оқу үдерісінде болашақ мұғалімдерді дамыту және олардың өзінің оқу іс-әрекетін белсендендіру үшін пайдаланатын сұрақтар, жағдаяттық тапсырмалар және басқа да әдістер сияқты ұғымдар жіктелесін қамтиды. Кәсіби даярлауда болашақ мұғалімдерді белсенді етудің және бір факторы – білім алушылардың өзіндік жұмыстары және оқытушының басшылығымен орындайтын өзіндік жұмысы. Өзіндік жұмысты басшылыққа алу үшін (оның ішінде саралау мақсатында) тапсырмалар жүйесі құрылады (Қосымша Ж) [202].

Қалыптастыру кезеңінде болашақ мұғалімдердің өзіндік жұмысын ұйымдастыру үшін берілетін тапсырмалар анықталды және соған сәйкес оқу жұмыстары орындалды. Олардың оқытудың бірыңғай технологиясы бойынша оқу үлгерімінің деңгейлері алдағы оқу жылындағы білім алушылардың білім, іскерлік және дайындық деңгейімен салыстырылды.

Болашақ мұғалімдердің меңгерген білім, білік, іскерлік, дағдылары бойынша тапсырманы өздігінен орындай білуге үйрету даярлықтың дұрыс қалыптасуына мүмкіндік жасайды, қандай да бір педагогикалық тапсырмаларды жылдам шешеді, кәсіби танымды қалыптастырудың барлық кезеңдерінде алгоритмдік әдісті қолданады (Қосымша И).

Тапсырманы орындауға берілген уақыт біткеннен кейін, болашақ мұғалімдер дайын жұмыстарын көрсетеді, ал оқытушы қорытынды бақылау жүргізеді, орындалған жұмыстың өзіндік деңгейіне және мазмұнына қарай бағалайды, бар кемшіліктерін көрсетеді және олардың себептерін анықтайды. Өзін-өзі бақылау мен өзін-өзі талдауды дамытуға әсері болатын сұрақтар қою арқылы болашақ мұғалімдердің белсенділігін арттыруға болады, сол арқылы оқытушы тапсырманы орындаудағы болашақ мұғалімнің ақыл-ой дәрежесін анықтайды.

Тапсырманы орындау әдіс-тәсілдері жақсы нәтижелер береді. Жүйелі тапсырма беру арқылы жеке тұлғаны білім алу үдерісінде өзіндік іс-әрекеттерді дұрыс орындауға үйретеді.

Болашақ мұғалімдердің өзіндік жұмыстары аудиториядан тыс уақытта дер кезінде педагогикалық тапсырмаларға есеп беру үшін өзіндік жұмыстарды орындау барысында болашақ мұғалім оны ұйымдастырудың тиімді жолдарын, кітаппен жұмыс істеуді, өздігінен білімін толықтыруды, өз білімін ұштауды, өз ойын тұжырымдау және жеткізе білуді үйренеді. Заманауи технологияларды болашақ мұғалімдердің кәсіби өздігінен білім алуға даярлығы дағдыларын дамытуда пайдаланды (кесте 6).

Болашақ мұғалімдердің кәсіби өздігінен білім алуға даярлығын қалыптастыруда практикалардың рөлі ерекше. Болашақ мұғалімдердің оқу-танысу практикасы білікті мамандар даярлаудың маңызды кезеңі болып табылады.

Кесте 6 – Заманауи технологияларды болашақ мұғалімдердің кәсіби өздігінен білім алуға даярлығы дағдыларын дамытуда пайдалану

Кәсіби дағдыны құраушылар	Кәсіби өздігінен білім алу түрі	Оқуға қажетті заманауи технологиялар
Дәріс сабақтар	- ғаламтор, - ғылыми еңбектерден іздену; -ақпараттық ресурстардан материал жинақтау, талдау және талқылау, салыстыру	- заманауи технологиялар; - мобильдік құрылғылар -ақпараттық коммуникациялық технологиялар
Семинар сабақ (практикада жүзеге асыру, дамыту дағдылары)	- өзіндік іс әрекет барысында білім алу элементтерін талдау; - СӨЖ, ОБСӨЖ педагогикалық тапсырмалар; - мәселелік жағдаяттарды талқылау.	Оқытушы: заманауи технологиялар; Бақылаушы: заманауи технологиялар
Тестілеу, зияткерлік дағдылар	Ұғымдарға талдау жасау	Заманауи технологияларда тестілеу; бақылау, бағалау
Өзіндік жұмыс арқылы дағдыны дамыту	Жағдаяттардың шешімін таба білу	Ақпараттық заманауи технологиялар
Пікір-талас (зияткерлік дағдыны қалыптастыру)	- контент-талдау; - өздігінен білім алу мәселелерді талдау, талқылау	Мұғалім-тренерлер; Оқу-ойын арқылы білім алу; Модельдеуші заманауи технологиялар;

Практика бағдарламасы мемлекеттік міндетті білім беру стандартында мазмұндалған 5B011700 Қазақ тілі мен әдебиеті мамандығының даярлау бағыты бойынша практиканы ұйымдастыру талаптарына сәйкес құрылған (Қосымша К).

Жоғары мектептің жалпы мектептен айырмашылығы – оқытуда, маман даярлауда ғана емес, ең бастысы ізденімпаздыққа, кәсіби өздігінен білім алу, оқу жұмыстарын тиімді ұйымдастыру мен дербестігі нәтижелі, саналы еңбек етуге ұмтылуына байланысты. Мұндай іс-әрекетке болашақ мұғалімнің өзіндік

жұмысы, курстық жұмысы, ғылыми зерттеу жұмысы, дипломдық жұмыстары жатады. Жоғары оқу орындарында курстық, дипломдық жұмыстардың орны ерекше. Болашақ мұғалімдердің іздену жұмыстарымен айналысуы өздігінен білім алу, өзін-өзі жетілдіру, дағдысын қалыптастыру, өзін-өзі дамытуға ықпалы зор. Курстық жұмыс, дипломдық жұмыс жазу болашақ мұғалім үшін көп ізденіп, көп еңбектенуіне тура келеді. Дипломдық жұмыста эксперимент жүргізіп, талдаулар мен сараптамалық жұмыстар жасап, нәтижесін қорытындылап шығарады.

Дипломдық жұмыс ол өзіндік жұмыстың қорытынды формасы ретінде білім алушылардың дербестік қабілетінің дамуындағы соңғы нәтижедегі көрінісі.

Дипломдық жұмыстар болашақ мұғалімдердің өзіндік жұмыстарға деген дағдыларын айқындауға мүмкіндік береді, олардың танымдық және практикалық іс-әрекеттерге деген белсенділігін арттырады және жас мұғалімдердің мектеп жұмыстарына тез бейімделуіне жол ашады.

Кәсіби бағдарланған және педагогикалық тұрғыда дұрыс ұйымдастырылған өзіндік жұмыстар болашақ мұғалімдердің кәсіптік дайындығын шыңдауға қолайлы жағдайлар жасайды. Болашақ мұғалімдердің жазған курстық жұмыстары, орындалған ғылыми-зерттеу жұмыстары оларды өздігінен ойлауға үйретеді және зерттеу дағдыларының негізін қалайды.

Болашақ мұғалімдерді кәсіби даярлауда нәтижеге бағытталған біртұтас педагогикалық үдерісінде жеке даралық СӨЖ түрлері болады: лекцияларға, семинарларға, сынақтарға, емтихандарға әзірлік және рефераттар, тапсырмалар, курстық жұмыстар мен жобаларды орындау, ең соңында дипломдық жобаны қорғау.

Болашақ мұғалімдердің *ғылыми-педагогикалық зерттеу жұмыстарымен* айналысуға мүмкіндіктері де бар. Ғылыми-зерттеу жұмысының қорытындысы жазу және оны әдеби көркемдеу-зерттеу жұмысының негізгі элементі болып саналады.

Сонымен, тәжірибелік-ізденістік жұмыстың қалыптастырушы кезеңінің нәтижесінде, біз болашақ мұғалімдердің кәсіби өздігінен білім алуға даярлығын қалыптастырудың әдістемесінің тиімділігін тұжырымдадық.

Келесі тармақшада біздер сипаттаған оқыту әдістері мен құралдары бойынша ұйымдастырылған, болашақ мұғалімдердің кәсіби өздігінен білім алуға даярлығын қалыптастырудың тәжірибелік-эксперименттік жұмысының нәтижелері мазмұндалды.

2.3 Тәжірибелік-эксперименттік жұмыстың нәтижелері

Білім беру үдерісінде болашақ қазақ тілі мен әдебиеті мұғалімдердің кәсіби өздігінен білім алуға даярлығын қалыптастыру мәселесі бойынша тәжірибелік-эксперименттік жұмыс жүргізілді.

Тәжірибелік-эксперименттік жұмыс барысында Қазақстан Республикасы мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарына, Қазақстан Республикасы жалпы білім беру тұжырымдамасы, болашақ мұғалімдердің

кәсіби өздігінен білім алуға даярлығын қалыптастыруға байланысты мүмкіндіктері қарастырылды.

Бақылау эксперименті мақсатында болашақ мұғалімдердің кәсіби өздігінен білім алуға даярлығын қалыптастыруда өзіндік іс-әрекетті жүзеге асыру мәселелеріне қатысты «*Студент және өздігінен білім алу*» сауалнамасын (Қосымша А), 5B011700 – Қазақ тілі мен әдебиеті мамандығының 1-4 курс болашақ мұғалімдерінен алу көзделді. Себебі, бұл курстың білім алушылары жалпы модульдер және мамандық модульдері бойынша теориялық білімді меңгерген. Сондай-ақ, кәсіби өздігінен білім алу университеттердегі нәтижеге бағыттылған оқыту үдерісі үшін маңызды болғандықтан болашақ мұғалімдердің кәсіби өздігінен білім алу деңгейін тексеру қажет болды. Сауалнама сұрақтарында кәсіби өздігінен білім алудың кәсіби даярлау үдерісіндегі орны, маңызы, болашақ мұғалімдер үшін мәнділігі туралы болашақ мұғалімдердің көзқарасын білу маңызды болып табылды.

Сауалнамада кәсіби өздігінен білім алу еліміздегі білім беру жүйесінде жүзеге асырылуы қандай дәрежеде екендігіне оқытушы-профессорлар құрамы, педагогтар, мектеп мұғалімдері, білім беру ұйымдарының қызметкерлері және болашақ мұғалімдер көзімен қарау, кәсіби даярлауда өздігінен білім алу үдерісінде болашақ мұғалімдердің білім, білік, дағдысын қалыптастырудағы маңызды ақпарат жинақтау, еуропалық білім беру кеңістігіндегі озық тәжірибелердің ішінде маңызды болып табылатын өздігінен білім алу бағдарламаларын қолдану, заманауи идеялардың дүниеге келуі ғылымның дамуында қандай дәрежеде екендігін оқытушы-профессорлар құрамы, педагогтар, мектеп мұғалімдері, білім беру ұйымдарының қызметкерлері және болашақ мұғалім көзімен болжау мақсатында бағыттаушы сұрақтар қамтылды. Оқытушы-профессорлар құрамы мен болашақ мұғалімдерге қойылған сауалнама, сұхбат жауаптары олардың кәсіби өздігінен білім алу үдерісі туралы, біліктілігін жетілдіру, кәсіби өсу, ойларын білу де назардан тыс қалған жоқ. Болашақ мұғалімдердің кәсіби өздігінен білім алудағы өзіндік іс-әрекетіне, кәсіби білімдеріне сүйене отырып, өз мамандығы бойынша ынта-жігерінің қаншалықты артқандығын білу маңызды болғандықтан сауалнамада бұл мәселеде тыс қалмады.

Университеттерде кәсіби даярлау үдерісінде кәсіби өздігінен білім алу мен өзіндік іс-әрекетте кездесетін кедергілер – болашақ мұғалімнің әлеуметтік жағдайы, қаражатының жетіспеуі, оқу үрдісінде арнайы тапсырмалардың шамадан тыс берілуі, өзіндік жұмыстардың дұрыс ұйымдастырылмауы, дұрыс бағаланбауы және т.б. кейбір мәселелерді дер кезінде қамтымағандығы белгілі болды. Осы мәселеге қатысты болашақ мұғалімдердің өздігінен білім алу сауалнамада «Өзіндік жұмыстардың дұрыс ұйымдастырылмау себептері неде?», «Өздігінен білім алуға не кедергі болады? Өздігінен білім алуда кездесетін қиыншылықтар?» деген және т.б. сұрақтар берілді.

Еуропалық білім беру кеңістігіне енудегі елеулі өзгерістерге байланысты кәсіби өздігінен білім алу үдерісін ұйымдастыруға даярлаудың анықтау кезеңінде бірнеше бөлімнен тұратын сауалнама сұрақтары арқылы, өздігінен

білім алу үдерісін ұйымдастыру бойынша іскерлік ойындар, тренингтер өткізу, оған болашақ мұғалімдерді қатыстыру, жоғары білім берудің мақсаты мен мазмұны, оқу үдерісін жоспарлау, біртұтас педагогикалық процесс, кәсіби даярлау үдерісін бақылау және бағалау, өздігінен білім алу, өзін-өзі тәрбиелеу, өзін-өзі жетілдіру, өзін-өзі дамыту, өзіндік іс-әрекетті басқару туралы сұрақтардың қойылуы, болашақ мұғалімдердің заманауи білім беру технологияларын қандай деңгейде меңгергендігін анықтауға болады.

Болашақ мұғалімдер үшін келесі *«Өздігінен білім алуға менің көзқарасым»* атты сұхбат (Қосымша Ә) әзірленді.

Бүгінде әлемдік тәжірибедегі кәсіби мамандар даярлаудағы кәсіби өздігінен білім алу үдерісін ұйымдастыруға даярлығын қалыптастырудың тиімділігі мен жаһандану жағдайында бәсекеге қабілетті, кәсіби құзыретті мамандар тапшылығы да орын алған. Қалыптасқан жағдайдың негізгі себепшісі – кәсіби білім беру үдерісін ұйымдастырудағы мәселелерде, яғни, болашақ мұғалімнің бойынан табылуға тиісті өздігінен білім алу, өзін-өзі тәрбиелеу, өзін-өзі жетілдіру, өзін-өзі дамыту, өзіндік іс-әрекетті басқару, өзіндік жұмыстағы тәжірибелік дағдыны талап ететін өндірістік жағдайлардан нақты теориялық білім берудің, кәсіби маман даярлаудың заман талабынан алшақтап кетуі. Ал, кәсіби даярлаудың теориясы мен практикасындағы кәсіби өздігінен білім алу үдерісін ұйымдастырудағы қайшылықты жою жолдарын көрсету педагогикалық тапсырмаларда қарастырылды.

Болашақ мұғалімдердің кәсіби өздігінен білім алу үдерісін сапалы, мақсатты, мағыналы ұйымдастыру туралы ойларын білу көзделді. Сұхбаттасу сұрақтарында келесідей мәселелер қамтылды:

- Еуропалық білім беру кеңістігіне ену туралы Сіздің көзқарасыңыз қандай?

- Заманауи модельдегі білім алу дегенді қалай түсінесіз?
- Білім берудың қандай түрлері бар?
- Өздігінен білім алуды қалай түсінесіз?
- Сіз өздігіңізден білім аласыз ба?
- Қазіргі таңда өздігінен білім алу қажет деп ойлайсыз ба?
- Өздігінен білім алатын тұлға бізде көп пе?
- Өздігінен білім алудың мағыздылығы туралы на айтасыз?
- Өздігінен білім алуға дайынсыз ба?

Болашақ мұғалімдердің кәсіби өздігінен білім алу түрткілері мақсатында сұхбаттасу әдісі жүргізіліп, төмендегідей сұрақтар берілді:

1. Өздігінен білім алуға не қажет?
2. Өздігінен білім алуда қандай заманауи құралдарды қолданасыз?
3. Өздігінен білім алу жайлы білесіз бе?
4. Өздігінен білім алу ЖОО-да іске асыру қандай жолдарын білесіздер?
5. Өздігінен білім алу білім алушылар үшін тиімді ма?

Сұхбаттасу әдісін жүргізуде болашақ мұғалімдердің кәсіби өздігінен білім алуға деген көзқарастары, мүмкіндіктері мен тиімділігін арттыру бойынша пікірлерін білу көзделді.

Жаһандану үдерісінде болашақ мұғалімдердің кәсіби өздігінен білім алу үрдісінің әлемдік тәжірибедегі қолданыс аясы мен Қазақстандағы білім беру жүйесіндегі даму ерекшеліктері жайлы және т.б. білім деңгейлерін анықтау мақсатында төмендегідей педагогикалық тапсырмалар ұсынылды:

- «Өздігінен білім алу жайлы мемлекеттік маңызы бар ресми құжаттардан хронологиялық кесте құру».

- «Өздігінен білім алу бойынша еуропалық озық педагогикалық тәжірибелерінен үлгі ұсыну».

- «Өздігінен білім алу ерекшеліктеріне байланысты презентация жасау».

- «Өздігінен білім алу бойынша ұйымдастыру жұмыстарының жоспарын құру».

Педагогикалық тапсырмаларды орындау барысында болашақ мұғалімдерді кәсіби өздігінен білім алуға даярлығын қалыптастыру өзіндік іс-әрекет жасаудың тиімді формалары туралы, маман даярлау үдерісіндегі әлемдегі озық тәжірибелердің кәсіби өздігінен білім алу үрдісінде алатын орны туралы қарастырылды. Педагогикалық тапсырмалар бойынша бірқатар дамыған елдердің бәсекеге қабілетті маман даярлау тәжірибиесіне талдау жасап, өздігінен білім алу үдерісін ұйымдастырудағы проблемаларды ашып көрсетті.

Педагогикалық, әдістемелік, шығармашылық ізденіс жұмыстарын жүргізу барысында болашақ мұғалімдер белгілі өзіндік іс-әрекеттері білім берудің бастапқы кезеңдерінде қалыптасатындығы, сондай-ақ өзіндік іскерлігі, өзіндік жұмыс жасау қабілеті, кәсіби өздігінен білім алуды ұйымдастыруды оңтайлы таңдау дағдысы, атқарылатын өзіндік іс-әрекеттері үшін жауапкершілік сияқты жеке қасиеттерге ие болуы көрініс табады. Өзіндік іс-әрекет пен өзіндік жұмыс барысында білім алудың тиімді жолын таңдаудың дұрыстығына негізделген мәселелерге де шолу жүргізеді.

Экспериментімізде келесі *«Жеке тұлғаның бәсекелестікке қабілеттілік деңгейін бағалау»* атты әдіс-тәсіл (Қосымша Б) қолданылды. *Әдіс-тәсілдерінің мақсаты* – болашақ мұғалімдердің жеке тұлғаның интеллигентін, бәсекеге қабілеттілігін және шығармашылық қабілеттерін дамытып бағалауға арналған.

Еуропалық білім беру кеңістігіне енудегі елеулі өзгерістерге байланысты кәсіби өздігінен білім алу үдерісін ұйымдастырудың басты жұмыс жоспарында жеке тұлғаның өзіндік ерекшелігін танып білу мен дамыту және өз мүмкіндігін өздігінен білім алу үдерісінде қолдана білуге жағдай жасау көкейкесті мәселе екендігі белгілі. Жеке тұлғаның кәсіби өздігінен білім алу үдерісінде педагогикалық қабілеттерімен жан-жақты оның ішінде, бойындағы қасиеттері, ұйымдамтырушылық қабілеттері, белгілі бір бағыттағы ынтасын, білімін, білігін және дағдысын яғни бойындағы барлық педагогикалық қабілеттерін жаһандану үдерісіне сай өзіндік ұйымдастыру арқылы қоғамда өзіндік орны бар тұлғалық мүмкіндігін ашу керек. Бүгінде әлем «Төртінші өнеркәсіптік революция дәуіріне, технологиялық, экономикалық және әлеуметтік салалардағы терең және қарқынды өзгерістер кезеңіне қадам бастық. Адами капитал – жаңғыру негізі» жарияланды.

Адами капиталдың маңыздылығын қажет еткен қоғамда бүгінгі болашақ

мұғалімдерге зор мүмкіндіктер жасалуда. Заманауи білім беру технологияларын игеріп, озық жаһандық көзқарасы қалыптасқан болашақ мұғалімдер қоғамым үшін маңызды тұлғаға (идеалына) айналуы тиіс. Осыған орай жүргізілген сауалнамалы зерттеу әдістер жоғарыда көрсетілген мәселелерде оң шешімін тауып, зерттеу нәтижесінің маңыздылығын арттырады.

Заманауи білім беруде меңгерілген технологиялар, озық жаһандық көзқарасы қалыптасқан болашақ мұғалімдерге кәсіби білім беруді жаңғырту үдерісін тереңдетуге нәтижеде күтілетін оқыту үдерісін енгізу үлкен мүмкіндіктер беріп, оқу үдерісінің барлық деңгейлерінде сапалы, тиімді әлеуметтік дайындықтардың жоғары болуына ықпал етуде. Осы әдіс-тәсілдерді тексерістен өткізу, жеке тұлғаның ынтасын, қызығушылығын, бәсекелестікке қабілеттілігін бағалау, өз кәсібін жан-жақты меңгерген, білімді, дағдысы қалыптасқан, ұйымдастырушылық қабілеті басым болашақ мұғалім даярлау үдерісінде, кәсіби тұрғыда өздігінен білім алу, өзіндік жұмыс жасай алу қабілеттерін дамытуда берері мол.

Кәсіби даярлау үдерісінде заманауи білім беру технологияларын меңгерген, әлемдік деңгейдегі озық технологияларды пайдаланып, бәсекеге қабілетті болашақ мұғалімдерді тәрбиелеуге мүмкіндігі басым. Жаһандану дәуірінде қоғамда кәсіби маман даярлау үрдісіне немқұрайлы қарау проблеманы шешпейді. Халықаралық деңгейдегі бәсекеге қабілетті маман даярлау үрдісінің озық технологияларын, ғылыми-әдістемелік қағидаларын, ұстанымдарын, тұжырымдарын пайдаланып болашақ мұғалімдерді еңбек нарығына, кәсіби бәсекелестікке даярлауда мүмкіндік мол. Еуропалық білім білім кеңістігіне ену - біздің еліміздегі ЖОО-да кәсіби білім беруін реформалаудың негізгі міндеті болып табылады.

«Өздігінен білім алу, өзін-өзі дамыту, өз білімін жетілдіру, педагогикалық қабілетін бағалау» әдіс-тәсілі (Қосымша В) болашақ мұғалімдер өз кәсіби білімдерін салыстырмалы түрде өзін-өзі бағалауда қаншалықты деңгейде дайындығын анықтау әдіс-тәсілдерінің мазмұнын құрады. Бұл – әдіс-тәсілді жүргізудің себебі, болашақ мұғалімдердің кәсіби өздігінен білім алуға даярлығын қалыптастыруда өзіндік іс-әрекетті, өзіндік оқу және өзіндік жұмыстарды бірізді, шығармашылықпен орындаудағы қабілеттілігін байқау болып табылады. Болашақ мұғалім өз кәсібіне, өз кәсіби іс-әрекетіне деген ынта, қызығушылық болғанда ғана жеке берілген қандай педагогикалық тапсырма болмасын оны жоғары деңгейде орындауға мүмкіндік алады. Жоғарыдағы жағдаяттарға байланысты біздің ғылыми-әдістемелік зерттеу жұмысымыздың тақырыбына сәйкес таңдалған әдіс-тәсілдерді жүргізу орынды деп санаймыз.

Әдіс-тәсілдерді жүргізуде болашақ мұғалімнің өзіндік дербестігі жоғары сапаға және кәсіби өздігінен білім алуға бағыттайтын тиімді замануи технологияны таңдау, болашақ мұғалімнің кәсіби бейімделуінің негізгі өзіндік іс-әрекетінің бірі болып табылады. Сондай-ақ болашақ мұғалімнің дұрыс шешім қабылдауы, кәсіби өздігінен білім алу, өзін-өзі тәрбиелеу, өзіндік іс-

әрекеті, өзіндік жетілуіне, өзіндік дамуына бақылау жүргізуі оның кәсіби іс-әрекетін шыңдап, білім, білік, іскерлік және дағдысын қалыптастырады.

Болашақ мұғалімдердің кәсіби өздігінен білім алуға даярлығын қалыптастыру үдерісіне байланысты кәсіби ғылыми-әдістемелік еңбектеріне шолу жасалған оқытушының дәрісі теориялық негізде жүргізіледі. Әрбір болашақ мұғалімнің өзі болашақ мамандығын шығармашылықпен, шеберлікпен меңгеруде теориялық білімді практикамен ұштастыра білуі қажет. Осы тұрғыда кәсіби іс-әрекетіндегі білігін шеберлігімен, біліктілігімен ұштастырған жағдайда және үнемі шығармашылық ізденісте жүрген болашақ мұғалім кәсіби өздігінен білім алып өзін-өзі дамытып, білімін жетілдіріп, кәсіби шығармашылығын шыңдап, еңбек нарығында бәсекеге қабілетті маманға айналады.

Болашақ мұғалімдердің педагогикалық қабілеттерін анықтау мақсатында *«Өздігінен білім алуды ұйымдастырудағы болашақ мұғалімнің педагогикалық қабілеттілігін бағалау»* әдіс-тәсілі (Қосымша Г) жүргізілді.

Болашақ мұғалімдерді қоғамға бейімдеу кезінде әлеуметтік талаптарға сай білім, ой-пікір алмасулар арқылы өздігінен білім алудың, шығармашылық еңбек етудің және осыдан туындайтын қарым-қатынастардың субъектісі болып қалыптасады. Бұл жалпы адамзат тарихының заңды қорытындысы екендігін бүгінгі қоғам дәлелдеді. Қоғамға қажетті іс-әрекетпен айналысу үдерісінде тұлға бойындағы білім алуға қажетті барлық қабілеттері, біліктері, дағдысы қалыптасады, ал кәсіби өздігінен білім алуда қарапайымнан күрделі түрлеріне көшу жолында білім алушының қабілеттері, біліктері дамып, жетіле түседі, дағдысы қалыптасады. Осы үдеріс тұлғаның нағыз маман болып қалыптасу деңгейіне дейін жүргізілуі тиіс болды.

Болашақ мұғалімдердің кәсіби өздігінен білім алуға даярлығын қалыптастыру үдерісінде заманауи технологияларды жетік меңгерте отырып, қоғамдағы сұранысқа ие, бәсекеге қабілетті маман етіп даярлауға алып келді. Бүгінде адам капиталының қажеттілігін өтейтін қоғамда жан-жақты тұлға тәрбиелеудің тапсырысын өтеу көкейкесті мәселе.

Тұлғаның қажеттіліктерін қанағаттандыру кәсіби өздігінен білім алу үдерісі арқылы қамтамасыз етіледі. Өзін-өзі материалдық және рухани қажеттілігін өтеу өздігінен білім алу үдерісінде жүретіндіктен, кәсіби өздігінен білім алу үдерісі - тұлға өміріндегі маңызды қажеттілік болып табылады.

Өркениетті қоғам дамуының деңгейіне сай жеке тұлғаның кәсіби өздігінен білім алу үдерісін ұйымдастыруға бағытталған, білім беру үрдісін оңтайландыру кезеңінде үздіксіз білім алу жүйесін ендіру, оны дәстүрлі білім беру жүйесіндегі тәлім-тәрбиесімен үйлестіре алу – көкейкесті болып отыр.

Болашақ мұғалімдердің кәсіби өздігінен білім алу үдерісіне даярлығын қалыптастыруға психологиялық тұрғыдан даярлау «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» бағдарламасы аясындағы жалпы тәрбиенің түпкі мақсаты болып табылады.

Біз ғылыми-әдістемелік зерттеу барысында «Білім алу, Жаңа гуманитарлық

білім» бағдарламасын жүзеге асыру мақсатында кәсіби өздігінен білім алу үдерісінің мәнін, оны іске асыру жағдайын, келешек жағдайына байланысты маңызды мәселелер жоғары оқу орнының оқытушылары мен болашақ мұғалімдеріне сауалнама ретінде өткізілді.

«Білім алу, Жаңа гуманитарлық білім» бағдарламасын жүзеге асыру мақсатында кәсіби өздігінен білім алу үдерісі жоғары оқу орындарында кеңінен қолданылып жатқандығын анықтау барысында университеттің оқытушы-профессор құрамынан сауалнама алынды (Қосымша Б). Жалпы сауалнамаға Қ.А.Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінің «Қазақ тілі мен әдебиеті» кафедрасының профессор-оқытушылар құрамынан 17 оқытушы оның ішінде, 2 - педагогика ғылымдарының докторы, 2 - филология ғылымдарының докторы, 1 - педагогика ғылымдарының кандидаты, 9 - филология ғылымдарының кандидаты, 3 - филология ғылымдарының магистры қатысты. Сауалнама жүргізудегі мақсатымыз - кәсіби өздігінен білім алу үдерісі жайлы көзқарасын және қаншалықты дәрежеде ақпаратты игергенін білу.

Заманауи ақпараттық кеңістіктегі интеграциялық өзара әрекеттестіктің даму жағдайында университеттерде болашақ мұғалімдердің кәсіби өздігінен білім алу үдерісін ұйымдастыру мәселесі кеңінен қарастырылуда.

Оқыту үдерісіндегі теориялық және семинар сабақтарға қарағанда өзіндік жұмыстарға, кәсіби өздігінен білім алуға, өзін-өзі тәрбиелеуге, өзін-өзі жетілдіруге, өзін-өзі бақылауға, өзін-өзі дамытуға, өзін-өзі басқаруға, үздіксіз білім алуды ұйымдастыруға баса назар аударып, оларды білім беру үдерісінде қолданудың тиімділігі артқандығын көруге болады.

Тұтас педагогикалық үдерісте кәсіби өздігінен білім алу үрдісін жетілдіріп, яғни білім беру шеңберінің қызметін кеңейтіп, шығармашылықпен атқаруға қабілетті, кәсіби-функционалдық құзыреттілігі тиісті дәрежеде қалыптасқан болашақ мұғалім даярлау аса маңызды проблема болып табылады.

Қазақстанның рухани жаңғыру контексінде білім саласындағы жаһандық бәсекеге неғұрлым бейімделген мамандарды даярлау мәселесіне қатысты қоғамдық сұраныстарға сәйкес болашақ мұғалім мамандығы бойынша өзіндік жұмыс пен кәсіби өздігінен білім алу үдерісін тиімді ұйымдастыруға, сыни ойлау қабілетін және өздігінен ізденіс дағдыларын дамытуға мүмкіндік береді, себебі *біріншіден*, қазіргі нарықтың жан-жақты, кәсіби даярлығын қалыптастыру тиісті дәрежеде қалыптасқан мұғалімнің болуын талап етуі, *екіншіден*, болашақ мұғалімнің педагог ретінде кәсіби құзыреттілігінің болуын талап етеді.

Болашақ мұғалім жаңа тұрпаттағы кәсіби қалыптасқан педагог болып табылады. Болашақ мұғалім қызметтерін бірге алып жүретін бәсекеге қабілетті маман.

Болашақ мұғалімдерді даярлауда кәсіби даярлықты қалыптастыру Мемлекеттік міндетті модуль, ЖОО электив модуль, Кәсіби модульдер блогы (Базалық кәсіптендіру модулі) бойынша пәндерді оқыту барысында және тәжірибеде (педагогикалық практикада) жүзеге асады (Қосымша Л).

Болашақ мұғалімдердің қарым-қатынас танымдық іс-әрекет дағдысы мен

іскерлігін қалыптастыруда, шығармашылық шеберлігін шындап, өз саласының бәсекеге қабілетті білікті маманын даярлауда жалпы мектептер мен білім беру ұйымдарында жүргізілетін педагогикалық практика мен іс-тәжірибенің маңызы зор.

Болашақ мұғалімдерді даярлау үдерісінде педагогикалық практиканың мақсаты: біліктерін жүйелеу, теориялық білімдерін бекіту, кәсіби өздігінен білім алуын, өзін-өзі тәрбиелеуін, өзін-өзі жетілдіруін, өзін-өзі бақылауын, өзін-өзі дамытуын, өзін-өзі басқаруын, өзіндік ғылыми-әдістемелік ізденістерін, тәжірибеде іске асыру, сонымен қатар өзіндік жұмыс нәтижелерін пайдалану.

Заманауи ақпараттық кеңістіктегі интеграциялық өзара әрекеттестіктің даму жағдайында болашақ мұғалімдерді жан-жақты даярлауда маңызды бағыттарының бірі - кәсіби өздігінен білім алу үдерісін ұйымдастыру университеттің оқытушы-профессор құрамынан алынған сауалнама сұрақтарында қамтылған.

Жоғарыда жүргізілген сауалнамаға Қ.А. Яссауи атындағы ХҚТУ, М.Әуезов атындағы ОҚМУ және Қорқыт ата атындағы ҚМУ-нің 32 оқытушы-профессор құрамы да қатысты. Себебі, болашақ мұғалімдерді кәсіби өздігінен білім алуға даярлығын қалыптастыру үдерісін жүзеге асыру біздің зерттеу мәселемізге тікелей қатысты болғандықтан сауалнама жүргізілді.

Қазақстанның рухани жаңғыру контексінде білім саласындағы жаһандық бәсекеге неғұрлым бейімделген мамандарды даярлауға деген қоғамдық сұраныстарға сәйкес Оңтүстік өңірдегі жоғары оқу орындары озық үлгідегі, Халықаралық деңгейдегі, материалдық-техникалық базасы бар, тәжірбиесі мол оқытушы-профессор құрамы, соңғы жылдары аккредитация нәтижесі бойынша алдыңғы қатарлы, беделді оқу орындарының біріне айналған. Еңбек нарығында сұранысқа ие, бәсекеге қабілетті мамандарды даярлайтын университеттердің жетістігін, олардың даму көрсеткіштерін (динамикасын) байқауға болады.

Келешек ұрпақ кәсіби өздігінен білім алу мен білімінің мүлде басқа мазмұнын түсінуін талап етуде. Заман талабына сай өздігінен білім алудағы сауаттылық деңгейі кез-келген елдің технологиялық даму деңгейіне сай дамитын, ал оның дамуы жаңа білім беру үдерістеріне әсер ететін негізгі үрдістің басымдығымен сипатталады. Яғни: технологиялық, өндірістік және гуманитарлық саладағы іс-әрекет; ақпаратты тасқынның геометриялық прогрессиядағы ауқымды дамуы; ғаламдық өркениеттің даму мақсаттары, өндірістік және қоғамдық қатынастардағы іс-әрекет жүйелерінде кездесетін, тұлғаның білімі деңгейіне қойылатын талаптарға сай жұмыс атқарылып жатқанда жас мамандарды даярлауда сапасына деген сұраныс артқан.

Жоғары білім алудың қолжетімділігі мен сапасын арттыру мақсатында сүбелі, қомақты игі шаралар жүргізілуде.

Университеттердің білім беру бағдарламаларын сыни ойлау қабілетін, өздігінен білім алу және өздігінен іздену дағдыларын дамыту мақсатында бірнеше жылдан бері жаңаша өндірісте және алдыңғы қатарлы жұмыс жасау дағдыларын тұрақты түрде меңгеру тұрғысында өзіндік жұмысты ұйымдастыру жүргізіліп келеді, ол, әрине, мамандар даярлауда сапаны көтеруге үлкен

мүмкіндік берген. Бүгінде мамандар мен кәсіби орындарының арасында алшақ бар, ертеңгі күнде білім алушылар кәсібіне келгенде қолданатын құралдар және технологиялармен қамтамасыз етпей дайындау мүмкін еместігі белгілі.

Жоғары оқу орындарында оқу-тәрбие үдерісінде қалыптасып қалған дәстүрлі білім беру технологиялары, кәсіби құзыретті, креативті, заман ағымынан қалыспайтын, шешім таба білетін маман даярлау бүгінгі күнде ең маңызды мәселелердің бірі. Яғни, білім саласына баса назар аудару болашаққа нық сеніммен қадам басу екендігі айқын.

Кәсіби маман даярлау үдерісінде болашақ мұғалімдердің кәсіби өздігінен білім алуға даярлығын қалыптастыру үдерісінің білім беру саласында заманауи технологияларды, мобильді құрылғыларды, ақпараттық коммуникациялық технологияларды пайдалана отырып жұмыс істеу маңызды рөл атқарады.

Тәжірибелік-эксперименттік жұмыстарын өткізу эксперименттің тиімді тұстарын негіздеуді қажет деп біледі.

Біз, зерттеу жұмысымызда алдын - ала анықталған әрбір кезеңдегі іс-әрекет үрдісі бақылауға алынып, нәтижелері шығарылды, көрсеткіштері айқындалып, жазып алынды. Алынған нәтижелерде салыстыру, талдау және қорытындылау болашақ мұғалімдердің кәсіби өздігінен білім алуға даярлығын қалыптастыру үдерісін меңгеру жайлы қорытынды жасауға мүмкіндік берді.


Зерттеліп отырған мәселенің алғышаттарын анықтау барысында «Қазақ тілі мен әдебиеті» мамандығына арналған ҚР МЖМБС, типтік оқу бағдарламасы және оқу жоспарлары, типтік оқу бағдарламасы мен оқу жұмыс бағдарламаларының ғылыми-әдістемелік еңбектерді зерттеп, талдап, талқылады.

Жүргізілген жұмыстардың нәтижесінде болашақ мұғалімдердің кәсіби өздігінен білім алуға даярлығын қалыптастыру анықталып, мазмұны мен әдістемесі жасалды (алдыңғы параграфтарда (2.1, 2.2) баяндалады).

Біз ғылыми-әдістемелік зерттеуімізде В.И.Андреевтің жеке тұлғаның интеллигентін, бәсекелестікке қабілеттілігін және креативті қабілеттерін жетілдіруге бағдарланған «Жеке тұлғаның бәсекеге қабілеттілік деңгейін бағалау» әдіс-тәсілдерін қолданамыз, ондағы мақсат болашақ мұғалімдердің бәсекелестікке қабілеттілігін түрлі қырынан анықтау (сурет 12).

Заманауи ақпараттық кеңістіктегі интеграциялық өзара әрекеттестіктің даму жағдайында болашақ мұғалімдерді даярлау жүйесінің алдында еңбек нарығында бәсекеге қабілетті білікті, кәсіби құзіретті мамандармен қамтамасыз ету міндетін шешудің маңызын айқындай түседі.


Қазақ тілі мен әдебиеті мамандығының болашақ мұғалімдерінің өзін-өзі дамыту қабілеттерін салыстырмалы түрде жетілдіру мақсатында «Өздігінен білім алу, өзін-өзі дамыту, өз білімін жетілдіру қабілетін бағалау» әдіс-тәсілдері жүргізілді. Болашақ мұғалімдерді даярлауда кәсіби өздігінен білім алу үдерісін енгізуге оқу үрдісінде өзіндік жұмыстарды орындауда аталған әдіс-тәсілдерінің берері мол. Әдіс-тәсілдердің нәтижелерін қорытындылап, төменде көрсеткіштер арқылы келтіреміз.



Сурет 12 - Жеке тұлғаның бәсекеге қабілеттілік деңгейін бағалауын анықтау нәтижесі

«Өздігінен білім алу, өзін-өзі дамыту, өз білімін жетілдіру қабілетін бағалау» мақсаты арқылы салыстырмалы түрде өз білімін жетілдіру (сурет 13).

Болашақ мұғалімдердің бойында педагогикалық шығармашылық іс-әрекетке деген қызығушылықтарын арттыру мақсатында - «Өздігінен білім алуды ұйымдастырудағы болашақ мұғалімнің педагогикалық қабілеттілігін бағалау» (сурет 14) әдістемелері жүргізілді.



Сурет 13 – Өздігінен білім алу, өзін-өзі дамыту, өз білімін жетілдіру қабілетін бағалауын анықтау нәтижесі

Жеке тұлғаның бәсекеге қабілеттілік деңгейін бағалау бойынша бақылау тобында 17,9 % - ы өте төменгі деңгейді көрсетсе, эксперименталды тобында бұл деңгей 23,5 % - ті көрсетті. Ал, бақылау тобында ортадан жоғары деңгей 41,3 % - ті, эксперименталды тобында бұл деңгей 38,2 - ті көрсетті. Тұлғаның бәсекеге қабілеттілік деңгейін өте жоғары 40,8 % - ы бақылау тобы, эксперименталды топта - 38,3 %.

Әдіс-тәсілдерді тиімді қолданып, жүргізудегі мақсатымыз, болашақ мұғалімдердің кәсіби өздігінен білім алуға даярлығын қалыптастыру.

Қазақстанның рухани жаңғыру контексінде білім саласындағы жаһандық бәсекеге неғұрлым бейімделген мамандарды даярлауға деген қоғамдық сұраныстарға сәйкес білім беру ұйымдарындағы оқу-тәрбие үдерісінде алған білімдерін тиімді қолданып, білім беру мекемелерінде үздіксіз дамуына бейімделу мүмкіндіктерін арттыру.


Білім – адамзаттың терең және үйлесімді дамуын бекітетін құралдардың бірі, прогрестің, әлеуметтік тұрақтылық пен ұлттық қауіпсіздіктің маңызды факторы. Ол - адамның тұлғалық болмысын қалыптастыруда шешуші рөл атқарады. Сол себептен, білім - құндылық, білім - әлеуметтік мәдени мұра, білім - ол жүйе, білім - бұл үдеріс, білім - бұл нәтиже. Білімі - дамып келе жатқан тұлға үшін нақты шарттарды кепілдік етеді, жаңа ой-өрісті, өмір мәнінің жаңа көрінісін қалыптастырады. Адам үшін құндылықтың барлығын, оның әлеуетін, өмірлік күш-жігерін сақтай отырып, қоғамның өмір барысын қайта құрады және бағыттайды. Білім – адамның өзіндік күштерін ашуға және ол кез-келген қоғамның қозғаушы күші ретінде мемлекеттің барлық ниеттерін алдын-ала анықтап, даму бағыттарын табуға мүмкіндік береді.

М.О.Әуезов өз ғылыми еңбектерінде «Халықты халықпен, адамды адаммен теңестіретін нәрсе – білім» деген. Бізде осы пікірге қосыла отырып, түбегейлі өзгеше сипат білімнің жеке құндылығын, әсіресе адамның ақыл-парасатына, оның деңгейі мен сапасына жеке-дәлелді көзқарас тұрғысынан талдаумен байланысты.

Білім беру міндеті – ұлттық және жалпы адамзаттық құндылықтар, ғылым мен практика жетістіктері негізінде жеке адамды қалыптастыруға, дамытуға және кәсіптік шыңдаруға бағытталған сапалы білім алу үшін қажетті жағдайлар жасау, жеке тұлғаның креативті, рухани күш қуат мүмкіндіктерін арттыру, адамгершілік тұрғыда салауатты өмір салтын қалыптастыру негізі, жеке қабілеттерді дамыту арқылы жағдай жасау ой-өрісін толықтырады және т.с.с. білім берудің озық қарқынмен дамытылуын қамтамасыз ету болып табылады.

Елімізде болып жатқан өзгерістерге байланысты білім беру жүйесінің рөлі өзгеруге тиіс. Біздің міндетіміз – білім беруді экономикалық өсудің жаңа моделінің орталық буынына айналдыру. Оқыту бағдарламаларын сыни ойлау қабілетін және өзіндік жұмыс, кәсіби өздігінен білім алу, өзіндік ізденіс дағдыларын дамытуға бағыттау қажет. Заман талаптарына сәйкес болашақ маманның бойында толыққанды білімді қалыптастыруға, өздігінен жұмыс істеу және кәсіби өздігінен білім алу дағдыларын дамытуға жағдай жасайтын жаңа оқыту жүйесі ендірілуде. Қоғам сұранысына сай мамандарды дайындау, соған сәйкес жаңа оқу жоспарлары мен бағдарламаларын жасау, болашақ маманның кәсіптік деңгейінің жоғарғы сапалы болуын қалыптастыру қажеттігінен туындап отыр. Кәсіби маман даярлау жүйесінде білім алушылардың өзіндік жұмысы оқу бағдарламасының барлық көлемінің үштен екі бөлігін құрайды. Болашақ мұғалімдердің өзіндік жұмысының, кәсіби өздігінен білім алуының тиімді ұйымдастырылуы, олардың кәсіби даярлығын қалыптастыруға әсер етеді. Ол еңбек нарығында әріптестерімен бәсекелесе алатын, тосын жағдайда жауапты шешім қабылдап, шығармашылық әрекет

жасай алатын, білімдері мен біліктіліктері әлемдік стандартқа сай мамандарды даярлауға алғы шарт.



Сурет 14 - Өздігінен білім алуды ұйымдастырудағы болашақ мұғалімнің педагогикалық қабілеттілігін бағалау нәтижесі

Болашақ мұғалімдердің кәсіби өздігінен білім алу дағдысына үйрету және өзін-өзі тәрбиелеу, өзін-өзі жетілдіру, өзін-өзі дамыту, өзіндік іс-әрекетті басқару, олардың өзіндік іс-әрекетті игеру шеберлігі мен дағдыларын қалыптастыру болып табылады. Кәсіби өздігінен білім алудың әрқилы түрлері кездеседі, солардың бірі – өздігінен оқу, кәсіби өздігінен білім алу іс-әрекеті. Кәсіби өздігінен білім алу іс-әрекетіне – білім алу үрдісінде өзіне-өзі қызмет етуі, өзін-өзі дамыту, өзін-өзі жетілдіру, өзін-өзі басқару, өзін-өзі тәрбиелеу, ақыл-ой тәрбиесі, т.б. түрлері жатады. Білім алушылардың өзіндік жұмыстарында кәсіби өздігінен білім алу іс-әрекеті мен өзінің ерекшеліктері білім алушы қиялынан, армандарынан туындай отырып, олардың танымдық қызығушылық қабілеттерін арттыруға ықпал жасайды. Қоғам дамуының деңгейіне сәйкес кәсіби білім беруде танымдық қызығушылық заманауи білім беру технологиялары білім беру мәселесі - танымдық қызығушылық қызметінің сапасын анықтайтын, жаңа білімді меңгеру мен өзіндік іс-әрекет жасауда бейімделу арқылы жеке тұлғаны қалыптастыруға бағытталған. Болашақ мұғалімдердің бойында танымдық қызығушылықты қалыптастыруда кәсіби өздігінен білім алу және өзіндік іс-әрекет қабілетін арттырудың орны ерекше. Өйткені онда білім алушы шектеулі педагогикалық тапсырманы ғана орындамайды, сабақтан тыс жұмыстарда да өз идеясын әрдайым жетілдіріп, жаңа туындылар шығарады. Осының негізінде болашақ мұғалімдердің бойында кәсіби өздігінен білім алуға деген қызығушылықтарын арттыру мақсатында – «Өздігінен білім алуды ұйымдастырудағы болашақ мұғалімнің педагогикалық қабілеттілігін бағалау» әдіс-тәсілдері жүргізілді. Жүргізілген әдіс-тәсілдердің нәтижесі төменде ұсынылған.

Экспериментімізде бақылау және эксперименталды топтарының нәтижелерін салыстыру кезінде екі топтағы болашақ мұғалімдердің білім деңгейлерінің салыстырмалы түрде алғанда жақын екенін байқап, эксперименттің нәтижесін төмендегідей қорытындыладық:

- болашақ мұғалімдердің кәсіби өздігінен білім алуға даярлығын қалыптастыру үдерісі жайлы мағлұматтарды төмен меңгеруі;

- кәсіби даярлауда болашақ мұғалімдердің кәсіби өздігінен білім алу ынтасының төмендігі;

- өздігінен білім алу, өзін-өзі тәрбиелеу, өзін-өзі бақылау, өзін-өзі басқару, өзін-өзі дамыту, өз білімін жетілдіру қабілетінің төмен деңгейі;

- тәжірибеде болашақ мұғалімдердің кәсіби өздігінен білім алуын ұйымдастыру үдерісі жайлы ақпараттардың аз қамтылғаны;

- болашақ мұғалімдердің бәсекеге қабілеттілігі мен кәсіби өздігінен білім алуын ұйымдастыруға қызығушылығының төмендігі және т.б.

Осылайша, экспериментіміздің бақылау және эксперименталды топтарда болашақ мұғалімдердің кәсіби өздігінен білім алуға даярлығын қалыптастыру бастапқы жай-күйіне талдау жасадық. Бұл біз үшін зерттелініп, талдау жасалатын ерекше құбылыстың құраушыларының қалыптасу жағдайын баяндайды, болашақ мұғалімдердің кәсіби өздігінен білім алуға даярлығын қалыптастыру үдерісінде пайда болатын соныменбірге қиыншылықтарды анықтауға көмектесіп, өз әсерін тигізеді.

Тәжірибелік-эксперименттік жұмыс мақсаты болашақ мұғалімдердің кәсіби өздігінен білім алуын ұйымдастыруға даярлығын қалыптастыру моделін жүзеге асыратын теориялық оқыту, ғылыми зерттеу, өздігінен білім алу, өзін-өзі тәрбиелеу, өзін-өзі жетілдіру, өзін-өзі дамыту, өзіндік іс-әрекетті басқару сияқты ішкі жүйелерді сынақтан өткізу және оның тиімділігін тексеру болды.

Алға қойған ғылыми зерттеу мақсатымызға байланысты оқу үдерісіндегі пәндерді пайдалану; элективті курсқа бағдарлама әзірлеп, оны экспериментте тексеру; цифрлық технологияларды оқу үдерісінде қолдану; аудитория және аудиториядандан тыс әртүрлі өзіндік және қоғамдық жұмыстарға белсенді араласу; тәжірибелік іс-әрекетін барысында болашақ мұғалімдердің кәсіби өздігінен білім алуға даярлығы, олардың кәсіби өздігінен білім алуға даярлығын қалыптастыру.

Тәжірибелік-эксперименттік жұмысты жүргізу барысында болашақ мұғалімдердің кәсіби өздігінен білім алуға даярлығын қалыптастыру моделі мен болашақ мұғалімдерде зерттеліп отырған сапаның қалыптасуын салыстырмалы түрде талдау нәтижелері басшылыққа алынды.

Зерттеліп отырған болашақ мұғалімдердің кәсіби өздігінен білім алуға даярлығын қалыптастыру мәселесіне университеттердегі «Қазақ тілі мен әдебиеті» мамандығының болашақ мұғалімдері экспериментке қатысты.

Бақылау эксперименті «Қазақ тілі мен әдебиеті» мамандығының болашақ мұғалімдерінің мотивациясын дамытуға және қалыптастыруға арналды. Сондықтан бұл кезеңде келесідей зерттеу мәселелерін қарастырды:

- болашақ мұғалімдердің кәсіби өздігінен білім алуға даярлығын

калыптастырудың қажеттілігін сезіне білу, өмірде қолдана алу, практикалық тұрғыда жүзеге асыру;

- кәсіби өздігінен білім алуға ынтасы мен қызығушылығының болуы, қабілеттерін, дағдыларын жетілдіру;

- кәсіби өздігінен білім алуға даярлығын қалыптастыру үдерісін іске асырудың мәнін түсіну;

- кәсіби өздігінен білім алуға даярлығын қалыптастыруда болашақ мұғалімдерді кәсіби іскерлігін қалыптастыру;

- болашақ мұғалімдерді кәсіби өздігінен білім алуға даярлығын қалыптастыру үшін алдына қойған мақсатының болуы және соған талпынысы.

Болашақ мұғалімдердің кәсіби өздігінен білім алуға даярлығын қалыптастырудың бірінші кезеңіндегі міндеттерді шешу таңдау компонентіндегі пәндерінің мазмұнын толықтыруды және элективті курс бағдарламасын жасауды талап етеді. Сондықтан 1-ші кезеңде «Акмеология: жеке және әлеуметтік жетістіктер негізі», «Қазақ тілі мен әдебиеті пәнінде педагогикалық зерттеу әдіснамасы мен әдістемесі» пәндері бойынша оқу-әдістемелік кешен жасалды, сонымен бірге «Акмеология: жеке және әлеуметтік жетістіктер негізі» атты элективті курс бағдарламасы жасалып, сынақтан өткізілді.

Жоғарыда қарастырылған пәнді оқыту үдерісіне ендіру біз міндет етіп қойған мәселелердің шешімін табуда эксперименталды топтан болашақ мұғалімдердің ынтасын, қызығушылығын ояту мақсатында мотивациялық тақырыпта сабақ сонымен қатар, арнайы сұхбат, әңгіме, тест, педагогикалық тапсырмалар беруді және өткізуді дұрыс деп санадық.

Біздің болжамымыздың дәлдігін тексеру мақсатында Акмеология: жеке және әлеуметтік жетістіктер негізі» пәнінің бағдарламасын жасап, оны өз жұмысымызда қолдандық, пәннің бағдарламасы жұмысымыздың 2.2 бөлімінде толық ашылып жазылған.

Бақылау эксперименті кәсіби өздігінен білім алуға даярлығын қалыптастыруда болашақ мұғалімдердің мотивациялық компонентін жүзеге асыру бойынша жасалған жұмыстардың деңгейін тексеру мақсатында, жүргізілген курстың беретін нәтижелері мен көрсеткіштері кәсіби өздігінен білім алуға даярлық, аудиториядағы өзін-өзі тәрбиелеу, өзін-өзі жетілдіру, өзін-өзі дамыту, өзіндік іс-әрекеттеріне бақылау жүргізу, арнайы педагогикалық тапсырмалар, тесттер сұрақ-жауаптар арқылы тексеріліп, оларды көрсеткен нәтижелеріне қарай бағалау іс-әрекеті жүзеге асады.

Жасалынған талдаулар эксперимент тобындағы болашақ мұғалімдердің тренингтерде «Қазақ тілі мен әдебиеті» мамандығы бойынша күрделілігі әртүрлі деңгейдегі педагогикалық тапсырмаларды орындауда ерекше белсенділік танытқанын байқатты. Педагогикалық жаттығуларды зор ынтамен орындайды, педагогикалық тренингтер өзінің болашақ кәсіби іс-әрекеті үшін мәнді екендігін түсінеді. Семинар сабақтарының барысында педагогикалық тапсырмаларды дайындауда құлшыныс танытып, «Қазақ тілі мен әдебиеті» мамандығы бакалаврының рөлін батылдықпен алады. Экспериментальды

топтың болашақ мұғалімдерінің кәсіби өздігінен білім алуға даярлығын қалыптастыруда болашақ мұғалімдер үшін кәсіби өздігінен білім алу керектігін ұғынады, кәсіби тұрғыда қалыптастыру үдерісінде өздігінен білім алуға дарлық мәніне және мазмұнына баса назар аударады, заман ағымына сәйкес ақпараттық және мобильдік технологияларға, кәсібіне байланысты ғылыми еңбектерге қызығушылығы артады, оқытушы-профессорлардың еңбектерін негізге ала отырып, өзіне қажетті ақыл-кеңестерге жүгінеді, оқу үдерісінде алған білімдерін практикада жүзеге асырады, кәсібіне байланысты өздігінен білім алу кезінде алған білімдерінің салдарынан ұжымда, қоғамдық ортада өз ойларын ашық айтып, батыл түрде жеткізе біледі, нақты дәлелдерді негізге алады, жаңалыққа жаны құмар, ізденімпаз, батыл шешім қабылдауға бейім болып келеді.

Бақылау эксперименті бойынша жүргізілген зерттеу нәтижелері болашақ мұғалімдерде мотивациялық компонентінің деңгейін анықтау мүмкіндігін кесте 7 мен сурет 15-тен көруге болады.

Кесте 7 - Болашақ мұғалімдердің кәсіби өздігінен білім алуға даярлығын қалыптастырудағы мотивациялық компонент нәтижелері

Мотивациялық компоненті	Эксперименттің басы		Эксперименттің 1-кезеңінің соңы	
	бақылау тобы	эксперим. тобы	бақылау тобы	эксперим. тобы
Жоғары деңгей	13,0%	19,1%	15,2%	23,5%
Орта деңгей	42,4%	38,7%	40,2%	36,1%
Төмен деңгей	44,6%	42,8%	44,3%	38,2%

Алынған нәтижелер «Психология және адам дамуы», «Тәрбие жұмысының теориясы мен әдістемесі», «Тұлғааралық коммуникация психологиясы» таңдау пәндері мен нәтижелер «Акмеология: жеке және әлеуметтік жетістіктер негізі» атты элективті курс бойынша жүргізілген сабақтар жүйесінің тиімділігін дәлелдеді. Сонымен қатар, болашақ мұғалімдердің кәсіби тұрғыда меңгерген білімдерін жетілдіру мақсатында әдістемелік іс-әрекеттерді қолдану өздігінен білім алу, өзін-өзі тәрбиелеу, өзін-өзі жетілдіру, өзін-өзі дамыту, өзіндік іс-әрекеттерді басқару дағдысын дамыту, қалыптастыру кезеңінде болашақ мұғалімдердің өздігінен білім алу жұмыстары барысында қолданылды (2.2 тармақша).

Болашақ мұғалімдердің кәсіби өздігінен білім алуға даярлығын қалыптастырудағы мазмұндық компонентіне бағытталды. Сондықтан кеелесідей зерттеу міндеттері қойылды:

- «Қазақ тілі мен әдебиеті» мамандығы бакалаврының іс-әрекет объектісі болып табылатын тұтас педагогикалық үдеріс туралы білімін жетілдіру;

- «Қазақ тілі мен әдебиеті» мамандығы бакалаврының іс-әрекетін басқарудағы шеберлігі туралы білімін жетілдіру;



Сурет 15 - Болашақ мұғалімдердің кәсіби өздігінен білім алуға даярлығын қалыптастырудағы мотивациялық компонент нәтижелері

- Болашақ мұғалімдердің кәсіби өздігінен білім алуға даярлығын қалыптастырудың мәні, ерекшеліктері туралы білімін жетілдіру;

- Болашақ мұғалімдердің кәсіби өздігінен білім алуға даярлығын қалыптастыру үдерісін іске асыру жолдары туралы білімін жетілдіру.

Алға қойылған міндеттерді шешу үшін біз *«Психология және адам дамуы»*, *«Тәрбие жұмысының теориясы мен әдістемесі»*, *«Тұлғааралық коммуникация психологиясы»* таңдау пәндері мен *«Акмеология: жеке және әлеуметтік жетістіктер негізі»* атты элективті курс бойынша оқытушының жетекшілігімен орындалатын болашақ мұғалімдердің өзіндік жұмыстары және болашақ мұғалімдердің өзіндік жұмыстарының жүйесі жасалды.

Сонымен бірге 5B011700 – қазақ тілі мен әдебиеті мамандығының білім алушыларына практикалық көмек ретінде оқу-әдістемелік кешендері әзірленіп, алған теориялық білімдерін өздігінен одан әрі жетілдіру мақсатын ұсындық:

- «Акмеология: жеке және әлеуметтік жетістіктер негізі» атты оқу құралы. Шымкент 2018 ж -296 б;

- «Қазақ тілі мен әдебиеті пәнінде педагогикалық зерттеу әдіснамасы мен әдістемесі» пәні бойынша оқу құралы. Шымкент 2018 ж -280 б;

- «Акмеология: жеке және әлеуметтік жетістіктер негізі» электронды оқу құралы. 2018 ж. Авторлық құқық объектісіне құқықтарды мемлекеттік тізімге енгізу туралы куәлік. №383, 01.11.2018 (Қосымша М).

- «Психология пәнінен теориялық материалдар жинағы» болашақ мамандарға арналған электрондық оқу құралы. 2013ж. Авторлық құқық объектісіне құқықтарды мемлекеттік тіркеу туралы куәлік. №268, 20.03.2013 ж. Астана қаласы (Г.М.Мейірбекова).

- Психология пәнінен қашықтықтан оқыту технологиясы негізінде студенттерге арналған теориялық материалдар. Студенттерге арналған оқу құралы. Түркістан 2012 ж.- 152 б (Г.М.Мейірбекова).

- Психология пәнінен теориялық материалдар жинағы. Электрондық оқу

құралы. Түркістан 2013 ж. (Г.М.Мейірбекова). Қалыптастыру экспериментінің екінші кезеңінің соңында білім алушылардың даярлықтарының деңгейін анықтау мақсатымен оларға алдын-ала дайындалған педагогикалық тапсырмалар жүйесі ұсынылды.

Бақылау экспериментінің екінші кезеңі бойынша жасалынған зерттеу нәтижелері білім алушыларда ұйымдастырушылық компонентінің қалыптасу деңгейін анықтауға мүмкіндігі кесте 8 және сурет 16 -те берілді.

Кесте 8 - Болашақ мұғалімдердің кәсіби өздігінен білім алуға даярлығын қалыптастырудағы ұйымдастырушылық компонент нәтижелері

Ұйымдастырушылық компоненті	Эксперименттің басы		Эксперименттің 2-кезеңінің соңы	
	бақылау тобы	эксперим. тобы	бақылау тобы	эксперим. тобы
Жоғары деңгей	18,2%	23,5%	24,7%	30,5%
Орта деңгей	36,5%	37,1%	33,7%	32,5%
Төмен деңгей	45,3%	39,4%	41,6%	37,0%



Сурет 16 - Болашақ мұғалімдердің кәсіби өздігінен білім алуға даярлығын қалыптастырудағы ұйымдастырушылық компонент нәтижелері

Көрсетілген нәтижелер жүргізілген жұмыстарды өздігінен қорытындылауға мүмкіндік берді, болашақ мұғалімдердің кәсіби өздігінен білім алуға даярлығын қалыптастыруда өзіндік іс-әрекетті іске асыру, алған теориялық білімдерін практикамен ұштастырып, байланыстыру қажет. Сонымен бірге, бақылау экспериментінде педагогикалық практиканың мүмкіндіктерінің маңызы зор.

Бақылау экспериментінде болашақ мұғалімдердің ұйымдастырушылық компонентін қалыптастыру мақсатында жүргізілді.

Ұйымдастырушылық компоненттің зерттеу міндеттері деп келесілер

берілді:

- болашақ мұғалімдердің кәсіби өздігінен білім алуға даярлығын қалыптастыру деңгейлерін жетілдіру;

- өзін-өзі басқара алуға әдеттендіру;

- болашақ мұғалімдердің кәсіби өздігінен білім алуға даярлығын қалыптастыруда ынтасын, қызығушылық деңгейін анықтай алу іскерлігінің болуын қалыптастыру.

Бақылау кезеңінде біз талдау барысында болашақ мұғалімдердің кәсіби өздігінен білім алуына, өзіндік іс-әрекетіне, өзін-өзі басқара алуына, өзін-өзі ұйымдастыруына, өзін-өзі бағалауына ерекше назар аудардық. Себебі өзін-өзі талдау ұйымдастырушылық компонентті жүзеге асыруға әсер етті.

Сонымен қатар, 5B011700 – «Қазақ тілі мен әдебиеті» мамандығының педагогикалық практикасы ЖББМЖМС-ына сай 4-курста өткізіледі. Мамандық бойынша «Педагогикалық практиканың жұмыс бағдарламасы», «Курстық жұмыс», «Диплом алды практикасының жұмыс бағдарламасы» даярланды, ол мәселе бойынша біздің ғылыми зерттеу жұмысымыздың 2.2 тармақшасында тоқталып өткен болатынбыз.

Педагогикалық практика барысында білім алушылардың Мемлекеттік міндетті модуль, ЖОО электив модуль, Кәсіби модульдер блогы (Базалық кәсіптендіру модулі) бойынша алған теориялық білімдерін бекітуі, кәсіби іс-әрекет әдіс-тәсілдерін игеруі және «Қазақ тілі мен әдебиеті» мамандығы бакалаврының, жетекшілік кезіндегі іс-әрекетпен тәжірибемен танысуы жүзеге асырылады.

